

“ГҮЛДЕНЕ БЕР, ҚАЗАҚСТАНЫМ!”




N
urBOOK

◆ МҰРАТ НҰРМҰХАНБЕТҰЛЫ ◆

МҰРАТ НҰРМҰХАНБЕТҰЛЫ

**ГҮЛДЕНЕ БЕР,
ҚАЗАҚСТАНЫМ**



ӘОЖ 821.512.122
КБЖ 84(5Қаз)
Н 86

Нұрмұханбетұлы Мұрат
Н86 Гүлдене бер, Қазақстаным. Өлеңдер жинағы.
–Алматы. -523 бет+8 бет жапсырма.

ISBN 978-601-06-7692-3

Бұл кітап ақын, ұлтқа өз үлесін қоссам деген адал ниетті азаматтың Отанға деген ыстық ықыласынан туған өлең-жырлары мен дастандарынан тұрады. “Отанды сүю иманнан” деп асыл дініміздің өзі нұсқау жасайды. Автор сол мақсатпен тебірене жыр толғатқаны көрініп тұр.

Кітап барша оқырманға арналады!

ӘОЖ 821.512.122
КБЖ 84(5Қаз)

ISBN 978-601-06-7692-3

© Нұрмұханбетұлы М., 2021



Гүлдене бер, Қазақстаным!

О, Қазақстаным, қымбатым,
Қосамын сені жырыма.
«Адам» деген бар атым,
Қанық болсын елім сырыма.

Өзіңде тудым, бар бағым,
Жас кезімде жалындап.
Ән де шырқап шайқадым,
Домбыраммен ән де сап.

Балуан болып та белдесіп,
Күшімді де байқадым.
Айдардан самал тым есіп,
Чемпион болып жайпадым.


Қазақстаным, байтағым,
Жатырсың кең көсіліп.
Өзіңе көп қой айтпағым,
Рухымды жүрсің өсіріп.

Бағаңды сенің тым біліп,
Алған беттен қайтпадым.
Жүргесін әлем көзге іліп,
Бос сөздерді айтпадым.

Жалындап өтіп жас шағым,
Азаматтық көкей тым тесті.
Сынбағасын еш сағым,
Болмақ болдым тым есті.

«Отан» деп мың толғандым,
Сездіріп жүрек тым ағын.
Тебіреніп қалам қолға алдым,
Ашпақ боп ұрпақ тек бағын.

О, Қазақстаным, шықты атың,
Боламыз біз кімнен кем.
Бағалағасын дос жатың,
Танығасын бар әлем.



Бұл күндері әлем де,
Жүргеннен соң беріп дем.
Танылғасын әлемге,
Неткен мен де бақытты ем!

Толғанады тым Мұратың,
Қанық болғасын сырыңа.
Шыққаннан соң жақсы атың,
Көзі жетіп сан қырыңа.

Қазағым текті болғасын,
Қарсы болмас мұныма.
Көңілдеріне толғасын,
Құлақ асып шыныма.

Құлақ асқасын тектінің,
Айтқан сөзі сынына.
Сөзін тыңдағасын естінің,
Ел болғанда тым мына.


Сенгеннен соң, қазағым,
Жарқырап шыққан таңына.
Естімей ешкім мазағын,
Бағынғанда заңына.

Қалдырғанда көп елді,
Ерлей алып шаңына.
Ерлікке байлап тым белді,
Дос елді жинап маңына.

Шыңдарды биік алғасын,
Кіріскесін ерлеп қамына.
Азаматтық ойды салғасын,
Ешкімнің тимей шамына.

Әлемнің де жетті тым көзі,
Жүректің де тым ағына.
Адамдық болғасын тек сөзі,
Туғандай боп бағына.





Нағыз ерлер ерледі,
Адал болғасын халқына.
Надандықты жерледі,
Жай қарамай салтына.

Сүйемін деп ұлтымды,
Көрсете алды асылдық.
Тия білді құлқынды,
Адамға ойлап жақсылық.

Ойлағасын елдікті,
Ұнамай еш жат қылық.
Көрсете алды ерлікті,
Болмағасын ісі еш былық.

Бүкіл әлем таныған,
Мемлекет болдық бір алып.
Намыстарын жаныған,
Үлгі алғасын көз салып.


О, Қазақстаным, далаң да,
Жатырғой тым кесіліп.
Астанадай бар қалаң да,
Атағың жатыр естіліп.

Қазақстан деген атыңды,
Жатырғой әлем тым біліп.
Таңдандырғасын дос жатты,
Қарайды ғой көзге іліп.

Ерлерің тек жүргесін,
Жүректерге үңіліп.
Отан деп өмір сүргесін,
Кімдер жүрер түңіліп.

О, Қазақстаным, ерледің,
Ешкімге емеспіз жалынған.
Білек түріп ерлердің,
Маңдайы терге малынған.





Биік шыңдар бұл күні,
Ерлік еткесін алынған.
Ерлердің шығып тым үні,
Жолсыздан жол салынған.

Қыраның да көгіңде,
Тым саңқылдап қалқыған.
Көтеріліп көңілде,
Бұл күндері шалқыған.

Тасып аққан өзенің,
Жатыр ағып сарылдап.
Қандырып сусын тек елім,
Аққаннан соң жалтылдап.

Кеудеме сыймай жүрегім,
Толғанамын тебіреніп.
Өзің болғасын тірегім,
Азаматтық жүрем ойға еніп.


Гүлденсін деп байтақ жер,
Анық қой менің тынбасым.
Болмақ болғасын нағыз ер,
Домалады өрге тек тасым.

О, Қазақстаным, қимасым,
Жыр арнадым сүйгесін.
Мүмкін емес сыймасым,
Азаматтық ойды түйгесін.

Өзіңе басты игесін,
Жырлауды анық тыймасым.
Ыстығыңа да күйгесін.
Мүмкін емес есті жыймасым.

Егеменді ел болып,
Аузымыз аққа тигесін.
Көңіл де өзі тым толып,
Жібектен шапан кигесін.





Текті халқым тек озды,
Бақытты заман келгесін.
Шыңға да биік қол созды,
«Қазақстаным» дегесін.

Өзіңді тым бағалап,
Әлем де үн қатқасын.
Көрсеткесін зор талап,
Тым бағалап жатқасын.

Шығысыңнан арайлап,
Таңың да тек атқасын.
Қайтеміз соңға қарайлап,
Білгесін қалқым дос-қасын.

Отаршылдық саясат,
Жүрекке қатты батқасын.
Болғаннан соң сөзі жат,
Бос сөзді айтып жатқасын.


Егеменді елдіктен,
Қаламай елім басқасын.
Елдікке қойып бұл күн ден,
Адалынан ішті тек асын.

Егеменді елдік деп,
Ойламағасын тек өз басын.
Ұрпақтың тек қамын жеп,
Сыйлағасын үлкен тек жасын.

Азаматтыққа ой жетіп,
Атпағасын ешкімге еш тасын.
Жүргесін әлем үлгі етіп,
Даналықты қалай қылмасын.

Риза болып жаратқан,
Домалатты өрге тым тасты.
Әлемді де қаратқан,
Беделі де ұлттың тым асты.





Ақбас шыңда жарқылдап,
Тым алыстан көз тартты.
Өзендер ағып сарылдап,
Бағаң да өзі тек артты.

Өзенің мен көлің де,
Балығың тайдай тұлайды.
Шағалаң сүңгіп иірімге,
Балықты іліп шулайды.

Маңырып өсіп киігің,
Далаңда байтақ жосиды.
Алынып асу биігің,
Табиғат сыйлап мол сыйды.


Маңырап мал да өргесін,
Өзендей көңіл тасиды.
Көзбенен бәрін көргесін,
Қалайша көңіл жасиды.

Қыраның да қалықтап,
Биігінде самғайды.
Ой қиялда шарықтап,
Шарықтаудан танбайды.

Қарағанмен көз салып,
Құмар да еш қанбайды.
Зор әсерді тым алып,
Ерлерің сөзден танбайды.

Шындықты тек айтқасын,
Сөзіне кімдер нанбайды.
Бағалағасын тым басын,
Бағы қалай жанбайды.

Бас айналып бақыттан,
Толғанамын тебіреніп.
Мәз боламын шаттықтан,
Азаматтық тым ойға еніп.



Ер қазағым жүргесін,
Сөздерін де тек тұрып.
Отан деп өмір сүргесін,
Адамзатқа бүйрек тым бұрып.

Бағаңды сенің білмесем,
Болар еді надандық.
Көзіме сені ілмесем,
Болмас еді адамдық.

О, Қазақстаным, сені бағалап,
Шыңдарыңа көз салайын.
Тұлпарды мініп тағалап,
Шыңдарды биік алайын.

Далама байтақ көз салып,
Жүрегім тұр елжіреп.
Шыңдарды биік тек алып,
Жыр жазайын елдік деп.

Маңдайды терге тек малып,
Ұрпақтың жүрейін қамын жеп.
Жүрмегесін еш ырғалып,
Азаматтық жүрсін ойға кеп.

Тұрғанда күнім жарқырап.
Қалқыма жүрейін бақ тілеп.
Өзендерім ағып сарқырап,
Мәңгі тұрсын туым желбіреп.

Құлпырып далам түрленіп,
Айдында жүзсін аққуым.
Қазақстаным гүлденіп,
Биіктей берсін көк туым!



Абай бабаға арналау

О, Абай баба ескерткіштің алдына кеп,
Мың толғанып тұрмын ғой данамыз деп.
Даналықпен толғанып тебіреніп,
Ұрпақтың өтіп ед деп тек қамын жеп.

Отанды ойлап соққасын әркез жүрек,
Момындарға жүрдіңіз болып тірек.
Білек түріп Отанға қызымет қып,
Данышпан жан болғасын өте зерек.

Надандықты өмірдегі әркез жерлеп,
Қызмет қып жүрдіңіз маңдай терлеп.
Жырды жазып жүргесін барды салып,
Азаматтық үн қаттыңыз әркезде ерлеп.


Жыр арнасақ жетеді ғой бізде дерек,
Босқа кетпес барды сап еткен еңбек.
Ұрпақты ойлап толғанып тебірендіңіз,
Қиындықты керек деп әркез жеңбек.

Надандыққа жүргесін ешбір көнбей,
Жалындаған жүректің оты сөнбей.
Гүлденуін Отанның ойлағасын,
Даналықпен қалай жүрсің ұлы іс өнбей.

Азаматтық естіліп тек үніңіз,
Қалықты ойлап өтті ғой тым күніңіз.
Данышпан жан болғасын нұрлы жүрек,
Мол болғасын бойдағы біліміңіз.

«Отаным» деп тебіреніп толғандыңыз,
Толғанғасын қаламды қолға алдыңыз.
Зор табыстар еңбекпен тек келгесін,
Азаматтық адамдық ой салдыңыз.

Даналықпен қиын кезді түсіндіңіз.
Толғанып түсінгесін күрсіндіңіз.
Рухты көтермек боп барды салып,
Көтерудің керектігін сіз білдіңіз.



Бойыңызда көп болғасын біліміңіз,
Жарқын болды халқыңызға тек жүзіңіз,
Надандықты жүрдіңіз сынап мінеп,
Даналықпен көзге тым іліндіңіз.

Азаматтық адамдықты білдірдіңіз,
Халықты ойлап өмірді тек сүрдіңіз.
Өмірдегі жат қылыққа бой алдырмай,
Адаспай түзу жолмен тек жүрдіңіз.

О, Абай баба, ерлік іске тәнтiмiз бiз,
Даналықпен ой салдыңыз ұрпаққа сiз.
Мың толғанып жырды жазып өттіңіз ғой,
Өшпейтұғын соңыңызға қалдырып iз.


Даналықпен арманға тек жеттіңіз,
Барды салып қызметті тек еттіңіз.
Ұрпағыңыз біледі ғой зор еңбекті,
Мол мұраны қалдырып сiз кеттіңіз.

Озбырлық жат істерге түйіп қабақ,
Даналықпен бердіңіз сынмен сабақ.
Жат қылықты сынадыңыз, мінедіңіз,
Халқыңыздың басына қонсын деп бақ.

Аңдушы мен торушыдан болып тым сақ,
Қызықтырмай өзіңізді тәж бенен тақ,
Өмірдегі момындармен жарлыларға,
Көмектесіп әркез де болдыңыз жақ.

Басыңызға даналықпен қонды ғой бақ,
Халқыңызға жүрегіңіз болғасын ақ.
Толғанумен өміріңіз тек өтті ғой,
Жалындаған жастық пен егделік шақ.

Ғашық болып өттіңіз ғой бұл өмірге,
Даналықпен ой түйдіріп не бір ерге.
Ер халықтан қазақтай туғаннан соң,
Халқыңызды қаратпай ешпір жерге.



Адал болып азаматтық міндеттерге,
Даналық қып ұқсадыңыз нағыз ерге.
Қызмет қып барды салып тек жүрдіңіз,
Малынып маңдай да өзі әркез терге.

Отаным деп жеңе біліп қиындықты,
Дана текті жан болғасын өте мықты.
Қырандардай дүр сілкініп шыңға қарап,
Айта алдыңыз өмірде тек шындықты.

Асылдықпен атқардыңыз іс маңызды,
Нұрға бөлеп даналықпен маңыңызды.
Мың толғанып Отанды гүлдепек боп,
Азаматтық жасадыңыз қамыңызды.

Барды салып аямай жаныңызды,
Жанып жүрек қыздырып қаныңызды.
Қалқыңызға қызметті тек еттіңіз,
Ататұғын сезе біліп таныңызды.


Бұл күнде әлем білді атыңызды,
Асыл текті қазақ деген затыңызды.
Сөз қалдырып кеттіңіз жыр қалдырып,
Шын жүрекпен сүйгесін халқыңызды.

Ер қалқыңыз бағалауда басыңызды,
Бағалап тойлай біліп жасыңызды.
Даналықпен адамзатқа ой салғасын,
Домалатып өрге қарай тасыңызды.

О, Абай баба, тұрғандайсыз ойды түйіп,
Мәрмар тастың үстінде зәулім биік.
Тебіреніп менде өзі ойға батып,
Мың толғанып тұрмын ғой басымды иіп.

Мың алғысты айтамын тау ғып үйіп,
Өмірден өтіп ед деп қалқын сүйіп.
Тебіреніп халқым деп жырын жазып.
Надандыққа өтіп ед деп іші күйіп.





Даналықпен жүріп ед деп түсіп көзге,
Үйір болып жүрмегесін бос бір сөзге.
Тебіреніп халқым деп толғанғасын,
Толғандырмай адамдықтан жат ой өзге.

Азаматтық адамдыққа нандырғасын,
Ән жырменен жүректерді жандырғасын.
Оқырманды ғажап жырмен сусындатып,
Құмарларын оқырманның қандырғасын.

О ,Абай баба, данасыз нағыз дарын,
Халқына айтып өткен жүрек зарын.
Даналықпен ұрпаққа ой түйдіріп,
Азаматтық сақтай білген әркезде арын.


Даналықпен көрінді сан қырыңыз,
Отанға арналғасын ән-жырыңыз.
Халқыңызға айтылдығой еш бүкпесіз,
Асылдықпен жүректегі бар сырыңыз.

Даналық қып өткесін баламай бой,
Жырды жазып өткесін салып тек ой.
Жастарда келіп жатыр тағзым етіп,
Құрметтеуі сөзімнің айғағығой.

Құрметтеп қойып жатыр гүл шоқтарын,
Сезіп едім басын иіп кеп тоқтарын.
Асылдықпен, даналықпен ұрпақтары,
Еш ұмытпай сезіп едім тек жоқтарын.

Тәжім етіп қолын қойып кеудесіне,
Азаматтық түскесін тек есіне.
Даналықпен ұрпаққа ой салғасын,
Халқыңыздың қалғасын мәңгі есінде.

Анық басып жастар да қадамдарын,
Адамдықпен сақтағасын әркезде арын.
Жүргенненсоң тек ерлеп, білім қуып,
Бақытты түсінгесін замандарын.



Басын иіп сыйлағасын бабаларын,
Тым құрметтеп тұр ғой міне даналарын.
Ақылды тым білімді болғаннан соң,
Азаматтық ой билеп саналарын.

Азаматтық білгесін ой саларын,
Сезгеннен соң шыңдарды да тек аларын.
Дана текті бабасына тым еліктеп,
Сездіргендей адам болып тек қаларын.

Азаматтық таза ұстап тым арларын,
Жоқтағасын мұң басып жанарларын.
Ер бабасын құрметтеуді еш ұмытпай,
Бабасына сездіргендей ой арманын.


Бойларында көп болғасын адамшылық,
Азаматтық көрсеткендей жақсы қылық.
Өз бастарын ойлайтын надан болса,
Гүл қоюға болмас еді онша құлық.

О, Абай баба, еңбегіңіз ақталғасын,
Жадында халқыңыздың сақталғасын.
Көтеруде халқыңыз сізді көкке,
Ұрпағыңыз тұр ғой міне иіп басын.

Гүлді қойып жастар кеп бата алғандай,
Қатардан болмағасын еш қалғандай.
Том кітапты тұрсызғой қолтықтап ап,
Шыңға қарап емес қой көз талғандай.

Тым биікте тұрғасын ой салғандай,
Даналық пен ұлылықты қалағандай.
Гүл шоқтарын қойып жатқан жастарда тек,
Өзіңізді данаға тек балағандай.

О, Абай баба, ғашық болып бұл өмірге,
Тірі кезде-ақ айналдыңыз кемеңгерге.
«Отаным» деп, «халқым» деп өткеннен соң,
Өзіңізбен халқыңыз да мәңгі бірге.



Адастырмас данасыз ой сап бізге.
Ер халқыңыз ризағой өзіңізге.
Даналық пен адамдыққа баулығасын,
Мың алғысты айтамыз әркез сізге.

**Тұңғыш Президент
Нұрсұлтан Әбішұлына арнау**

Сан ғасырдың болғанменен сынағы,
Қазағымның бар екен-ау шын бағы.
Нұр ағамыз ұлы халқын басқарып,
Жер жарады қазағымның атағы.

Бар әлемнің естіледі мадағы,
Болғаннан соң ел басқарар дер шағы.
Қазақстан гүлдену де бұл күнде,
Ер халқымның жанғаннан соң тым бағы.

Елбасымыз мінгеннен соң тағына,
Ер халқының туғаннан соң бағына.
Барды салып жауапты қызмет етуде,
Көз жеткізіп жүрегінің ағына.

Жүр әлем де зор еңбегін бағалап,
Нағыз ерге жүргеннен соң тек балап.
Даналықты көрсеткесін барды сап,
Бейбіт күнді жүргеннен соң тек қалап.

Даналықпен ата заңды бекітті,
Толғанып мың ойлағасын елдікті.
Даналыққа бұл күндері көз жетті,
Бабалардай көрсеткесін ерлікті.

Барлық ұлтты шақыруда бірлікке,
Азаматтық шақырғасын тірлікке.
Гүлдентуді ойлағасын Отанды,
Мән жатқасын бірлік пенен тірлікте.

Елбасымыз болғаннан соң көреген,
Гүлденге алып шыға білді көңілден.
Даналықпен ойлағасын елдігін,
Азаматтық ой түйгесін өмірден.

Шет елдерде жастарды да оқытты,
Көкейіне білім нәрін тоқытты.
Азаматтық асырмақ боп ойларын,
Ұрпақтарым көрмесін деп жоқтықты.

Гүлдентсін деп оқып келіп Отанын,
Жастардың да түсінгесін тым жанын.
Өркениетті елдерге тез жетпек боп,
Іске асырып жүрсін деп тек арманын.


Нұр ағаға әлем де өзі тек нанды,
Әділдік қып бөлмегесін еш жанды.
Биіктерге бұл күндері қол жетті,
Барды салып гүлденткесін Отанды.

Отаным деп басып келеді қарыштап,
Кездескенмен қиындықтар тек шыдап.
Ұлы ұлтын даналықпен басқарып,
Ерлік істер жүргеннен соң тек ұнап.

Мінбелерден сөз сөйлейді байыптап,
Даналық қып биік шыңға көзді сап.
Үлгі болып жапты әуелі бас болып,
Семейдегі полигонды айыптап.

Адамзаттың болғаннан соң ажалы,
Көп болғасын ядроның залалы.
Елбасымыз ерлік етіп қолға алып,
Адамзаттың жойылды ғой тажалы.

Адамзаттың құрығасын амалы,
Ядроның күжірейіп тым жалы.
Жаптырғасын үлгі өнеге көрсетіп,
Зұлымдықтың бұзылды ғой қамалы.



Елбасымыз болғаннан соң саналы,
Адамзатқа білінді тек адалы.
Асыл текті болғаннан соң тым арлы,
Еш ұнамай кей халықтың жанжалы.

Әлем де тек жапқандығын паш етті,
Даналықпен атқарғасын міндетті.
Ұлылықты көрсеткесін әлемге,
Адамзатқа бұрғаннан соң тек бетті.

Және дағы тым бағалап Есілді,
Ерлік іске байлағасын тым белді.
Азаматтық ерлік істі тек етті,
Дегеннен соң ерлік істер кез келді.

Астанаға Ақ орданы көшірді.
Әлемге де ер екенін білдірді.
Көрегендік, даналықты көрсетті,
Жас Астана ұлт беделін өсірді.

Даналықпен жаңа Астана салынды,
Болғаннан соң жүрегі тым жалынды.
Астана сап көз жеткізді ерлікке,
Алынбайтын шыңдар биік алынды.

Астанамыз көз салсаңыз ғажайып,
Күннен күнге барады ғой ұлғайып.
Барлық ұлттар қол ұстасып шаттанып,
Бұтақтарын жүр емеспе тым жайып.

Сөздерінен жүрмегесін еш тайып,
Надандықты көргеннен соң тым айып.
Азаматтық адамдықты көрсетіп,
Жан дүниесі жүргеннен соң тым байып.

Ер дананың сөздеріне ергесін,
Адамдыққа аударғасын тек есін.
Ер халқы да келеді ғой адаспай,
Елбасымыз ақыл-кеңес бергесін.

Барды салып атқарғасын міндетті,
Атағы да шыңға шырқап тек кетті.
Егеменді ел болғасын бұл күні,
Қолымыз да зор табысқа тек жетті.

Даналықпен ойлағасын бірлікті,
Азаматтық істегесін тірлікті.
Атысқан ел бастарын да қоса алды,
Бүлікшілер шығарғасын бүлікті.

Жауласқанға азаматтық ой салды,
Басын қосып сұрап алып тым қалды.
Астана да тек бірлікке шақырды,
Ақылмен-ақ алғаннан соң қамалды.


Ер қазақтай тапқаннан соң шын досты,
Әлемде өзі жақсы хабар тек тосты.
Елбасымыз даналықты көрсетіп,
Астанада жауласқан ел бас қосты.

Жауласқанға көрсеткесін ақ жолды,
Даналыққа көңілде өзі тек толды.
Бейбітшілік сүйетұғын бар елдер,
Елбасына тым риза тек болды.

Жауласқанға ақыл-кеңес бергесін,
Даналық қып қамдарын да жегесін.
Адамзатқа ойлағасын амандық,
Қанды төкпей бірлік керек дегесін.

Дегеннен соң қойсын деп тек егесін,
Адамдық қып бергеннен соң кеңесін.
Жауласқан ел құлақ асты түсініп,
Адамдыққа аударғасын тек есін.

Тапқандай боп жүргенін де қастарын,
Еш сыйламай үлкені мен жастарын.
Әлемге де айқын болып ұлы ісі,
Елбасымыз қосқаннан соң бастарын.



Қосқаннан соң биіктеді ой сана,
Тым бірлікке шақырғасын шын дана.
Жауласқан ел ымыраға тек келді,
Адамзатқа ойлағасын бақ қана.

Азаматтық көрсетті ақ пейілді.
Ел басымыз болғаннан соң мейрімді.
Жауласқанға көрсеткесін ақ жолды,
Сан күдіктер көңілдегі сейілді.

Даналық қып бөлуіңді білмеді.
Бос сөздерді құлағына ілмеді,
Жауласқанға достық қолын тек созды,
Бақыт, шаттық адамзатқа тіледі.


Адамзатқа бұрғаннан соң тек бетті,
Атқара алды Елбасылық міндетті.
Көрсете алып үлгі-өнеге келеді,
Әлем де өзі ұлы ісін сөз етті.

Салғаннан соң Астанадай қаласын,
Тым құрметтеп ұлан байтақ даласын.
Және берді шекараны белгілеп,
Қуанта алып күллі қазақ баласын.

Шекараға қойсын деп тек таласын,
Кейбір елдер жаппасын деп жаласын.
Көрсеткесін іштерінің аласын,
Шекараға таласты кім қаласын.

Байтақ дала жатқаннан соң көсіліп,
Әлемге де атағы тым естіліп.
Көз салғасын кей сұқ көздер тесіліп,
Белгілеудің керектігін тым біліп.

Көрсете алды және тағы ерлігін,
Даналықпен ойлағасын елдігін.
Жүректің де көрсете алып тым түгін,
Елбасылық көтере алып тек жүгін.



Басқарғасын жүрегімен халқым деп,
Жүргеннен соң ұрпақтың тым қамын жеп.
Елбасы боп жүргеннен соң тек ерлеп,
Ер халқының амандығын тек тілеп.

Шекараның қадата алды қазығын,
Ойлағасын тым Отанын қазағын.
Қалағасын татулықты көршімен,
Ұлы елдіктің ойлағасын тым жағын,

Қазағының аша алғасын тек бағын.
Сындырмасын дегеннен соң еш сағын.
Даналықпен тым ерлігін көрсетті,
Жүрегінің көрсете алып тым ағын.


«Отаным» деп соққаннан соң жүрегі,
Ер халқының болғаннан соң тірегі
Әлем де жүр бұл күндері мойындап,
Отанға еткен көп болғасын еңбегі.

Даналықпен сейілте алды күдікті,
Жүректерге ұялатып үмітті.
Елбасылық болсадағы жүк ауыр,
Ерлікпенен көтеру де сол жүкті.

Айта берсек ерлік ісі жетерлік,
Жырға қосып тым мақтаныш етерлік.
Барды салып келедіғой тер төгіп,
Отаным деп істегесін сан ерлік.

Даналықпен таңдағасын ақ жолын,
Көрсете алып ақылдың да тым молын.
Тығырықтан алып шықты қалығын,
Жеткізе алып зор табысқа тек қолын.

Жүрейікші амандықты тек қалап,
Азаматтық бой да болып тым талап.
Байтақ жерін гүлдеңтті ғой барды сап,
Зор еңбегін жүрейікші бағалап.



Елбасымыз аша берсін тек бақты,
Сегіз қырлы болғаннан соң жа- жақты.
Отанға еткен еңбегі өте тым зорғой,
Нұр ағамыз бізге асыл ардақты.

Ерлей алдың, қазағым!

О, қазағым, тым текті,
Шыңдарды алып келесің.
Сүйгеннен соң еңбекті,
Қиындықты жеңесің.


Адамдыққа ауып тек есің,
Ойладың тек бірлікті.
Бос сөзге анық ермесің,
Азаматтық істеп тірлікті.

Көрсеткесін тектілік,
Сөзден емессің еш танған.
Мол болғасын естілік,
Бағың да содан тек жанған.

Досың тұрмақ дұшпанға,
Ер халқымсың иланған.
Жақсылық ойлап бар жанға,
Шын жүрекпен сыйлаған.

Болғаннан соң қонақжай,
Жомарттығын тыймаған.
Кең болғасын далаңдай,
Ұлттарың жоқ сыймаған.

Ақ болғасын жүрегің,
Кедергі болмай жолыңа.
Жаратқан болып тірегің,
Егемендікті берді қолыңа.



Жақсы болғасын тым тегің,
Адамға жасағасын жақсылық.
Ақталды ғой еңбегің,
Көрсетпегесін жат қылық.

Болғаннан соң биік ой,
Күніне мың толғандың.
Баламағасын ешпір бой,
Ұлы істерді қолға алдың.

Бар ұлт болсын қазақтай,
Кең пейілді көрсеткен.
Адамдықты ұмытпай,
Зор табысқа қол жеткен.

Оңыңнан бұл күн туды ай,
Болғасын әлем үлгі еткен.
Халықсың атқа затың сай,
Болмағасын артық еш кеткен.

Көрсеттің кең пейілді,
Барлық ұлтты еш бөлмей.
Күдік те өзі сейілді,
Намысты қолдан еш бермей.

Дұшпаныңның сөзіне,
Жүргеннен соң еш көнбей.
Мінді айтқасын көзіне,
Қалай жүрсін іс өнбей.

О, қазағым, басыңнан,
Не замандар өтпеді.
Көрсең де қорлық жауыңнан,
Адамдығың бойдан кетпеді.

Байтақ жерге көз салып,
Зұлымдықты жауың көрсетті.
Көңілге жүрмей еш алып,
Қорқаулығы түпке тым жетті.



Ұлан байтақ жеріңді,
Жау қолына бермедің.
Төгіп қанмен теріңді,
Жауыңды қуып ерледің.

Ерлей алып бос сөзге,
Ер болғасын ермедің.
Ерлікпен түсіп тек көзге.
Қылышыңды жауға сермедің.

Мақтаса да бар әлем,
Келесің сақтап теңдікті.
Руқтандырып беріп дем,
Сақтап келесің елдікті.

Ақ болғасын жүрегің,
Адамзатқа болдың жақ.
Қабыл болып тілегің,
Ұшпады бастан қонған бақ.


Қызықтырмай жүргесін,
Өзіңді ешпір тәж бен тақ.
Текті боп өмір сүргесін,
Жауларыңнан болдың сақ.

Шет елдегі қандасты,
Ата жұртқа шақырдың.
Ойламағасын тек басты,
Қандасқа бүйрек тек бұрдың.

Бар әлем мақтап жатса да,
Мақтанбадың, қазағым.
Жарқырап таңың атса да,
Асты демедің еш бағым.

Ерлік етіп топ жардың,
Егемендік елдік деп.
Батылдыққа тек бардың,
Ұрпақтың тым қамын жеп.





Қиындықты жеңіп ерледің,
Ерлігіңе көңіл толғасын.
Шынымен неткен ер едің,
Батыр халық болғасын.

Биіктерге қол жетіп,
Ойды түйдің өмірден.
Әлем жүргесін үлгі етіп,
Шыға білдің көңілден.

Егеменді елдігім,
Қуантады тым өзімді.
Көтерейін ер жүгін,
Бола біліп төзімді.


Отаным деп жазайын,
Толғанып мың жырымды.
Жырдың кенін қазайын,
Азаматтық көрсетіп қырымды.

Жырды жазып ерлейін,
Ұрпаққа арнап сөзімді.
Надандықты жерлейін,
Жеткізгесін көзімді.

Зор сенімді ақтайын,
Үлес қосып елдікке.
Тектілерді жақтайын,
Ұқсай алып жігітке.

Шығарайын тек ерлеп,
Азаматтық үнімді.
Жүргеннен соң «Отан» деп,
Болайын тым білімді.

Кеңесейін ерлермен,
Елдік жайын тек айтып.
Ойды түйіп өмірден,
Жүрмегесін мұңайтып.



Ел болған да бақ жанып,
Індемей жүрем мен қайтып.
Азаматтық сырға тым қанып,
Сөзден жүрмегесін еш тайқып.

Кетейін жырды қалдырып,
Барды салып тірлікте.
Маңдайды терге тым малып,
Шақырғасын бірлікке.

Ұқсай алып жігітке,
Елдік деп білек түргесін.
Өмір сүрмей бос текке,
Отаным деп жүргесін.


Егеменді ел болып,
Түскеннен соң ақ жолға.
Көңілде өзі тым толып,
Билік тигесін шын қолға.

Ақ жолынан қазақты,
Адастырмас ешкім де.
Ұшыра алмас еш бақты,
Келгесін дұрыс шешімге.

Ешкімге жоқ жаулығы,
Отан деп соғып жүрегі.
Қымбат деп аман-саулығы,
Момынның болғасын тірегі.

Жатсадағы ит үріп,
Керуен көшер әр кезде.
Елдік деп білек тек түріп,
Өрлейтін келдік біз кезге.

Бөлмегесін еш ұлтты,
Тарлық көрсетпедің ешкімге.
Ұнатпағасын былықты,
Тек ерледің бұл күнде.



Қиындықты жеңе алып,
Аман жеттің бұл күнге.
Ұрпаққа тек ой салып,
Азаматтық қосылып тек үнге.

Жасасада жауың қастығын,
Байтақ жерді бермедің.
Білгесін тым пасығын,
Қылышты жауға сермедің.

Жоғалтпай еш сақтықты,
Жаудың өзін жерледің.
Дәлелденіп ақтығың,
Жауыңды жеңіп ерледің.


Барды салып «Отан» деп,
Жүргеннен соң төгіп тер.
Ұрпақтың тек қамын жеп,
Гүлденсін деп байтақ жер.

Жарқырап күнің шыққасын,
Қырандай дүр сілкіндің.
Даналық пен елдікті ұққасын,
Шыққанын біліп тым күннің.

Ұрпағым менің көрмесін,
Кедейшілік жоқтықты.
Бағы жанып ерлесін,
Көтере алып тоқтықты.

Қалаймын бақтың жанғанын,
Көк туымыз биіктеп.
Көргесін әлем нанғанын,
Жүрейік тым «Отан» деп.

Рухтарды көтеріп,
Туымыз тұрсын желбіреп.
Ұрпаққа үлгі тек беріп,
Амандықты жүрейік тек тілеп.



Далаңа байтақ көз салып,
Қазағым шыңнан қарадың.
Биік шыңды тек алып,
Ерлей алдың жарадың.

О, қазағым, жалында,
Биік деген шыңды алып.
Алатын шың көп алдыңда,
Маңдайды терге тым малып.

Астанадай ғажап қаланы,
Көбейте бер тек салып.
Гүлдендіріп даланы,
Әлем жүргенде таң қалып.


Ұлттарды тартып бауырға,
Ойлай бер тым бірлікті.
Төзе біліп ауырға,
Көрсете бер тірлікті.

Қазағымсың бауырмал,
Бар ұлтты жақын тартатын.
Болғаннан соң тым адал,
Болды әлем сенім артатын.

Болмағасын бос сөзді,
Ездікпенен шататын.
Шыңға салып тек көзді,
Ешкімді емессің сататын.

Болмағасын өзгеге,
Тасадан тас ататын.
Болғаннан соң жүрекке,
Надандық қатты бататын.

Ұрпағымыз болып білімді,
Көрінсін жақсы жағымыз.
Қорғаймын деп тілімді,
Ашыла берсін бағымыз.



Егеменді елдік кеп,
Толғанатын келді тым заман.
Ұрпақтың қамын әркез жеп,
Қазағым болшы тек аман.

Бауырмал еді ағайын...

Менің бала кезім де,
Бауырмал еді ағайын.
Тұрғаннан соң сөзінде,
Демейтін кінә тағайын.

Адамдық болғасын өзінде,
Демейтін тілмен шағайын.
Мейірім бар еді көзінде
Демегесін бәле бағайын.


Ағайынға бос сөзбен,
Демегесін жағайын,
Қарағасын оң көзбен,
Керек дегесін ағайын.

Отанды ойлап жүргесін,
Дегесін шыңды алайын.
Адам боп өмір сүргесін,
Алғасын шыңның талайын.

Бұл өмірде ер болып,
Дегесін ойды салайын.
Көңілде өзі тым толып,
Дегесін ер боп қалайын.

Шындықты тек айтатын,
Жақпай қалса тек бетке.
Емес еді беттен қайтатын,
Адал боп әркез міндетке.

Бой алдырмай күдікке,
Болашақтан үзбей үмітті.
Бар күшті салып елдікке,
Көрсететін нағыз ерлікті.



Айтқасын тек шындықты,
Оң сөзді құлаққа тым іліп.
Жақтырмайтын ынжықты,
Ездік ісін іш біліп.

Жақтырмайтын сұмдарды,
Күндегесін тек тектіні.
Сақтамағасын еш арды,
Шалғасын тым естіні.

Ойлағасын тым бірлікті,
Адамдығын тым сақтап.
Азаматтық көрсетіп тірлікті,
Зор сенімді тек ақтап.


Бос сөзге құлақ түрмейтін,
Жүрмегесін бос ыржаңдап.
Бос селтеңдеп жүрмейтін,
Түзу жолды тек таңдап.

Ағайынға қол ұшын,
Қысылғанда бергесін.
Салғаннан соң бар күшін,
Оң сөзіне ергесін.

Білек түріп жүргесін,
Азаматтық ойға енгесін.
Қамын да тым жегесін,
Сөздеріне тым сенгесін.

Көмек қолын созғасын,
Қиындықты бірге жеңгесін.
Ойламайтын тек өз басын,
Ағайыным менің дегесін.

Азаматтық өзінің,
Білгеннен соң міндетін.
Босы болмай сөзінің,
Сүрінсе емес еді күлетін.



Ағайындықтан өздері,
Емес еді кететін.
Азаматтық болып сөздері,
Адамдығы бойда жететін.

Адамдығын сақтайтын,
Сақтағасын тым арды.
Зор сенімді ақтайтын,
Көрсетпей еш іш тарды.

Сақтағасын бірлігін,
Күндей күліп жүретін.
Көрсетіп ерлеп тірлігін,
«Отан» деп өмір сүретін.


Жүргеннен соң тек ерлеп,
Жарыста топты жаратын.
Надандықты тек жерлеп,
Ерлік іске баратын.

Болғасын сөзде тұратын,
Азаматтық ойға енетін.
Болғасын бүйрек бұратын,
Ағайыны да сенетін.

Бұрғаннан соң халқына,
Әркезде де тек бетін.
Адамдықты көрсетіп,
Білгесін ердің міндетін.

Ағайынмен сыйласып,
Қашан көрсең жүретін.
Беделі де тым асып,
Әр жайдың біліп іретін.

Болғаннан соң тым текті,
Дұрыс сөйлейтін тек сөзін.
Сақтамайтын еш кекті,
Биік ұстамай тым өзін.



Көрмей қалса біраз күн,
Ағайынын іздейтін.
Азаматтық шығарып әркез үн,
Сыйластықты үзбейтін.

Жөн сөзді айтып ойдағы,
Ағайынға «сіз» дейтін.
Адамдықты сақтап бойдағы,
Емес еді біз дейтін.

Ағайыны сүрінсе,
Шат болып еш күлмейтін.
Иттігін кей ез білдірсе,
Иттігіңді білмейтін.


Ағайыны келмесе,
Жүргеннен соң ас батпай.
Ағайыным демесе,
Қалатындай таңы атпай.

Төс қақпайтын болдым деп,
Ағайынға мақтанып.
Азаматтық ойға кеп,
Ездіктен жүргесін сақтанып.

Тебіреністе жүретін,
Толғанып мың күніне.
Оң сөзіне құлақ түретін,
Азаматтық қосылып үніне.

Бірігіп білек түргесін,
Табысқа қолы жететін.
Аулақ ұстамағасын іргесін,
Емес еді қыры кететін.

Сыйлаймын деп салтымды,
Көрсеткесін тектілік.
Ойлаймын деп халқымды,
Білдіргесін естілік.



Жөн-жосықты жүретін,
Даналық қып тек біліп.
Оң сөздерді жүргесін,
Құлағына тек іліп.

Жүргеннен соң жүрекке,
Даналық қып үңіліп.
Сөйлемегесін бос текке,
Жүрмейтін ешкім түңіліп.

Даналық қып түзу жүретін,
Жүрмегесін күлдіріп.
«Отан» деп білек түретін,
Азаматтығын білдіріп.

Адамдыққа толы еді іштері,
Әділ еді әр істе.
Бойда көп еді күштері,
Бастағасын елдікке.

Нұрлы еді ғой жүрегі,
Ет жүрегі елжіреп.
Елінің болып тірегі,
Жүретұғын күлімдеп.

Тиын санап жүрсе де,
Ағайындықты сақтайтын.
Қиын кезде өмір сүрсе де,
Зор сенімді ақтайтын.

Сол кездегі тым бірлік,
Есіме жиі түседі.
Азаматтық тым тірлік,
Нағыз ерлік іс еді.

Болғаннан соң табанды,
Шақырғасын бірлікке.
Бағымыз біздің тым жанды,
Қолымыз жетіп елдікке.



Балуан Шолақ бабамызға арнау

Балуан Шолақ бабамыз,
Сал сері боп ән айтқан.
Бабаға жоқ табамыз,
Бетінен жоқ еш қайтқан.

Өнерін тек көрсетіп,
Жан дүниені байытқан.
Ерлік істі тек етіп,
Кезі жоқ қой мұңайтқан.

Халық жайын ойлаған,
Қабары болып көп жайттан.
Терең ойға бойлаған,
Шындықты ерлеп тек айтқан


Ерлігімен рух тек берді,
Әнші балуан болғасын.
Көрсете алды шын ерді,
Азамттық ойды шолғасын.

Ойламады өз басын,
Батырдың жүгін көтеріп.
Адалынан ішті тек асын,
Адамдықтан жүрмей өзгеріп.

Бар өнерін көрсетті,
Даласын байтақ аралап.
Ер қазағы үлгі етті,
Батырымыз деп даралап.

Мол болғасын тектілік,
Өнерін жүрді бағалап.
Көрсеткесін естілік,
Момындар жүрді жағалап.

Ер болғасын қазағы,
Сөйлемеді қаралап.
Ашылсын деп тым бағы,
Жүрегін жүрмеді жаралап.



Азаматтық болғасын ойында,
Білгесін сөздің тым мәнін.
Әнін де жүргесін тек шырқап,
Тойдың да кіргізгесін тек сәнін.

Өнерімен жүргесін тым ұнап,
«Балуан Шолақ» деп ат берді.
Ұнатқасын тым сынап,
Танығасын шын ерді.

Ерлігімен өзінің,
Ұлт беделін көтерді.
Жалғаны болмай сөзінің,
Ерлігін тек көз көрді.


Білгеннен соң тек жөнді,
«Отан» деп өмір тек сүрді.
Ерлігімен ісі өнді,
Белдесіп білек тек түрді.

Қалқының болды серісі,
Көрсеткесін өнерін.
Таңдандырды ерлігі,
Танытқасын шын ерін.

Толғандырды бабаны ой,
Батыры болғасын даланың.
Жүрген жері болып той,
Ісін істемей баланың.

Сөзі бопта іші аланың,
Күндегесін көре алмай,
Санын естіп жаланың.
Жүргесін күншіл ұялмай.

Сөйлесе де қаралап,
Кей күншілдер тым шалып.
Халқы жүрді даралап,
Адамдығына тым салып.



Қолдағасын топ жарды,
Атағы көпке тым тарап.
Батылдыққа тек барды.
Ер бабамыз тек жарап.

Не мықтымен тіресіп.
Коренмен де күресті.
Айдардан самал тым есіп,
Жыққасын батыр ер десті.

Қажымұқанмен де күрескен,
Корен нағыз ер еді.
Не мықтымен тірескен,
Жыққасын баба ерледі.


Балуан еді Корен де,
Жеңілуді білмеген.
Не мықтыны көрген де,
Көзіне де ілмеген.

Не алыпты қолына,
Алмағасын мен деген.
Ешкім тұрмай жолына,
Балуан болғасын ерлеген.

Бос бекерден білекті,
Балуан еді түрмеген.
Болғаннан соң жүректі,
Ездікпен өмір сүрмеген.

Жеңілуің ішіне,
Ер болғасын кірмеген.
Сенгеннен соң күшіне,
Балуаны жоқ еді бүрмеген.

Коренді жығып ерледі,
Ерлік ісін еш тыймай.
Елу бір пұт көтерді,
Күші бойға еш сыймай.



Ерлігі ашып тым бағын,
Шыңға құлаш сермеді.
Сындыртпағасын еш сағын.
Қолдан намыс бермеді.

Жер жардығой атағы,
Ерлігіне салғасын.
Бос сөзде болмай шатағы,
Ерлікпен шыңды алғасын.

Алыптармен белдесіп,
Денені терге малғасын.
Ашылды ғой тым бағы.
Жанбасқа алып шалғасын.


Айдардан самал тым есті,
Көрсетіп өнер жүргесін.
Азаматтық көкей тым тесті,
Ерлік деп білек түргесін.

Сері балуан атанып,
Көрсеткесін өнерін.
Халқыда көріп шаттанып,
Танығасын шын ерін.

Жүрмеді еш мақтанып,
Сақтай алып теңдігін.
Тіл мен көзден сақтанып,
Көрсете алып кеңдігін.

Дүрілдетіп жүргесін,
Асқақ болғасын арманы.
Ерлік қып өмір сүргесін,
Күрес десе қызып тым қаны

Отанға етті қызмет,
Ағызып маңдай тым терін.
Өнерін етпей еш міндет,
Ерлікпен өткізіп күндерін.



Ғалиясына да білдіріп,
Әні мен ақ тілегін.
Өнермен көзге ілініп,
Көрсетті жақсы тым тегін.

Жүргесін қалқы бақ тілеп,
Көтерді тек рухты.
Халқына жүрді еркелеп
Болғаннан соң тым мықты.

Халқы да әркез сыйлады,
Қайтармай балуан еш бетін.
Ерлігіне иланды,
Білгесін жөнді білетін.

Болғасын топты жаратын,
Болғаннансоң нағыз ер.
Сақтағасын ер атын,
Қалмағасын көңілдер.

«Халқым» деп соқты жүрегі,
Не мықтыны жанбасқа ап.
Момынның болды тірегі,
Кей озбырды жөнге сап.

Ер атақты бере ме?!
Халқы ерін сынамай.
Соңынан ерлер ере ме?
Өнері жүрсе ұнамай.

Бақта өзі қонама,
Ерлер жанды қинамай.
Ез болса ісі оңама,
Салтын жүрсе силамай.

О,баба батыр алыпсыз,
Мақтан болған халқына.
Озбырды жөнге салыпсыз,
Келтіріп адам қалпына.



Озбырлыққа жол бермей,
Тек шындыққа наныпсыз.
Бос сөздерге еш ермей,
Ерлерді нағыз таныпсыз.

Ер болғасын жалындап,
От болып та жаныпсыз.
Жүргеннен соң әнде сап,
Сан сырларға қаныпсыз.

Түзеліпті кей қисық,
Қаһарыңызды көргесін.
Болыпты ғой тым мысық,
Еш оңбасын сезгесін.


Жүргеннен соң алжасып,
Ұяттан тым безгесін,
Мысыңыз сіздің тым басып,
Жинапты ғой тез есін.

Боз кілемде белдесіп,
Алыпты да жеңгесін.
Жыққаннан соң елдесіп,
Батыр екен дегесін.

Халқыңыздың мақтаны,
Әркезде де болдыңыз.
Ұнамай ердің ынжығы,
Азаматтық ойды шолдыңыз.

Құрметтейді халқыңыз,
Сондықтан да ардақтап.
Шырқалып ән жырыңыз,
Халқыңыз жүр тек мақтап.

Ұлт сенімін әркезде,
Жүре алды деп тек ақтап.
Санағасын шын ерге,
Естеріне жүр тек сақтап.



Заман да қиын халқым деп,
Шыңды да биік алғасын.
Жүргесін әркез тек ерлеп,
Азаматтық ойды салғасын.

Аямай ешбір жанды да,
Маңдайды терге малғасын.
Сондықтан халық жадында,
Сақталып мәңгі қалғасын.

Шыға береді атыңыз,
Сақтады деп ер қалыбын.
Ұмытпайды халқыңыз,
Балуан Шолақ алыбын.

Ақан сері бабамызға арнау

Бабаларай аңыз болған аруға әнін арнаған,
Өнер қуып тірлігінде жамандыққа бармаған.
Ақан болып халқына көрсете алған өнерін,
Қымбат деген өнерім мен азаматтық ар маған.

Кездері аз боп қалың топты өнерімен жармаған,
Болғанменен кездері де жағадан тал қармаған.
Ақанында сипамаған тағдыры тым маңдайдан,
Әлі күнге естілгендей кей әнінен зар маған.

Бабағада зарламауға ешбір амал қалмаған,
Құлагердей шын тұлпарын ерте ажал жалмаған.
Кей наданның тізелері бабаға да батқан ғой,
Басын құшып құлагердің бекер зарлы ән салмаған.

Жасты төгіп бос бекерден көзді жасқа малмаған,
Жоқтағанда құлагерін дауысы да талмаған.
Дарындарын нұрлы жүрек өнерімен озғасын,
Іштарлық қып күншіл аз-ау озғандарды шалмаған.

Бабаменен құлагерді талай сұқ көз баққандай,
Шала тұғын қарауларда аңдай алсақ сақ қандай.
Құлагер де ыза қылып жұлдыз болып аққандай,
Төсін қаққан кей қарауды бәйгесінен қаққандай.

Сондықтан да кей күншілдер жалған кiна таққандай,
Болмағасын озғандар еш өздерiне жаққандай.
Қоздырғасын күншiлдiктi тұлпарымен тек озып,
Сұр жыландай озғаннан соң тiлiмен де шаққандай.

Ездiкпенен бос сөздердi жүргеннен соң шатқандай,
Озғандарды жүргеннен соң көздерiмен атқандай.
Қалай ғана көрсетпесiн қансыздық пен ездiктi,
iштарлық қып жүргеннен соң қандасын да сатқандай.

Құлагердiң қанында олар қансыздықпен татқандай,
Болғаннан соң қансыздығы өздерiне мақтандай.
Еш қызармай беттерi де көрсетсе де арсыздық,
Қансыздығы болсадағы сан жүрекке батқандай.

Сұмдар едi жайшылықта қой терiсiн жамылған,
Сүрiнген де достыққа емес күлуге тек табылған.
Дұшпандықпен жалаларын өзгелерге тым жауып,
Асылға да сүрiнгенде қызармастан жабылған.

Сондықтан да нағыз ерге тым жаланы жапқандай,
Ойластырып зұлымдықпен небiр айла тапқандай.
Құлагерi бәйгеде озып Қадишалар ғашық боп,
Өнерiмен озғаннан соң сан кiнәнi таққандай.

Сондадағы қайғы-мұңның ащы дәмiн татқандай,
Озғаны да өнерiмен кей жүрекке батқандай.
Өнерiне ғашық болып жүргеннен сан қыздар,
Қызғаныштан iштарлық қып кей пенделер сатқандай.

Сондадағы шырқап әнiн елiне үнiн қатқандай,
Өнерлi боп жүргеннен соң ерте таңы атқандай.
Даласында жүргенменен әнiн шырқап шалқып тек,
Кейбiр түндер көз iлместен дөңбекшiктеп жатқандай.

Өнерiмен тамсандырған серiлердi-ай салдардай,
Қартайса да жүрмеген ғой кейбiр езбiр шалдардай.
Серi болып жүргенiмен сертте тұрған әр кезде,
Алдамаған еш аруды шоқша сақал алдардай.



Аңыз болып салған әні даласына тараған,
Қадиша да тым көрікті мойнын бұрып қараған.
Ақанының түсінгесін өнерімен жүрегін,
Баба рухын көтеріп тек аруларда жараған.

Болғаннан соң халқының дарыны боп жаралған.
Болмағасын әнін шырқап дауысы да еш талған.
Дарындар да көрсетпеген әнін шырқап ынжықтық,
Нағыз ер боп әркезде де батылдыққа бара алған.

Азамат па сөзіменен сертінде ешбір тұрмаған,
Дарындарға арулар да бекер мойнын бұрмаған.
Көтермек боп көңілдерді ғажап әнін шырқаған,
Мағынасыз бекер сауық бабалар да құрмаған.

Адамдықты дұрыс – ақ қой бойдан өзі жоймаған,
Қызығына бұл өмірдің ешбір пенде тоймаған.
Серілер де білгеннен соң ән-өнердің маңызын,
Ұлы еліне барын салып ән салғанын қоймаған.

Әнін шырқап ұлы еліне іс атқарған маңызды,
Сондықтан да қалдырған ғой ғажап әнді, аңызды.
Тұлпарымен қоса озып жүре алған жарқылдап,
Өнеріне ғашық қылып Қадишадай сән қызды.

Ұлы елі де еркелетіп, шырқатып ән салғызды,
Ат шаптырып сан тойларға тым құрметтеп алғызды.
Ақанына көп алдында ғажап әнді шырқатып,
Тым солайша ғажап әнді соңдарын да қалғызды.

Даласын да көкке самғап ғажап әні қалқыды,
Сондықтан да көтеріліп талай көңіл шалқыды.
Одан сайын ынтық болып сан жүректер сазды әнге,
Жанды баурап тым елітіп сан жүректер балқыды.

Ақан баба нағыз дарын сан ерлікке бара алған,
Сондықтанда салған әні даласына таралған.
Ұлы еліне әнін шырқап ғажап әнін қалдырған,
Бабамыз ғой сал сері боп халқы үшін жаралған.



Ақан болып жүре алған от жүрегі жалындап,
Ер халқының тек алдында тым ғажайып әнді сап.
Өткенменен бұл өмірден биіктегі жұлдыз ғой,
Ақан болып қала бермек ән өнермен биікті ап.

Ақан баба көз жұмса да кенде болмас атақтан,
Ер халқы да өнерлісін ете бермек тым мақтан.
Ақан баба жүрегінде мәңгілікке ұлтының,
Егеменді ел болғасын мүлдем бұл күн таңы атқан.

Озбырлықты көргенменен тірлігінде тым налып,
Құлагерін жоқтағанмен көзді жасқа тым малып.
Ақан баба нағыз дарын қарап тұрсақ бақытты,
Ұрпақтары жүр бүгінде ғажап әнін тек салып.

Естілу де баба әні сахна да шырқалып,
Өнер қуып жүрміз біз де бабалардан үлгі алып.
Жүргеннен соң баба әні тыңдағанды тебіреніп,
Ғажап әнін тыңдай бермек естіген жан таң қалып.

Сондықтан да ғажап әні қаз қалпында жеткендей,
Ұлы халқы жеткеніне шүкіршілік еткендей.
Ұрпақ барда төмендетпес бабалардың өнерін,
Баба даңқы сондықтан да шыңға шырқап кеткендей.

Оқу білім ғылымға да ұрпақтары жүр бойлап,
Егеменді ел болғасын елдік жайын тым ойлап.
Есімдері құрметтелді бабалардың бұл күнде,
Ас та беріп дүркіретіп ұрпақтары жүр тойлап.

Бабалар да болғаннан соң өнерлі де тым текті,
Ұлты үшін әнін шырқап жасаған соң еңбекті.
Қиындықтар кездескенмен өмірінде сан талай,
Нағыз ерлер қиындықты әркезде де жеңбекті.

Ұрпақтары өнер қуып, ғылым қуып жүр бүгін,
Азамат боп көтерісіп ұлы елдіктің тым жүгін.
Ер халқының ойлап бәрі ат салысып бірлігін,
Жасап жүр ғой ұрпақтары азаматтық тірлігін.

Алқаптарға егін егіп, жерлерге тым құнарлы,
Ұрпақтары болғаннан соң шеттерінен тым арлы
Білек түріп ерлікпенен еңбекті тым еткен соң,
Азаматтар болмайды ғой бұл өмірде еш жарлы.

Тым өнерлі қарап тұрсақ бабалар да бақытты,
Әнін шырқап ұмытса да кейбір кезде сақтықты.
Бабаларын ардақтауда ұрпақтары бұл күнде,
Отанына көрсеткесін ерлей алып ақтықты.

Мағыналы өткізгесін өнер қуып жастықты,
Асылдықпен еш көрсетпей жастық пенен мастықты,
Гүлдеп боп Отандарын, барды салып жүргесін,
Еш көрсетпей жүргеннен соң бұл өмір де жасықты.

Болғаннан соң бабасындай ұрпақтары тым мықты,
Тектілікпен қалағасын бұл өмір де шындықты.
Жалғастырып шеттерінен бабасының ұлы ісін,
Өнерімен тек танылып көңілдерден тек шықты.

Әнін шырқап жүр емес пе өнерлі ұлы Димаштай,
Әлемге де танымал боп беттерінен еш қайтпай.
Өнерімен жүргеннен соң ер қазағын мұңайтпай,
Ерлік ісін ұят болар жүрсек егер біз айтпай.

Әлемнен де жүр емес пе бас жүлдені ала алып,
Өнеріне әлем де өзі жүр емес пе таң қалып.
Әлемге де жүргеннен соң әншілігін дәлелдеп,
Дауысы да көрмегесін сахна да еш талып.

Ұрпақтары бұл күндері топты жарған жетерлік,
Әнін шырқап білек түріп істеуде ғой сан ерлік.
Қазағымды әлем танып бұл күндері тым жатыр,
Тым мақтауға тұратұғын болғаннан соң іс дерлік.

Ақан баба көрсете алды жақсы деген тым затты,
Гүлдендіріп әніменен бұл өмірді қымбатты.
Әнін шырқап, барды салып халқына етті қызмет,
Биік қойып тірлігін де адам деген тым атты.

Ұрпағына қалдыра алып не бір ғажап әндерін,
Сан ғасырлар өтсе-дағы жоймайтұғын мәнерін.
Халығы да құметтейді сондықтан да дарынын,
Ақанының тым бағалап құрметтеуде өнерін.

Азаматтық көкейлерін болғаннан соң тек тескен,
Ұрпақ жайын болғаннан соң қалығымен бір жескен.
Тектілікті көрсете алды ұрпағы да бұл күн де,
Ақандарын тым бағалап нағыз дарын ер дескен.

Ән шығарып домбырамен ән айтқасын жас шақтан,
Дарыны боп халығына бола алғасын тым мақтан.
Еркесі боп халқының әнін шырқап жүре алған,
Халқының тек жадында сақталады сері Ақан.


**Олимпиада чемпионы
Жақсылық Үшкемпіровке
арнау**

О, Жақсылық түкті жүрек құрдасым,
Толғанатын келген кезде шын жасым.
Өткеніңді естігенде өмірден,
Толғаныстан ауырдығой тым басым.

Алдыдағы батпай қалып тым асым,
Өрге қарай домаламай еш тасым.
Тосыннан кеп әкеткесін сұм ажал,
Ажал деген өмірдегі тым қасым.

Езді анық толғанып сөз қылмасым,
Қара жерге кіргенінше еш басым.
Нағыз ердің тым бағасын білгесін,
Анық менің жырға қоспай тынбасым.

Олимпиада да бас жүлдені алғасын,
Мәңгілікке ұлт жадын да қалғасын.
Тірлігін де боз кілем де топ жарып,
Қоржынына алтынды тек салғасын.



Денесін де ащы терге малғасын,
Барды салып бұлшық еті талғасын.
Бұйым көрмей қарсыласын көкке атып,
Желкеден ап жанбасқа алып шалғасын.

Барды салып боз кілемде шындадың,
Ерлей алып тек бағыңды сынадың.
Бар әлемге танытқасын халқыңды,
Ер халқыңа ерлігіңмен ұнадың.

Шұғылданып терді төгіп тынбадың,
Өзіңді өзің одан сайын шындадың.
Әлемде де сан додаға түссең де,
Көк болаттай майыспадың, сынбадың.

Алған беттен білмегесін қайтқанды.
Жақтырмадың бос сөздерді айтқанды.
Батырлықты боз кілемде көрсетіп,
Отан үшін аямадың еш жанды.

Асылдықпен ұқсағасын шын ерге,
Малынсаң да шыдай білдің тым терге.
Боз кілемде ерлігіңді көрсетіп,
Ер халқыңды қаратпадың еш жерге.

Тым құрметтеп өзен, көлің, суыңды,
Тек бағалап орманың мен нуыңды.
Ерлігіңмен таныла алдың әлемге,
Олимпиада да желбіретіп туыңды.

Отаныңды шын жүрекпен сүйгесін,
Ыстығы мен суығына күйгесін.
Жеңе алдың не мықтыны қолға алмай,
Азаматтық ойды әркез түйгесін.

Ерлік істің керектігін білгесін,
Оң сөздерді құлағыңа ілгесін.
Ер халқыңды танып еді әлемде,
Жақсылықтың көргеннен соң күресін.

Ерлігіңе ер халқың да шат болып,
Азаматтық жүргеннен соң ой шолып.
Жақсылығы көрсеткесін ерлігін,
Көңілдері жүріп еді тым толып.

Көтеріліп көңілдері қалғасын.
Нағыз ері қоржынға алтын салғасын,
Танытқасын бар әлемге ер қалқын,
Алынбайтын шыңды биік алғасын.

Ақынмын ба арнамасам жырымды,
Азаматтық көрсетпесем қырымды.
Жырға қосам батырларды өзіңдей,
Азамат боп ішке бүкпей сырымды.


Чемпион боп топ жарғасын өзім де,
Азаматтық тұрғаннан соң сөзім де.
Жырға қосып білемінғой бағаңды,
Ерлігіңе жеткеннен соң көзім де.

Халқың үшін келгендей ең өмірге,
Ерте ажалың келді қатты көңілге.
Шыңды алып ерлік істі көрсеттің,
Шын азамат ер болғасын өмір де.

Әлемдегі белдескесін мықтымен,
Белдеспесің көпке аян ғой ынжықпен.
Ащы терге денеңді де тым малдың,
Азаматтық ой түйдіріп өмірден.

Өрге қарай жүрді тасың домалап,
Болғаннан соң бойыңда тым зор талап.
Шығарды ғой атағыңды ерлігің,
Ерлік істі жүргеннен соң тек қалап.

Ерлік іске байлағасын беліңді,
Көрсете алдың нағыз батыр тегіңді.
Әлемде де топты жарып жүргесін,
Ерлігіңмен қуанта алдың еліңді.



Бұл өмірде нағыз батыр болғасын,
Қырандардай шыңды көзбен шолғасын,
Әлемде де боз кілемде топ жардың,
Ерлігіңе көңіл де өзі толғасын.

«Халқым» деп, «Отаным» деп туғасын,
Ерлік іске беліңді тек буғасын.
Ер халқыңды әлемге де таныттың,
Баба жолын ерлер жолын қуғасын.

Ерлігіңмен шыққан кезде тым атың,
Асыл текті болғаннан соң шын затың.
Жүргенің де ерлігіңді көрсетіп,
Ерлігіңе сүйсінгенде дос жатың.

Тым қайғыртты ертеректеу өткенің,
Ер халқыңды ерте тастап кеткенің.
Әлемге де танылғанмен тым ерлеп,
Зор табысқа көп болғанмен жеткенің.

Көмек қолды созғаныңмен еш тыймай,
Кете бардың маңдайға да еш сыймай.
Нағыз ер деп жүргенін де халқың,
Сұм ажалға жүргенменен еш қыймай.

Болсадағы ұлан байтақ кең далаң,
Астанадай бар болса да сән қалаң.
Жоқ болса да ешкімдерде еш жалаң,
Тектілікпен болмаса да іште алаң.

Азаматтық көрсетсең де ерлікті,
«Отаным» деп істесең де тірлікті.
Қазағыңның бөлінуін қаламай,
Ер болғасын ойласаң да бірлікті.

Ер халқың қалдығой тым күйзеліп,
Ауыр ойдан қалғаннан соң теңселіп.
Батырлары ерте өткесін өмірден,
Ерлігіңе жүрген кезде тым сеніп.

Жүрмегесін кеудені еш бос керіп,
Жүргенің де үлгі өнеге тек беріп.
Жөн сөзіңді жүргенде ерлер мақұлдап,
Оң сөзіңе жүргенін де тым еріп.

Азаматтық адамдықты ескеріп,
Өсек, аяң жүрмегесін еш теріп.
Ер қазағың құптап еді ісіңді,
Адамдықтан жүрмегесін өзгеріп.

Азаматтық тым бағалап ісіңді,
Жылы ұстап та жүргеннен соң түсіңді.
Барды салып гүлдеңтсем деп Отанды,
Сарқа жұмсап жүргеннен соң күшіңді.

Азаматтық созғаның да көмек қол,
Болғаннан соң азаматтық бойда мол.
«Отаным» деп ерте өткенмен өмірден,
Көрсете алдың ұрпағыңа түзу жол.

Бұл өмірден өткенменен нағыз ер,
Ер қалығың қимастығын білдірер.
Отаныңа еткен еңбек зор еді,
Ер қазағың бағалаумен тек жүрер.

Нағыз ерін халқың тек батыр дер,
«Отаным» деп аққаннан соң маңдай тер.
Нағыз ерлер маңдай терін төккесін,
Бұдандағы гүлденеді байтақ жер.

О, құрдасым, ойлағасын елдікті,
Чемпион боп көрсете алдың ерлікті.
Жүрегің де болғаннан соң тым түкті,
Азаматтық көтере алдың тек жүкті.

Ұлы елдіктен үзбегесін үмітті,
Сырып тастап бойдағы бір күдікті.
Ер қалықтан туғаннансоң Қазақтай,
Көрсете алдың нағыз батыр жігітті.

Бар әлемге ер қалқыңды таныттың,
Намыстарын не бір ердің жаныттың.
Ерлігіңмен бере алдың өнеге,
Батыры боп Қазақ деген қалықтың.

Бұл өмір де бар болғасын Қазағың,
Көз жұмсаң да жана бермек тек бағың.
Ер Қазағың құрметтеумен жүреді,
Тым биіктеп шыға бермек атағың.

Қия алмай жүргеннен соң тек жоқтап,
Алып кеткен сұм ажалға көзді оқтап..
Қазағыңның құрметтеуі өмір де,
Көпке аянғой қалмайтыны еш тоқтап.

Қолдағасын төмендемес еш тағың,
Сынбағасын қалығым деп еш сағың.
Батыр құрдас мың алғысты айтамын,
Жатқан жерің торқа болсын топырағың.

Жайлаудағы қойшылар тойы

Жйлау тойы жүріп еді естен кетпей,
Не бір тойлар жүргесін ешпір жетпей.
Қазағымның қонақжай кең пейілі,
Дарқандыққа кімді жүрсін тәнті етпей.

Тойда жасау жүргесін зор міндеттей,
Шаруалар да жүрсе де ешпір күтпей.
Қиынымен қызығы мол бұл өмір де,
Қол босамай жүрсе де шаруа бітпей.

Тау шыңы да көзді тартып көркіменен,
Тік шаншылған ғажапқой шыңдарымен.
Ақбас шыңға шыршалы көз тіккесін,
Ғажаптығын көргесін көзіңменен.

Ақбас шыңы сырласқандай өзіңменен,
Биіктерді алғасын төзімменен.
Боз кілем де белдескен жайлау тойын,
Жеткізу де қиын ау сөзіңменен.

Тастап еді көркімен толғандырып,
Жалындатып жүректі тым жандырып.
Тік шаншылған ақбас шыңы көзді тартып,
Ғажабына өзінің тым нандырып.

Чемпион боп көңілде еді тасығандай,
Жалындап емес едім жасығандай.
Балуан жігіт атанып жүргеннен соң,
Емес еді кеуде де еш басылғандай.

Сөзімде де жүріп едім тек тұрғандай,
Халқыма жүргесін іш бұрғандай.
Адамдықты жүргесін әркез сақтап,
Жүрмегесін ешкімге бас ұрғандай.


Ұстап едім өзімді тым сабырлы,
Жүргеннен соң ұнатпай бос дабырды.
Белді буып жүргесін ерлік іске,
Ұнатқасын өмір де тым сабырды.

Бой алдырмай жүргесін бос күдікке,
Ұқсауға тырысқасын ер жігітке.
Шұғылданып жүргесін терді төгіп,
Күресетін ие болып мүмкіндікке.

Еш қайыспай белім де ауыр жүкке,
Ездік іс тұрмағасын ешпір түкке.
Балуан жігіт атанып жүргеннен соң,
Танылып қалғаннан соң мен де көпке.

Киелі өнер атағымды асырғандай,
Болмағасын өнерімді жасырғандай.
Білек түріп белдесуге дайын едім,
Боз кілем де мықтымен болсын қандай.

Жалындап шықсадағы тым атағым,
Ашылып жүрседағы ерлеп бағым.
Айналысып жүргесін келелі іспен,
Мастануда жоқ еді еш шатағым.



Жүректің сақтап едім әркез ағын,
Сындыруға тырыспай ердің сағын.
Отанымның ойлағасын гүлденуін,
Нағыз ердің күндемей қонған бағын.

Биіктесін дегесін мінген тағын,
Жақсы өткізсін дегесін жастық шағын.
Азаматтық көрсетіп ем тым кеңдікті,
Адамдықтың жүргесін ойлап жағын.

Сыйлап едім болса егер бойында ар,
Дарындарға болмаса тым іші тар.
Нағыз ерді әркезде қолдап едім,
Текті азамат болса егер ұяты бар.


Асылдардың болғасын бойында өнер,
Өмірде болғаннан соң нағыз шын ер.
Нағыз ер азамат деп танып едім,
Отанымен халқын ойласа егер.

Чемпион боп білгендей ем салмағымды,
Киелі өнер ашқандай ед тым бағымды.
Спортпенен шұғылданып терді төгіп,
Босқа өткізбей жалындаған жас шағымды.

Қарайғаннан емес едім еш сасатын,
Болдым мен деп емес едім алжасатын.
Чемпион деп құрбылар мақтаса да,
Кеуделерді емес едім еш басатын.

Момындарды жүріп едім әркез жақтап,
Азаматтық адамдықты және сақтап.
Жүріп едім сақтай алып теңдігімді,
Жүрейін деп зор сенімді әркез ақтап.

Барды салып жүріп едім еңбек етіп,
Тез арадақ жігіт болып мен де жетіп.
Білек түріп барды сап жүргеннен соң,
Қалай ғана жүреді қырың кетіп.



Ауыл тоғы бәрі маған қарайтұғын,
Подстансиялар тоқ беруге жарайтұғын.
Бағана да тоқ сымдары тым дізіліп,
Сап құрғандай әрбір үйге тарайтұғын.

Ауыл тоғы бәрі маған қарағасын,
Чемпион боп атағым да тарағасын.
Тәртібін ап әскердің де келгеннен соң,
Азаматтар ойламайды қара басын.

Адалынан жүріп едім ішіп асты,
Адамдық қып сыйлағасын үлкен жасты.
Азаматтық көрсетіп жүргеннен соң,
Ойламай жүргеннен соң қара басты.


Қиыр шеттен келгесін «Отаным» деп,
Азаматтық жүріп еді тек ойға кеп.
Азамат боп халқымды ойлағасын,
Жүріп едім асылдарға тек еліктеп.

Отанды ойлап жыр жазып толғанғасын,
Ауыртпайды қалай ғана ерлер басын.
Тарихын да халқының білгеннен соң,
Тебіреніп қалай ғана жыр қылмасын.

Қиындықтар бастарынан көп өткесін,
Ер бабалар ерлік істі тек еткесін.
Арқаны кеңге салып жүре алмассың,
Толғанатын жасқа да тез жеткесін.

Жаулары шашқаннан соң талай қанды,
Қансыздықпен жазықсыз қиып жанды.
Қара таудың басынан көш келед деп,
Кім білмейді зар жылатқан ақтабанды.

Еске түссе жүріп едім тым күрсініп,
Өмірдің көп сырларын шын түсініп.
Сақтықтың да керектігін ойлағасын,
Жүрмегесін есіріп еш ісініп.



Нағыз ердің білгесін керектігін,
Көрсетуге тырысып ем жүрек түгін.
Әскерден кеп білекті түріп едім,
Көтермек боп тек ерлеп ердің жүгін.

Азаматтық біліп едім зор жауапты,
Болғаннан соң тоқта өзі тым қауіпті.
Қалсаң егер байқамай тоққа түсіп,
Құртатынын біліп едім денсаулықты.

Кейбір кезде асыққан да кетсе ұрып,
Жүрмейтінін біліп едім бүйрек бұрып.
Алушы едім тез арада қолды тартып,
Аңғалдық қып бір орын да қалмай тұрып.

Жүріп едім жүргендей бір сабақ алып,
Құдіретіне тоқ күшінің тым таң қалып.
Ұрсадағы ездiк қып қашпап едім,
Маңдайды жүргеннен соң терге малып.


Білекті жүргеннен соң тек түргендей,
Селтеңдеп емес едім бос жүргендей,
Әскерден де ойды түііп келгеннен соң,
Халқым үшін өмірді едім тек сүргендей.

Қауіпті еді қапыда да қалдыратын,
Байқамасаң бірақ ұрып талдыратын.
Сақтығым ды тым сақтап жүргенненсоң,
Оңайлықпен емес едім алдыратын.

Бағана да шыққан да дірілдейтін,
Қауіптісін едім бірақ білдірмейтін.
Азамат боп көрсеткесін ерлік істі,
Құрбыларды едім еш күлдірмейтін.

Ұят-а ққой зор сенімді ақтамасаң,
Білек түріп азаматтық жасамасаң.
Бақилық та болуың аян еді,
Аңғалдық қып сақтықты сақтамасаң.





Ішімдікті жүріп едім ешбір татпай,
Аңғалдық қып араққа көзді сатпай.
Қауіп көріп арақты ішпегесін,
Арақта өзі жүріп еді ешбір батпай.

Сөйлемей жүргеннен соң сөзді шатпай.
Ішкендікті жүріп едім еш ұнатпай.
Мың толғанып жүргесін жырды жазып,
Жүргеннен соң бос бекер үнді қатпай.

Тілмен дінді жүргесін ешбір сатпай,
Қалай жүрсін ерлердің таңы атпай.
Чемпион боп жүргесін атым шығып,
Ерлік істі істеп едім ұйықтап жатпай.


Ойлағасын толғанып қалығымды,
Қазақ деген кең пейілді алыбымды.
Чемпиондық атағымды есте сақтап,
Азаматтық сақтап едім қалыбымды.

Адамдықты бойыма сақтағасын,
Құрбылар да бағалап жақтағасын.
Бағалап жүргеннен соң еңбегімді,
Азамат боп зор сенімді ақтағасын.

Қалығыма сезіліп едім керектігім,
Көрсетіп жүргеннен соң жүрек түгін.
Тоқ жұмысы болса да тым қауіпті,
Көтеріп жүріп едім ердің жүгін.

Кей құлардың айтып едім бетке мінін,
Азаматтық шығарсын деп жарқын үнін.
Білгеннен соң жарқырап таң атарын,
Қалығымның шығармақ боп ерте күнін.

Қиындықты жеңесің барды салсаң,
Ұят- ақ қой озаттардан әркез қалсаң.
Тоқты бермей тұрғындарды шуылдатып,
Дер кезінде тоқ сымын жалғамасаң,



Қауіптісін онша көп көңілге алмай,
Еңбек етіп жүріп едім шаршап, талмай.
Зор табыс та оңайлықпен тек келеме?
Білек түріп маңдайды терге малмай.

Сақтай алып жүріп едім тым сақтықты,
Жастық шақты бағалап тым шаттықты.
Қалқыма тек амандықты ойлағасын,
Тілегесін шаттық пенен тек бақытты.

Ән шығарып жүргесін жазып өлең,
Қүдіретімен биіктейді әркез де өрең.
Қалам алып толғанып жыр жазғасын
Ой биіктеп болады ғой ішің де кең.

Еңбек етіп ортама да әркез сыйып,
Қызбалықты жүріп едім мүлдем тыйып.
Теңдігімді жүргесін сақтай алып,
Азамат боп жүріп едім мал да жиып.

Отаның да азаматтан үміт күтер,
Тіршілікте шаруа да қайтып бітер.
Даналық қып ақылмен іштей сезіп,
Ерлеуге тырысады ер жігіттер.

Ер халықтан туғанды сақтап еске,
Адамдықты білгесін әркез беске.
Ұятқой деп жүріп едім топты жармай,
Қазақ деген туғасын тартып текке.

Тұмсықты көтермеп ем ешбір көкке,
Еңбегім жүрседағы жағып көпке.
Гүлдеңтсем деп жүргесін Отанымды,
Жоқ еді елімнен де ешбір өкпе.

Мылжыңдардың сөзіне еш ілеспей,
Тектілікті сақтап едім бөсіп еспей.
Ағаларды алдыдағы сыйлап едім,
Інілікті сақтағасын жолын кеспей.

Түксимей жүріп едім ашып қабақ,
Еңбегіммен жүргесін қонғандай бақ.
Мақтағанға кей құлар бөсіп кетпей,
Сөзді де сөйлеп едім әркез сақ.

Әскерден де келгесін алып пысып,
Жүрмеп едім ездiк қып бос қылымсып.
Кеудені де жүргесін ешпір қақпай,
Тек еңбек деп жүріп едім қолды ысып.

Азамат боп ойлағасын тек бірлікті,
Азаматтық істегесін тек тірлікті.
Жүріп едім көзді де шыңға салып,
Азаматтық істемек боп тіршілікті.


Чемпион деп жүргесін елім танып,
Ер сөзіне жүргесін әркез нанып.
Қалығыма жүргесін бақыт тілеп,
Намысты да жүріп едім әркез жанып.

Ұят-ақ қой жүргенің топты жармай,
Ездікпенен жүрсе екер қол ұзармай.
Шыңды қайтып аларсың жалтақ болсаң.
Батылдыққа жүрсең егер ешпір бармай.,

Кетерін де білгесін жастық өтіп,
Кәрілікте келгесін тез ақ жетіп.
Тым ғажап өте шығар қысқа өмір де,
Жүруге тырысып ем ерлік етіп.

Үмітпенен тек қарап болашаққа,
Мастанбай жүріп едім жастық шаққа.
Теңдігімді жүріп едім әркез сақтап,
Ие болып жүрейін деп қонған баққа.

Ұқсамай жүріп едім еріншекке,
Болашаққа сенгесін келешекке.
Гир көтеріп спортпен де айналысып,
Уақытты өткізбей бекер текке.



Араласып жүргесін тым еңбекке,
Қиындықты талпынғасын тек жеңбекке,
Белді байлап жүріп едім білек түріп,
Ұқсайын деп нағыз бір ер жігітке.

Ерлік істі боладығой сөз қылуға,
Бұл өмір де не жетеді ер болуға.
Азаматтық көрсетіп топ жарғанмен,
Болдым деп болмайды ғой тым толуға.

Нағыз ерлер қиындыққа әркез төтер,
Жалындаған жастық шақта тез ақ өтер.
Жастарға көзге түсіп келе жатқан,
Отан үшін ер жүгін дер ем көтер.

Бақ қонады әркезде талапты ерге,
Нағыз ерлер қаратпайды қалқын жерге.
Азамат боп өзінің ұлы ісімен,
Үміт отын ұялатар жүректерге.


Тектілікпен бой алдырмас мақтанышқа,
Жүгінгесін әркез де тек шындыққа.
Азаматтар әркезде ерлік істер,
Қарсы тұрып ер болғасын ынжықтыққа.

Ұлы істермен ашылар әркез бақта,
Ұрпағыма сенімді дер ем ақта.
Отан деген азамат болса егер,
Сөзін тыңдап ден қойып әркез жақта.

Азаматтық адамдықты әркез сақта,
Жолдас болмас мәңгілік тәжбен тақта.
Азаматтар болса егер халқым деген,
Үміт күтіп әркезде тек ардақта.

Азаматтар барғой әркез ер деитіндей.
Адамдықты тектілікпен білетіндей.
Азаматтар бар еді білек түрген,
Ұрпағының қамында тек жейтіндей.





Жүрегімен еді бәрін сезетіндей,
Надандықтан еді әркез безетіндей.
Азамат болғаннан соң мың толғанған,
Қиялы да көкті самғап кезетіндей.

Күнім де еді көтеріліп бара атқандай,
Өнеріммен болғасын қаратқандай.
Азамат боп ерлігіңмен көзге түссең,
Ер халқың да ерлігіңді жаратқандай.

Атақты да тез арадақ таратқандай,
Қара жерге болмағасын қаратқандай.
Білек түріп жүргесін еңбек етіп,
Азаматтық жүргесін үн қатқандай.

Ерлей алсаң нағыз ерге жүрер балап,
Азаматтық бойыңда болса талап.
Азамат деп өзіңе сенім артар,
Ерлік істі жүргесін әркез қалап.

Ерлей алсаң тек қолдап бағыңды ашар,
Адамдықтан болмағасын ешбір қашар.
Азамат деп сырыңды сеніп айтсаң,
Болмағасын сырыңды ешбір шашар.

Нағыз ерлер ұлы істерге әркез бастар,
Түсінеді әркезде мұны жастар.
Қарайғаннан сескенбей ер жігіттер,
Жас қырандай шыңдарға көзді тастар

Болымсызға олар емес асып-тасар,
Болдым мен деп олар емес шектен асар.
Азамат боп жан біткенге көмектесіп,
Жақсылық қолдан келсе әркез жасар.

Азаматты жүреді әркез қолдап,
Сәлемді де мәрттікпенен жиі жолдап.
Жан біткенге жақсылыққой ойлары тек,
Ұлы істерді жүргесін әркез қолға ап.

Азамат боп бала емес ем бұрынғыдай,
Ешкімдерге емес едім ұрынғандай.
Мақтауменен мадақты естісем де,
Кеуде қағып демеп едім «менмін қандай?».

Халқымды ойлап жүріп едім сабыр сақтап,
Әркезде де жүрейін деп сенімді ақтап.
Өлең жазып белдесіп жүргеннен соң,
Тектілерді жүріп едім әркез жақтап.

Қиындықтан жүрмеп едім еш қашқақтап,
Ездік қылып жүрмегесін еш ыржақтап.
Ақты ақ деп жүргесін шындықты айтып,
Нағыз ерді жүріп едім ер деп мақтап.

Жеңісіме достар да еді қуанғандай,
Чемпиондық атағымды құп алғандай.
Азаматтық намысыңды жіберме деп,
Көтеріліп көңілдері тым қалғандай.

Жалпағынан басқандай бұл жалғандай,
Қолдауымен еді тым ой салғандай.
Гир тастарын көтеріп шұғылданып
Денемді терге едім тым малғандай.

Талпынып ем ел сенімін тек ақтауға,
Талаптанып ер атағын тек сақтауға.
Тектілік пен табандылық тым көрсетіп,
Дайын едім өзімді-өзім тек баптауға.

Еңбек етіп жүргесін сенімді ақтап,
Адамдықты жүріп едім әркез сақтап.
Еркелесем еркелікті көңілге алмай,
Жүріп еді елім де әркез жақтап.

Жалындаған жастығымды ескергендей,
Соңға түсіп емес еді тексергендей.
Азамат боп жүргесін сенімді ақтап,
Азаматтық ісімді жөн көргендей.

Азамат деп жүргендей ед үміт күтіп,
Сүрінсем де жүрмеп еді жүндей түтіп.
Жалындаған жастығымды тым ескеріп,
Адамдық қып жібермеп ед еш жүнжітіп.

Азаматтың атқарғасын зор міндетін,
Қайтармайық дегендей бізде бетін.
Жалындап жастықпенен жүрсемдағы,
Азаматтар күндемеп ед жөн білетін.

Әр нәрсенің білгесін жөн іретін,
Азаматтық адамдығын білдіретін.
Түімедей табысыңды түйедей қып,
Көңіліңді көтеріп тек жүретін.

Мың алғысқой өмірдегі жақсыларға,
Отан деген нұрлы жүрек асылдарға.
Асылдардың тектілердің өмірдегі,
Жүректері мол болар әркез сырға.

Әуес болар өнерге ән мен жырға,
Гүлді теріп, шаттанып та шығар қырға.
Даналықпен, ерлігімен жол көрсетіп,
Гүлдендіріп жүрегінді бөлер нұрға.

Ұлы ісімен жүреді ғой ықпал етіп,
Азамат боп жүргесін ақыл жетіп.
Ой санаң да көтерілер бұрынғыдан,
Биік шыңға жүреді ғой ойың кетіп.

Толғанып тебіреніп жүргенмен жай.
Сездірмей тез өтеді-ау жыл менен ай.
Сондадағы сабырды сақтай біліп,
Іс атқарып жүріп едім ерлерге сай.

Ұят болар зор жауапты жүрсең ұқпай,
Пендешілік жүргесін әркез жақпай.
Отаны мен халқын ойлайды тек,
Нағыз ерлер ауыздан бәле бақпай.



Еңбек етіп көзге де едім ілінгендей,
Жүргеннен соң ерлігімді білдіргендей.
Нағыз балуан жігіттермен тек белдесіп,
Чемпион боп жүргесін ерлегендей.

Жасықтықты жүріп едім жерлегендей,
Жеңілгендер жүріп еді терлегендей.
Сездірмей кей іші тар аңдыса да,
Жүріп еді елім де тек ер дегендей.

Бос сөздерге сенбеп едім көзім көрмей,
Күншілдік қып жүрмегесін өсек термей.
Әркезде де адамдықты сақтай алып,
Жүріп едім бос сөздерге ешбір ермей.

Халқымды ойлап толғанатын кезге жетіп,
Білек түріп жүріп едім ерлік етіп.
Толғанып жырды жазып жүргеннен соң,
Шыңды алуға жүріп еді ойым кетіп.

Ерлік іске жүргесін әркез бекіп,
Белдесіп чемпион боп елендетіп.
Балуан жігіт атанып жүрсемдағы,
Момындарға сөйлемеп ем ешбір зекіп.

Өмірде қалағасын тек шындықты,
Жақтырмай жүріп едім ынжықтықты.
Азамат боп әркезде шыңды аларсың,
Ерлігіңді көрсеткен болсаң мықты.

Нағыз ерін халқым да бағалаған,
Үлгі тұтып інілер де жағалаған.
Тентектерден бастарына қауіп төнсе,
Келуші еді шағымдарын айтып маған.

Тентектерден алушы едім арашалап,
Қарап тұрмай мәз болып тамашалап.
Азамат боп жүргесін бірлікті ойлап,
Азаматтық адамдықты әркез қалап.



Кей момынға жүріп еді пайдам тиіп,
Жүрмегесін сотқарларға басты иіп.
Отанымды жүргесін әркез сүйіп,
Азаматтық жүргесін ойды түйіп.

Момындарды бермеп едім жәбірлеуге,
Тұрмаса да азамат жігіт деуге.
Жүріп едім момындарды әркез қорғап,
Жаралғандай момындардың қамын жеуге.

Кей сотқарлар жүргесін сөзді ұқпай,
Тексіздікпен жүргесін ойдан шықпай.
Көрсетіп жүргеннен соң арсыздықты,
Жүргеннен соң өзіне сөзде жұқпай.


Ішін де болмағасын таразысы,
Момындарды жүргесін басып мысы.
Сотқарлықты көрсетіп жүргеннен соң,
Адамдық та болмағасын еш жұмысы.

Адамдықты ойға еш алмағасын,
Тіс батпаған момыны қалмағасын.
Бетіменен кеткесін кеуде қағып,
Бас жарса да жөнге ешкім салмағасын.

Адамдықты жүргесін әркез қалап,
Азаматқа жүргесін елім балап.
Ерлік жасап жүргесін чемпион боп,
Сотқарға да қойып едім үлкен талап.

Батыр болып жүргесін момынға өзі,
Күйе жағып жүргесін жетпей көзі.
Ар-ұятты бойыңа сақта деп ем,
Тұмсық бұзу болғасын әркез сөзі.

Кей сотқарға жүр деп едім бәле бақпай,
Текті азамат сөйлейді деп еш лақпай.
Нағыз ерде жүретін ешбір жақпай.
Жүре алмайтын болғасын жала жаппай.



Тапқандай боп жүргесін ақымақты,
Қара деп те жүргесін көрсе ақты.
Сөйтіп жүріп сүйкімді қашыратын,
Ұшыратын басына қонған бақты.

Түсінгенге оңай емес өмір күрес,
Азаматын халқы да көреді ес.
Кей пенделер жүргенмен көрсетіп сес,
Нағыз ерлер бермейді ешбірде дес.

Кеңдік етіп кей қарауға үндемесең,
Кей сотқарға кететіндей кейде есең.
Көрсетіп жүрсеңдағы ерлігіңді,
Азамат қой, құрбы ғой адам десең.

Көрсетіп жүргенменен кеңдігіңді,
Азамат боп сақтай алып теңдігіңді.
Іші ала болғаннан соң жақтырмайтын,
Ұнатпайтын азаматтық ерлігіңді.

Пенде де бар тектіні сыйламайтын,
Сүрінгенге жаны ашып қиналмайтын.
Ерлігіңді өмірдегі көрседағы,
Көрседағы іштарлық қып иланбайтын.

Қызғанғасын ер сөзіне еш нанбайтын,
Болғаннан соң бағы да еш жанбайтын.
Көрсеткесін өмірде арсыздықты,
Иттігінен өзінің еш танбайтын.

Азаматтық жатпағасын ойға еніп,
Шалғанына жүргесін көңілденіп.
Сыйламай жүргеннен соң тектіні де,
Бос сөзіне жүреді кімдер сеніп.

Бойынан жоғалтқасын тектілікті,
Қалай ғана көрсетсін естілікті.
Отты тастап ортаға да тек жүргесін,
Шығаруды ойлағасын тек бүлікті.

Арсыздықпен ұнатқасын ит тірлікті,
Қалай ғана ойласын тым бірлікті.
Өсек айтып жүргесін ұсақталып,
Көре алмайды жүргесін ер жігітті.

Қарамай жүргеннен соң шамасына,
Үлкеннің де қарамай еш жасына.
Жүргеннен соң сүйкімді тек жоғалтып,
Бәле тілеп жүргесін тек басына.

Тектіге де жүргесін кінә тағып,
Сөйлемей жүргеннен соң ауыз бағып.
Мән бермей жүргеннен соң адамдыққа,
Тексіздікпен жүргесін тілмен шағып.

Ездікпенен ұнатқасын әркез дауды,
Көргендей боп жүргесін нағыз жауды.
Қоймағасын бір сотқарды жанбасқа алып,
Адамдықты жіберіп ем ұмытпауды.

Сотқарды жүрейін деп жөнге салып,
Иттік ісін жүргесін көңілге алып.
Адамдығын жүргесін еш көрсетпей,
Озбырлықтан жүргесін көңіл қалып.

Кеңдік қылып ешкім өзін қыспағасын,
Тексіз қылып өзін тек ұстағасын.
Болмағасын бөспені жанбасқа алып,
Бергендей боп жіберіп ем сыбағасын.

Момындарға тиіскенін қоймағасын,
Надандығын бойдағы жоймағасын.
Мықтылардан жығылса да күрескен де,
Жығылса да күреске еш тоймағасын.

Арлы азамат өмір де болмағасын,
Көңіліме еш өзі толмағасын.
Қалқын ойлап азамат боп мың толғанып,
Биік шыңды көзімен шолмағасын.

Жағы да өзі бос сөзден талмағасын,
Адамдығы бойында еш қалмағасын.
«Отаным» деп білекті ешпір түрмей,
Маңдайды да терге еш малмағасын.

Білгендей боп кетіп еді өз бағасын,
Сыйламай да жүргесін еш ағасын.
Сөйтіп жүріп тірескісі келетіндей,
Үлкеннің де жыртқасын тек жағасын.

Жігітті де сыйламайтын тым атақты,
Ұнатқасын бөспелікті тым шатақты.
Көрсеткесін жымысқылық іштарлықты,
Ұшырғысы келгесін қонған бақты.

Қара деп жүргеннен соң көрсе ақты,
Тапқандай боп жүргесін ақымақты.
Жіберіп ем ақ жолға салғандай боп,
Қуыс кеуде болғасын мақтаншақты.

Ер атын жүрмегесін сақтай алып,
Асылды да жүргесін күндеп шалып.
Чемпион боп жүргесін ерлік істеп,
Қылығынан жүргесін көңіл қалып.

Азаматтық жүргесін үнді қатып,
Жіберіп ем бөспені мойындатып.
Ездікпенен сыйлағанды білмегесін,
Іштарлық қып сөйлегесін сөзді шатып.

Азаматы болғасын кең даланың,
Қалай ісін істейсің жас баланың.
Бабалардай мен де ерлеп топ жарғасын,
Іштарлығын сезіп едім іші аланың.

Батырмай жүрсемдағы мен тісімді,
Момындық деп ойлайтындай бұл ісімді.
Көре алмай іштарлық қып шалатындай,
Жүрсемдағы жылы ұстап тек түсімді.

Үндемесен кей күншіл күлкі еткендей,
Тектілерге болмағасын еш жеткендей.
Азаматтар өнерімен топты жарса,
Асылдар да жақсылар да кек кеткендей.

Кей пенденің біліп едім қызғанышын,
Түземей жүргеннен соң өзін еш сын.
Жақтырмай жүргеннен соң адамдықты,
Адамдық қып сөйлейді кімдерге шын.

Кей пендеден жүріп едім түңілгендей,
Жүректерге жүргесін үңілгендей.
Мықтымын деп жүрсем де іш тартып ем,
Болмағасын кей пенделер түзелгендей.


Қадіріңді болмағасын еш білгендей,
Болмағасын құлаққа сөзді ілгендей.
Жазатайым сүрінсе достары да,
Көп көзінше жүргесін тек күлгендей.

Рух беріп туған жер де беріп тек дем,
Адамдықпен болмағасын ешкімнен кем.
Туғаннан соң қазақтай ер халықтан,
Жөнге салып кей құды тек жүріп ем.

Бақыттымын бабаларға тартып тусам,
Даналық қып ерлік қып жолын құсам.
Бабалардай бола алсам арман барма,
Ерлік іске бабалардай белді бусам.

Бабаларым жауын қуып ер атанған,
Асылдықпен адамдықты тек сақтаған.
Мәрттікпенен әркезде сенімді ақтап,
Ауыздан бәле жала еш бақпаған.

Зор табыста еңбекпен әркез келер,
Көріне алсаң еңбегіңмен қалқың елер.
Ақсақалдар азамат деп бата беріп,
Азаматты батасымен жебеп желер.



Жақсы болсаң ұлы елің мақтан етер,
Атағың да шыңға шырқап әркез кетер.
Білек түріп әркез де барды салсаң,
Орындалар азаматтық зор міндеттер.

Азаматтық ұлы ісіңе көзі жетер.
Соданда ғой қанаттанған нағыз ерлер.
Қазақтай ер қалықтан туғаннан соң,
Азаматтар әркезде ерлік істер.

Тез арада, уақытта өте шығып,
Жүрмеп едім белдестерден ешбір бұғып.
Мақтағанға кетпеп едім еш есіріп,
Зор құрметін халқымның жақсы ұғып.

Азамат деп қолдайтын халқың барда,
Жолыңа бөгет болмас еш құлар да.
Азамат деп халқың қолдағанда,
Тазалығы дұрыс қой әркез арда.

Нағыз ерлер емес қой сөзін жұтқан,
Азаматын халқы да қадір тұтқан.
Азаматтар соданда ғой тайсалмастан,
Жарыстарда әлемде де әркез ұтқан.

Тастөбемді жүргесін тым бағалап,
Қараталды жүріп едім тек жағалап.
Толқынын да шынығып малтып едім,
Өр толқында малтуды әркез қалап.

Тасып ағып жатқасын Қараталым,
Қалай жаман болады менің халім?!
Шомылып та жүргесін өр толқында,
Қалай ғана кетеді суға салым.

Қараталым қарсы алғасын құшақ ашып,
Толқынын аспанға атып, тасып шапшып.
Қанып ішіп жүргесін мөлдірінен,
Қалай ғана жүреді сүрек қашып.

Қарсы малтып жүргесін құлаш сермеп,
Жал толқында жүргендей ем мен де ерлеп.
Азамат боп қалайша қырың кетер,
Өзенде де шыныққасын маңдай терлеп.

Қалай ғана жүрерсің биікті алмай,
Шыңға қалай жүрерсің көзді салмай
Еңбек етіп жүргесін білек түріп,
Қатардан да жүргесін ешбір қалмай.

Белдесуге жүргесін тым сайланып,
Қалай ғана жүресің тым жайланып.
Қараталға шомылып шынығып ем,
Таусоғарға кететіндей тым айналып.


Екі күндік демалысты пайдаланып,
Күн де өзі кеткесін күйіп жанып.
Құрбылар да бірге жүзіп жүріп еді,
Мөлдірінен жүргесін жұтып қанып.

Көк теңізде малтып та үйренгесін,
Құлаш сермеп тым ғажап күйге енгесін.
Өзімді одан сайын ширатып ем,
Жүрегіме азаматтық ой түйгесін.

Теңіздің суы ащы еді ұрттап алсаң,
Денеге де пайдалы еді малтып малсаң.
Денеңді тым ширатып сергітетін,
Әскери дайындықтан шаршап талсаң.

Японияның толқынданып көк теңізі,
Тым ширатып етуші еді жанды ізгі.
Жағасын да борышты өтегенде,
Шомылдырып үйретіп ед сонда бізді.

Ұзап кетсек сырнайлатып шақыратын,
Кей солдатқа офицерлер ақыратын.
Тым жыртқыш ақуладан сақтанатын,
Төмендетіп тастағандай әскер атын.



Көк теңіз жатқанменен буырқанып,
Жігіттерде малтушы еді жүрек жанып.
Қалғандай-ақ ғажап бір сырға қанып,
Көк толқын да малтитын қанаттанып.

Көк толқынның ұнатқасын көріктісін,
Акуланың ұмытатын өткір тісін.
Офицерлер кей солдатты сөгетұғын,
Тым қызбалық көзі мен көріп ісін.

Қалғаны да тұратын құлақ түріп,
Сөккенненс оң тез арадақ ақыл кіріп.
Офицерлер қадағалап жүретұғын,
Жағалауда сақтық қып жаймен жүріп.

Шомылдырып мылтықты да аттыратын,
Солдаттардың мергендігін жақтыратын.
Болғаннан соң әркезде тәртіп қатал,
Басты емес ед бос бекер қатыратын.


Солдаттарды және ұзаққа жүгіртетін,
Азаматтық атқарғасын өз міндетін.
Солдаттар да мықтылығын білдіретін,
Ездік қылып емес еді күлдіретін.

Азаматтар төзе біліп қиындыққа,
Ұқсамай жүргеннен соң еш ынжыққа.
Ерліктерін көрсетіп жүргеннен соң,
Карабинді асып алып тек иыққа.

Көк теңіздің көтеріліп көкке буы,
Көбіктеніп жарларын ұрып суы.
Көріктісін жасырып тұратұғын,
Жағасында жартасы орман нуы.

Балықты іліп жүретұғын шағаласы,
Көк теңіздің болғасын балығы асы.
Көктегі үйректі де ұстап жейтін,
Үйректің де жан алғышы еді қасы.





Шама жетіп үйрекке де зор болғасын,
Үйрек еті көңілге де тым толғасын.
Жүнін шашып жейтұғын көз қызарып,
Үйректің де етін қорек тек қылғасын.

Үйректі де жегесін қанын шашып,
Солдаттардың үйрекке жаны ашып.
Үркітіп шағалаға айғайлайтын,
Шошынғасын кететін бізден қашып.

Ерлік істе болғасын бар таласы,
Болмағасын бір біріне еш жаласы.
Жігіттерде жал толқын да жарысатын,
Жал толқыннан кеудесі шығып басы.

Азаматқа керек қой әркез талап,
Азаматқа жүргесін халқың балап.
Көк теңіздей болмасада Қараталым,
Малтып жүзіп жүріп едім тамашалап.

Еш атақты алмассың еліңді алдап,
Барды салып аласың жанды жалдап.
Адал асты ішерсің еңбегіңмен,
Ер болмассың жүрсең егер тек амалдап.

Жүргеннен соң спортпен шұғылданып,
Қараталда малтып едім жүрек жанып.
Теңізде де біраз малтып ысылғасын,
Мөлдірінен жүріп едім жұтып қанып.

Болғаннан соң жұпары да жүрекке ем,
Өр толқыны қараталдың бергендей дем.
Тасып аққан өр толқыны рух беріп,
Қай ерлерден деитіндей талабың кем.

Борышты өтеп келгесін солдат болып,
Демегесін жүрмін деп болып, толып.
Ой түйгізіп тәртібі де жібергендей,
Азаматтық жүріп едім ойды шолып.

Сондықтан да ой қиял да көбейгендей,
Азаматтық жүргесін ойға енгендей.
Сынағасын азаматын тым елім де,
Ерлей алсаң елің де тым сенгендей.

Солдат болып едім мен де ысылғандай,
Ездік қылып емес едім қысылғандай.
Мылтық атып тым алысқа жүгіргесін,
Ерлік істі жүріп едім ұғынғандай.

Тәртібі де әскердің көзді ашқандай,
Қиындықтан болмағасын еш қашқандай.
Әскери құпияны сақтағасын,
Орынсыз емес едік сыр шашқандай.

Арақты жүріп едім ауызға алмай,
Жүргеннен соң солдаттық әдет қалмай.
Тажалдығын білгесін тым арақтың,
Шұғылданып жүріп едім көзді салмай.

Азамат боп жүргесін халықты ойлап,
Қалай ғана жүрерсің күн де тойлап.
Әскерден де келгесін ойды түйіп,
Терең ойға жүріп едім әркез бойлап.

Әскердің де жеңгесін қиындығын,
Өмірдің де білгесін көп шындығын.
Міндетті өтеп солдат боп келгеннен соң,
Азаматтың жақтырмап ем ынжықтығын.

Отаным деп соққасын әркез жүрек,
Еңбек етіп жүріп едім түріп білек.
Қиындығын білгесін қысқа өмірдің,
Ойламай жүріп едім басымды тек.

Қайтармай да жүргесін елім бетті,
Азаматтық біліп едім зор міндетті.
Төс қақпай жүргеннен соң теңдік сақтап,
Демеп едім биігіме қолым жетті.

Жігіттерді көргесін ішіп кеткен,
Тойғандығын өзінің мақтан еткен.
Сөрелерде тұрғасын тым мөлдіреп,
Тажалдығын көріп едім түпке жеткен.

Не бір ерлер босағасын қызметтен,
Азаматтық айрылып зор міндеттен.
Домалап та жол шетінде жатқаннан соң,
Болғаннан соң маскүнем боп қыры кеткен.

Басты да түзеткесін арақпенен,
Кей жігіттер салынғасын менмін деген.
Маскүнем боп араққа салынғасын,
Емес еді ұрпақтың қамын жеген.

Арақ құйсаң азамат деп көзге ілетін,
Нағыз бір азамат деп жөн білетін.
Арақ құймай жіберсең сақтықты ойлап,
Жөн білмейтін жігіт деп тек жүретін.

Арақ құйсаң атағыңды асыратын,
Тойғандығын емес еді жасыратын.
Көріп қалса басын иіп сәлем беріп,
Тойдырып жіберген деп бас ұратын.

Азамат деп қолды беріп жалбаң қағып,
Қас қабақты тұратын жіті бағып.
Зор сенімге кіргендей болатынсың,
Бұрынғыдай сөйлемейтін кінә тағып.

Бауырындай көргесін іш бұратын,
Азамат деп сауықты да бір құратын.
Ұнағаның сезілуші ед сәлемінен,
«Чемпион» деп сөзінде де тек тұратын.

Тұрғаны сезілуші ед өтірік мақтап,
Адамдық қып жүргендей бір әркез жақтап.
Ішпегенді жүргесін еш жақтырмай,
Адамдықты жүрмегесін ешбір сақтап.

Тойып алып жүргесін даурыққандай,
Қой дегенмен жүргесін жауыққандай.
Кей жігіттер ішкіштік қылығымен,
Сан жүректі едіғой ауыртқандай.

Әскерден кеп жүріп едім күрсінгендей,
Азаматтық жүргесін ойға енгендей.
Сағынып келгенменен тым ауылды
Әбестігін жүріп едім түсінгендей.

Қызыл гүлдей білгесін тез соларын,
Азаматтық қалағасын ой шоларын.
Әскерде арақты еш татпағасын,
Біліп едім маскүнем боп қор боларын.


Аналары көздерін жасқа малып,
Тажал арақ жүргесін жанды алып.
Әскерден кеп сұмдықты көз көргесін,
Жүріп еді бұл қылықтан көңіл қалып.

Сан өмірді жатса да арақ қиып,
Сақтық қылып жүрмегесін есті жиып.
Жүргеннен соң көзге шыққан сүйелдей боп,
Жүрмегесін ортаға да ешбір сыйып.

Арақ ішсе сияқты бір ісі өнетін,
Арақ көрсе араққа еді тым төнетін.
«Ішпе» деп жатсадағы ақсақалдар,
Емес еді сөзге де еш көнетін.

Қарсы алсаң да мейманды түйе сойып,
Аттанса да асыңа алып тойып.
Кей мейманың сөккендей боп кететұғын,
Сыйламады дегендей арақ қойып.

Кей шет елдің алғасын тәрбиесін,
Маскүнем боп алғасын арақ есін.
Күн де ішіп араққа ұсталғасын,
Қалай ғана елі де текті ер десін.



Бөтелкенің бастарын жіппен байлап,
Кей жігіттер тастайтын суға жайлап.
Байламаса балық боп қашатындай,
Стаканды жүргесін жуып сайлап.

Ішкеннен соң кей шаруалар шешілетін,
Тойдырғасын азамат деп жөн білетін.
Қызғаннан соң дауыстар да естілетін.
Тойдырғасын араққа көзге ілетін.

Абыроймен атқарды деп өз міндетін,
Азамат деп жүректерге үңілетін.
Егемендік алғасын есті жидық,
Арақтың аулақ қылсын енді бетін.

Жағалау да малдар да қаптап жосып,
Олар да жүргендей боп үлес қосып.
Шөлдегесін суға қарай ұмтылатын,
Кезекті жүрмегесін ешбір тосып.

Ерлікке баулитындай өр толқындар,
Алдыда тұрғаннан соң талай сындар.
Ерлік іске болғасын көңіл құмар.
Азамат та ерлік істеп әркез шындар.

Қараталда ерлерін сынағандай,
Толқып, ағып ерлік істер ұнағандай.
Өр толқынын жалданған аспанға атып,
Бағытынан өзінің танбағандай.

Қанша ішсең де сусының қанбағандай,
Малтымасаң жүрегің жанбағандай.
Көк толқында малтысаң құлаш сермеп,
Қиялыңда көк жүзінде самғағандай.

Бәрін сезіп сылдырлап ағатындай,
Сондықтан да не бір сұқ көз бағатындай.
Еркелеп өр толқын да малтығанмен,
Ерлерге кінәны емес тағатындай.

Зор сеніммен қарағасын таңдарыма,
Сезетіндей бар сырларын аңдарыма.
Қараталым өзіме сенентіндей,
Азаматтық жүгінгесін тек арыма.

Жүргеннен соң сөзді еш жұтпағандай,
Қараталым емес еді ұқпағандай.
Толқынын да шұғылданып малтығанды,
Тым шапшып, толқып ағып құптағандай,

Малтып едім пенделікке соқпағандай,
Адамдыққа жүргесін тоқтағандай.
Бұл өмірге тыймап едім құштарлықты,
Ата- анамды жүргенмен жоқтағандай.

Ата-нам жүріп еді көзге елестеп,
«Сақтықты ойла» дегендей тым ұлым деп.
Тасқын судан өздері сескенгендей,
Тірлігінде жүргесін тек қамды жеп.

Ұлым ғой деп жүргесін әркез елеп,
Малтысам да жүргендей жебеп - желеп.
Тым қатты қауіптісін білмегесін,
Қолтығымнан жүргендей менің демеп.

Балалықпен қадірлерін жақсы білмей,
Оң сөзді де құлаққа кейде ілмей.
Елесінің өзі енді тым қымбаттай,
Тым малтып жүріп едім шат боп күлмей.

Болғаннан соң өмірден ерте өткедей,
Жалғанына өмірдің көз жеткендей.
Көңілде өзі жүргесін жетімсіреп,
Жоқтықтары жанарымды мұңды еткендей.

Азаматтық болсам да үнді қатқан,
Жоқтықтары жүрекке еді батқан.
Чемпион боп жүргенді азамат боп,
Тірі болса жүрер ед деп етіп мақтан.

Аққасын күн нұрымен жалт-жұлт етіп,
Құрбылар да малтып еді есі кетіп.
Өрген малда қараталға асыққандай,
Шөлдегесін қараталға тез-ақ жетіп.

Кездескенді кетердей боп таптап жойып,
Жайқалған көк шалғынға алып тойып.
Тасқын суға қатты аққан еш қарамай,
Қараталға кетіп еді қойып қойып.

Зор еңбегін келгендей-ақ міндет етіп,
Тойып қанып ішуге сонда бекіп.
Ақ шабақтар шоршып еді дәл қасынан,
Тастап еді үркітіп елеңдетіп.

Жүріп еді тұмсық тығып ішіп қанып,
Тым тасып жатсадағы буырқанып.
Өзгесі де жағалауға жетіп еді,
Күн ысып кеткеннен соң мүлдем жанып.

Қанып ішіп жүріп еді қуат алып,
Келгендей бір алыстан шаршап талып.
Қандырғасын шөлдерін ирімінде,
Кеуделерін тұрып еді суға малып.

Тайбурыл да жетіп еді орғып шауып,
Зәм-зәміне жүргесін көңілі ауып.
Өр толқынға ол да қойып кетіп еді
Бәйгеде озып жүргесін алғыс жауып.

Көп жылқының тұрып еді арасында,
Ерекшелік сезіліп қарасында.
Бәйгеде озған шын тұлпар болғаннан соң,
Шөлдегесін тасқын суға қарасынба.

Қарап едік тұлпарлардың дарасына,
Тұрғанменен көп жылқының арасында.
Тұлғасынан тұлпарлығы білініп ед,
Ерекшелік бар еді тұлғасында.

Тұлпарлықпен қонғандай бақ басына.
Жиі шұлғып тұрып еді тым басында.
Тісіменен құс тістеген жүйрік еді,
Сеніуші едік жүлдені алмай тынбасына.

Маса менен соналар да таң қылатын,
Қаптап бәрі тез арада-ақ табылатын.
Тәтті қан болғаннан соң соратыны,
Бізді сұғып дызылдап жабылатын.

Жылқыларда емес еді бағынатын,
Терең суда қыл құйрықпен қағынатын.
Пысқырынып қыл құйрықпен ұрып соғып,
Жабылғанмен емес еді шағынатын.

Бір орнынан үйір жылқы тапжылмайтын,
Маса сона тым қатты дызылдайтын.
Жетілмеген әлі де жас кей құлындар,
Зор соналар шаққанда шыжбыңдайтын.

Ұшып қонып маса сона бір тынбайтын,
Жоқ еді жылқылары ұрынбайтын.
Қан сорғыштың аямасы еді анық,
Көз қызарып бізді тығып тым шындайтын.

Қараталдың жағалауға толқыны ұрып,
Биік жардан аса алмай дымы құрып.
Құрбыларда жар басынан секіретін,
Жалт-жұлт еткен көк толқыны қызықтырып.

Өр толқын да жүретін малтып жүзіп,
Жағалау да тұрмай бос көзді сүзіп.
Құлаш сермеп малтитын барды салып,
Ерлік істен жүрмегесін күдерді үзіп.

Тамырменде түрлі ағаштар ағатұғын,
Талай сұқ көз тасқын суды бағатұғын.
Теректіде тамырымен жүлғаннан соң,
Көрген жандар таңдайларын қағатұғын.

Бұл қылығы болмаса да жағатұғын,
Емес еді ешкім кінә тағатұғын.
Қараталдың дызылдаған сонасы да,
Болсадағы кей кезде шағатұғын.

Тасқын су жарларды да құлатқасын,
Көргендей боп өзінің нағыз қасын.
Жал толқындар одан сайын көкке шапшып,
Жар басынан теректі де сұлатқасын.

Тасқын судың сезуші едік қауіптісін,
Зор теректі жұлған соң көріп ісін.
Өр толқынның тым асау көріп күшін,
Бас шайқаушы ек білгенмен көріктісін.

Жағасында тербетіліп шалғын талы,
Бақ дәулетті сездіргендей өрген малы.
Нәр берген қараталдың арқасын да,
Тұрғындардың жақсы еді әркез қалы.

Арқасында еш кетпей суға салы,
Жастар тұрмақ шат болып кемпір-шалы.
Үйір-үйір жүретін жылқыларда,
Тым кісінеп жалтылдап күнмен жалы.

Қаладан да меймандар кеп дем алатын,
Қараталда демалуды қалағасын.
Толқынында тым малтып жүзетұғын.
Қараталды ұнатып тым қалғасын.

Шомылып жүре тұғын барлық ұлттар,
Үіріліп кеп төккенмен қара бұлттар.
Қаратал тек кеңдігін көрсеткендей,
Ешкімге көрсетпейтін пейілді тар.

Тоғысқандай көк толқында тек армандар,
Сәт келгендей арманға тек қамданар.
Кей арулар жақсы малту білмесе де,
Емес еді қысылып еш шамданар.

Толқынында балықтарда шоршитұғын,
Емес еді құрбылардан шошитұғын.
Жүзуменен шоршуды қыз-жігіттер,
Шабактардан сияқты еді оқи тұғын.

Түрлі балық толқынында ойнақ салып,
Меймандарда қарайтын тым таң қалып.
Толқынында құлаш сермеп малтығасын,
Көк толқыннан үлкен зор әсер алып.

Сондықтан да демалыста демалғандай,
Қараталдан мол әсер тым алғандай.
Суға да бірін-бірі лақтыратын,
Киімдері болғанмен тым малмандай.

Әзілдесіп бір-бірінен кек алғандай,
Сүңгіп шығып салқындап та тым қалғандай,
Шапшыған көк толқында құлаш сермеп,
Ақ шабақтай ойнақты тым салғандай.

Қараталдың көркіне көз талғандай,
Сондықтан да денелерін тым малғандай.
Әзілдері жарасып шат боп күліп,
Жалпағынан басқандай бұл жалғандай

Салқын суы қараталдың жағатындай,
Жар басынан иықпен де қағатындай.
Қыз жігіттер дегенменен тым мәз еді,
Лақтырған да көрінгенмен ағатындай.

Еш кінаны емес еді тағатындай,
Жігіт біткен кеуделерін қағатындай.
Қалың нудың маса мен соналары,
Емес еді өздерін шағатындай.

Бір-біріне қолдарымен суды шашып,
Тым жалындап жүргесін сырды ашып.
Жалындаған барлығы жас болғасын,
Бірі қуып жүріп еді бірі қашып.

Қыз жігіттер жүргесін дүзеп бойын,
Бір біріне жүргесін бұрып мойын.
Толқынға да жүріп еді қарсы малтып,
Биіктетіп жүргесін әркез ойын.

Азаматтық болғасын үн қататын,
Шомылғасын қызыққа тым бататын.
Рахатқа тым бөлеп сал жастарды,
Қараталда тасып ағып тек жататын.

Толқынын да қыз жігіттер сәнмен малтып,
Құлаш сермеп аяқпенде шолпылдатып.
Ақ маралдай керіліп кей арулар,
Рақатқа бөленетін құмда жатып.

Кейбірі қалғандай тез ұйықтап қатып,
Көрінгенмен жатқандай боп ойға батып.
Шөлдері де өздерінің тым қанғандай,
Қараталдың зәм-зәмінен жиі татып.

Қаратал жатқанменен жиі тасып,
Өте алмай жүргенменен кей жан жасып.
Қыз-жігіттер тасыса да қарамайтын,
Арнасынан жатса да шапшып асып.

Жағасында жүретін әнге басып,
Су тасу деп сескенбей желке қасып.
Қалалықтар жүретін бірге малтып,
Жағасын да жүретін қазан да асып.

Дегенменен жастар ғой жалындаған,
Басқаннан соң жалынын дамылдаған.
Жалындаған жастықтың арқасында,
Шыңдар жоқтай талпынса алынбаған.

Қараталы туған жердің дем бергендей,
Кей жігіттер сезімге берілгендей.
Тым малтып кей арулар судан шығып,
Күнге қарап шашын өріп керілгендей.

Тым бақытты өздерін сезінгендей,
Қыз-жігіт боп жалындайтын кез келгендей.
Сезім отын бірақ та баса біліп,
От сезімге емес еді берілгендей.

Жат қылықтан бойдағы безінгендей,
Ұят санап жат істен жерінгендей.
Аруларда аяғын сәнмен басып,
Бір басуға аяғын ерінгендей.

Қыз-жігіттер бірін-бірі түсінгендей,
Жалындап емес еді күрсінгендей.
Қара сирақ кей бала жағалауда,
Аң-таң болып жүргендей дым түсінбей.


Бірін-бірі кезге жетіп бағалайтын,
Бағалап жігіттер де жағалайтын.
Жүрегімен сезініп жігіттерді,
Арулар да ізет сақтап ағалайтын.

Кезге жетіп сүйгендерін даралайтын.
Жүректерін емес еді жаралайтын.
Бір-біріне адал еді, әділ еді,
Ездік қылып емес еді қаралайтын.

Көңілгеде қалжыңды еш алмайтын,
Жігіттердің қызбалығы еш қалмайтын.
Өр толқында малтыған да жігіттерде,
Құлаш сермеп алдыға жан салмайтын.

Жүрмегесін балалықпен ештеме ұғып,
Жарқырап тұрғандай-ақ күні шығып.
Жас балалар шалшық суда шомылатын,
Қараушы еді беті көзге балшық жұғып.

Жүргеннен соң азаматтық ойды түймей,
Махаббаттың отына мүлдем күймей.
Шомылып шалшық суда мәз болатын,
Жүргендей-ақ төбесі көкке тимей.



Махаббаттың барлығын ешбір білмей,
Білмек тұрмақ барлығын көзіне ілмей.
Шалшық суда шат болып шомылғасын,
Қалай ғана шаттанып жүрсін күлмей.

Кейбірі шомылғасын тыр жалаңаш,
Шағады демегесін масалар аш.
Шалшық судан жүргесін ешбір шықпай,
Малтығасын өздерінше созып құлаш.

Сезбейтіндей жігіт болып кез келерін,
Азамат деп жігіт деп тек елерін.
Шалшығын да шомылып жүріп еді,
Кішкене боп асқақ ұстап кеуделерін.


Жалап қойып арасын да еріндерін,
Гүлдентіп жүргендей-ақ туған жерін.
Аяғымен шалшық суды шалпылдатып,
Балалардың көрсеткендей нағыз ерін.

Кішкене боп жүрмесе де сырға қанып,
Жалындап жүрмесе де жүрек жанып.
Үлкендерден малтуды үйренгендей,
Ерлігіне жүргендей боп тым-ақ нанып.

Шағала да айдынын да қанат қағып.
Ақ айдынды ұшып еді жіті бағып.
Құрбылар да малтып еді құлаш сермеп,
Жатсадағы Қаратал тасып ағып,

Мұз болып жатқанменен қыстай қатып,
Жаз шыққасын толқынын аспанға атып.
Жан-жақтан меймандарда қаптап еді,
Балықты да ұстағасын түнеп жатып.

Қаратал тасыса да сауық құрып,
Қыз-жігіттер бір-біріне бүйрек бұрып.
Арулар да жігіттерге сеніп еді,
Азаматтық жүргесін сөзде тұрып.



Жас болса да кей балалар сырды сақтап,
Жүргендей боп көрінетін сенімді ақтап.
Сүйгенінің інісі болғаннан соң,
Кей жігіттер інілерін жиі мақтап.

Өздері тым ақылды бала екен деп,
Балардың жүргендей-ақ тым қамын жеп.
Әлкесіне еріп жүрген кей баланы,
Кей жігіттер көзін қысып мақтайтын кеп.

Інісінен жүрген соң құтыла алмай,
Қарауылдай жүргесін соңнан қалмай.
Әкесіне жүрмесін деп айтып барып,
Күзетші боп жүргесін жағы талмай.

Сүйгені үшін жүретін жағынғандай,
Не айтса да інісіне бағынғандай.
Тыңшыдай боп жүргесін аңдып торып,
Қарғадай боп жүргесін қағынғандай.


Қыз жігіттер бірін-бірі сағынғандай,
Өкшелерін сездіріп шағынғандай.
Жабайы өскен қызғалдақты силағасын,
Арулар да гүлден алқа тағынғандай.

Құрбылар ед үрдісті жалғастырған,
Жақсы жаман арасын салғастырған.
Қазақ қаны болған соң кеудесін де,
Атағын да Қазағының тек асырған.

Тұлпар мініп жүргесін әркез баптап,
Зор сенімді жүргесін ерлеп ақтап.
Түсінгендей жүректерін жігіттердің,
Арулар да жүретін сөзін жақтап.

Өздерін ер жігіттей ұстағасын,
Серісіне бұрынғының ұқсағасын.
Жүректері болған соң от жалынды,
Оң сөздерге тектілікпен тоқтағасын.





Тұлпарын да жүздіріп жалдағасын,
Малтыған да құлаштары талмағасын
Жас жүрегі қандарын қыздырса да,
Берекесін құрбылардың алмағасын.

Іштарлық қып ешкімді шалмағасын,
Азаматтық адамдығы қалмағасын.
Тектілікті сақтай алып жүргеннен соң,
Құрбылардың жүргесін сыйлап басын.

Құрбылардың білгесін тым бағасын,
Үлкендердің жыртпағасын еш жағасын.
Тектілікпен әркезде кішірейіп,
Сыйлағасын үлкендерді тым ағасын.

Кей балалар жүріп еді атпен шауып,
Бәйгеде озып жүргесін алғыс жауып.
Кішкене боп жүргенмен жәпірейіп,
Бәйге де озып жүргесін табыс тауып.

Шабысынан сезіліп жүректісі,
Көзге түсіп білінгендей ерлік ісі.
Көзінен де сезіліп қайсарлығы,
Атпен шапса нұрланып мүлдем жүзі.

Құрбылар да жас дәуренін қимай тұғын.
Тым жалындап ықыласын тимай тұғын.
Азаматтар болған соң кең пейілді,
Әзілдесіп езулерін жимай тұғын.

Құрбылар ед інілері үлгі алғандай,
Тектілікпен еді ғой ой салғандай.
Әзілідері еді ғой жарасымды,
Мәңгілікке жадыңда тек қалғандай.

Азаматты шыңдайды ғой өмір деген,
Нағыз ерлер ұрпағының қамын жеген.
Тасқын суда қауіпті малтығанда,
Жігіттер ед ешбір сыр білдірмеген.

Көк толқын шапшығанмен одан сайын,
Өздерін дегендей боп ағызайын.
Үрейленіп кей арулар тұрушы еді,
Шын жүрекпен түсінгендей жігіт жайын.

Жігіттер де жаралғандай ерлік үшін,
Өр толқында жұмсаушы еді барлық күшін.
Аруларда жағалауда жымың қағып,
Тұрғандай боп көрінетін сезіп ішін.

Өр толқынмен еді ғой алысқандай,
Тым алысып біраз жерге барысқандай.
Арулар да еді ғой сынағандай,
Толқынмен де болғасын жарысқандай.

Азаматтық жүргесін сөзді айтып.
Құрбыларын жүрмегесін еш мұңайтып.
Құлаш сермеп малтығасын әркез ерлеп,
Алған беттен қалай ғана жүрсін қайтып.

Қараталда тасып аққан еді қандай,
Толқындарын еді ғой көкке атқандай.
Жүрек жұтқан құрбылар көк толқында,
Азаматтық еді ғой үн қатқандай.

Тасқын суға емес еді еш батқандай,
Адамдығын жүргесін сақтағандай.
Ерліктерін көрсеткесін өр толқын да.
Арулар да еді ғой жақтағандай.

Еш кінәны болғасын тақпағандай,
Құлаш сермеп еді ғой шаттанғандай.
Тасқын суда ерлігін көрсете алып,
Зор сенімді болғасын ақтағандай.

Аруларда сондықтан жақтағандай,
Ерлік істеп намысын сақтағандай
Тасқын суды ерлігімен жеңе біліп,
Жігіттер ед шеттерінен мақтағандай.

Мас болып жүргендей ед жастық буға,
Күлкі болмай жүргесін кейбір қуға.
Кей жігіттер қыздарды да лақтыратын,
Ағады деп ойламай тасқын суға.

Меймандар да қарайтын тым таң қалып,
Қараталға жүргесін көзді салып.
Лақтырғасын қыздарды аяғандай,
Ойлағасын қалама деп көңілге алып.

Қыздар да ұқсағасын тым аққуға.
Болмағасын тым құмар сыр шашуға.
Тектілікпен әзілді де көтеретін,
Қызбалық қып бой алдырмай еш ашуға.


Арулар ед сонда да күлімдеген,
Болғаннан соң еркелетіп гүлім деген.
Жігіттер барды салып малтығанда,
Ерлігіне меймандар да ед елеңдеген.

Ерліктерін тұрушы еді сонда ұғып,
Өр толқында малтығанда тұрмай бұғып.
Арулардың қара көзі бақырайып,
Жар басына кетуш еді сонда шығып.

Ерлігіне көзі жетіп кешіргендей,
Лақтырғанмен әзіл деп есіргендей.
Суға ағып кете ма деп қорққанынан,
Аруларға тұратын ес кіргендей.

Жүрегіне көп еді ғой түйгендері,
Рас еді тым сүйіп күйгендері.
Аруларды тасқын суда сынағандай,
Рас па деп жүрегімен сүйгендері.

Ер екенін жігіттердің шын білгендей,
Көргеннен соң ерлігін көзге ілгендей.
Қимайтынын сезуші едік жігіттерді,
Қылығына жүргенмен тым күлгендей.



Жігіттер де ерліктерін білдіргендей,
Емес еді бірақта күлдіргендей.
Қазақы тектілігін сақтай біліп,
Арулар да емес еді ілдіргендей.

Қулықтарын жігіттерден асыратын,
Емес еді жігіттерге бас ұратын.
Көк толқын да малтыған жігіттерден,
Сезуші едік сүйетінін жасыратын.

Арулық тектілігін сақтайтұғын,
Зор сенімді болғасын ақтайтұғын.
Сүйетінін жігіттерге сездірмеген,
Арулар ед шеттерінен мақтайтұғын.

Туғаннан соң қазақтай текті ұлттан,
Арулығын емес еді еш ұмытқан.
Ар-ожданын сақтай білген аруларын,
Қазағым әркезде де мақтан тұтқан.

Даналықпен қыз-жігіттер әркезде ұтқан,
Берген сертпен сөздерін емес жұтқан.
Батырлық пен даналық ерлікпенен,
Аман қалған сан ғасыр сан сұмдықтан.

Текті ұрпағы емесқой мұны ұмытқан,
Сондықтанда сөздерін емес жұтқан.
Құлақ салып әркез де үлкен тыңдап,
Кеуде қағып емесқой көңіл жыққан.

Жетпек болып талпынып арманыма,
Жалтақ-жалтақ қарамай жан-жағыма.
Өр толқынға қарсы малтып жүзіп едім,
Басқа қонған мақтанбай тым бағыма.

Бар екен-ау шынымен шын бағымда,
Атақ алып жалындаған жас шағымда.
Жалындаған жастықтыңда тез өтерін,
Тез өтерін сезсемде қас қағымда.

Жақсылардан шарапат дейді халық,
Ұлы істерін болғасын сөз қыларлық.
Нағыз ерлер әркезде де ерлік істер,
Болғаннан соң сөз етуге тек тұрарлық.

«Уазикінің» тым түтінін будақтатып,
Дөңгелегі құм тастарды аспанға атып.
Балтабай ағамыз да келіп еді,
Сері жастар кетеме деп суға батып.

Сезіледі ер болса да сасқандығы,
Ашуына ептеп болсын басқандығы.
Серілердің қызбалығы білінгесін,
Жастардың шектен ептеп асқандығы.


Егістігін жүргенмен тым аралап,
Сушыларын сөйлемейтін еш қаралап.
Інілерге ағамыз мейрімді еді,
Басшымыз деп жүргесін де тым даралап.

Су тасу деп жастарды да тексергендей,
Жастардың да амандығын ескергендей.
Кейбір жастар сасқанынан суға сүңгіп,
Ер басшы келгеннен соң ес кіргендей.

Ер екенін жүргенмен білдіргендей,
Көзге өздерін жүргенмен ілдіргендей.
Жар астына тығылып құрдастарын,
Кей сушысы еді тым күлдіргендей.

Ер басшы жүргеннен соң жар басында,
Көрінбеуге тырысып ед ағасына.
Қыздар үшін келгесін суын тастап,
Жалындап жүргеннен соң дер жасында.

Мас болғандай жүргесін жастық буға,
Шомылып жүргенменен тасқын суға.
Кей серілер қалып еді сасқалақтап,
Жете алмай қасындағы қалың нуға.



Шомылып жүргенін де ұлап-шулап,
Киімін де кейбірі алып сулап.
Бірін-бірі жүргенмен тым қуалап,
Жал толқындар аққанмен шапшып тулап.

Ер басшы да көрсеткендей тым кеңдігін,
Азамат боп сақтағасын тек теңдігін.
Басшылық қып жүргесін ерлей алып,
Көтере алып жүргесін ердің жүгін.

Ер басшы еш сездірмей көрседағы,
Сынбасын дегендей боп жастар сағы.
Жар үстінде сабыр сақтап жүріп еді,
Серілердің дегенмен бар ед бағы.

Ер басшы сезседағы сезбегендей,
Жүргенненсоң малтаны езбегендей.
Жүргенненсоң әркезде ағалық қып,
Жалындаған әлі де жас дегендей.

Толғанып жүріп еді сәл жымыып,
Қылықтары тұрмаса да ішке сыйып.
Қызбалыққа сәл басын шайқайтындай,
Қызбалығын жүрмегесін жастар тыйып.

Сері жастар алғандай ед есті жиып,
Думанын жүрмесе де ешбір тыйып.
Азамат боп ізетті сақтағасын,
Тыңдағасын үлкен сөзін әркез ұйып.

Қызды көріп келгесін тастап суды,
Жалындаған баса алмай жастық буды.
Жар астына тығылғасын сасқанынан,
Күлдіріп тұрып еді кейбір құды.

Тығылғасын тұрғандай ед бедел қалмай,
Жар астынан тұрғасын шыға алмай.
Сүр бойдақ болғаннан соң жалындаған,
Егістікті суғарғанмен шаршап талмай.

Қыз көзінше келмейтіндей қызартқысы,
Қолдарын келетіндей ұзартқысы.
Көкке қарап сезбегендей жүріп еді,
Басшы болып жүрсе де басып мысы.

Арқалап келгенменен кетпендерін,
Сезгендей ед артықтау кеткендерін.
Тым жалындап жүргесін жастықпенен,
Білгендей ед қызбалықты еткендерін.

Жағалау да жатып еді кетпендері,
Ор болып қазылса да тиген жері.
Сасқанынан жар астына тығылғасын,
Көрінбеуге тырысқасын иелері.


Жар астын да басылғандай желіктері,
Суға жүзген көрінбей ерліктері.
Тығылып тұрғаннан соң жар астын да,
Тез арадақ ес жиғандай екі сері.

Өр толқын да малтығанмен батырсынып,
Барды салып құлаш сермеп мықтысынып.
Ер басшыны көргесін тығылғасын,
Жар астын да қалғандай ед үні тынып.

Тақыр бастан еді сәл тер шыққандай,
Жар астына болғасын тым бұққандай.
Кейбір қулар тұрып еді мырс-мырс күліп,
Әбестігін еді өздері тым ұққандай.

Суға малтып жүрген де тым ұтқандай,
Кейбір қыздар жүрген де ер тұтқандай.
Тасқын суға жүрген де қарсы малтып,
Сақтықты да жүрген де ұмытқандай.

Биік жар қос серіні құтқарғандай,
Өздерінше жүрген де топ жарғандай.
Су суғарып жүргесін кетпен ұстап,
Батылдыққа жүргесін тек барғандай.



Ерлік істер болғасын қолдан келер,
Дәл қасын да жүрсе де шегірткелер.
Жар басын да жүргесін батыр басшы,
Жыланды да емес еді ешбір елер.

Көрнбеп ед жарға қатты жабысқасын,
Көрсетпеуге тырысқасын тақыр басын.
Жар астын да тұрып еді үні шықпай,
Басты қорғап биік жармен табысқасын.

Жалындап жүргеннен соң бағын сынап,
Суын тастап келгесін қыздар ұнап.
Жүректерін қос серінің түсінгендей,
Кейбір қыздар тұрып еді сәл жымыңдап.

Көк құтан да тастағын да қарап барлап,
Тығылғанын тұрғандай боп көңілге ап.
Қызықтап қарағандай тұрып еді,
Шағаладай жиі сүңгіп жүрмей зарлап.

Сорайып көрсеткендей тым мәрттігін,
Өмірдің көтергендей ерлеп жүгін.
Қарап қойып, қоқырайып қос серіге,
Көрсетіп тұрғандай ед жүрек түгін.

Тым сорайып алғандай зор әсерді,
Көрсеткендей тұрып еді нағыз ерді.
Жар астына қос сері тығылғасын,
Жақтырмай қалғандай боп жігіттерді.

Қаратал да тасыған рух беріп,
Сыңарлары жүргесін соңына еріп.
Ақ шабаққа сорайып тойғаннан соң,
Мойнын созып тұрып еді кеуде керіп.

Ақ айдын да үйректер де қуаласып,
Бір бірінен жүргендей ед ерлігі асып.
Барды салып қуаласпақ ойнағасын,
Жүргендей ед бойларын да күші тасып.

Қалалықтар жал толқынға көзін салып,
Зор әсерді тұрғандай ед тымақ алып.
Қараталдың көркіне ғажабына,
Толғанып тұрғандай ед тым таң қалып.

Ер басшы да білгесін кімнің кімін,
Жақпай қалса айтатын бетке мінін.
Жас болса да ауылға басшылық қып,
Еңбекпенен өткізгесін әрбір күнін.

Көзге түссең беделіңді көтеретін,
Адамдықтан емес еді өзгеретін.
Өзі батыр болғасын басшылық қып,
Емес еді бос сөзге еш еретін.


Ағамыз ұнататын батылдарды,
Белдесіпте жүретін батырларды.
Бағалайтын намысы бар жігіттерді,
Танитұғын тектіменен асылдарды.

Ел басқарып болмағасын надандығы,
Ешкімге де жоқ еді жамандығы.
Отанын гүлдентуге тырысқасын,
Жастардың да қымбат еді амандығы.

Жастарға амандықты тілегендей,
Азаматтық адамдықты тек білгендей.
Сескенбесін дегендей адамдық қып,
Азаматтық адамдығын білдіргендей.

«Уазикімен» еріккеннен келмегендей,
Жылы сөзбен інілерін демегендей.
Ел басқарып жүргесін басшы болып,
Жастар қамын әркез де тек жегендей.

Жігіттер көрсеткесін сері салдық,
Келерін де білгесін бір күн шалдық.
Даналық қып ер басшы бәрін сезіп,
Сонда да көрсетіп ед тым ағалық.



Ер басшы ескергендей жастықтарын,
Жалынына жастықтың мастықтарын.
Жалын жастар асылдықпен даналықпен,
Тектілікпен тыңдап еді бастықтарын.

Ағалық қып тұрып еді беріп кеңес,
Өр қаратал тасығасын көрсетіп сес.
Ер басшыны таза тыңдап тұрғаннан соң,
Тез арадақ сері жастар жиғандай ес.

Адамдықты болғасын тек сақтайтын,
Ақыл сөзге емес еді ыржақтайтын.
Ағалары жүргесін қамды ойлап,
Зор сенімді болғасын тек ақтайтын.

Тасқын судың айтып еді қауіптісін,
Қаратал көрсеткесін сұсты түсін.
Жетпегесін ешнәрсе амандыққа,
Жастардың тым қызбалық көріп ісін.

Адамдыққа қойғасын әркез денді,
Мақтан қылмай жүрегесін атақ шенді.
Ер азамат болғасын түкті жүрек,
Адамдықтан жақтырмай өзгергенді.

Белдестерге жүретін қызып қаны,
Жетімдерге жүретін ашып жаны.
Бастық болып ауылды көтергесін,
Тез арадақ көбейіп ед малдың саны.

Басшы болып бәрінде сезетіндей,
Емес еді жігіттерге ез дейтіндей.
Жалындап малтығасын өр толқында,
Ерлікті емес еді сезбейтіндей.

Тектілікпен жаланы жаппайтындай,
Інілерін ер басшы сатпайтындай.
Бос селтеңдеп жүргісі келгедерді,
Адам бол деп тек қана таптайтындай.

Қалқына бекер үнді қатпайтындай,
Азаматтық тектілігін сақтайтындай.
Нағыз ерлер еңбегімен көзге түссе,
Тектілікпен әр кезде жақтайтындай.

Ерлік іске жастарды тек баулитұғын,
Көтеріп көңілді де аулайтұғын.
Азаматтық көмегін көрсеткенмен,
Жақсылығын емес еді даулайтұғын.

Нағыз ерге алғысты жаудыратын,
Болмағасын бос бекер даурығатын.
«Отаным» деп жүргесін қалығым деп,
Отанды ойлап басты тек ауыртатын.

Нағыз ері боладығой әр заманның,
Баласы болғаннансоң текті адамның.
Жақсылықты жүредіғой әркез тілеп,
Сүрінбеуін қалағасын тек қадамның.

Гүлдентуге тырысқасын туған жерін,
Тұрғындар да танығасын нағыз ерін.
Өр толқында жүзіп жүрген қыз-жігіттің,
Даналықпен сезетіндей жүректерін.

Ашуы басылғандай дыз етіп тез,
Жалындаған жігіттерді емес деп ез.
Сәл жымыйып жастарды кешіргендей,
Болғаннансоң жалындайтын нағыз бір кез.

Тым қызықты өткізсін деп жастық шағын,
Ұшырмайын дегендей бастан бағын.
Азаматтық адамдығын сақтап еді,
Сындырмайын дегендей жастар сағын.

Күлдірмейін дегендей құрбыларын,
Жар астынан білгесін бір шығарын.
Ер басшы кеңдік жасап жүріп еді,
Тығылудың қателігін бір ұғарын.

Қызбалығын жастардың сезбегендей,
Жүргеннен соң ұяттан безбегендей.
Жүйткітіп «Уазикімен» жүрседағы,
Кеуде қағып емес еді мен дегендей.

Шыңға құлаш жүргесін сермегендей,
Бос сөздерге жүргесін ермегендей.
Қараталда тасыған малтығанын,
Емес еді бірақта жөн дегендей.

Толғанғандай өр толқынға қарап ұзақ,
Басшы болып қонғасын басына бақ.
Тегін адам болама елге басшы,
Жағалауда тұрып еді өте тым сақ.

Теректі де ағызғасын жардан жұлып,
Жарларды құлатқасын арланша ұлып.
Жастардың амандығын ойлағасын,
Ер басшы тұрғандай ед сақтық қылып.

Жал толқынын жатқасын аспанға атып,
Талдарды да ағызғасын дұмалатып.
Буырқанып аққасын долданғандай,
Қараталдық өзінің үнін қатып.

Қарағанмен емес еді көз талғандай,
Өр толқыннан әсерді тым алғандай.
Сұқтанып өр толқынға көз салғасын,
Көтеріліп көңіліде тым қалғандай.

Жастық шақтың білгесін тез өтерін,
Әжім қылып бет ауызды кәрі етерін.
Еліне жүргендей ед басшылық қып,
«Отаным» деп ағызып маңдай терін.

Кей басшыдай тұрмап еді бәле іздеп,
Жасы үлкенді жүргесін әркез сіз деп.
Даналықпен жастар жайын түсінгесін,
Кеуде қағып жүрмегесін есіп біз деп.

Ер болғасын егістігін тексергендей,
Басшымын деп емес еді мен дегендей.
Басшылық қып ел ағасы болғаннан соң,
Қамдарында жастардың тым жегендей.

Қалалықтар жүріп еді езу жыймай.
Қалаға да келгендей боп ешбір сыймай.
Шат күлкісін жүріп еді ешбір тыймай.
Қызықтарын жүргесін ешбір қыймай.

Тым ұтымды пайдаланып демалысты,
Көлігімен елемей жол алысты.
Барды салып өр толқын да жүзіп малтап,
Руқтанып алғандай ед кең тынысты.


Қаратал тасыса да еш қарамай,
Малтымаса қалатындай қан тарамай.
Құлаш сермеп малтымаса барды салып,
Ерлік іске қалатындай еш жарамай.

Ер басшы тұрғаннан соң тіктеп бойын,
Кей қалалық қарайтындай созып мойын.
Кеңесіне жүргендей ед риза боп,
Амандықты ойлағасын біліп ойын.

Тұлғасынан басшы екенін бірден танып,
Сөздеріне тұрғандай ед ер деп нанып.
Ағалық қамқорлығын байқағасын,
Азаматтық қылғасын сырға қанып.

Сақтықты да тұрғасын ойға салып,
Қызбалықты келгесін көңілге алып.
Қамды ойлайтын басшылары бар екен деп,
Қалалықтар қарайтындай тым таң қалып.

Ақыл-кеңес бергесін ағалары,
Ер жастардың қайдан түссін бағалары.
Қалалықтың өздеріне аян еді,
Аға барда сау болары жағалары.



Ер басшы да қараталды тым жағалап,
Қараталын жүргендей ед тым бағалап.
Басшы болып жүргесін бәрін барлап,
Даналық қып жүргесін қадағалап.

Жаймен сөйлеп ағамыз қасыма кеп,
Сұрап еді шаруаларың дұрыспа деп.
Отанды ойлап жүргесін қызымет қып,
Ұрпақ қамын жүргесін әркезде жеп.

Чемпион боп жүргесін менде ерлеп,
Енжарлық атаулыны мүлдем жерлеп.
Азаматтық көрсетіп білек түріп,
Адал асты тапқасын маңдай терлеп.

Сөйлегесін чемпион деп тек даралап,
Нағыз ерге жүргесін әркез балап.
Амандықты жүргесін әркез қалап,
Сөйлемей жүргеннен соң еш қаралап.

Канторына шақырып ед тағы мені,
Жүрміз деп ед бағалап інім сені.
Қарапайым тұрып еді өзін ұстап,
Ерлік іске ауғасын әркез дені.

Адамдыққа жүргесін ойы жетіп.
Биік шыңға қарағасын ойы кетіп.
Топ жаратын ауылда да жігіт бар деп,
Құрбыларға тұрып еді үлгі етіп.

Чемпион боп ініміз жүр деп ерлеп,
Беделімді сөйлеп еді көтермелеп.
Жүрегiнiң бiлiп едiм нұрлылығын,
Жүретiнiн сезгесiн ер деп елеп.

Құрбы алдын да беделімді көтергендей,
Адамдықтан болмағасын өзгергендей.
Тектілігін көрсеткесін тым мәрттігін,
Емес еді бос сөздерге еш ергендей.

Ерлігімді емес еді жасырғандай,
Құрбы алдында беделімді асырғандай,
Өзі батыр болғасын көзге айтатын,
Айтқан сөзде жүргесін тек тұрғандай.

Басшының өзі келіп мақтағасын,
Азаматтық адамдығын сақтағасын.
Еңбегімнің еленгенін біліп едім,
Азамат боп зор сенімді ақтағасын.

Тигендей боп тұрып еді төбем көкке,
Танылып қалғаннансоң мен де көпке.
Еңбегімді бағалап жүргеннен соң,
Ағамызға жоқ еді ешбір өкпе.

Көзім жетіп біліп едім әділдігін,
Көрсетіп жүргеннен соң жүрек түгін.
Риза боп тұрып едім оң сөзіне,
Азамат боп көтергесін ердің жүгін.

Отанменен сүигесін туған жерді,
Бойдағы білгеннен соң сан өнерді.
Чемпион деп беделімді тым көтеріп,
Таныстырып тұрғандай ед нағыз ерді.

Мұратжан бу деп еді тағы белді,
Азамат боп ұялтпа деп ауылды елді.
Чемпион боп өзіңді көрсететін,
Тағы да дегендей боп шын сәт келді.

Құрбылардың алдында мақтап алып,
Азаматтық жүргесін сақтап қалып.
Белдесуге жайлауға баратынды,
Ер ағамыз тұрып еді еске салып.

Чемпион деп риза боп мені мақтап,
Ағалығын жүргесін әр кез сақтап.
Чемпиондай болмадың деп сөккеннен соң,
Кейбір құрбы тұрып еді қызарақтап.

Зор сенімді жүрмегесін ешпір ақтап,
Сөзді ұқпай тұрғасын ыржалақтап.
Ер басшыға қарсы сөз айтпаса да,
Сезіліп ед тұрғаны кегін сақтап.

Ер болғасын бар еді даралауға,
Жүректерді жоқ еді жаралауға.
Айтатынын жастарға айтып болып,
Егістігін кетіп еді аралауға,

Қос сері шығып еді жар астынан,
Сасқалақтап тығылғасын ер басшыдан.
Ұсталып қалам ба деп сақтанғасын,
Зар заман өткендей боп тым басынан.


Шомылып жүргенін де топ жарғандай,
Азаматтық батылдыққа тым барғандай.
Дегенменен биік жар қос серіні,
Ер басшыдан еді шын құтқарғандай.

Ерлігімен жүрген де ой салғандай,
Жалпағынан басқандай бұл жалғандай.
Қос серінің тығылған тірлігінен,
Құрбылары емес еді үлгі алғандай.

Басшы кетіп жар астынан сон да шығып,
Қызбалықтың әбестігін сон да ұғып.
Жалындаған әлі де жас болғасын,
Аман-сау қалып еді жарға бұғып.

Жар үстін де тұрып еді сүмірейіп,
Ер басшыға тұрғандай боп қатты кейіп.
Желіктері бойдағы тым басылып,
Қалғандай боп ақыл кіріп тез есейіп.

Ер басшыдан қулықтарын асырғандай,
Ер басшыға жүргенмен бас ұрғандай.
Сонда да сыр білдірмей тұрып еді,
Жүргендей ақ сөздерін де тек тұрғандай.



Ерлік жасап өздері тым шаттанғандай,
Көлеңкеден жүргенмен сақтанғандай.
Құрбыларға сөйлеп еді бөсіп есіп,
Бұғынғанға тұрып еді мақтанғандай.

Болмаса да зор сенімді ақтағандай,
Тектілігін болмаса да сақтағандай.
Аман қалып тұрып еді кеу де қағып,
Болмаса да ешкім де жақтағандай.

Құрбылар тұрып еді бәрін сезіп,
Еш қызармай тұрғасын малтаны езіп.
Істеріне тұрып еді қызарғандай.
Зорға шыдап кетердей боп дала кезіп.

Дегенменен қос серінің бар ед бағы,
Жар астынан шықса да сынып сағы.
Жар астынан шыққасын ес кіргендей,
Қос серінің қалып еді тынып жағы.

Екі сері егістігін бетке алып,
Егістікке жүргесін суды салып.
Кетпендерін арқалап кетіп еді,
Биік жардың арқасын да аман қалып.

Тезақ жетіп тоғандағы суын бұрып,
Суын бөгеп кетпенімен қатты ұрып.
Егістікке суды салып жүріп еді,
Жалындап та жүргесін сауық құрып.

Жүріп еді дегенмен ес жиғандай,
Қызбалығын өзінің тез тиғандай.
Жалындаған жастығын жас дәуренін,
Болмаса да өздері еш қиғандай.

Ер басшы кеткенненсоң сақтықты айтып,
Барлық жастар кетіп еді үиге қайтып.
Құлақ асып ағаларын тыңдағасын,
Басшыларын жүрмегесін еш мұңайтып.

Жастар еді тыңдайтын үлкен сөзін,
Орталар да ұстағасын дұрыс өзін.
Асылдықты тектілікті көрсеткесін,
Адамдыққа жеткізгесін әркез көзін.

Қалалықтар тасыса да еш қарамай,
Қараса егер қалатындай еш жарамай.
Жал толқынға қарсы малтып жүріп еді,
Демалуға келгесін тез тарамай.

Бірге малтып жүргесін бастықтары,
Жалындатып жүректе от жастықтары.
Жалындаған жастықтары сезіліп ед,
Жалынына жастықтың мастықтары.

Тез арадақ бір күн де өте шығып,
Алғаннан соң басшы сөзін жақсы ұғып.
Ағамыз конторына шақырғасын,
Барып едім жүрмейін деп көңіл жығып.

Кеңесіп ед конторына шақырып ап,
Отырып ед батырлық әдетке сап.
Сұрап еді дайындығың жақсыма деп,
Дайындықсыз белдесіп деме деп қап.

Белдесудің ауырлығын тым ұққасын,
Мықты ғана жанбасқа алып тек жыққасын.
Інісі де чемпион боп топты жарып,
Жанбасқа алып көңілден тек шыққасын.

Ағасының жүргесін силап басын,
Көп алдында білгесін қызартпасын.
Зор сенімге мен де өзі кіргендей ем,
Ауылдың да сыйлағасын үлкен жасын.

Болғаннан соң өзіде нағыз батыр,
Ерлік ісі мақтауға әркез татыр.
Жайлау тойы тағыда болады деп,
Бапкерлердей ширатып мені жатыр.

Беделімді сөйлеп еді көтермелеп,
Мұратжан чемпион боп жүр деп ерлеп.
Спортпенен шұғылданып еңбек етіп,
Адал асты ішкесін маңдай терлеп.

Таразылап білгесін ер бағасын,
Інісі де сыйлағасын басшы ағасын.
Дәл алдын да отырып ем бәрін сезіп,
Дүзу жолды мен де өзі таңдағасын.

Балуан деп күтетіндей зор үмітті,
Сенім артсақ көтереді деп ауыр жүкті.
Азамат боп сыйлайтын ер жігітті,
Ер азамат болған соң тым жүректі.


Чемпион боп тапқандай ем мен тіректі,
Отаныма еткесін тек еңбекті.
Беделімді көтеріп жүргеннен соң,
Тырысып ем болуға әркез текті.

Ер басшы ұнатпайтын ынжықтықты,
Азамат деп бағалайтын болсаң мықты.
Бір жағынан сынапта отырғасын,
Дайындықты айтып едім тек шындықты.

Қолдан келсе келетіндей өсіргісі,
Адамдықпен болғасын әркез ісі.
Жүредіғой жастарға қолдау жасап,
Азаматтың нағыз тек білімдісі.

Қалығына жылы болар әркез түсі,
Отанын ойлағасын текті кісі.
Момындарға және де еш батпайды,
Асылдықпен тектілікпен ешпір тісі.

Інілері қарап өсер ағасына,
Ағасының жармаспай жағасына.
Тірлігін де жүреді тек бағалап,
Даналықпен жеткесін бағасына.



Азаматтық адамдығын менде ұғып,
Кей ездердей тасада жүрмей бұғып.
Өзімді өзім отырып ем еркін ұстап,
Әркездеде жүргесін сөзден шығып.

Тер төгіп жүргенненсоң дайындалып,
Биік шыңға жүргесін көзді салып.
Баратынды білген соң белдесуге,
Маңдайды жүріп едім терге малып.

Сөзіме отырып ед иланғандай,
Ағамыз деп жүргесін сыйлағандай.
Белдестерге дайын едім қайда болсын,
Жалтақтық қып емес едім қиналғандай.

Емес едім боз кілем де сасатындай,
Рұхымды болмағасын басатындай.
Жастықпенен жалындап жүргеннен соң,
Әдіс айла қарсыластан асатындай.

Күрес десе емес едім жаситындай,
Көңілде өзі көтеріліп таситындай.
Қазаққа қиын емес күрес өнер,
Емес едім желкені қаситындай.

Бұндай сәт қайта айналып келмейтіндей,
Келмек тұрмақ түсіңе де енбейтіндей.
Тым жалындап бойда күш тасығасын,
Емес едім өзіме өзім сенбейтіндей.

Белдеспесең бас жүлдені бермейтіндей,
Бос сөздерге едім сон да ермейтіндей.
Отырып ем бәрінде іштей сезіп,
Тағыда бір сәт келгенін ерлейтіндей.

Уәде беріп адамдықты сонда сақтап,
Ағамыз жүргеннен соң әркез жақтап.
Барам деген сөзімді беріп едім,
Зор сенімді келемін деп тағы да ақтап.

Азамат боп берген сөзді қоймай жұтып,
Қуантып ем келемін деп тағы да ұтып.
Ағамыз болғаннан соң нағыз бір ер,
Жүргеннен соң ер басшыны аға тұтып.

Сөзге сеніп ағамызда жайланғандай,
Отырғасын белдестерге сайланғандай.
Іні болып жүргесін сенімді ақтап,
Емес еді бақта өзі байланғандай.

Барам деген сөзімді құп алғандай,
Шыңға көзді жүргесін тек салғандай.
Бармау деген чемпионға ұят- ақ қой,
Көтеріліп көңілі де тым қалғандай.


Ерлік іске жүргесін әркез бастап,
Биік шыңға жүргесін көзді тастап.
Азаматтық адамдық қып жүргеннен соң,
Талантты інілерге қолдау жасап.

Азаматтық сезіліп ед нар тұлғасы,
Еді менен біразырақ үлкен жасы.
Аға алдында әдеп сақтап отырып ем,
Ер басшының болмағасын мен құрдасы.

Көзге айтқасын бар еді кейбір қасы,
Силы боп та жүргесін әркез басы.
Көре алмайтын іші тар пенде де бар,
Домаласа азаматтың өрге тасы.

Іші тардың белгіліғой құптамасы,
Тым көптеу болғаннансоң іште аласы.
Нағыз ерге жүрмейдіме тісін қайрап,
Дайын тұрар жәнеде тым жаласы.

Болсадағы ұлан байтақ кең даласы,
Суға толып жатса да сай саласы.
Іштарлығын өзінің көрсететін,
Болғаннан соң ісінің де көп шаласы.



Ездік қылып жүргесін сыр сақтамай,
Азамат боп зор сенімді еш ақтамай.
Нағыз ерді қылжалақ қып жүретұғын,
Адамдық қып жүрмегесін еш жақтамай.

Кей ездер жүруші еді жолын кесіп,
Тау қопарып жүргендей ақ желдей есіп.
Азамат боп әділдікті еш қаламай,
Кей наданға күншілдігің дұрыс десіп.

Нағыз ердің озғанына іші күйіп,
Азамат боп жүрседе халқын сүйіп.
Ерлігіне ер басшының көз жетседе,
Адам болып жүрмеуші еді ойды түйіп.


Асылдардан өмірдегі үлгі алмай,
Пенделігі надандығы ешпір қалмай.
Жүргенненсоң әркезде надандық қып,
Көңілі де көншімеуші ед ерді шалмай.

Сәті келсе тасадан қалып шалып,
Маңдайды жүрмегесін терге малып.
Батырлық аңғалдықты пайдаланып,
Нағыз ерден жүргесін өшін алып.

Надандық қылығына жүрмей налып,
Ездігіне жүрмегесін еш қиналып.
Ағамызда надандықты сезгеннен соң,
Кей құларды жүретін жөнге салып.

Жақсылығын жүргесін тез ұмытып,
Құлығымен жүргесін әркез де ұтып.
Әл ауқаты көтеріліп жөнделгесін,
Берген сөзін қойғасын тез ақ жұтып.

Таразылап жүргесін бәрін сезіп,
Ездік қылып жүрмегесін малтаны езіп.
Кей күншілдің қылықтары ішке сыймай,
Адамдықтан жүргесін әркез безіп.



Батырлығы тұлғасынан сезілетін,
Сыншылардай кімнің кімін тез білетін.
Өнеріңмен көзге түссең бағалайтын,
Азамат деп адамдық қып көзге ілетін.

Жігіт болсаң ойлайтын тек бірлікті,
Шығармай жүрсең егер еш бүлікті.
Мәрттігімен бағаңды көтеретін,
Азаматтық көрсетсең тек тірлікті.

Соданда еді жүретінім қанаттанып,
Жалындап жүргеннен соң жүрек жанып.
Аға болып жүргенсоң ел басқарып,
Жүрмегенсоң сөзінен ешбір танып.


Ағамыз деп содан да еді сыйлайтыным,
Іні болып көңілін қимайтыным.
Көре алмай кей пенделер күндегенмен,
Аян еді зор құрметті тыймайтыным.

Пендеделікті жүріп едім еш ұнатпай,
Ағаларым жүргесін ешбір сатпай.
Адамдықты мен де сақтап жүріп едім,
Бос сөздерді жүргесін ешбір шатпай.

Арақты да жүргесін ешбір татпай,
Татсам егер қалатындай таңым атпай.
Теңдігімді тек сақтап жүріп едім,
Алған беттен жүргесін ешбір қайтпай.

Тым силап жүруші едім түсінгесін,
Азаматтық адамдығын тым білгесін.
Азамат деп інім деп силағасын,
Көрсетпей жүргеннен соң ешбір сесін.

Отырмап ед басшымын деп ісіп, пісіп
Көп жандардың жүргенмен ісі түсіп.
Аға болып отырып ед жөн сөзді айтып,
Көп сөйлемей іні алдында білгішсініп.



Ініміз деп жүргесін әркезде елеп,
Жөн сөзімен отырғандай жебеп желеп.
Басшымын деп отырмап ед кеуде қағып,
Кей басшыдай отырмап ед келемеж деп.

Сан түрлі жайт өткенмен бастан нелер,
Ешқашан сыр бермейді нағыз ерлер.
Көмек қолын созатын басшы еді,
Еңбегіңді бағалап әркез де елер.

Қысылғанда көмекке әркез келер.
Адамдықты ұмытпайды нағыз шын ер.
Руқыңды көтеріп тек жүреді,
Оң сөзімен әркез де жебеп желер.

Отырып ед жайлауға ертең жүреміз деп,
Белдесуге апаратын інісі кеп.
Азамат деп ағамызды силап едім,
Ұрпағының жүргесін тек қамын жеп.

Тығылатын белдесуден мен емес ем,
Азаматқа масқара ғой қорқам десем.
Тасаларға тығылып қалсам егер,
Азаматтық кеткені ғой онда есем.

Алғаны ғой елім де онда секем,
Азамат боп қызбағаны ешбір шекем.
Белдесуге жайлауға бармақ болып,
Отырып ем белімді байлап бекем,

Қорқақ болсам бабаларға тартпағаным,
Ердің жүгін мойныма артпағаным.
Құрбылар да бірге жүрген қызарар ед,
Бекер болды дегендей мақтағаным.

Мықтыларға онда анық жатпағаным,
Жалған онда зор сенімді ақтағаным,
Батыр болмай нағыз бір қорқақ болсам,
Азаматтық үнімді онда қатпағаным.

Қалығыма онда анық жақпағаным.
Өзімді өзім бос бекер боп баптағаным.
Спортпенен шұғылданып арақ ішпей,
Тым дұрыс деп жүргенім татпағаным.

Азаматтық сөзімнен жүрмей танып,
Азамат деп жүргесін елім нанып.
Балтабай ағамызда қолдағасын,
Намысымды отырып ем сонда жанып.

Уәдемді беріп едім барамын деп,
Тағы да бас бәйгені аламын деп.
Өзіме тым отырып ем сенімді боп,
Бас жүлдені қоржынға саламын деп.

Отырып ем оғаш мінез еш көрсетпей,
Чемпиондық атағымды мақтан етпей.
Азамат деп адам деп силаған да,
Теңдігімді сақтап едім есіп кетпей.

Жайлау тойы тағы бақты ашатындай,
Сондықтанда емес едім қашатындай.
Күнде аспанда күлімдеп нұрын шашып,
Жер жүзіне тым нұрын шашатындай.

Қайтып едім үйіме әсерленіп,
Азаматтық жүргесін ойға еніп.
Білек түріп жайлауға бармақ болып,
Құрбылар да жүргесін қатты сеніп.

Ездік қылып жүрмегесін бос теңселіп,
Азаматтық ерлік істер ойға келіп.
Белдесуге баруға асығып ем,
Уақытта өткесін аттай желіп.

Жылжып барып тезарада-ақ күнде батып,
Көзді ашып жұмғанша таңда атып.
Жайлауға жүрмек болып қамданып ек,
Көтеріліп күнде аспанға шықпай жатып.

Тойшы біткен зор көлікке тиеліп ек,
Ойда болып балуандарды жеңіп келмек.
Сенім жүгін артқан соң азамат деп,
Азаматқа зор сенім емес ермек.

Азаматқа жарасады жүрген ерлеп,
Жүргеннен соң шыңдарға құлаш сермеп.
Жәнедағы әркезде жүрген дұрыс,
Жамандық атаулыны мүлдем жерлеп.

Азамат деп жүрген де нағыз ер деп
Еңбек етіп жүрген дұрыс және терлеп.
Боз кілем де белдесіп барды салып,
Қуантқан да дұрыс қой жеңіспен кеп.

Жайлауға отырып ек жүрмек болып,
Жалындап жүргеннен соң іште толып.
Азамат боп тебіреніп толқығасын,
Азаматтық отырып ем ойды шолып.

Үмітпенен қарағасын атқан күнге,
Азаматтық қосылғасын әркез үнге.
Қалығың да әркезде де сенім артар,
Ие болып жүргесін зор сенімге.

Құдайберген ағамызда жүріп жайлап,
Тау жолына көлігін алған сайлап.
Әскери мәшинесін оталдырып,
Жүрмек болып жүріп еді белді байлап.

Тау жолы болсадағы тым үрейлі,
Отанға ақ болғасын тым пейілі.
Азаматтық көрсетіп жүргенненсоң
Қорқпайтындай қауіпті болсын мейлі.

Дөңгелегін алғандай әбден майлап,
Бұзылып жүрмесін деп бақты байлап.
Сабыр сақтап жүргесін әркезде де,
Тындырғасын көп істі жүріп жайлап.

Еңбегінен жүргесін бақыт тауып,
Ерлік іске жүргесін көңілі ауып.
Тау жолында әуелі қиынсынбай,
Азамат деп жүргесін алғыс жауып.

Тау жолымен көп жүріп ысылғандай,
Асу бар деп емес еді қысылғандай.
Әскери мәшине де газ басқан соң,
Алға қарай түтіндетіп ұмтылғандай.

Зорлығымен емес еді тұтылғандай,
Ағамызда емес еді ұтылғандай.
Жайлау жолы болғанмен қауіпті тым,
Қауіпінен білгірлікпен құтылғандай.


Тойшыларда отырып ед әзілдесіп,
Сабыр сақтап онша көп кетпей есіп.
Бал қымызын шұбатын жиі айтып,
Ойынымен жайлау тойын қызық десіп.

Пейілдерін отырып ед жүрек сезіп,
Кеткенін де ой қялдың көкті кезіп.
Шат болып отырып ед күнге қарап,
Надандықтан жүргесін әркез безіп.

Қарсы алғандай текелінің таумен тасы,
Өте көркем шыршалы үшкір басы.
Текелінің қаласыда көркейгендей,
Тым шат болып тұрғынының үлкен жасы.

Еңбегімен анық еді кем болмасы,
Дастарқан да мол болғасын әркез асы.
Тау шыңынан ақ бұлағы сылдыр қағып,
Дұмалап тұрғандай ед өрге тасы.

Шапшып ағып бұлақтары тым жатқандай,
Сылдырымен тым ғажап үн қатқандай.
Тойшы біткен көркінен рух алып,
Көзді салып қызыққа тым батқандай.



Жүректерді болғасын жандырғандай,
Талай сырға болғасын қандырғандай.
Биік шыңы ұнағасын көркіменен,
Ғажабына тойшыларды нандырғандай.

Көркіменен тойшыларды таңдantқандай,
Көз тіктіріп көп сырларды аңдатқандай.
Биік шыңы тойшыларға рух беріп,
Азаматтық адамдықты таңдатқандай.

Емес еді ешкім де паңданғандай,
Азаматтық міндетке қамданғандай.
Асулардан тым биік өтпек болып,
Әскери мәшинені таңдағандай.

Биік шыңы сұқтандырып қаратқандай,
Құлай аққан сан бұлағын таратқандай.
Жұпар атқан ауасын салқын самал
Ем болғасын жүректе жаратқандай.

Ғажап сезім бойыңа дарытқандай.
Жан дүниенді байытып жарытқандай.
Адамдардың жан дүниесін байытқасын,
Құштарлығың өмірге тым артқандай

Пенделіктен бойдағы арылтқандай.
Қүдіретімен ағыңнан жарылтқандай.
Көркіменен көңіліңді көтергесін,
Тынысыңды емес ешбір тарылтқандай.

Ғажап шыңы аударып бар ынтаны,
Көрген жанның сезіліп ед қызыққаны.
Тұлпар мініп жүргесін көкпер тартып,
Қалай ғана қызбасын қазақ қаны.

Көркіменен қабақты тым ашады.
Көрген сәтте-ақ жанардан мұң қашады.
Тойшы біткен шыңдарына қарай беріп,
Жанарлары күлімдеп нұр шашады.

Таңыда өзі өзгешелеу тек атады,
Азаматы тек ерлеп үн қатады.
Қазба байлық шыққасын тек өзінен,
Қалай ғана ерлері бос жатады,

Ер болғасын жүрмегесін сынып сағы,
Еңбегімен шыққасын тек атағы.
Жалындап жүргеннен соң Отаным деп,
Ерлей алып жүргесін жанып бағы.

Бұлағынан ұшып қонып сарала қаз,
Құлпырады текелі болғанда жаз.
Шыршалары шыңына өрмелеген,
Көркіменен тұрғандай көрсетіп наз.


Бұлағының сылдырынан естіліп саз,
Жүрегінді баурайды тұрсаң біраз.
Бал арасы ұшып қонған табыс көзі,
Мол пайданы Отанға бермеді аз.

Көркін айтып текеліні жазсаң дастан,
Сан бұлағы аққасын сарқылмастан.
Шыңына көзді салып тек қарасаң,
Ешуақта таймайды бағың бастан.

Тұрғандай ед текеліде шығарып сап,
Қалып едім шыңдарынан тым шабыт ап.
Жұпар атқан ауасынан әсерленіп,
Қиялым да кеткендей ед көкке самғап.

Келе атып ек жалындап тым шат болып,
Текелі қаласына көңіл толып.
Қызықтап тау шыңына қарай беріп,
Рұхтанып азаматтық ойды шолып.

Газын басып ағамыз да асыққандай,
Жастық жалын күшін де тасытқандай.
Тау жолының тастары жолды кескен,
Емес еді ағамызды жасытқандай.



Ерлігіне жүргесін тек басқандай,
Қауіптен де емес еді еш сасқандай.
Әскери мәшине де алға ұмтылып,
Барды салса шыңдардан да тек асқандай.

Тойшылар да шат болып әзілдесіп,
Азаматтық жүргесін көкейтесіп.
Шыңға қарап шат болып отырып ед,
Айдардан келе атқандай самал есіп.

Зор мәшине жолды шаңғып келед зулап,
Секірген де тойшылар да кетіп шулап.
Қой тастары жайлаудың жол кескенде,
Мәшине де кеткендей болат тулап.


Қой тастары көкке атып дөңгелекті,
Зор көліктен алғандай ед ашу кекті.
Зор тастары қаталдыққа салғандай ед,
Тойшыларды бағаламай зор еңбекті.

Кеткендей ед зор көліктің берекесі,
Басынан ұшқандай боп мерекесі.
Ұшырып ед кей жігіттің бастан бөркін,
Бір үйдің болсадағы тым еркесі.

Құрығандай отырып ед тым діңкесі,
Бөрік ұшып басынан шығып есі.
Зор сенімді ақтамақ боп шыққанменен,
Зор тастардың сезіліп сон да сесі..

Сасқандығын емес еді білдіргендей,
Болмағасын ештемені бүлдіргендей.
Басындағы бөркіменен қоса ұшып,
Отырғанмен құрбыларын күлдіргендей.

Аз болғасын қаңбақтай тым салмағы,
Қорланғасын қарысқандай тіл мен жағы.
Дегенменен сескеніп қалғандай ед,
Ұшырмаса екен деп мені тағы.



Қой тастары берекені ед кетіргендей,
Зор көлікте тым жиі секіргендей.
Шат болып тойды сөз ғып отырған да,
Сақтық та өзі еді ішке тым кіргендей.

Зор көлікпен келе атқасын гүрілдетіп,
Жайлау жолын ерлегендей дірілдетіп.
Кездескенді зор көлік жайпап өтіп,
Маторының жатқасын күші жетіп.

Құс пен аңдар шошынғандай зәре кетіп.
Қалғандай боп өздеріне ажал жетіп.
Соң да қалып түтіні тым будақтап,
Келе атқандай зорлығына тәнті етіп.

Қонғандай боп отырыпек бақыт басқа,
Ғажаптығын болмағасын сөз қылмасқа.
Зор бақытқа бастары айналғандай,
Көз сүзіп отырғасын таумен тасқа.

Бақтары болмағасын байланғандай,
Көңілдері отырып ед жайланғандай.
Қыз-жігіттер бір-біріне тым жақындап,
Секірген де көмекке тым сайланғандай.

Бір бірімен соғысса да кейде бастар,
Жиі жолды кескенмен ірі тастар.
Сондадағы жастық буға мастанғандай,
Шат болып отырып ед сері жастар.

Бөріктерін келе атса да аспанға атып,
Састырса да зор тастар жолда жатып.
Тым ауыр болғаннан соң зор көлікте,
Дөңгелегі зор тастарға қатты батып.

Адамдықтан жүрмегесін ешпір кетіп,
Жігіттер де тым қатты сақтықты етіп.
Шошынған аруларды қолдан ұстап,
Арманға отырып ед қолы жетіп.

Риза боп отырып ед жас шағына,
Арулар да жаралғандай шын бағына.
Азамат деп арулар да сыйлағасын,
Мінгендей боп отырып ед тым тағына.

Ағамызда ысылғандай көп ақ жүріп,
Гүріліне зор көліктің құлақ түріп.
Зор мәшине дүрілдетіп жүрген жолын,
Зор сенімге алғандай қатты кіріп.

Бөденелер шошынып зор көліктен,
Зорға деп аман қалып дөңгелектен.
Дөңгелектің астынан жиі ұшып,
Өздерінен еді тым зәре кеткен.

Болғаннансоң өздері сақтықты еткен,
Сақтыққа да сияқты еді ойы жеткен.
Түрлі құстар астынан ұшсадағы,
Зор көлікте айнымай алған беттен.

Сары тышқан да жүгіріп жолды кесіп,
Тышқандығы жүргендей көкей тесіп.
Тойынғасын жүндері де тым жалтылдап.
Жүргендей-ақ айдардан самалы есіп.

Жайлауына тойшы біткен асыққандай,
Жалындатқан жүректі жастық қандай.
Арасын да қояды әнде шырқап,
Толғандырған жастық кезгі шаттық қандай.

Қарсы алғандай еді бізді қыз құлаған,
Жас бір ару көздің жасын тым бұлаған.
«Ах» ұрып ата анасы сайына кеп,
Қызы өліп ата анасы тым жылаған.

Қыз құлаған тұрып еді түнергендей,
Көрген жандар болмаса да жөн көргендей.
Сұстанып қызды жұтып тұрғаннан соң,
Емес еді маңайын да мал да өргендей.

Алыстан ақ тұрғасын тым түнеріп,
Тым сұстанып тұрғандай ед белгі беріп.
Зор көліктің үстін де ұлап шулап,
Тойшы біткен келе атқанмен кеуде керіп.

Меймандығын жатпағасын еш ескеріп,
Жатпағасын ақтығын да еш тексеріп.
Тойшыларға көрсеткендей еді сұсын,
Жүрмесе де ешбірі бос сөзге еріп.

Тойшы біткен отырып ед кек кеткендей,
Болмағасын мақтаныш еш еткендей.
Қаталдықты көрсеткесін жас аруға,
Бағасына болмағасын еш жеткендей.

Бастарында болмағасын ешбір ерік,
Зар заманда жүргенмен болып берік.
Құздан құлап көз жұмыпты сан арулар,
Көз жастарын тым бұлап етіп серік.

Сатылып тапталғасын қыздың ары,
Ойыншыққа айналғасын тағдырлары.
Құлақтары қалғандай боп тас бітеліп,
Еш естілмей жүргесін қыздың зары.

Өздерін жүргеннен соң малға сатып,
Жүрекке жүргеннен соң қатты батып.
Жамандығын білгесін надандықтың,
Ащы дәмін жүргесін әркез татып.

Қыз құлаған атта өзі сескенткендей,
Тойшыларды тез арадақ мұңды еткендей.
Үрейлі боп сұсты құз тұрып еді,
Үрейлі екеніне көз жеткендей.

Қарауға да емес еді беттегендей,
Болмағасын еш мақтаныш етпегендей.
Құздан құлап жас ару көз жұмғасын,
Қалығының жадынан кетпегендей.

Арманына болғасын жетпегендей,
Болашақтан зор үмітті күтпегендей.
Шыңнан құлап жас ару көз жұмыпты,
Жетпегесін ойна да дітпегендей.

Ару құлап қыз құлаған атанғандай,
Атынан ақ көрген жандар сақтанғандай.
Тойшылардың қабағы тым түскендей,
Есіріп емес еді шаттанғандай.

Қыз құлаған мұңайтып мүлдем тіптен,
Айырғандай шаттанатын мүмкіндіктен.
Үрейлі боп сұсты құз тұрып еді,
Тойшыларды сияқты боп ұзақ күткен.

Мұңайып отырып ед тойшы біткен,
Кеуделері басылғандай ауыр жүктен.
Кейбірі бір жағына тым қисайып,
Келешекке қарағанмен зор үмітпен.

Болғанменен сан ғасыр заман өткен,
Қалығының жадынан емес кеткен.
Жау да шауып түскесін бағалары,
Аңыз болып сол қалпында бізге жеткен.

Үрейленіп тойшы біткен қарайтындай,
Аңыз болып сондықтанда тарайтындай.
Тойшы біткен отырғандай қапаланып,
Іс емес деп басты шайқап жарайтындай.

Сондықтан да күрсініп дем алғандай,
Қаталдығы сұсты құздың ой салғандай.
Өкпелеген баладай көзді сүзіп,
Отырып ед көңілдері тым қалғандай.

Қыз құлаған сескенткесін қызды жұтқан,
Болмағасын қадірлеп құрмет тұтқан.
Қыз құлаған сұрланып тұрып еді,
Қызды жұтып болмаса да ештеме ұтқан.

Тойшылардың жанарын мұң басқандай,
Өнерімен жүргенмен тек асқандай.
Бастары тым салбырап отырып ед,
Жарық күн де тау жолынан адасқандай.

Болмағасын асылдығын түсінгендей,
Емес екен жауларын күлдіргендей.
Арулардың кей-бірі шыңнан құлап,
Қарсылығын екен сонда білдіргендей.

Жан қиыпты бұл өмірден таппай тұрақ,
Сатылып жау да олжалап болмай сұрақ.
Мәрттікпенен сан ару көз жұмыпты,
Асылдықпен таптатпай арын бірақ.

Сан арудың қалған ғой обалына,
Бай шалдардың қызығып көп малына.
Шалдардан да селкілдеген ұят кетіп,
Надандықпен қарамай еш қалына.

Тым селкілдеп қарамай шамасына,
Адамдық ой кірмегесін санасына.
Тоқсандағы шал айттырса қайтер еді,
Өзін тапқан көз салып анасына.

Ата-анасын малымен қызықтырып,
Аруларды сертінде жүрген тұрып.
Ажалға бастарында сан қиған ғой,
Амал таппай одан басқа діңке құрып.

Тойшы біткен отырып ед түсіп қабақ,
Тұрғандай ед қыз құлаған беріп сабақ.
Қыз жігіттер сездірмей тым күрсініп,
Басқандай боп кеуделерін ауыр салмақ.

Ұққандай отырып ед біраз сырды,
Азаматтық көрсеткесін әркез қырды.
Жанарларын тез арадақ мұң басқасын,
Сұсты құздан естігендей мұңлы жырды.

Тойшылар кіналыдай қибыжықтап,
Озбырлардың надандығын көңілге ап.
Тым сұстанып қыз құлаған тұрғаннан соң,
Сеніме деп отырғандай бәлем деп қап.

Азаматтық билегесін әркез есін,
Сезседағы түнерген құздың сезсін,
Тым анық болған жайды білмегесін,
Бетке басып сұсты құзға кім не десін.

Сұстанып тұрғаннан соң сыр жасырып,
Зұлымдығын өзінің тым асырып.
Сұсты құз қыз құлаған атанғасын,
Қасынан кім өтеді тым бас ұрып.


Құздан құлап жас ару ерте өткесін,
Ару қыздың түбіне тез жеткесін.
Күрсініп жеңгейлер де отырып ед,
Зар заманның өткеніне тәубе еткесін.

Қыз құлаған құзды да басып өтіп,
Асуға да көлігіміз келіп жетіп.
Тым қауіпті асу да сескенткендей,
Амандыққа келгенменен тәубе етіп.

Көлігіміз тау жолымен тым теңселіп,
Сайна түнеп едік былтыр келіп,
Тез өтетін уақытқа толғанып ек,
Уақыт өткеннен соң аттай желіп.

Өткеннен соң бір жылда көрген түстей,
Тез өткені болмағасын дұрыс істей.
Тойшы біткен отырғасын елестетіп,
Қалай ғана отырсын еске түспей.

Қауіптісін асудың біліп едік,
Әркезде де жүргесін істеп ерлік.
Үлкендердің қауіпті деп ескерткенін,
Бала кезден құлаққа іліп едік.



Ағамыз сайына келіп тоқтап,
Тік асуға отырып ед көзін оқтап.
Мерт болғасын сан түіе иесімен,
Биік шыңдар тұрғандай ед қатты жоқтап.

Жүк артқан түйелері тайып, құлап,
Жүк шашылып сайында жатқан сұлап.
Жетектеген иесіде мертккенғой ғой,
Бала- шаға көздің жасын қалған бұлап.

Құдай берген ағамыз жерге жатып,
Таңдандырған бәрімізді ұйықтап қатып.
Жатқанменен тастары жанбасына,
Көрмегендей әуелі ешпір батып.

Сөилемей жүргенненсоң сөзді шатып,
Дүниеге жүрмегесін көзді сатып.
Аяқ созып ұйықтаса тым қорылдап,
Тез арадақ жүргендей таңы атып.

Тоңғандар да жоқ сияқты ешпір ісі,
Кеуде ашық өзгермей ешпір түсі.
Кей тойшылар тонға оранып жатсадағы,
Жаурағаннан бір-біріне тимей тісі.

Ерлік ісін ағамыз еске алғандай,
Жатқан жерге былтырғы көз салғандай.
Білегін де қояды сипап сипап,
Дегенменен білекте сәл талғандай.

Соғыпта тастағандай тым ұзақ жол,
Шаршамасын қалайша қарысып қол.
Жанға жайлы тау шыңының самалы есіп
Рух беріп дейтіндей төзімді бол.

Үрейленіп тойшылар дем алғандай,
Кеуделері басылып тым қалғандай.
Мұңды ететін пендені шат қылатын,
Сан құбылтқан көңілді бұл жалғандай.

Қауіпімен тым асу ой салғандай,
Бабаларды болғасын сан шалғандай.
Көздің жасын төккенмен көл етіпте,
Болғанменен бабалар налығандай.

Кездесетін өмірдегі қауіп қандай,
Байқамасаң қаларсың соғып сандай.
Тойшы біткен отырып ед бас салбырып,
Сескенгеннен момақан болып жандай.

Дүрсілдеп соғатындай жүрктері,
Отанының болса да нағыз ері.
Асудан тым қауіпті сескенгенмен,
Ер болғасын қалайша қайтсын кері.

Азаматтық болғасын тірліктері,
Тым қымбат болғаннан соң тау мен жері.
Алған беттен нағыз ерлер қайтып қайтсын,
Гүлдеңтсем деп аққасын маңдай тері.

Қалып едік шынымен ептеп сасып,
Қауіптісі асудың мысты басып.
Кей жігіттер асуға қарай беріп,
Төмен қарап отырып ед желке қасып.

Қарсы алмап ед асуда қабақ ашып,
Кететіндей тойшылар түсіп қашып.
Асудан тойшы біткен сақтанғандай,
Күн күлімдеп тұрғанмен нұрын шашып.

Құдайберген ағамызда ойланғандай,
Ойланып кең тыныстап толғанғандай.
Руліне басын сүйеп отырып ед,
Білек түріп өзін-өзі қолға алғандай.

Көзді қадап асумен арбасқандай,
Көз жанарын өзінің мұң басқандай.
Отырғандай тәукел деп сабыр сақтап,
Ер болғасын еместей тым сасқандай.

Шыңдарға да отырғандай түсіп көзі,
Ер болғасын азамат нағыз өзі.
Ұрпақтарын әркез де сақтандырған,
Еске түсіп бабалардың айтқан сөзі.

Руліне басын сүйеп ой шолғандай,
Тойшылар да емес еді еш толғандай.
Кей тойшылар сыр білдірмей отырғанмен,
Шаттанып емес еді мәз болғандай.

Ағамыз жүргеннен соң ерлік етіп,
Отырғандай ерлік ісін елестетіп.
Алыптықпен тебіреніп толғанғандай,
Биік асу сайына тағы жетіп.

Тез арадақ бір жылда өте шығып,
Тез өткесін тастағандай көңіл жығып.
Руліне басын сүйеп күрсінгендей,
Қауіптісін асудың жақсы ұғып.

Шат күлкісі тойшылардың тиылғандай,
Тез арадақ естері жиылғандай.
Қалай ғана аман есен асамыз деп,
Басын иіп асуға қиылғандай.

Басылып көңілдері тым қалғандай.
Қауіптісі асудың ой салғандай
Көлденеңдеп тұрғасын тау жолын да,
Тойшы біткен көңілге тым алғандай.

Бас көтеріп ағамыз бір кезде тез,
Нар тәуекел демесе болардай ез.
Былырғыдай асуға тағы шықпақ,
Шығатұғын асуға келгесін кез.

Аяғымен жіберіп ед газын басып,
Сан асудан асқасын ерлігі асып.
Азаматтық тәуекелге бел буғасын,
Ер болғасын қалайша жүрсін жасып.

Батырлығын ер болғасын білдіріп ед,
Ерлігімен көзге өзін ілдіріп ед.
Құдайберген ағамыз газды басып,
Көлігімен басына тез шығып ед.

Жігіттер түсе қалып былтырғыдай,
Кездеспейтін сияқты сәт бір мұндай.
Бір жартының ауызын тағы ашып еді,
Жумаса егер ер жігітке нағыз сындай.

Биік асу сайын да еді жымдай,
Ауызға алғандай боп құиып құмдай.
Бас салбырап көңілсіз отырып ед,
Қауіптісі құртқандай тым-ақ дымдай.


Шыққаннан соң бірін бірі таза тыңдап,
Тұрғандай ед мәз болып биік шыңды ап,
Аман-сау шыққанына риза боп,
Кей жігіттер тұрып еді тым жымыңдап.

Жүз граммнан жігіттер тартып алып,
Ерлегендей биік шыңға көзді салып.
Ұлы отан соғысына қатысқандай,
Жау оғынан тұрғандай аман қалып.

Жайаулатып шыққандай шаршап талып,
Шыққандай бір маңдайды терге малып.
Шалқайып биік шыңға қарай беріп,
Мәз болып тұрғандай ед шыңды алып.

Шыңға қарап кей жігіттер тым шалқайып,
Көздегі мұң тез арадақ болып ғайып.
Ерлегендей тұрып еді кеу де керіп,
Бос кергенін кеудені көрмей айып.

Аман шығып көрсеткендей ерліктерін,
Кей жігіттер маңдайдан сүртіп терін.
Дегенменен асуда сыйлағандай,
Жігіттердің бағалап еңбектерін.



Қабыл қылып тойшылардың тілектерін,
Сезгеннен соң тым нұрлы жүректерін.
Тойшыларды аздап қана сескенткенмен,
Қашырмайын дегендей боп сүректерін.

Кей жігіттер тұрып еді шат боп күліп,
Құрбысы айтқан сөздерді құлаққа іліп.
Болар тойға жібергесін сенімді артып,
Азаматтық жауапты да және біліп.

Тау шыңының самалы тым ескендей,
Қой тастары болғанмен жол кескендей.
Бәйгесімен қызықтырған жайлау тойы,
Жігіттердің көкейін тым тескендей.

Тау шыңдары ерлікті тексергендей,
Кей тойшылар болғанмен сескенгендей.
Текті ұлдары болған соң ер қазақтың,
Шыңдар да өзі тектілігін ескергендей.

Тойшылардың барлығын көріп бірдей,
Тойшылар да ақ тілегін білдіргендей.
Тез ұмытып жігіттерде шат болғандай,
Болмағасын ештемені бүлдіргендей.

Кей жігіттер ішіп алып әлденгесін,
Жинағандай болып еді тез-ақ есін.
Тым шалқайып тұрып еді шыңға қарап,
Асуға да көрсеткендей сонда сесін.

Қауіптісін сездіргендей елемесін,
Ашты арақ қыздырғасын делебесін.
Альпинистей тұрып еді шыңды алмақ боп,
Ерлік істер қолдарынан тек келгесін.

Отанға сіңіргесін зор еңбегін,
Көрсетіпте жүргесін жақсы тегін.
Ақбас шыңға тым көркем қарай беріп,
Ойлағасын болашағын келешегін.

Тартып алып тұрғасын ес жиғандай,
Шат күлкісін емес еді еш тиғандай.
Бірін бірі тұрып еді сон да жақтап,
Ортасына жүргесін тек сиғандай.

Адамдықты жүргесін әркез сақтап,
Зор сенімді жүргесін әркез ақтап.
Қызғаннан соң көрсеткендей кеңдіктерін,
Жығасың деп тұрып еді мені мақтап.

Жығады деп балуанды болсын қандай,
Жығылмайтын мені бір көріп жандай.
Боз кілемге нашар балуан шықпайтынын,
Жүз грамды ішкесін ұмытқандай.

Боз кілем де жыққанымды жөн көргендей,
Адамдықтан жүрмегесін өзгергендей.
Жігіттер руқ беріп мақтаса да,
Кеудемді емес едім еш кергендей.

Адамдықты тұрғасын ескергендей,
Бос сөздерге емес едім еш ергендей.
Кей жігіттер тым қулау өтірік мақтап,
Ой өремді тұрғасын тексергендей.

Дәмін татсам қалардай таңым атпай,
Жол соқты боп тұрып едім аста батпай.
Боз кілемде белдесетін болғаннан соң,
Ащы судан тұрып едім мүлдем татпай.

Сақтағандай тұрып едім тектілікті,
Азаматтық адамдықты естілікті.
Белдесетін болғасын боз кілем де,
Түкті жүрек жігіттермен сом білекті.

Белдеспек боп келгесін дайындалып,
Денені тек келгесін терге малып.
Қызбалыққа салынбай тұрып едім,
Бел буғасын қайтпақ боп жүлдені алып.

Зор жауапты тұрп едім алып ойға,
Адамдықты сақтайын деп әркез бойға.
Жоғалтпай тұрып едім сақтығым ды,
Белдесуге келе атқасын мен де тойға.

Асылдардан жүргесін үлгі алып,
Ақ бас шыңға тұрып едім көзді салып.
Елімнің зор сенімін ақтамақ боп,
Денені жүргеннен соң терге малып.

Арақты емес едім көзге ілгендей,
Тажалдығын жүргесін тым білгендей,
Кей құрбылар араққа ұсталса да,
Мазақ қылып емес едім еш күлгендей.

Тым толғанып тұрып едім күрсінгендей,
Салынғанын кей қандастың түсінгендей.
Түпке жетіп жүрсе де тажал арақ,
Іштеріне тұрмағасын еш кіргендей.

Қызып алып тұрғасын шіренгендей,
Азаматтық ғажап бір күйге енгендей.
Сырларын кей жігіттің білгеннен соң,
Мақтаса да емес едім еш сенгендей.

Қызып алып тұрғасын мен дегендей,
Ұрпақ қамын болмағасын еш жегендей.
Тажалдығын арақтың айтқанменен,
Оң сөзіңді емес еді елегендей.

Кез едіғой арақпен сөз сөйлейтін,
Түпке жетіп жүрсе де елемейтін.
Қызғаннан соң ешкімге жол бермейтін.
Сақтануың ойға да еш келмейтін.

Ойлағасын отанды болашақты,
Тажал арақ байлағасын әркез бақты.
Мөлдіреп тар өңештен тез өткесін,
Тапқандай боп жүргесін ақымақты.

Тым ойлап тұрып едім отан жайын,
Еш үйір болмағасын асқа дайын.
Түпке жетіп жүргесін тажал арақ,
Азамат боп қалайша толғанбайын.

Сондықтан емес едім сөзге ергендей,
Кеудені болмағасын еш кергендей.
Қышаса да кей жігіттер ішпеп едім,
Адамдықтан болмағасын өзгергендей.

Салынып кетем бе деп қырым кетіп,
Ақбас шың да ойымды биіктетіп,
Отанды ойлап әркезде толғанғасын,
Азбайын деп тұрып едім сақтықты етіп.

Аңғалдық қып араққа көзді сатпай,
Оң сөйлеп тұрып едім сөзді шатпай.
Тектілігін сақтағасын кей жігіттер,
Дөрекілік тұрып едім үнді қатпай.

Тұрып едім әдепті сонда сақтап,
Өзімді өзім жүргесін әркез баптап.
Азамат деп сенім артып жібергесін,
Зор сенімді қайтайын деп тағыда ақтап.

Ішпегенді тұрып едім сон да жақтап,
Адамдығын сақтағасын ер деп мақтап.
Азаматтық адамдыққа көңіл бөліп,
Ездік қылып жүрмегесін бос ыржақтап.

Ерлік істер еліме тым ұнағасын,
Белдестіріп балуан деп сынағасын.
Сақтықтыда жоғалтпай тұрып едім,
Адамдықтың түсірмей еш бағасын.

Жеңіс үшін балуандарда шындағасын.
Тойшылардың силағасын үлкен жасын,
Балуанмын деп тұмсықты көтермеп ем,
Азамат деп силағасын ердің басын.

Жығарыма жігіттер иланғандай,
Куманданып емес еді қиналғандай.
Қабағы кей жігіттің ашылғасын,
Асығып жүруге едік жиналғандай.

Теріс аққан жағасына тезақ жетіп,
Тез аман, сау жеткенге тәубе етіп.
Үйді тігіп жүріп еді қыз жігіттер,
Қойшы тойын тойламаққа сонда бекіп.

Малшылар да еді сонда қарсы алғандай,
Тойшыларды сағынып тым қалғандай.
Жайлау көркі көз қарасты өзгерткендей,
Ақ бас шыңы одан сайын ой салғандай.

Қарағанмен сияқты көз тоймайтын,
Ғажаптығын болғасын еш жоймайтын.
Жігіттердің көзі түсіп шыңдарына,
Іңкәрлығын сияқты еш қоймайтын.

Мәртебесін биік шыңы тым асырып,
Тойшылардан тұрмап еді сыр жасырып.
Тойшы біткен сұқтанып қарағасын,
Сұлу ғажап көркіне тым бас ұрып.

Шыңдарына менің де түсіп көзім,
Төбіреніп толғанғандай едім өзім.
Толғансам да жүріп едім сыр білдірмей,
Азаматтық бар болғасын бой да төзім.

Жалындайтын болғасын нағыз кезім,
Төбем көкке тигендей тым шат едім.
Жайлау көркі шаттыққа бөлегесін,
Толғандырып жүректегі ғажап сезім.

Ақ бас шыңға қарап едім ұзақ тұрып,
Жайлауыма келгесін бүйрек бұрып.
Жалындаған әлі де жас болғасын,
Белдесіпте жүргесін сауық құрып.

Ұнағасын тым қатты саф ауасы,
Жүрекке де бар болғасын мол дауасы.
Биік шыңы тірелгесін барып бұлтқа,
Найзадай боп шаншылып үшкір басы.

Жастарда өзі үлкендерді тым ағалап,
Жайлауларын жүргесін тым бағалап.
Қойшыларда орғытып тұлпарларын,
Тұлпарларын мінгесін тек тағалап.

Көрсеткісі келетіндей әркез ерлік,
Жалындатып бойдағы жастық желік.
Еңбегімен жүргесін көзге түсіп,
Шеттерінен болғасын жігіт дерлік.


Тау шыңын да жүргесін малын бағып,
Тұлпар мініп жүргендей кеуде қағып.
Малшы біткен жүріп еді шат болып тым,
Жүргеннен соң саф ауасы жанға жағып.

Мал бақса да қысы жазы жүрмей жасып,
Сәт келгенде жүретіндей әнге басып.
Тас төбесі көшіп бәрі келгендей боп,
Көңілдері жүріп еді судай тасып.

Тұлпар мініп көрсеткендей қазақтығын,
Егемендік сағынғандай азаттығын.
Тұлпарларын орғытып сездіргендей,
Қалығына жүрегiнiң тым ақтығын.

Ер болғасын көрсетпей ынжықтығын,
Болмағасын малынан да ешпір шығын.
Ер екенін өздерінің көрсеткендей,
Даласындай кеңдігін дарқандығын,

Дарқандығын келетіндей үлгі еткісі,
Адамдықтан болмағасын еш кеткісі.
Егемендік елдікке барды салып,
Келетіндей ерлігімен тез жеткісі.



Қиындыққа сондықтан да шыдайтындай,
Нағыз ерін болғасын сынайтындай.
Отанды ойлап жүргендей төзе біліп,
Отаршылдық болмаса да ұнайтындай.

Қиынсынбай отар малды баққандығын,
Мақтан көрмей кеудеге орден таққандығын.
Құлахметов ағамыздай ер қойшылар,
Көріп едік ерлік үнін қатқандығын.

Сезгеннен соң зор сенімді артқандығын,
Ерлер жүгін көріп едік тартқандығын.
Азамат деп әркезде халқы қолдап,
Қалағасын таңының тез атқандығын.


Азаматтың көтерген соң ауыр жүгін,
Қойларының майы шығып тартсаң түгін.
Бағаланып жатқанмен зор еңбегі.
Мастанбап ед болдым деп батыр бүгін.

Ер болып шығара алып қазақ атын,
Шығарса да емес еді мақтанатын.
Асылдықпен өмір де тектілікпен,
Жел сөздерден болғасын сақтанатын.

Ерлігімен таңдандырып дос пен жатын,
Адам атын жоғалтпай ең қымбатын.
Халқының бола біліп нағыз ері,
Жақсы екенін білдіріп ед тегі затын.

Еліне жайылса да атақтары,
Тектілікпен мастандырмай мадақтары.
Ерлігімен жүрсе де көзге түсіп,
Бос сөздер де болмай еш шатақтары..

Ұмытылып асудан тым сасқан да,
Музыка ойнап ән қалықтап көк аспанда.
Теріс аққан жағасына жеткеннен соң,
Ұмытылып жанарды мұң басқанда.



Қолдағандай тұрып еді тау тастарда,
Биді билеп әнін шырқап сал жастар да.
Жер ошаққа жеңгейлер қазан асып,
Мұрын жарып қайнап еді дәмді астарда.

Суыр біткен тойшыларға қарайтындай,
Іс емес деп бұл өзі жарайтындай.
Музыка ойнап ән қалықтап тұрғаннансоң,
Түрі жоқ деп оңайлықпен тарайтындай.

Тым шиқылдап үлесінен қағылғандай,
Тойшылардан таулары шағылғандай.
Қысы жазы мекен еткен мекеніне,
Отар малда аз болғандай бағылғандай.


Бағытынан өздерінің жаңылғандай,
Тойшылардың қылықтары таң қылғандай.
Жемін аулап тым ұзақ шыға алмай,
Іні аузына өздері таңылғандай.

Тойшылардың біле алмай пиғылдарын,
Құлақ түріп тыңдағанмен салып барын.
Тойшы біткен шат болып жүргенменен,
Көбейткендей одан сайын шиқылдарын.

Шиқылымен кетердей тауды кезіп,
Жүр дегендей бұлар не малтаны езіп.
Сес көрсетіп ұя алдында тіп тік тұрып,
Жүрегімен жүргендей боп бәрін сезіп.

Жүріп еді тойшы біткен көңілденіп,
Дүбірлі той өтеріне жақсы сеніп.
Ер атанып жүрген соң ерлік істеп,
Азаматтық ұлы істер көңілге еніп,

Ерлігіне жүріп еді мүлдем сеніп.
Қиындықты жүрген соң әркез жеңіп
Жұпар атқан тау самалын қанып жұтып,
Көтеріліп кеуделері тыныс кеңіп.



Қыз жігіттер келгендей барды киіп,
Төбелері жүргендей көкке тиіп.
Үлкендерге қолды беріп сәлемдесіп,
Сәлемдесіп жүріп еді басты иіп.

Азаматтық жүргесін ойды түііп,
Жүрегімен жүргесін қалқын сүйіп.
Үлкендерге сәлем беріп жүргеннен соң,
Ақсақалдан алатындай алғысты үйіп.

Емес еді жастарға мін тағатын,
Болғаннансоң тектілікпен тек жағатын.
Жақсы тілеу тілейтіндей ақсақалдар,
Жастарғой деп шыңға қанат тек қағатын.

Қойшыларға зор сенім жүктелгендей,
Сондықтанда азамат деп көзге ілгендей.
Орындап жүргеннен соң жоспарларын,
Жеңістерін тойлайтын кез келгендей.

Азаматтар әркез де ерлеитіндей,
Болғаннан соң барлығы ер деитіндей.
Қысы-жазы тепеңдеп мал баққанмен,
Намыстарын қолдағы бермейтіндей.

Кендірбаев Ордаш аға жөн білгесін,
Азаматтық билегесін әркез де есін.
Тұрғындарға сәлем беріп келіп еді,
Сағынғандай білім алған Тастөбесін.

Азаматтық адамдығын білдіргесін.
Тастөбесін құрметтеп тек жүргесін,
Аулақ ұстар қалай ғана тым іргесін.
Тастөбеден мектепті бітіргесін.

Баламай жүргенненсоң ешпір бойды,
Жазбақ болып келгесін болар тойды.
Ақбас шыңға жүріп еді жиі қарап,
Азаматтық жүргесін ойлап ойды.

Толғанып шыңға қарап тебіренгендей,
Тебіреністі толғанысты ойға енгендей.
Егеменді елдігінің келеріне,
Жас ақын да жүріп еді тым сенгендей.

Тілшілік қиындыққа шыдайтындай,
Отаршылдық болмаса да ұнайтындай.
Тектілікпен жүретіндей сыр білдірмей,
Азаматын болғасын сынайтындай.

Еңбектерін қойшылардың елегендей,
Жылы сөзбен тек жебеп желегендей.
Қойшы тойын жүргесін келіп жазып,
Ерігіп жәй бекерден келмегендей.


Қалам алып шындықты тек жазғасын,
Кей қараудың келтіретін тым ызасын.
Қарын сипап асына тойып алып,
Кететінде бар болғасын теуіп асын.

Жүрегінің ұнатпайтын тым тазасын,
Шындықты айтса алғандай тым мазасын.
Бөлген үйі жас тілшіні қарсы алмай,
Бергендей боп жүретін тым жазасын.

Азаматтық ұқпағасын көз қарасын,
Сынағасын кегі қалай тез тарасын.
Азамат боп қалай ғана жаза білсін,
Пенделікпен жүректердің тым жарасын.

Еліктеп шет елдерге тым азғасын,
Қалай ғана сыйласын ердің басын.
Бола алмай жүргесін тектілердей,
Қызғанғандай жүргесін ішкен асын.

Көрсеткесін кей пен де іште аласын,
Адамдықты қалайша тым қаласын.
Өмірдегі тектілерге естілерге,
Жауыпта жүргенненсоң тек жаласын.



Тек алуға келген де жылпылдайтын,
Сараңдығы бойынан еш қалмайтын.
Ағайыны ат арытып іздеп келсе,
Ақ пейілмен құшақ ашып қарсы алмайтын.

Пенделікке бой алдырып алжасатын,
Шама келсе кеуделерді тек басатын.
Қарсы алудың орнына ағайынын,
Шығатындай көп шығыны тым сасатын.

Ағайынды білмегесін құрметтеуді,
Мәз болатын мұқатса тым біреуді.
Білгеннен соң тек қана ішіп жеуді,
Білмегесін бұл ісім ұят деуді.


Отаным деп жүрмегесін өмір сүріп,
Елдігім деп жүрмегесін білек түріп.
Болғаннансоң іші ала ісі былық,
Адамдығың қайдан жүрсін ішке кіріп.

Бөлген үйі қарсы алмай тарылғандай,
Болмағасын сараңдықтан арылғандай.
Жас тілші тек шындықты жазсадағы,
Ағынан жүрседағы жарылғандай.

Адамдықты болмағасын еш ұққандай,
Сөздерін де жүргесін тек жұтқандай.
Қылығымен бөлген үйі мұңайтқандай,
Салт дәстүрін қонақ жай ұмытқандай.

Шындығымен қайтып жүрсін езге жағып,
Ауыздан да жүргесін бәле бағып.
Тектілігін нағыз ерлер көрсетсе де,
Қараулық қып жүргесін кіна тағып.

Жүргенненсоң бұл ісім ұят демей,
Адамдық қып жүрмегесін қамды жемей.
Надандықты іштарлықты көрсеткесін,
Адамдығың жүрмегесін ойға келмей.



Балғын етте қазандағы түсіріліп,
Шеберлікпен тез арадақ ақ пісіріліп.
Жақсы аспазшы болғасын жеңгейлерде,
Шеберлігін жүріп еді тым білдіріп.

Пісірудің шеберлікпен жөнін біліп.
Зор кепсермен балғын етті алып іліп.
Исі аңқып балғын етте мұрын жарып,
Қыз жігіттер жүріп еді шат боп күліп.

Іс атқарып маңызды жаймен жүріп,
Адамдық ой әркезде ішке кіріп.
Жеңгейлердің сөзіне қайнылары,
Елгезек боп жүріп еді құлақ түріп.

Жеңгейлердің берекелі еді қолы.
Адамдықпен жүргесін болып жолы.
Берекелі жеңгейлердің арқасында,
Дастарқанда еді тым асқа толы.

Орекең ұқсағасын нағыз ерге.
Отырғызып сыйлап едік ер деп төрге.
Тектілікпен шындықты тек жазғасын,
Қаратпай жүргеннен соң елін жерге.

Орекеңнің білгесін тым бағасын,
Іні болып құрметтемес кім ағасын.
Күндеген кей пендеден түңіліп ем,
Тас төбе де білім алып оқығасын.

Ердің жүгін жүрсе де әркез тартып,
Азамат деп жүргесін сенім артып.
Шындықты айтып жазғасын газетіне,
Кей қараулар жүргесін көзбен атып.

Газетіне жазды деп бізді сынап,
Қараулықпен жүретін көңілге ап.
Ұнатпайтын болғасын шындығыңды,
Кей қуларға қалай ғана жүрсін ұнап.



Гүлдептеп боп жүрсе де белді буып,
Надандыққа жүрмесе де ешбір жуып.
Ұнатпайтын болғасын шындығыңды,
Орекеңнен қалатын көңілі суып.

Сөйлеп те отырып ед өзімсініп,
Тұрғындармен қоса бірге шат боп күліп.
Тілші ақын болғасын тым сезімтал,
Кең екенін тұрғындардың жақсы біліп.

Әзілі де отырғасын жарасқандай,
Тұрғындар да нағыз ерге баласқандай.
Арқаны отырып ед кеңге салып,
Тас төбесін тапқасын бағы асқандай.

Риза боп отырып ед силағасын,
Бөлген үйі қарсы алмай қиналғасын.
Ашылып отырып ед тым қабағы,
Мәрттігіне тұрғындардың иланғасын.

Інілер де отырғасын тым ағалап,
Тас төбесін жүргесін тек жағалап.
Тас төбеден онбір жылдық бітіргесін,
Тас төбесін отырып ед тым бағалап.

Жөн білгесін ақсақалға тартып басты,
Риза қып-ақ жеңгейлер кәрі жасты.
Дастарқанды әркезде жайнатқасын,
Даярлай білгеннен соң дәмді асты.

Бал қымызда буынды еді босатқандай,
Жаймен сіңіп күшті де еді тасытқандай.
Тойшы біткен асқа тойып көңілденіп,
Бір біріне достық үнін қатысқандай.

Сөздерінен емес еді шатысқандай,
Көздерімен болмағасын атысқандай.
Бал қымызда буынды босатқасын,
Бал қымыздан таңдай қағып татысқандай.

Жөн сөздерге құлақты еді тым түргендей,
Отаным деп өмірді тек сүргендей..
Әнде шырқап, әзілдесіп отырып ед,
Іштеріне адамдық ой тек кіргендей.

Ықыласын бір біріне білдіргендей,
Оң сөздерді құлаққа ілдіргендей.
Бал қымыздан татқасын шат боп күліп,
Әзіл сөзбен бірін бірі күлдіргендей.

Ағып еді жалт-жұлт етіп теріс аққан,
Сезгендей боп сұқ көздерді өзін баққан.
Сылдыры жатып еді қатты шығып,
Болмағасын ешкім де кіна таққан.


Жігіттерде мөлдірінен еді татқан,
Болмағасын жүзсе де ешпір батқан.
Теріс аққан бұлағын жиі айтып,
Бал бұлақты отырып ед етіп мақтан.

Жағалапта жүріп едік жағасында,
Азамат боп білгесін бағасында.
Мөлдір- бұлақ жатсада теріс ағып,
Мән жатқандай өзінің ағысында.

Қандырып тау, тасының тағысында,
Ақпаса да өзінің бағытында.
Жалт-жұлт етіп көз тартып ағып еді,
Үн қосқандай қойшылардың табысына.

Қойшыларда ақ үй тігіп жағасына,
Ақ бұлақтың жеткен соң бағасына.
Сал жастарда әнін шырқап жүріп еді,
Қанып ішіп теріс аққан жағасында.

Күнде батып жұлдыздар тым жылтылдап,
Бигін де тұрып еді тым жымыңдап.
Жайлау түні жастарды дірілдетіп,
Бойдақтар ды тұрғандай ед тым ақ шыңдап.



Жастардың көтеріліп көңілдері,
Неше жылға ұзарғандай өмірлері.
Ұнағандай жастарға жайлау түні,
Шыққандай боп бір жерден тілектері.

Тым жиі соққандай ед жүректері,
Жалындап қашпағасын сүректері.
Жастар біткен бірін бірі тез ақ тауып,
Бола біліп бір бірінің тіректері.

Азаматтық білініп тірліктері,
Көтеріліп жүріп еді көңілдері.
Жастықпенен жалындап жүргеннен соң,
Шаттыққа толғандай боп өмірлері.


Сауықтарын жүргендей жастар қыймай,
Тым жалындап кеудесіне жүрек сыймай.
Жайлау түні тез арадақ табыстырып,
Махаббатын жүректегі ешбір тыймай.

Ақсақалдар жатып еді ұйқтап қатып,
Бал қымыздан алған соң біраз татып.
Шөлдегесін бал қымыздан қанып ішіп,
Демалайық дегендей ерте жатып.

Болғанменен өздері тым табанды,
Көрсетпей жүргенменен еш наданды.
Ағайынмен жүргенмен араласып,
Ұмытпай сәлемменен еш аманды.

Бағалап жүргенменен тым адамды,
Адамдықпен баса біліп тек қадамды.
Азаматтық көрсетіп тек жүргесін,
Азаматтық көтеріп ед тым санамды.

Жас келгесін қалайтындай тыныштықты,
Көрсетпей жүрседағы ынжықтықты.
Үлгі өнеге көрсеткесін жастарға тек.
Өмір де айтқаннан соң тек шындықты,



Түнгі сауық өздерін қызықтырмай
Жатқандай ед, сауыққа мойын бұрмай.
Ақсақалдық үлкендігін сақтайтындай,
Оранып ап жатып еді сауық құрмай.

Егделік кеп жатқандай бас қатырмай,
Сауық құрып ұйықтамайтын таңды атырмай.
Жастық өтіп егделік жас келгесін,
Кей жастарға қарайтындай тым жақтырмай.

Жақтырмай қарайтындай көзді алартып,
Азамат деп жүрсе де сенімді артып.
Жалындаған жастық кезін ұмытқандай,
Сенім жүгін жүрсе де өрге тартып.

Жалындамай келетіндей демалғысы,
Келетіндей ата болып тек қалғысы.
Ата болып жүргесін немереге,
Азаматтық келетіндей ой салғысы.

Сан жайттар өткенненсоң бастан қиын
Алсадағы ерлей алып әркез сыйын,
Азаматтық көрсетіп мың толғанып,
Ұрпақты ойлап ауыртса да ерлеп миын.

Шат күліп шығарғанмен жастар үнін,
Шығармай жатып еді ешбір үнін.
Сауықта жоқтай болып еш шаруасы,
Жалындап өткізсе де жастық күнін.

Жарқырап жүрседағы шығып күні,
Жастардың шықсадағы жарқын үні.
Жатып еді жастарға еліктемей,
Еліктесе көрінердей бойдан міні.

Сауықтан шеттегендей жас келгесін,
Жалындаған сен жігітсің демегесін.
Ақсақалдық жатқандай ойды түііп,
Сауық құру ойына да келмегесін.

Ақсақал деп өзін елі елегесін.
Ақсақал боп жинағандай енді есін.
Ақсақалдық сақтайтындай үлкендігін,
Жастық шақтың өткенін шын білгесін.

Жатып еді суық түнде селкілдемей,
Сауық құру дегенің ойға кірмей.
Аяқтарын тым созып жатып еді,
Үлкендігін сақтағасын еш білдірмей.

Қылықтары еді сонда ойлантқандай,
Терең ойға тебірендіріп бойлатқандай.
Жүректері жастық кездей тым жалындап,
Түнгі сауық емес еді толғантқандай.

Жалындап емес еді үн қатқандай,
Жүрегіне болмағасын тым батқандай.
Сездірмей бірақ ептеп күрсінгендей,
Болмағасын бос сөзді еш шатқандай.

Ақсақал боп сақалды емес еш сатқандай,
Үні шықпай қалперсіз тым жатқандай.
Өсіп өніп немереге ата болып,
Әуелі таңдары да тез атқандай.

Гүлдентумен өткесін жастық шағы,
Қалай ғана жатады сынып сағы.
Отанының жүргесін ері болып,
Міндетті өтеп жатқандай жанып бағы.

Білмей де қалып едік таң атқанын,
Басшылардың естіп едік үн қатқанын.
Болар тойды бастауға шақырғандай,
Қаламай кей тойшының көп жатқанын.

Жатқанменен тойшылар киімімен,
Азаматтық үндерге қойғандай ден.
Солдаттарша орнынан атып тұрып,
Көзді уқалап күбірлесіп бір бірімен.

Жалындап күштері де тасығандай,
Дайындық қып болар тойға асыққандай.
Ақбас шыңды жайлаудың салқын түні,
Тойшыларды емес еді жасытқандай.

Алғанменен кей тойшыны дірілдетіп,
Ерлігіме жүрсін деп көзі жетіп.
Ақбас шыңдар тік шаншылып тұрып еді,
Дірілдетіп алғанмен кеңдікті етіп.

Тоңғасын да кей тойшылар тез тұрғандай,
Жаураса да сауықты тек құрғандай.
Шеттерінен нағыз ер болғаннан соң,
Ден қойып тектілікпен іш бұрғандай.

Құрметтерін емес еді жасырғандай.
Ешкімгеде болмағасын бас ұрғандай.
Қойшыларда жайлау да тойды жасап,
Атақтарын өздерінің асырғандай.

Атар таңды барлығы аңдағандай,
Ерлік іске дайындай болсын қандай.
Басшыларда көрегендік даналықпен,
Теріс аққан жағасын таңдағандай.

Таңатар, ағамызда тұлпар мініп,
Жөн жосықты жүргесін әркез біліп.
Басқарып той-думанды жүріп еді,
Тойшылар да жүргесін, шат боп күліп.

Ағамызға той басқару жүктелгендей,
Азамат деп жүргесін ерлегендей.
Аудандағы басшылар да той басқартып,
Сенім артып нағыз ер деп елегендей.

Еліде жүргенненсоң тым сенгендей,
Азаматтық жүргесін ойға енгендей.
Тұлпар мініп той басқарып жүрседағы,
Кеуде қағып емес еді мен дегендей.

Тойшыларда жүріп еді құлақ салып,
Ағамыз деп азамат деп тілін алып.
Даналықпен оң сөз сөйлеп жүріп еді,
Жүрмеп еді ағамыздан көңіл қалып.

Той басқарып білекті тым түргесін,
Тектілікпен көзге түсіп тек жүргесін.
Тұлпар мініп жүрседе сабыр сақтап,
«Отаным» деп өмірді тек сүргесін.

Ерекше еді ағамыздың нар тұлғасы,
Біразырақ үлкен еді бізден жасы.
Азаматтық зор сенімге ие болып,
Дұмалап жүргендей ед, өрге тасы.

Миллиция да көрсеткендей қырағылық,
Болмасын дегендей боп ерсі қылық.
Ат үстінде жүріп еді тәртіпке сап,
Кей жастардың болғасын ісі былық.

Айтқаннансоң тәртіпті нағыз шынды,
Кей жастар да ұға біліп әділ сынды.
Сыр білдірмей қызса да жүріп еді,
Өмірде болғаннансоң тәртіп құнды.

Милицияның білгесін аямасын,
Көргендей боп жүрсе де нағыз қасын.
Кей сотқарлар дымы құрып жүріп еді,
Сыйлаған боп қызыметін үлкен жасын.

Қойынға жүрседағы тығып тасын,
Шатақты шығарса да ішіп асын.
Іштеріне жүріп еді қулық сақтап,
Милицияның силағандай қатты басын.

Болар тойға тойшылар қаптағандай,
Ат тұяғы көк шалғынды таптағандай.
Қамданып болар тойға түніменен,
Кей жігіттер бел шешіп жатпағандай.

Таңы да өзі оңайлықпен атпағандай,
Асыққаннан ішкен аста батпағандай.
Жол жүруге қамданып асыққан соң,
Таңғы астан әуелі татпағандай.

Теріс аққан жағасын да шат боп қаптап,
Жалындап жүріп еді әдеп сақтап.
Көрші ауданнан меймандарда келіп еді,
Тұлпарларын орғытып мінген баптап.

Танысымен өздерінің сәлемдесіп,
Хал сұрасып қал жайың қалай десіп.
Тұлпар мініп жүргесін тым орғытып,
Жүргендей ед айдарынан самалы есіп,


Тұлпарларын орғытып қағынғандай,
Қиындыққа емес ешпір шағынғандай.
Мейманның да көтеріліп кеуделері,
Ұзақ көрмей таныстарын сағынғандай.

Зор күтіммен қойда өзі бағылғандай,
Құлағына сырғалар да тағылғандай.
Қойшылар да төзе біліп қиындыққа,
Қиындықтан емес ешпір шағылғандай.

Батылдыққа жүргесін тек барғандай,
Ерлігімен жүргесін топ жарғандай.
Арасын да бал қымыздан татып алып,
Қолдары жүріп еді ұзарғандай.

Көтеріліп күнде біраз той да қызып,
Жүрмегесін қойшылар да ешпір бұғып.
Қысы жазы тепеңдеп мал баққанмен,
Тойлаудың да керектігін жақсы ұғып.

Отаршыл да тойды жасап мәз қылғасын,
Аударғандай қойшыларға ықыласын.
Кеудеге де жүргесін орден тағып,
Жүргендей боп көрінгесін силап басын.



Басшылар да басшылық қып қадағалап,
Қойшылардың зор еңбегін тым бағалап.
Азаматтық сақтағасын тектілікті,
Кей қойшылар жүріп еді тым ағалап.

Нағыз ерге жүргесін сон да балап.
Басшы болып жүргесін қойып талап,
Ауданның қатшысы да мән бергендей,
Жақсы өтуін қойшы тойын өте қалап.

Таныта алып басшылар да ер жігітті,
Өзі басшы болғасын жүрек түкті.
Қойшылардың тойына басшылық қып,
Ойлағандай жүріп еді тым бірлікті.


Азамат боп тым отанды ойлағасын,
Орныменен тойды да тойлағасын.
Ойлағасын гүлденуін Отанының,
Даналық қып терең ойға бойлағасын.

Тебіреніп толғанып ой шолғандай,
Тойшы біткен жалындап шат болғандай,
Руқтанып барлығы шыңға қарап,
Жайлау көркі көңілге тым толғандай.

Руқ беріп тойшыларға ой салғандай,
Көтеріліп көңілдері тым қалғандай.
Бойларын да болғасын талпынысы,
Жалындап зор әсерді тым алғандай.

Мейманға да дүбірлі той ұнағандай,
Кеу де қағып жүрмегесін сынағандай.
Таңатар ағамызды той басқарған,
Құлақ асып жүріп еді тыңдағандай.

Ерлік істеп қиындықта шыңдалғандай,
Азамат боп сондықтан шыңды алғандай.
Азаматтық ұлы істерді атқарғасын,
Көңілдер де емес еді еш қалғандай.



Бура санды балуандар да талтаң басып,
Тым жалындап жүріп еді күші тасып.
Теңдіктерін жүріп еді сақтай алып,
Көп балуаннан жүрсе де күші асып.

Сүрінсе де жүрмегесін ешпір жасып.
Қарайғаннан жүрмегесін ешпір сасып.
Балуандығы сезіліп тұлғасынан,
Тым сабырлы жүріп еді маң маң басып.

Ерлік істі өмір де тек таңдағасын,
Нағыз ер деп жүргесін сыйлап басын..
Тұлғасымен жүріп еді көзге түсіп,
Ғажаптығын таудың да аңдағасын.


Азаматтық болғасын ойларын да,
Намыстары болғасын бойларын да.
Тектілікті сақтай алып жүріп еді,
Қойшылардың силай біліп тойларын да.

Ерлік істі болғасын тым жөн көрген,
Бос сөздерге емес еді ешбір ерген.
Нағыз ерлер болғасын сом білекті,
Ерлік іске жүріп еді көңіл бөлген.

Мал басы да көбейгесін өсіп өніп,
Жыртқыштардан жүрмегесін қауіп төніп.
Тұлпарларын орғытып қойшылар да,
Қиындыққа жүрмегесін ешбір көніп.

Егемендік елдігінің келетінін,
Қойшылар сездіргендей сенетінін.
Қой соңын да жүрсе де жазы қысы,
Қиындықты сездіргендей жеңетінін.

Қалығына жүргесін бұрып бетін,
Азаматтық атқарғасын өз міндетін.
Малы басың аман ба деп бір-біріне,
Сәлемдесіп білдіргесін тым ізетін.



Ұнатпайтын балуандарғой бос сөзіңді,
Ерлік іске жеткізетін тек көзіңді.
Боз кілем де ерлігіңді көрсете алсаң,
Бағалап жүретұғын тым өзіңді.

Айтсаң ғана ұнататын тек шыныңды,
Ер болғасын ұнатпайтын еш мылжыңды.
Азаматтық көрсете алсаң тірлігіңді,
Ұнататын нағыз ер деп тым мұныңды.

Өмір де ұнатқасын шындығыңды,
Ұнатпайтын алдайтын тым сұмыңды.
Ажыратып ақ қараны жүргенненсоң,
Азамат деп түсірмейтін еш құныңды.


Жауды құған ер болғасын бабалары,
Анық еді биік шыңды ала алары.
Сезіліп ед іштерінің кеңдіктері,
Ұлан байтақ кең болғасын далалары.

Көрсеткесін өмірде тек ерлігін,
Еш қиналмай көтергесін ердің жүгін.
Өзі қайсар болғасын бет қайтпайтын,
Боз кілем де көрсеткесін жүрек түгін.

Білек түріп балуандар көп келгендей,
Жеңеріне өздерінің тым сенгендей.
Белді буып балуандар көп келсе де,
Бір-бірінен емес еді сескенгендей.

Азаматтық адамдықты ескергендей,
Ер болғасын ерлік істі жөн көргендей.
Білек түріп боз кілем де тек белдесіп,
Бағын сынап бойы да күшін тексергендей.

Ұлы елі де жүргесін елегендей,
Азаматқа нағыз бір теңегендей.
Ер болғасын сескеніп қорқу деген,
Әуелі іштеріне кірмегендей.



Надандық атаулыны жерлегендей,
Азаматтар болған соң ер дегендей.
Жан аямай әркезде тым жаттығып,
Ер болғасын барды салып терлегендей.

Қолдан намыс ешқашан бермегендей,
Жаттығып бос сөздерге ермегендей.
Қырандардай шыңдарға көзді салып,
Ерлік етіп шыңға құлаш сермегендей.

Азамат боп жеңу үшін тек келгендей,
Уақытта желісті аттай тез желгендей.
Біраз жасқа келседе кей балуандар,
Белдестерде көзге түсіп ерлегендей.


Атақ абырой өздерінің еңбегіндей,
Жүрегі де даласының кеңдігіндей.
Жалындаған азаматтар болғаннан соң,
Жүрсін қалай еңбегі еш еленбей

Белдескен де жүргесін жұлде бермей,
Жүретіндей өсек-аяң бос сөзге ермей.
Сен тұра тұр болса да мен атайын,
Жүретіндей сонда да кеу де кермей.

Еріккеннен бұл тойға келмегендей,
Мықты болсаң әуелі кел дегендей.
Сан белдесте мықтыларды тек жеңгесін,
Жеңед десе әуелі сенбеитіндей.

Таза ұстаған балуандар ед әркез арын,
Көрсетпеген ешкімдерге пейіл тарын.
Армандары өте биік асқақ еді,
Мәз болмайтын бір күнге тойса қарын.

Ақ пейілін бір-бірінен тыймайтыдай,
Көңілдерін бір бірінің қимайтындай.
Тау көркінен ғажайып әсер алып,
Шаттанып езулерін жимайтындай.



Азаматтық әдеттері қалмайтындай,
Шыңға көзді бос бекер салмайтындай.
Сұқтанып тау шыңына көз салғанмен,
Жанарлары сонда да талмайтындай.

Алған беттен барлығы қайтпайтындай,
Намыс қылып бос сөзді айтпайтындай.
Қойшыларда анда санда тойды жасап,
Боз кілем де кім мықтыны байқайтындай.

Балуандарда сондықтан шындайтындай,
Боз кілем де бірін бірі сынайтындай
Білек түріп белдесіп барды салып,
Жанбасқа алмай бірін бірі тынбайтындай.

Балуандар ед кең иықты өр кеуделі,
Құрметтеген балуан деп әркез елі.
Балуандығын ерлігін де көрсеткесін,
Қайыспаған ауыр жүкке ешпір белі.

Нағыз ерін жүреді ғой қалқы танып,
Азаматтық жүргесін сырға қанып.
Азаматтар одан сайын ерлесін деп,
Жүреді ғой руқ беріп намыс жанып.

Қиял ойда кеткендей ед көкті кезіп,
Барлығын да жүріп еді жүрек сезіп.
Өзімді өзім ұстап едім ер жігіттей,
Бос сөз сөйлеп жүрмегесін малтаны езіп.

Тағыда сынамақ боп мен бағымды,
Азамат боп сындырмай еш сағымды.
Халқыма көрсетпек боп ерлігімді,
Жалындаған босқа өткізбей жас шағымды.

Сезгеннен соң кәртейгесін қыр кетерін,
Жанардыда білгесін мұңды етерін.
Тек қана ерлік іске бекіп едім,
Білгеннен соң қарттықтың да тез жетерін.

Бос өткізбес нағыз ерлер өмірлерін,
Халқыныңда көтерер көңілдерін.
Жүреді ғой білек түріп еңбек етіп,
Гүлдентуге тырысып байтақ жерін.

Азаматтар көрсетеді төзімділік,
Бойларын да болмайды өзімшілдік.
Қазақтайын туған соң ер халықтан,
Білек түріп істейді ғой әркез ерлік.

Мақтағанға емес едім мастанғандай.
Жүргеннен соң зор сенімді ақтағандай.
Халқыма керектігім сезілген соң,
Өсек сөзден жүріп едім сақтанғандай.


Бос сөздерге көңілімде соқпағандай,
Ата анамды жүргенмен жоқтағандай.
Үлкендердің сөзіне құлақ түріп,
Жөн сөздерге едім тек тоқтағандай.

Таң атар ағамызда көпті жиып,
Ортасына жүргесін әркез сиып.
Тойшы біткен тез арадақ жиналып ед,
Әзілменен қалжыңды сонда тиып.

Ағамыздың сөздерін тыңдап ұйып,
Жүргеннен соң құлаққа алып құйып.
Сақтай алып жүргесін тым сабырды,
Жүрмегесін ездiкпен бос ыржиып.

Ағамыз дегенменен шын ер еді,
Гүлдентпек боп жүргесін байтақ жерді
Таразысы болғасын өз ішін де,
Көрсетіп жүргендей ед нағыз ерді.

Жақтырмайтын өмір де ынжық ездi,
Азамат боп ойлағасын қалықты елді.
Отаршылдық саясаттың қаталдығын,
Сездірмей жүргендей ед қиын кездi.



Даналықпен жүргендей ед бәрін біліп,
Оң сөздерді жүргесін құлққа іліп.
Қиындығын заманның еш білдірмей,
Ат үстін де жүріп еді шат боп күліп.

Әділ еді жүретұғын ешпір шалмай,
Азаматтық адамдығы әркез қалмай.
Барды салып жүргесін қызмет қып,
Азаматтық қалай жүрсін ойды салмай.

Басшылар да өткізіп ед сонда жиын,
Оңай емес қой бағуда деп ед қиын.
Мәз қылып ед марапаттап ерлерді тым,
Озғандардың қолына беріп сыйын.


Көрсетіп жүргенненсоң ағалықты,
Ауызға да қаратқасын тым халықты.
Табысымен құттықтап қойшыларды,
Айтып еді және де жаңалықты.

Силағасын қалықтай тым алыпты,
Сөз сөйлеп ед өзін ұстап бір қалыпты.
Көп қозы алған қойшыларға риза боп,
Маңдайларын терге деп тым малыпты.

Тым мақтап қойшылардың озғандарын,
Ерлік істеп айға қолын созғандарын.
Азамат боп қиындыққа төзе біліп,
Отар қойды бақты деп салып барын.

Азаматтық сақтады деп әркез де арын,
Бағама деп жүрсе егер сипап қарын.
Арқасынан кей қойшының қағып еді,
Көрсетпей қойшыларға пейіл тарын.

Мақтап еді көп қозы алғандарын,
Маңдайларын тым терге малғандарын.
Шат болып тұрып еді ер қойшылар,
Ерлігімен қызартқандай қалғандарын.



Ер қойшылар көбейткесін баққандарын,
Басшылар да жасырмай мақтандарын.
Ер қойшыны көп алдын да қоймай мақтап,
Еңбегімен айтып еді жаққандарын,

Көп көзінше сұрап алып қойшы қалын,
Еш шығынсыз баққасын ерлеп малын,
Қойшы тойын жүргесін силай біліп,
Сөйлеп еді кетірмей суға салын.

Сездірмей ауыр жүктің батқандарын,
Сездірмей ашшыны да татқандарын.
Ауырлықтан қайыспай белдері де,
Естіп едім еліне үнін қатқандарын.


Азаматтар жүргендей ед салып барын,
Малын бағып таза ұстап әркез арын.
Орден тағып жүрсе де теңдік сақтап,
Мақтан қылмай жүріп еді таққандарын.

Сезетіндей ер қойшылар атар таңын,
Шығармай қой баққасын жердің шаңын.
Ер болғасын қиындыққа шыдай біліп,
Отаршылдың сезгесін қатал заңын.

Құлахметов ағамызға волга силап,
Басшы біткен қуантқандай қалқын жинап.
Тағы да ақ волганы сыйлап еді,
Батыр қойшы атанғасын жанын қинап.

Төлеген ағамыз да ер көңілді,
Азамат боп түсінетін бұл өмірді.
Омырауда ордендері тым жарқырап,
Жарқыратып жібергендей таулы өңірді.

Волганы алып сөйлеп еді жүзі жарқын,
Түсінгесін әркез де сөздің нарқын.
Бұрынғыдан тойда еді тым қызғандай,
Ерлер волга ап кеткендей ед алып қарқын.



Игеріліп жатқандай ед тауда да тың,
Куәгер боп қарайтындай ақ басты шың.
Ақ бас шыңдар күнменен тым жарқырап,
Көзді тартып тұрып еді құбылып мың.

Ер атанып дегендей ед бақыттысың.
Дегендей ед халқыңның батырысың.
Ақындардың дегендей сен жырысың,
Арта берсін дегендей ед бақ ырысың.

Ер қойшылар алатындай кең тынысын,
Сездіргендей ерлігінің тым дұрысын.
Шыңға қарап кеуделерін асқақ ұстап,
Өздерін жасыта алмай еш қиын сын.


Ер атанып қалайша қорқып бұқсын.
Ерлігімді дегені ғой жастарда ұқсын.
Орден тағып жастарға үлгі болып,
Отанын сүйгенненсоң жүрекпен шын.

Тойшыларда қарайтындай тым таңырқап,
Атақтары кеткен соң шыңға шырқап.
Ағамызда тау шыңынан сыр ұққандай,
Тұрып еді ақбас шыңға тым көзін сап.

Ерліктің түсінген соң тым дұрысын,
Ерлік іске сезіп едік құлшынысын,
Еңбек етіп отанына үлес қосып,
Елінің дүзетпек боп тым тұрмысын.

Музыка ойнап тойшы біткен шаттанғандай,
Ерлеріне ағамыздай мақтанғандай.
Құлахметов ағамыз тағы да озып,
Ер атағын еді сонда сақтағандай.

Жеңгеміз де ер ағаны баптағандай,
Азаматтық бекер үнді қатпағандай.
Ерлік істеп ағамызда барын салып,
Бел шешіп кең көсіліп жатпағандай.



Еңбек десе ішкен ас та батпағандай,
Бел бумаса таңы да өзі атпағандай.
Ер атанып көп алдында уәде беріп,
Халқына үнді бос бекер қатпағандай.

Содандағы баққан қойы қаптағандай,
Көлеңкелеп әуелі жатпағандай.
Құлай аққан бұлағынан таудың ішіп,
Ылай суды шөлдесе де татпағандай.

Азамат боп ерлік іске белін байлап,
Отар қойға өрісін де таңдап сайлап.
Шөбі шүйгін шыңдарға қойын бағып,
Шыңдарды да алатындай жүріп жайлап.

Ақ бас шыңды жайлауда қойын бағып,
Ерлігімен тұрғандай ед көпке жағып.
Тұрмап еді сонда да кеуде қағып,
Жүрседағы кеудесіне орден тағып.

Зор еңбегі жүргесін ашып бағын,
Ешкімнің де күндемей мінген тағын.
Азамат боп жүргесін ерлік істеп,
Қиындықтар сындыра алмай ешбір сағын.

Ұқсаған соң ер Төкең нағыз ерге,
Қаратпай жүргеннен соң халқын жерге.
Аяз бенен ыстыққа төзе біліп,
Азаматтық адал болып міндеттерге.

Азамат боп жүргесін шыңдарды алып,
Халығы да қалайша жүрсін налып.
Ер Төкеңе ақ волганы мінгізгенде,
Тойшы біткен қарап еді тым таң қалып.

Жайлау төсі кеткендей ед тым жанданып,
Ерлік істеп жүргесін жүрек жанып.
Ер Төкеңнің азаматтық ерлігіне,
Тұрып еді шынымен айыз қанып.

Басшылар да ер қойшы деп сыйлағасын,
Қойшы тойын тойлауға жиналғасын.
Тым құрметтеп тұрып еді ердің басын,
Азаматтық ерлігіне иланғасын.

Ер Төкең дәлелдеп ед ер екенін,
Атағының шыңға шырқап тек кеткенін.
Ерлік етіп жүргесін тек өмірде,
Зор табысқа қолының тек жеткенін.

Тойшылар да жүріп еді тым шат болып,
Азаматтық жүргесін ойды шолып.
Ер Төкеңді қолдан алып құттықтап ед,
Көзі жетіп ерлігіне көңіл толып.

Айтыс

Айтысуға шығып еді ер ақындар,
Сан өнерге болмағасын ешқашан зар.
Өткізбек боп тойды айтысып тым қызықты,
Тыңдауға болғаннан соң елі құмар.

Қалығына болғасын айтары бар.
Кемшілікті болғасын әркез сынар.
Өмірдегі әркезде шындықты айтып,
Ерлігімен болғасын әркез де ұнар.

Азаматтық болғасын бойында ар,
Көтергесін өмірде жүгін де нар.
Ақындықтың көтергесін әркез жүгін,
Қалай ғана болады іштері тар.

Алған беттен қалайша ақын қайтар,
Қалығына болғасын шындықты айтар.
Ынжықтықты көрсетіп көп алдында,
Қалығын қалай ғана тым мұңайтар.

Азаматтық жүргесін үнді қатып,
Қалай ғана сөйлейді сөзді шатып.
Күніне мың қалайша толғанбасын,
Келеңсіз жайт жүргесін жанға батып.

Домбыраның құлағын алып бұрап,
Қал жағдайын қойшылардың алып сұрап.
Басты иіп тойшылармен сәлемдесіп,
Суырып сап айтысып ед жырды құрап.

Қалығына жүргесін өнері ұнап,
Айтысқасын кемшілікті әркез сынап.
Азаматтық ерлікті көрсеткесін,
Айтысып ед ақындар сонда шындап.

Айтыспассың мәңгі бақи бұл жалғанда,
Дұрысаққой ұрпаққа ой салғанда.
Отанға қызметті еткен дұрыс,
Азаматқа дұрысқой шыңды алған да.


Ақындар айтысып ед барын салып,
Көрерменнің қолдауынан шабыт алып.
Қойшыларда мәз болып отырып ед,
Айтысына ақындардың тым таң қалып.

Маңдайды тез арад-ақ терге малып,
Айтысқасын бірін бірі сөзбен шалып.
Өткір тілмен бірін бірі сынаса да,
Отырмап ед сонда да ешбір налып.

Айтысып ед сақтай алып теңдіктерін,
Көрсеткесін әркезде кеңдіктерін.
Отанын ойлағасын тым қалығын,
Азамат боп ойлағасын елдіктерін.

Айтысып ед көрсетіп ерліктерін,
Қалқының ұнатқасын бірліктерін.
Қойшыларды жүр деп еді барды салып,
Азаматтық ұнатқасын тірліктерін.

Орамалмен сүртіп қойып маңдай терін,
Ақындардың көрсеткесін нағыз ерін.
Тер шыққасын дауыстары тым ашылып,
Гүлдепек боп жүргесін байтақ жерін.



Айтысып ед суырып сап намыс жанып,
Ақын деп жүргенненсоң елі танып.
Таза тыңдап қойшымен тойшылар да,
Азаматтық отырып ед сырға қанып.

Ақындарғой нағыз ерді даралайтын,
Даралап емес еді алалайтын.
Домбырамен көп алдын да жырға қосып,
Зор еңбегін болғасын бағалайтын.

Өмірдегі шындықты тек қалайтын,
Даналық қып болмағасын еш алдайтын.
Шындықты айтуға тек тырысқасын,
Топ жарғанды нағыз ерге тек балайтын.


Жүректерді емес еді жаралайтын.
Емес еді ешкімді қаралайтын.
Ақындарғой барды сап айтысар да,
Қарсыластың елін, жерін аралайтын.

Шыңдары да болмағасын еш алмайтын,
Қатарынан болғасын еш қалмайтын.
«Отаным» деп барды сап айтысқасын,
Ақындар ғой дауыстары еш талмайтын.

Ән-жырымен көтеріп ед тым көңілді,
Түрлендіріп жібергендей таулы өңірді.
Пенделік қып кей жайдан түңілгендер,
Қайтадан сүйгендей ед бұл өмірді.

Азаматтық шығарғасын ерлеп үнді,
Тайсалмай айтып еді кейбір мінді.
Отаршылдық саясатқа көңіл толмай,
Аңсағандай егемендік жарқын күнді.

Баса айтып ед және де тек бірлікті,
Азаматтық адамдықты тым тірлікті.
Барды салып жалындап айтысқасын,
Даналықпен көрсетіп ед ірілікті.



Азаматтық білдіріп ед ақ тілекті,
Шеттерінен болғасын тым жүректі.
Қойшылар да мал баққасын қысы-жазы,
Тапқандай боп отырып ед тым тіректі.

Жазы-қысы еткесін тек еңбекті,
Шеттерінен болғасын өте текті.
Ақындарда айтысып ой салғасын,
Ойлағандай одан сайын келешекті.

Айтпағасын бос сөзді шатып-пұтып,
Азаматтық жүрмегесін сөзді жұтып.
Көп алдында мағыналы сөз айтқасын,
Қарсыласын жүргесін әркез де ұтып.

Оң сөздерді жүргесін әркез ұғып
Қарайғаннан жүрмегесін ешбір бұғып.
Көрсетіп жүргеннен соң ақындықты,
Көңілдерден жүргесін әркез шығып.

Барды салып айтып еді тек шындықты,
Асылдықпен көрсетпей ынжықтықты.
Даналықпен назарға ілініп ед,
Өжет ақын болғасын өте мықты.

Айтысып ед қойшыларға бақыт тілеп,
Азамат боп кемшілікті әділ мінеп.
Ақын біткен барды сап тамақ кенеп,
ЕрТөкеңді батырға сонда теңеп.

Азаматты ер етеді еткен еңбек,
Нағыз ерлер қиындықты әркез жеңбек.
Азаматтар әркезде ерлік істер,
Атақ абырой тер төкпей қайтып келмек.

Азаматтар мол өнімді әркез бермек,
Азаматтық ұлы істер емес ермек.
Нағыз ерлер білек түріп еңбек етер,
Пенделік қып бәле-жала емес термек.

Жүреді сондықтан да әркез ерлеп,
Білек түріп жүргесін маңдай терлеп.
Барды салып Отаным деп жүргеннен соң,
Және жүрер жалқаулықты әркез жерлеп.

Кей төреші отырып ед ыржақтаған,
Айтқанменен оң сөзде еш жақпаған.
Сөйлей салып жүргесін мәнді білмей,
Ақындары болмағасын мін тақпаған.

Көрсетіп жүргенненсоң жымысқылық,
Адамдыққа қалай ғана болсын құлық.
Көрсете алсын қалай ғана адамшылық,
Ездікпенен болғасын ісі былық.


Өзі күншіл болғасын екі жүзді,
Үлкенге де сен дегесін қойып сізді.
Сары ауыз болса дағы әліде жас,
Біл дейтұғын кеу де қағып мына бізді.

Шыңды алып басам демей мен де ізді,
Азаматтық көрсете алмай жарқын жүзді.
Үлкендерді жүргесін еш силамай,
Тексіздікпен көрсететін көргенсізді.

Жерлестерін мақтағасын айтпай жатып,
Өзге ақынды отырғасын көзбен атып.
Дара ақынның көп алдын да сүрінгені,
Қалай ғана жүреді жанға батып.

Жақтырмай отырғасын алып қырға,
Жаққаннансоң күиені жақсы жырға.
Көзбен көріп бәрін де аңдағасын,
Қаныққандай отырып ек біраз сырға.

Қалып еді кей ақын кібіртіктеп,
Айтысқа шыққанменен бойын тіктеп.
Кей қазының іште аласын білгенненсоң,
Қараулық қып отырғасын ұпайын жеп.



Көп алдын да айтқанмен қойшы зарын,
Ақын біткен айтысқанмен салып барын.
Сондада кей қазылар қараулық қып,
Іштарлық қып сыйламап ед ақындарын.

Басқандай боп отырып ед қарқындарын,
Жүздерінің көрсе де жарқындарын.
Құлаққа мақта тығып алғандай боп,
Ақындарға көрсеткендей іштің тарын.

Шындығыңды жүргесін еш ұнатпай,
Отырмасын қалай ғана көзбен атпай.
Надандықпен өмірді сүргеннен соң,
Жүргеннен соң өзіне сөз де батпай.

Қалай ғана сөйлемесін сөзді шатпай,
Азаматтық жүргесін үнді қатпай.
Тексіздікті өмірде көрсеткесін,
Нағыз ерді қалай ғана жүрсін сатпай.

Шеттерінен болса да нағыз дарын,
Бағаламай отырып ед дарындарын.
Айтысыңды соза бермей тез бітір деп,
Таптағандай отырып ед ақын арын.

Жалтақтық қып сездіріп ед жағынғанын,
Жақтырмай кей ақынның шағынғанын.
Тек шындықты көп алдында айтсадағы,
Егемендік елдігін сағынғанын.

Көп айтысып сездірсе де ысылғанын,
Мәрттікпенен сездірмей қысылғанын.
Кей ақындар көп алдында шындықты айтып,
Көзімізбен көріп едік таң қылғанын.

Ақындардың жеңгесін әркез санын,
Айтысып ед көп алдында салып барын.
Дүбірлі той одан сайын шабыт беріп,
Қыздырғандай жалындатып қызу қанын.

Кей ақындар ой түйдіріп кәрі жасқа,
Келерін де білмейтіндей бәле басқа.
Қызғаннан соң сақтықты да ұмытқандай,
Шекелері тисе де талай тасқа.

Үйір болмай жүргесін дайын асқа,
Кемшілікті болмағасын сөз қылмасқа.
Адамдықты сездіргендей айтысып ед,
Шындықты айтып сүрінсе де талай қасқа.

Асылдықпен жүргесін шындықты айтып,
Тек ерлеп көрмегесін беті қайтып.
Жалтақтаған жан жағына кей қазыны,
Тастап еді тұқыртып тым мұңайтып.


Болмағасын еш өнерге жақындығы,
Сезілгесін жыр өнерге салқындығы,
Отырғыза салғасын төреші қып,
Болмаса да бойында ақындығы,

Түсінбей отырғасын сөздің мәнін,
Бүлдіріп отырғасын айтыс сәнін.
Ақындардың мағыналы сөзін емес,
Жәй ғана отырғасын тыңдап әнін.

Мол болғасын бойында қараулығы,
Қызықтырмай ақындардың еш саулығы.
Көзбен атып отырғасын шындықты айтса,
Сезіліп те кей ақынға тым жаулығы.

Ақындар да мән бермей бос бір сөзге,
Өмір де ұқсағасын нағыз ерге.
Көп ішінде отырған кейбір бөспе,
Түскендей боп отырып ед қара терге.

Қарағандай отырып ед қара жерге,
Қарап қойып қасындағы жігіттерге.
Ез екенін отырып ед сездіргендей,
Білмесе де ез екенін ешкімдер де.



Кей пенденің болғасын іште аласы,
Асылға да болғасын көп жаласы.
Жан жағына жалтақтап отырып ед,
Ісінің де болғасын көп шаласы.

Өз өзінен отырып ед қуыстанып,
Кей ақындар айтты ма деп мені танып.
Отырғаны сезіліп ед секемденіп,
Ақындар айтысқасын намыс жанып.

Еш сыйламай жүргесін салт-дәстүрін,
Сатқындықпен түземей бойда мінін.
Шала қазақ атанып жүргеннен соң,
Еш шығармай жүргесін жарқын үнін.

Еш ойламай жүргесін ұлы елдікті,
Кеуде қағып көрсеткесін мен мендікті.
Салт-дәстүрді қалай ғана ұмытпасын,
Көрсетпей жүргеннен соң тектілікті.

Ақындар көрсетіп ед ақындықты,
Ақындықпен салт-дәстүрге жақындықты.
Жақтырмайтын болғасын ынжықтықты.
Айтып еді барды сап тек шындықты.

Ақындар пайдаланып мүмкіндікті,
Азаматтық көтергесін әркез жүкті.
Кездесетін кемшілікті айтып еді,
Отаршылға көрінсе де тым күдікті.

Артық ақын бұл жарысқа келмеп еді.
Сан тойларда айтысып ерлеп еді.
Кей ақындар «менмін» деп төсін қаққан,
Қарт ақыннан жеңіліп терлеп еді.

Еш ақыннан жеңіліп көрмеп еді,
Бағы жанып атағы өрлеп еді.
Сан жарыста айтысып жеңгеннен соң,
Ақын аға міне сізге төр деп еді.

Ақындықпен атағы жер жаратын,
«Отаным» деп жарыстарға тек баратын.
Ақындығын көрсетіп жүруші еді,
Биік қойып ақын атын, адам атын.

Жыр өнерге болғасын өте жақын,
Ешкімнің де жүргесін жемей хақын.
Қазағына белгілі болғаннан соң,
Айтыста озған болғасын дүлділ ақын.

Кей қазылар жүлдені әділ бермей,
Үлкендік қып жүрсе де кеуде кермей.
Бесағаш ауылында қалып еді,
Ағамызға жүр дегенмен сонда ермей.


Кей қазының болғасын іші ала,
Әрбір істе болғасын ісі шала.
Тектіге де жүргесін күйе жағып
Еш қолдамай жүргесін жауып жала.

Жүргендей боп жүргесін көріп бала,
Сескендірмей жүргесін өкпе нала.
Білімі жоқ болғасын надандықпен,
Тарлық қыпта жүргесін байтақ дала.

Жерлестерін озды деп өтірік мақтап,
Адамдықты жүрмегесін бойға сақтап.
Төреші боп қалай ғана жарытады
Жүрмегесін азамат боп сенімді ақтап.

Әділдік қып шын жеңгенді айтпағасын,
Қараулық қып алған беттен қайтпағасын.
Бойын аулақ ұстағасын әділдіктен,
Қараулықты қалайша ол қылмасын.

Сондықтан да қарт ақын ермегендей,
Жүргенменен ешкімнен көрмегендей.
Бір басына атағы жеткенменен,
Кеуде қағып емес еді мен дегендей.



Көзқарасы ағамыздың өзгергендей,
Айтысып жүргенменен ерлегендей.
Әділдікті кей төреші білмегесін,
Өкпелеп кей қазыға сенбегендей.

Бос сөздерге емес еді еш көнгендей,
Қарт ақын жастарға енді жол бергендей.
Бір жағынан қарт ақын әділдік қып,
Айтысқанын жастардың жөн көргендей.

Ұрпағына жол беретін кез келгендей,
Өнерлерін бағалап елегендей.
Жастарда тым өнерлі болғаннан соң,
Ұрпағына қарт ақын тым сенгендей.

Қарт ақынның қалғандай беті қайтып,
Кей төреші тастағасын тым мұңайтып.
Барғысы келмейтіндей айтысуға,
Топты жарып жүргенмен әнін айтып.

Кей қазыдан көңілі тым қалғасын,
Қараулығын көңілге тым алғасын.
Қолдағы аз билікті пайдаланып,
Іштарлық қараулық қып тым шалғасын.

Кей дарынның кетсе егер атағы асып,
Тастағысы келетін бар кеуде басып.
Дарындарға жүргесін іштарлық қып,
Жалындап өзінше боп жүр деп тасып.

Қонақтығын өмірге ойға алмай.
Ездікпен сөйлейтін бар абайламай.
Іштарлықты көрсетіп жүргеннен соң,
Надандығы, пенделігі ешбір қалмай.

Алғандай ед ақындардың берекесін,
Қараулық қып бұзғандай ед мерекесін.
Өнерлерін шығарғандай мүлдем жоққа,
Ақын деген силамай ел еркесін.

Кемшілікті ақындар сөз еткесін,
Қызып та кейбір кезде тым кеткесін.
Кей қазылар тырысып отырып ед,
Бұрмасына туғанға да көз жеткесін.

Құрығандай қайтып еді тым амалы,
Айтысып демалғанмен аз шамалы.
Қалайша жақсы болсын ақын қалы,
Бетті өпкенмен биік шыңның тау самалы.

Ақындардың болғанмен ақсақалы,
Төбеге көтергенмен қараталы.
Өнеріне қараулық жасалғасын
Кеткендей боп қайтып еді суға салы.


Шарапат тигенменен жақсылардан,
Жүз жылда бір туатын асылдардан.
Кей қазының бүйрегі бұрмап еді,
Күншілдікпен болғасын жұрдай ардан.

Ақын еді дегенмен тым бақытты,
Өткізбейтін бос бекер еш уақытты.
Жастықтың да өткенін сезгендей ед,
Жалындаған жастығын тым қымбатты.

Қалғандай ед толғанып ойға батып,
Ақындықпен жүргенмен таңы атып.
Дем алғысы келетіндей енді жатып,
Ақындықпен жүргенмен үнді қатып.

Қиялы да шыңға шырқап тым кеткендей,
Қарт ақынды жастарда үлгі еткендей.
Не дүлділді айтысқанда жеңе алып,
Не бір ақын емес еді еш жеңгендей.

Айтысып та жүргесін елді аралап,
Еңбекте озған озаттарды тым даралап.
Үлкендігін сақтаушы еді әркезде де,
Жан біткенді сөйлемейтін еш қаралап.



Азаматтық ұлы істерді ерлер білмек,
Сондықтан да жөн сөзді құлаққа ілмек.
Нағыз ерлер еңбегімен ер атанбақ,
Ұлы істерді атқарып әркез жүрмек.

Інілері айтысып ед барын салып,
Өнерімен жүрген соң биікті алып.
Қартайған ағамызды жоқтағандай,
Топ ішінде тұрып едім ойға қалып.

Шеттегені ағамыздың ой салғандай,
Жалпағынан басқанмен бұл жалғандай.
Ақындарда айтысып ед барды салып,
Қартаярын бір кездері ойға алғандай.

Азаматты еңбек еткен маңдай терлеп,
Жалқаулық атаулыны жүр деп жерлеп.
Құлахметов ағамызды мақтап еді,
Азаматтық көрсетті деп әркезде ерлеп.

Орден таққан кеудесіне нағыз ер деп,
Ер қойшыға әркез де саулық бер деп.
Орден тағып тек ерлеп озғаннан соң,
Шыңға биік құлашын жүр деп сермеп.

Ерлік іске ақындар үн қосқандай,
Жырға қосып ерлік ісін құптағандай.
Қызып кетіп домбырасын қатты қағып,
Оңайлықпен емес еді тоқтағандай.

Қарсыласта барды салып ән салғандай,
Тойшыларда зор әсерді тым алғандай.
Бет ауызын ормалмен жиі сүртіп,
Маңдайларын терге де тым малғандай.

Арасында кемшілікті сынағандай,
Кей қойшыға болмасада ұнағандай.
Сезіліп ед ақындардың кең тынысы,
Әнін шырқап бір сәтке де тынбағандай.

Кей ақынның қарсыласты мысы басып,
Айтысып көрмегесін ешбір жасып.
Отырып ем ақындарға табыс тілеп,
Ағамыздай жүрсін деп атағы асып.

Ақындардың барлығына тәубе деп ем,
Айтыстары болмағасын ешкімнен кем.
Орден таққан ағалардың ерліктері,
Ақындарға айтысқан бергендей дем.

Ақындар айтысып ед шабыттанып,
Ер қойшылар жүрмегесін сөзден танып.
Тағы да ер Төкеңнің озарына,
Тойшыларда отырып ед қатты нанып.

Үлгі етіп ер Төкеңді салып ойды,
Қойшылар да баққасын жақсы қойды.
Тойды жасап жатқасын салып барды,
Жырға да қосып еді сыйлап тойды.


Ездік істі білгесін еш қылмасын,
Ер қойшылар көбейтті деп қойдың басын,
Таусоғарға айналдырып қойшыларды,
Қойшылардың мәз қылып ед кәрі жасын.

Қыз қуу

Жігіттер де қыз қууға сонда шығып,
Ер болғасын тасаға қалмай бұғып.
Тұлпарларын астындағы көкке орғытып,
Жүрмегесін ездiкпен көңiл жығып.

Көкпар тартып ысылғасын қызды қуып,
Тәуекел деп шығып еді белді буып.
Азаматтық әркезде көрсеткесін,
Қыз қуудан жүрмегесін көңiл суып.

Қазағының салт-дәстүрін жалғастырып,
Беделін де жүргесін алға асырып.
Салт-дәстүрді жүргендей ед қолға алып,
Өнерлерін жүрмегесін еш жасырып.



Салт-дәстүрді жүргендей ед жандандырып,
Тым жалындап жүргесін таңдандырып.
Ерлігіне жүргендей ед тек нандырып.
Ерлік іске жүргесін қамдандырып.

Керектігін салт-дәстүрдің жақсы біліп,
Қыз қууға шығып еді шат боп күліп.
Тұлпарға да астындағы тым сенгесін.
Азамат деп жүргесін көзге іліп.

Гүл қыздар да шығып еді камзол киіп,
Үлкендерге сәлем беріп басын иіп.
Камзолдары жарқылдап тым күнменен,
Қолаң шашты желкеге алып түйіп.

Жігіттер де жүргесін қызды сүйіп,
Зор бақытты бергендей басқа үйіп.
Қыз қумақ боп жүргесін кей жігіттер,
Төбелері жүргендей ед көкке тиіп.

Солайша қыз қууда басталып ед,
Жігіттерге кеңшілік жасалып ед.
Қызды қуып кей жігіттер тез-ақ жетіп,
Көргендей боп аққуын бассалып ед.

Қуып жетіп жігіттер жабысқандай
Ғашығымен тез арада-ақ табысқандай.
Сақтықты да жігіттер ұмытқандай,
Тұлпарлары болғанмен қағысқандай.

Емес еді еш кінә тағысқандай,
Біраз сырға болғасын қанысқандай.
Жанармен де бір біріне сыр ұқтырып,
Намысты да еді тым жанысқандай.

Азаматтық жүргесін үн қатқандай,
Ерлей алып қызды қуып таңы атқандай.
Сәукелесін бастағы қорғаса да,
Қуып жетіп кей жігіттер бал татқандай.

Жабысқасын сүйдірмеуге жігіт қоймай,
Жігіттікті бойдағы ешбір жоймай.
Ару да өзі емес онша өкінгендей,
Қап дегендей қамшымен осып соймай.

Кей арулар еді сонда тұтылғандай,
Оңайлықпен емес еді құтылғандай.
Қыз қуудың болғасын өз тәртібі,
Заңыменен ойынның ұтылғандай.

Жігіттердің шат болып жеткендері,
Бар еді тым қызыпта кеткендері.
Қуып жетіп қыз бетінен сүйгеннен соң
Ақталғандай жүріп еді зор еңбегі.

Аруларды қуғасын тым далақтап,
Қамшы басып тұлпарына тым жалақтап.
Жүйрік тұлпар мінгесін құтқармап ед,
Барды салып қашқанмен қыз алақтап.

Жігіттер де сүйіп еді әдеп сақтап,
Зор сенімді жүргесін әркез ақтап.
Жеткендерін тойшылар да мақтап еді,
Нағыз ер азамат деп сонда мақтап.

Арулар да қыз қуудың сыйлап заңын,
Жігіттердің атырғандай ерте таңын.
Әзіл қалжың ойындары жарасқасын,
Шаттыққа бөлегендей еді маңын.

Салт-дәстүрге жүргесін бұрып бетті,
Орындап жүргендей ед зор міндетті.
Салт-дәстүрін қыз жігіттер сыйлай біліп,
Көрсетіп ед тектілікті тым әдепті.

Жігіттер де қыз қуған еді епті,
Ойлағасын болашақты, келешекті.
Бұзғандай боп жүргенмен ерлеп шепті.
Көрсете алып жүріп еді тым ізетті.

Кей жігіттер қамшыны жеп жасығандай,
Көңілдері емес еді тасығандай.
Тойшыларға қарауға беті болмай,
Желкелерін еді тым қасығандай.

Көп көзінен жасырынып сүмірейіп,
Тұлпарына астындағы қатты кейіп.
Салы суға кеткендей жүріп еді,
Қамшы тиіп жотасы да тым еңкейіп.

Кете жаздап қуғанмен көпті жайлап,
Жалындап жүргеннен соң әркез шайқап.
Қуғанменен қамшыны жегеннен соң,
Қыздарменен сөйлесіп ед сіз деп байқап.

Тым мұңайып жүріп еді қыр кеткендей,
Қыздардың да ерлігіне көз жеткендей.
Жүргеннен соң қыздардан қамшыны жеп,
Кей құрдасы жүргесін күлкі еткендей.

Астындағы балағаттап тұлпарларын,
Шабандықпен таптатқандай қызға арын.
Көп көзінше тастағасын тым қызартып,
Аруларды қуғанмен салып барын.

Шабандықпен қыздарға сабатқасын,
Көргендей қып қыздарға нағыз қасын.
Көп көзінше шабандықты тым қылғасын,
Тұлпарының қалай жүрсін сыйлап басын.

Желге ұшқасын қуғанмен есіл еңбек,
Жүріп еді қыздарға кеткендей кек.
Беделі жүргенменен түскендей боп,
Кінәлап жүріп еді тұлпарын тек.

Жеткен ерлер емес еді қысылғандай,
Қуып жетіп сүйуге тек талпынғандай.
Қыз қууға жиі түсіп тым өздері,
Қызды сүйіп тым өздері ысылғандай.

Ерлігімен қыздарға ой салғандай,
Тұлпарларын терге де тым малғандай.
Азаматтық көрсетіп жүргеннен соң,
Көңілдер де емес еді еш қалғандай.

Қызды қуып жүргесін ер жігіттер,
Көкке орғып тұлпарлары болып ақ тер.
Жеткеннен соң қыздарға барды салып,
Ақталғандай болып еді зор үміттер.

Тойшыларда тұрып еді мәз боп күліп,
Қылықтарын қыз, жігіттің іші біліп.
Аруларды тұлпарымен қуып жетіп,
Қырандардай жүргесін сонда іліп.

Қыранменен қызыл алтай айқасқандай,
Айқасып бір бірімен шайқасқандай.
Шама жетпей ымыраға тез келгендей,
Алғашқыда болғанмен байқасқандай.

Нағыз ердің мыстары тым басқандай,
Айласы да арулардан тым асқандай.
Сондықтанда ешқандай шара болмай,
Тұтылса да емес еді еш сасқандай.

Тойшыларда жақсылыққа жорығандай,
Нағыз ерден жүрмегесін қорығандай.
Азаматтар аруларын сыйлай біліп,
Кеңдік қылып емес еді торығандай.

Қарттардың жастық шағы тез өткендей,
Тез өткесін тұрып еді күрсінгендей.
Жастық шағы көрінгендей боп армандай,
Жүріп едік жүректерін түсінгендей.

Егделік кеп емес еді қыр кеткендей,
Жүргендей ед зор табысқа қол жеткендей.
Ұрпақтары шат болып жүргеннен соң,
Ақсақал боп тұрғандай ед тәубе еткендей.

Қыз қууға тұлпарларда бапталғандай,
Тәртібі де қыз қуудың сақталғандай.
Ер жігіттер тұлпарымен қуып жетіп,
Азаматтық зор сенімдер ақталғандай.

Қуып жетіп аруларды шыңды алғандай,
Ерліктерін көрсетіп ой салғандай.
Азаматтар ерлей алып жүріп еді,
Емес еді көңілдер еш қалғандай.

Азамат деп тойшы біткен шаттанғандай,
Азаматтық беделін сақтағандай.
Тұлпарларын жүргесін көкке орғытып,
Азамат деп аруларда жақтағандай.

Бара бара тойда өзі тым қызғандай,
Тойшылардың қолдары ұзарғандай.
Бал қымызын жайлаудың көп ішкенмен,
Жүріп еді сездірмей қызбағандай.

Тойдың шырқын қызса да бұзбағандай,
Дүбірлі той өздеріне ұнағандай.
Көзі аларып кей сотқарлар жүрседағы,
Миллицияда аңдығасын шыдағандай.

Сабыр сақтап емес еді ұтылғандай,
Тыныш жүріп көп бәледен құтылғандай.
Миллицияда адамдық қып жүргеннен соң,
Кей тентектер емес еді тұтылғандай.

Қойшылар да, тойын жасап шындағандай,
Кей меймандар жүргенмен сынағандай.
Жүргендей ед алғыстарын тым білдіріп,
Қойшы тойы мейманға да ұнағандай.

Бетті өбіп қоңыр салқын тау самалы,
Сергітіп алатындай аз шамалы.
Шың басында мұздақтары күнмен еріп,
Қыстай қатқан бұзылғасын мұз қамалы.

Жанарларды емес еді мұң басқандай,
Мәртебесі жүргесін тек асқандай.
Ақбас шыңға сұқтанып көз салғасын,
Қиындықтан емес еді еш сасқандай.

Тойшы біткен жүріп еді шаттанғандай,
Қарайғаннан емес еді сақтанғандай.
Жүрегімен жүргесін бәрін сезіп,
Пенделік қып емес еді мастанғандай.

Қойшыларда тектілігін сақтай алып,
Ерлігімен жүргендей ед ойды салып.
Ерлік етіп қиындыққа әркез шыдап,
Маңдайларын жүргесін терге малып.

Тойды тойлап тойшылардың есі кетіп,
Зор табысқа жүргендей ед қолы жетіп.
Қазақылық дарқандықты көрсеткесін,
Ерлігіне жүргендей ед тәнті етіп.

Ақ бас шыңы тұрғасын сыр ұқтырып,
Шыршалы биік шыңы қызықтырып.
Тойшылар да пенделікті тым ұмытып,
Салт-дәстүрге жүріп еді бетті бұрып.

Шат боп күліп емес еді шамданғандай,
Тың күш жинап ұлы істерге қамданғандай.
Қыранменен қиялдары бір қалықтап,
Биігінде еді сонда самғағандай.

Азаматтық адамдықтан танбағандай,
Отаршылға жүрсе де нанбағандай.
Бал қымызды тамсанып қанша ішсе де,
Тойшы біткен еді ғой қанбағандай.

Қызға жетіп кей жігіттер тым шаттанып,
Көзге түсіп жүріп еді ер атанып.
Азаматтық зор жауапты білгеннен соң,
Жүрмеп еді сонда да еш мастанып.

Ат бәйге

Ат жарысы болатындай биыл тағы,
Ашылатын тұлпарлардың бардай бағы,
Тойшыларда жақсы тілеу тілейтіндей,
Иелері жүлде алса деп сынбай сағы,

Тұлпар қосып атақтарын асырғандай,
Емес еді ерліктерін жасырғандай.
Тұлпарларын жүріп еді жабулап ап,
Бұл жарыста болады деп бағы қандай.

Кекіл жалға түрлі бантик тағылғандай,
Жүлделерден болмағасын қағылғандай.
Сан бәйгеде тұлпарлары озғаннан соң,
Иесі де емес еді шағылғандай.

Бәйге де озып жүргесін таң қылғандай,
Тұлпарлары зор күтіммен бағылғандай.
Болғаннан соң бәйгеде тек таласы,
Түрлі тұлпар жан-жақтан ағылғандай.

Айналма бәйгелерін сағынғандай,
Сағынғасын көкке орғып қағынғандай.
Көз тимесін дегесін тым ырымдап,
Түрлі бантик кекіл жалға тағылғандай.

Сақтанғандай жабулап тілмен көзден,
Сақтанғандай және де артық сөзден.
Ұзақ жер шапсадағы алқынбаған,
Тұлпарлары болғасын әркез төзген.

Иелері болмағасын малтаны езген,
Тұлпарының озарын еді сезген.
Бабалардың үрдісін жалғастырып,
Болғаннансоң қиялы көкті кезген.

Ат бәйгені жырласаң ұзақ жырдай,
Жүректегі айта тұғын ғажап сырдай.
Кей тұлпардың еті арықтау болғанменен,
Бәйге бермей арқасы болып қырдай.

Шабандоздар жарысқа дайындалып,
Ат үстінде жүрмеп еді еш қиналып.
Тастап еді тұлпарлардың жабуын ап,
Жүргендей ед жарысуға тез жиналып.

Ат айдаушы кетіп еді алдыға сап,
Қолына төрешілік билікті ап.
Шабандоздың бәріне тәртіпті айтып,
Заңын білмей өкініп деме деп қап.

Бәйге де басталып ед шаң будақтап,
Әкелгесін тұлпарларды жақсы баптап.
Тойшыларда тұлпар біткен көсілген соң,
Тым сұқтанып қарап еді іштен деме ап.

Тұлпарлар да жүйткіп еді сенімді ақтап,
Тұлпарлық тектілігін сонда сақтап.
Шабандоз балаларды әкелері,
Тұлпарына мінгізгесін қатты таптап.

Тойшылар да тұрып еді көріп қаптап,
Шын тұлпарды жүргесін әркез жақтап.
Кей тұлпарлар көзге тым ілінгесін,
Озады деп тұрып еді қатты мақтап.

Дипломдар бек құлалар көрінбеді,
Қосылғанда бұл жарысқа көрім еді.
Бәйге бермес бурыл ат та келмеп еді,
Сан бәйгеге қосқанда озып еді.

Заманы өтіп ұрпағына жол бергендей,
Заманын да тұлпарлығы еленгендей.
Иелері сан бәйгеге жиі қосып,
Үш тұлпарда жүруші еді бәйге бермей.

Орындарын басқандай жирен қасқа,
Қасым ерде салатындай таумен тасқа.
Жасы келіп үш тұлпар шеттегесін,
Кәрілікті бергесін тағдыр басқа.

Шабушы еді тойшыларды елеңдетіп,
Көмбеге келуші еді тез-ақ жетіп,
Басқа да кей тұлпарлар көрінбеді,
Қартайып қалғанымға қыры кетіп.

Заманы өтіп кей тұлпарлар шеттегендей,
Күш қуаты жүлде алуға жетпегендей.
Қартайғанын білген соң иелері,
Бұрынғыдай нар тәуекел етпегендей.

Тұрып едім ой қиялдың жетегінде,
Ақбас шыңды биік таудың етегінде.
Заманы өтіп тұлпарға да кәрілік кеп,
Мұңайып ем заманының өткеніне.

Тез арада-ақ кәріліктің жеткеніне,
Қырын алып тым кәрі еткеніне.
Тұрып едім кәрі деуге қимағандай,
Сенбегендей қырларының кеткеніне.

Зар болғандай кәртейіп жастық күнге,
Бәйгеде озып елеңдеген қиқу үнге.
Көсіліп бәйге де енді шаппайтындай,
Айналғандай жарық күні енді түнге.

Атақтан болмаса да ешпір кенде,
Кәрілікте келіпті ау тез ақ дем де.
Иесі де тұлпарына тым сенген де,
Еліде нағыз тұлпар тек дегенде.

Көзге елестеп құстай ұшып самғағаны,
Асылдықпен тұлпарлықтан танбағаны.
Тойшылардың барлығы көзбен көріп,
Шын тұлпар деп беруші еді тек бағаны.

Озарына жоқ еді ғой нанбағаны,
Айыздың да жоқ еді ғой қанбағаны.
Үш тұлпарға жүруші еді сенімді артып,
Жоқ болғасын бағының да жанбағаны.

Аламанның үш тұлпар еді сәні,
Бәйгенің де болғасын үлкен мәні.
Бабалар да тұлпарларын жырға қосқан,
Құлагерге арналған ғой Ақан әні.

Толғандырған ғажап-ау өмір де өзі,
Толғанады нағыз ерлер көріп көзі.
Ақындар да шындықты айтып жазар,
Жырыменен соңында қалар сөзі.

Жолдың шаңын тұлпарлар бұрқылдатып,
Тұяқтары құм тастарын аспанға атып.
Кей тұлпарлар шаңды жұтып қалып еді,
Үш шақырым жолды да шаппай жатып.

Жеңілістің солайша дәмін татып,
Иесіне тұрғандай ед қатты батып.
Тұлпарына қарайтындай көңіл толмай,
Топ ішінде тұрып еді көзбен атып.

Қибыжықтап тұрғандай ед тым қызарып,
Келе ме деп ойлағанда топты жарып.
Ұялып тұрғандығын сезіп едік,
Қарағанмен мойыны тым ұзарып.

Кей жігіттер тұрып еді қуанғандай,
Тұлпарының шабысына жуанғандай.
Тойшылар да самғаған тұлпарлардың,
Шабыстарын тұрып еді құп алғандай.

Тойшылар да тым бақылап сынағандай,
Кей тұлпардың шабыстары ұнағандай.
Қанаттанып тұлпарлар да сезгендей боп,
Барды салып айналма да самғағандай.

Тұлпарлықтан болмағасын еш танғандай,
Бәйге де озып бақтары да тым жанғандай.
Нағыз шын тұлпарларды көргеннен соң,
Құмарлары тойшылардың тым қанғандай.

Сарқа жұмсап барлық күшін тым салғандай,
Көмбеге де жақын жақын тым қалғандай.
Көбіктері ауыздан тым бұрқылдап,
Денелерін ащы терге тым малғандай.

Жирен қасқа биылда өзі ерлегендей,
Барды салып көсіліп терлегендей.
Жирен қасқа бар тұлпардан тағы да озып,
Намысты еш тұлпарға бермегендей.

Қызған сайын еді шын көсілгендей,
Орғып шауып көңілдерді өсіргендей.
Шабандозда үстіндегі қарғадай боп,
Жиі шауып бұл тұлпармен төселгендей.

Бауыр жазып шапқан сайын өзгергендей,
Өзгергенін құлақ естіп көз көргендей.
Бәйгеде өзі айналма ауыр еді,
Ауырына тұлпарларда тым төзгендей.

Тұлпарлар да еді тым ерлегендей,
Тойшылар да тұрғасын елегендей.
Сүрінбеуін қалағасын тұлпарлардың,
Тойшылар да қамдарын ед тек жегендей,

Жирен қасқа үш тұлпардың орнын басып,
Сан тұлпардан бәйгеде озып атағы асып.
Құстай ұшып тағы да самғап еді,
Жалындап жас тұлпардың күші тасып.

Шабысына тойшы біткен таңданғандай,
Тұлпарлығын еді шын аңдағандай.
Қасым ер де ат қосқан азамат ед,
Емес еді сонда да еш паңданғандай.

Алдан шығып тосуға қамданғандай,
Ат қалды деп болмағасын шамданғандай.
Тұлпары да жүрегімен бәрін сезіп,
Барын салып айналма да самғағандай.

Аузынан келіп еді көбік шашып,
Мойын созып арандай аузын ашып.
Тұлпарлықпен басына қонған бақтың,
Кетпесін білгендей боп ешбір қашып.

Кей тұлпарлар көсілгенмен соңда қалып,
Иелері тұрып еді көңілге алып.
Сездірмей тұлпарына зекитіндей,
Намыстанып тұрған соң қатты налып.

Жирен қасқа тағы да жарап еді,
Тым сұқтанып тойшы біткен қарап еді.
Ақбас шыңда тұрып еді куәгердей,
Атағы да тез арада-ақ тарап еді.

Жетекте жүріп еді озып келіп,
Қасым ердің жетегінде ептеп желіп.
Болдырғаны сезіліп желісінен,
Сезіліп ед желгені сәл теңселіп.

Қасым ер де жетектеп ед кеуде керіп,
Інілерге жүргесін үлгі беріп.
Тойшылар да сұқтанып қарайтындай,
Оң сөздерге жүргесін әркез еріп.

Бас жұлде ап жүріп еді жабуланып,
Бәйгеден кеп ерлегесін бағы жанып.
Иесінің зор сенімін ақтағандай,
Тұлпар деп жүргеннен соң елі танып.

Қасым ерде тіл мен көзден тым сақтанып,
Жетектеп ап жүріп еді тым шаттанып.
Мақтаса да теңдігін сақтай біліп,
Тектілікпен жүрмеп еді еш мастанып.

Нағыз ерге жүргесін елі нанып,
Даналық қып жүрмеп еді еш мақтанып.
Тойшылар да барлығын іштей сезіп.
Азаматтық жүріп еді сырға қанып.

Сайыс

Сайыскерлер жүріп еді ат үстінде,
Сенгеннен соң қара күшке денесіне.
Көйлекті де денедегі шешіп тастап,
Қауіптісін алмағасын еш есіне.

Сескенуің кірмегесін еш ішіне.
Көз жетіп ед қара күшке сенгеніне.
Кей сайыскер зорлығымен көзге түсіп,
Сенетіндей денедегі мол күшіне.

Өкінбейтін сияқты бұл ісіне,
Жастық шақтың білгесін келмесіне.
Өздеріне сияқты тым сенімді,
Қарсыластың қарамай еш сесіне.

Ат үстінде білек түріп дайындалып,
Тау соғарға кеткендей ед тым айналып.
Тұлпарымен ойқастатып жүріп еді,
Қаны қызып жүре алмай еш жайланып.

Шықпаса егер қалатындай бақ байланып,
Жүрегі де кететіндей тым майланып.
Кей сайыскер білекті түріп тастап,
Жалындап жүргендей ед тым сайланып.

Ерлік етіп жүргесін шыңды алып,
Ерлігінен жүрмегесін көңіл қалып.
Ерліктерін өздерінің көрсетпек боп,
Қарсыласты жеңбек боп барды салып.

Тұлпарларын секіртіп тым аспанға,
Рұх беріп жүргендей барлық жанға.
Мықтылармен сайысса білек түріп,
Қолдары жететіндей тез арманға.

Ұқсағасын берген сөзден танбағанға,
Ұқсамайды бақтары жанбағанға.
Сан сайысқа түскенмен білек түріп,
Ұқсайды құмарлары қанбағанға.

Дұрыс-ақ қой берген сөзден танбағанда,
Тым жалындап ұят қой жанбағанда.
Азамат боп сан өнерге талап қылып,
Ой қиялда дұрыс қой самғаған да.

Талаптыға бата берер ақсақалда,
Талаптансаң жаман болмас әркез қалда,
Азаматтар қиындықты жеңер әркез,
Кездескенмен қиындықтар не бір алда.

Азамат боп не жетеді топ жарғанға,
Азаматтық ерлікке тек барғанға.
Азаматты талпынтып өмірде өзі,
Қарап тұрсақ жетелейді сан арманға.

Құптағандай тұрып еді тойшылар да,
Азаматтық сүйенгесін әркез арға.
Сайыскерлер өнерлерін көрсетпекші,
Қысы-жазы мал баққан қойшыларға.

Ер жігітке дұрыс қой шыңдалғанда,
Көрсете алып ерлікті сыналғанда.
Көрсете алып өнерді көп алдында,
Азамат боп дұрыс қой жүлде алғанда.

Бабалардай шыққандай жекпе-жекке,
Терді төгіп жүрмегесін бекер текке.
Жалындаған барлығы ер болғасын,
Ұқсамайды жалқауларға еріншекке.

Білек түріп құлшынғасын тек еңбекке,
Қарсыласты талпынғандай тек жеңбекке.
Көп алдында ерліктерін көрсете алып,
Зор сеніммен қарағасын келешекке.

Ерліктерін жүргесін көрсете алып,
Қатардан да жүрмегесін ешбір қалып.
Күш айлаға бойдағы сенгеннен соң,
Қарсыласты жеңбекші барды салып.

Қарсыласын тастайтындай бірақ бүріп,
Сайысқа шыққаннан соң білек түріп.
Тойшылар да таразылап қарайтындай,
Кім мықтыны білмек боп жаймен жүріп.

Бір біріне емес бірақ зекіргендей,
Тұлпарлары көкке орғып секіргендей.
Тойшыларда сайыскерді тым қызықтап,
Болмағасын тойдың сәнін кетіргендей.

Сайыскерлер жеңуге тек бекінгендей,
Мықты болсаң сайысуға кел дегендей.
Тек өнерін көрсетуге тырысқандай,
Қызбаланып емес бір-ақ лепіргендей.

Қарайтындай кей арулар зәре қалмай,
Шошытқанын сайыскерлер көңілге алмай.
Бар сайскер білек түріп бел буғандай,
Сайыспай қоймайтындай білек талмай.

Төреші де ысқырып белгі беріп,
Кім мықтыны білмек боп тым тексеріп.
Сайыскерге сайыстың заңын айтып,
Сайыс заңын болғасын тым ескертіп.

Сайыскерлер белгіні естіп көңілденіп,
Ат үстінде кейбіреуі күшке сеніп.
Жылда жылда сайысып жүргеннен соң,
Сескенуің жатпағасын ішке еніп.

Сайысып жүргеннен соң ерлік істеп,
Қамшыларын ауызға алып тістеп.
Ат үстінде бір-бірімен алысып ед,
Жалындап жүректері жеңемін деп.

Сайыста кеткеннен соң тез басталып,
Ат үстінде алысып не бір алып.
Ат үстінде бір-бірімен белдесіп ед,
Азаматтық ерлікке сонда салып.

Денелерін жүріп еді терге малып,
Қатардан жүрмегесін ешбір қалып.
Қарсыласты жеңуге тырысып ед,
Қарысып қалсадағы білек талып.

Мойыннанда ұстап алып қатты қысып,
Сайыстар да алғандай мүлдем пысып.
Маңдайлардан терлері тым тамшылап,
Сайысқа шыққанан соң қолды ысып.

Сайыскерлер жеңуге тым тырысып,
Жеңе алмай бірін бірі тым тыртысып.
Тойшыларда сөз қылып тұрып еді,
Кім жеңерін сезгендей сөз қылысып.


Қолмен тартып мойыннан да көретіндей,
Барды салса істері тым өнетіндей.
Жықпақ болып жүріп еді дәмеленіп,
Қарсыласы оп оңай-ақ көнетіндей.

Кей сайыскер жалындап мен дейтіндей,
Қарсыласты несі бар деп жеңбейтіндей.
Білек түріп ат үстінде сайысқасын,
Сақтыққа да еш ойын бөлмейтіндей.

Алысып намыстарын бермейтіндей,
Ер болғасын бос сөздерге ермейтіндей
Кейбір кезде тұлпары сүрінсе де.
Қарсыластан сүрінді деп көрмейтіндей.

Барды салып қолға да жармасқандай,
Арыстандай бір-бірімен арбасқандай.
Еш нәтиже сонда да шығара алмай,
Жағадан тал сайыскерлер қармасқандай.

Емес еді сонда да еш сасқандай,
Болсадағы денелерін тер басқандай.,
Ерліктерін көрсетіп сайысып ед,
Ерлігімен жүргесін тек асқандай.



Бір біріне болған соң күштері тең,
Сайысқан соң аудандағы мықтылар ең.
Алысқанмен бір-біріне еш беріспей,
Белді буып шыққанмен түріп тым жең.

Сайыс та қызғандай ед бара бара,
Білектері көгергенмен болып жара.
Меніменен белдескен қойшы жігіт,
Алдыға шығып еді жеке дара.

Новимирлік қойшы жігіт бәрін жеңіп,
Жеңгенненсоң тұрғандай ед тыныс кеңіп.
Сонда да тұрып еді сабыр сақтап,
Тізгінді де ұстағасын әркез тең ғып.

Ерлігімен бабаларға шын тартқандай,
Сондықтан да зор сенімді тек артқандай.
Не алыпты ат үстінен аударып ед,
Тойшыларды ерлігімен таңдантқандай.

Бабалардай сайысқанда тым өзгеріп,
Тойшылар да таңданып ед көзбен көріп.
Тау төсінде жайылып жүріп еді,
Отар қойы қоштағандай жүрген өріп.

Чемпион боп бөленіп ед тым құрметке,
Жеңімпаз боп ұқсай алып ер жігітке.
Ерлігін көрсете алып жарап еді,
Азамат боп бара алып тек ерлікке.

Белдескен де менен тек жеңілгенмен,
Ерлей алып шығып еді тым көңілден.
Ерлігімен көзге түсіп тым сайыста,
Азаматтық ой түйгесін бұл өмірден.

Көкпар тарту

Сайыс бітіп жігіттер көкпар тартып,
Азамат деп жүргесін сенімді артып.
Отанға үлес қосып жүргеннен соң,
Еңбек етіп жүргесін күшін сарқып.

Білек түріп ұқсағасын ер жігітке,
Нағыз ерлер дайын болар ерлік іске.
Өмір күрес болғасын әркезде де,
Азаматтар үйір болмас бос жүріске.

Азаматтық жауапты алып еске,
Ер болғасын қарамай кейбір сеске.
Азаматтық өз ісін әркез білер,
Зор жауапты жүргесін біліп беске.

Тек жақсылық істейді ерлеп елге,
Ар ұятты байламай ешбір белге.
Азаматтық көрсетіп жүргеннен соң,
Еңбегі де ұшпайды ешбір желге.

Ерлік істі өздері жөн көргендей,
Ілмек болып зор серкешке тым төгендей.
Салт дәстүрін көкперін тым бағалап,
Бос сөздерге емес еді еш көнгендей.

Тұлпар мініп көкпар тартса ісі өнгендей,
Тақымға сап зор серкешті өңгергендей.
Ақсақалдар қарап тұрған жігіттерге,
Салт-дәстүрді жаңғыртқаның жөн дегендей.

Зор серкеш лақтай боп көрінгендей,
Болмағасын көкпір тартып ерінгендей.
Тақымынан зор серкеш түсіп кетсе,
Қырандардай шүйіліп тек ілгендей.

Ер болғасын ерлік істі қаласқандай,
Тақымға сап зор серкешке таласқандай.
Зор серкешті тақымға сап барды салып,
Өздерін нағыз ерге баласқандай.

Сондықтанда зор серкешке жармасқандай.
Қарсыластан айла әдісі тек асқандай.
Көкпер тартып жігіттер ысылғандай,
Сескеніп емес еді еш сасқандай.

Аруларда көз салып қарасқандай,
Қолаң шашы өздеріне жарасқандай.
Тойшылар да қызық көрмей, ойын көрмей,
Емес еді оңайлықпен тарасқандай.

Бір зор жігіт серкешті тартып алып,
Жылдамдықпен тақымға сонда салып.
Тұлпарымен жеткізбей кетіп еді,
Тұрып едік шыныменен тым таң қалып.


Болғаннан соң азамат жігіт дейтін,
Тойшыларға көрсете алып жігіт кейпін.
Көкпаршылар барды сап қуып еді,
Кім өзі деп біздерге жеткізбейтін.

Көкпаршылар кетіп еді қалмай қуып,
Анасынан барлығы ұл боп туып.
Көрші ауданың жігіттері барды салып,
Әкетпек боп жүргесін белді буып.

Тұлпарлары қуғасын бауыр жазып,
Тас тұяғы тиген жерін орғып қазып.
Жігіттер де тұлпарымен жете алмаса,
Адамдықтан кететіндей мүлдем азып.

Ер болғасын барлығын намыс қысып,
Білек түріп барды сап қолды ысып.
Көптен бері өздері көкпар тартпай,
Сағынып қалғаннан соң іші пысып.

Намысқа да жүргесін тек тырысып,
Көкпарды алып қашқасын мықтысынып.
Жайлауын да жүргесін көкпар тартып,
Көкпар тартып көрмегесін сағы сынып.



Серкешті алып қашқанмен барды салып,
Тұлпарларын орғытып терге малып.
Ауданның жігіттері жетіп еді,
Ерлеп еді зор серкешті алып қалып.

Барды салып жігіттер қуып жетіп,
Қайтарып ед көкперді ерлікті етіп.
Көрші ауданның жігіттері алып кетсе,
Қалардай боп жігіттердің қыры кетіп.

Ауданына көкпарді алып қашқанменен,
Біраз сырды қашқасын ашқанменен.
Тұлпарлары астыдағы тым алқынып,
Ақ көбікті ауыздан шашқанменен.


Серкешті алып қашқанменен тым алақтап,
Көз қызарып өздері тым жалақтап.
Жігіттер қуып жетіп қайтарып ед,
Еріккеннен жүрмегесін бос далақтап.

Зор сенімді жігіттер сон да ақтап,
Үлкендер де жүргесін ер деп мақтап.
Ел сенімін тағы да ақтап еді,
Намысты да жүргесін бойға сақтап.

Көрсетіп те жүргесін сан ерлігін,
Елі де тек көтергесін еркелігін.
Той думанда домбырамен әнін шырқап,
Халқына көрсеткесін серілігін.

Көкпар тартып өздері үйренгендей,
Азаматтық үйреніп күйге енгендей.
Ер болғасын салт-дәстүрді еш ұмытпай,
Жат қылықтан өмірдегі жиренгендей.

Қиындықты еңбегімен тек жеңгендей,
Нағыз ерге өздерін теңегендей.
Қорқу, үрқу ойларына келмегесін,
Кең тыныстап тыныстары кеңейгендей.



Ерліктері тойшыларға білінгендей,
Жанарларға сондықтан да ілінгендей.
Бой жазып көкпар тартып тойласын деп,
Басшылар да кеңдіктерін білдіргендей.

Жігіттерде көкпар тартып шыныққандай,
Тойшылар да қарап тұрған мұны ұққандай.
Зор серкешті іліп алып тақымға сап,
Ерлік істен емес еді еш бұққандай.

Бабалардың ерлігі шын жұққандай,
Сондықтанда сан өнерге ынтыққандай.
Тұлпар мініп көкпер тартып барды салып,
Қабақтарын емес еді еш шытқандай.

Сөздерін де емес еді еш жұтқандай,
Азаматтық ерлігімен тек ұтқандай.
Жүрегімен жігіттерде сезетіндей,
Өздерін жүргенненсоң ер тұтқандай.

Көкпер ойын өздерін ширатқандай,
Емес еді тарта алмай ұялтқандай.
Білек түріп тұлпарымен шыға келіп,
Ерлігімен өздерін силатқандай.

Жігіттердің білектері шын талғасын,
Біраз тартып қарқындап тым қалғасын.
Қазақ үйдің алдына тастап еді,
Тәртібін де көкпердің ойға алғасын.

Көкпаршілер сиын күтіп тұрып еді,
Көкпар тартып сауығын құрып еді.
Ақ үйдің де иесі сыйын беріп,
Көкпаршыға бүйрегін бұрып еді.

Үй иесі емес еді күттіргендей,
Оң сөзіне құлақтарын тіктіргендей.
Жігіттер де серкешті әкеп тастағасын,
Үлкен шаруа сияқты еді бітіргендей.

Ерліктері жігіттердің білінгендей,
Көкпарды әкеп көзге тым ілінгендей.
Үй иесі жігіттерге сыйын беріп,
Жігіттерге зор алғысын білдіргендей.

Білектері дегенмен шын талғандай,
Тойшыларға ерлікпенен ой салғандай.
Ұмытылмай ғажайып көкпер ойын,
Бабалардан үлгі болып тек қалғандай.

Көкпарды әкеп ерліктері ақталғандай,
Көтеріліп көңілдері шын қалғандай.
Тұлпарларын жүріп еді ойнақтатып,
Бата алып ерлігімен шыңды алғандай.

Ақсақалдар жігіттерге алғысты үйіп,
Салт дәстүрді көкейге жүр деп түйіп.
Үлкендерден алғысты алғаннан соң,
Үлкендерге тұрып еді басын иіп.

Құлақшынын бастағы басып киіп,
Төбесіде қалғандай боп көкке тиіп.
Білек түріп жүргесін көкпер тартып,
Отанын жүргенненсоң әркез сүйіп.

Еш жуық болмағасын бос сөздерге,
Шетінен ұқсағасын нағыз ерге.
Тұлпарлары ауыздықты қарс шайнап,
Малынып жүріп еді қара терге.

Көкперіне жүргесін көңілі ауып,
Жігіттерге тұрғандай ед алғыс жауып.
Қазағының ойынын көкперлерін,
Жаңғыртып жүргендей ед қайта тауып.

Жігіттер ед салт дәстүрді жалғастырған,
Өнерлерін емес еді еш жасырған.
Азаматтар еді ғой түкті жүрек,
Көкпарының беделін тым асырған.

Тектілікпен болмағасын еш бас ұрған,
Сөздерін де болғасын әркез тұрған.
Өнеріне салтына дәстүріне,
Ер болғасын едіғой бүйрек бұрған.

Балуан күрес

Ер қазағым болғасын ұлы халық,
Барлық ұлтқа көрсетіп ед бауырмалдық.
Бөлмейтұғын болғасын барлық ұлтты,
Көрсетіп жүргендей ед тек ағалық.

Ісінен де көрінбей еш шалалық,
Білек түріп дегесін шыңды алалық.
Ұлылықты көрсеткесін даналықты,
Көрінбеп ед ішінен де еш алалық.

Білек түріп жүргесін шыңды алып,
Тойда жасап жүріп еді барды салып.
Қазақтың қонақжайлық кеңдігіне,
Барлық ұлттар жүріп еді тым таң қалып.

Қойшылардың бағалап еңбектерін,
Ағызғасын мал бағып маңдай терін.
Адамдықты көрсетіп әділдікті,
Бағалап жүріп еді нағыз ерін.

Болғаннансоң ерлері әр заманның,
Тектілікпен сөзіне ермей кей наданның.
Ат шаптырып жайлау да той жасап ед,
Іштері кең болғасын қазағымның.

Чемпион боп жүргесін қол ұзарып,
Белдеспек боп жүріп едім мен де барып..
Бабалардың ерлігі маған дарып,
Белдесіп жүргенненсоң топты жарып

Жүріп едім тойшыларға көп көрінбей,
Жалындаған жас болғасын тым өрімдей.
Шыбықты ат қып асыр салған балалықтан,
Жігіт шағым көрініп ед тым көрімдей.

Азаматтық бала кезде жоқ ед жауап,
Сүрінсең де демегесін ешкім сауап.
Бейнет тілеп басыма күресем деп,
Өкінбеп ем жүрсем де түнде жаурап.

Тау көркі де жүрегімді алып жаулап,
Шыршалары шыңына өскен қаулап.
Көркіменен қызықтырып тоңдырса да,
Көзді тартып тұрғандай ед көңілді аулап.

Ақ бұлағы жалтылдап шыңнан саулап,
Қанша ақсада сөкпейтіндей ешкім даулап.
Ақбас шыңда ғажаптығын көрсеткендей,
Өрлігімен жүректі жанды баурап.

Жүріп едік тау көркін тамашалап,
Ғажаптарға жүргесін әркез балап.
Биіктетіп рухты тым көтергесін,
Биіктеуін рухтың да әркез қалап.

Жайлауымды жүріп едім тым бағалап,
Азаматтық болғасын бой да талап.
Малшылар да мінгесін тұлпарларын,
Көкке орғытып тұлпарын тек тағалап.

Азаматтық жүріп едім ойды түйіп,
Отанымды жүргесін әркез сүйіп.
Адамдықты тек сақтап жүріп едім,
Суығымен ыстығына әркез күйіп.

Елім де жүргендей ед алғысты үйіп,
Төбем де жүргендей ед көкке тиіп.
Тік шаншылған ақбас шыңға қарай беріп,
Тым бағалап жүргесін басымды иіп.

Ерлік іске жүргесін белді буып,
Бабалардай ерлейін деп ер боп туып.
Ездік қылсам жүреме деп көңіл суып,
Ерлер жолын жүріп едім мен де қуып.

Ойламай жүргенненсоң қара басты,
Адалынан ішкесін әркез асты.
Жастықпенен жүргесін тек жалындап,
Бағалап жүріп едім таумен тасты.

Белдесуге келгесін үйде бұқпай,
Қорқуыңды жүргесін ешпір ұқпай.
Азаматтық көрсетуге тырысып ем,
Ұят болар дегесін ойдан шықпай.

Ақ бас шың да жүректі нұрға бөлеп,
Тік шаншылып тұрғандай ед жебеп желеп.
Тік шаншылған тәкәппар биік шыңы,
Ұнататын сияқты жүрсең ерлеп.

Боз кілем де белдесең маңдай терлеп.
Жалтақтықты жүрсең егер әркез жерлеп.
Азамат деп тым өзі сенетіндей,
Құлашыңды жүрсең егер шыңға сермеп.

Жүрмегесін ездiк қып сөзден тайып,
Жүрмеп едiм ерлегесiн еш мұңайып.
Биiк шыңды алмақ боп талпынғасын,
Жасықтықты жүрiп едiм көрiп айып.

Сап ауасы денемдi едi ширатқандай,
Кеуде керiп жұтқасын ұнатқандай.
Жаттығуды жүргесiн үзбей жасап,
Тау шыңы да көркіменен ғажап қандай.

Күреспек боп жүргесiн ерлеп мен де,
Сан өнерден болмағасын ешпiр кенде.
Белдесуге дайындалып жүрiп едiм,
Ұят қой деп жығылсам белдескенде.

Тым намысшыл чемпион ер деген де,
Азамат деп қамымды да тым жеген де.
Боз кілем де белдескен де барды салып,
Қолдан намыс дұрысқой бермеген де.

Қарсыласпен белдесiп терлеген де,
Дұрыс аққой жыға алып ерлеген де.
Жеңіспенен оралған тым дұрысқой,
Жығамын деп тәуекел деп тым келген де.

Азамат деп балуан деп елеген де,
Сөзбенен де тым жебеп желеген де.
Ақбас шыңда найзадай тік шаншылып,
Өрлігімен өзінің демеген де.

Белдеспек боп жүріп едім толғанғандай,
Азамат боп өзімді өзім қолға алғандай.
Батырлығы бабалардың тым ерлігі,
Азаматтық еді тым ой салғандай.

Ер қалқымның сезіліп ед жомарттығы,
Отанына жүрегінің тым ақтығы.
Даласындай болғасын іші де кең,
Қуантып ед өзімді тым шаттығы.

Қойшылар да ағынан жарылғандай,
Жомарттықпен емес еді тарылғандай.
Қақарлы қыс тоңдырған артта қалып,
Жанардағы мұң наладан арылғандай.

Құм аязы болса да бет қарығандай,
Бабалардың ерліктері дарығандай.
Саулықтардың қозылары соңнан еріп,
Анасының уызына жарығандай.

Қойшыларды жасыта алмай қақарлы қыс,
Оңайлықпен қайдан келсін бақпен ырыс.
Сондықтан да жатқандай тойды жасап,
Ерліктері қалмағасын назардан тыс.

Чемпион деп көбі мені білетіндей,
Білгеннен соң көздеріне ілетіндей.
Өткен жылы күресімді көргеннен соң,
Қылжақ қылып емес еді күлетіндей.

Таразылап білгесін кімнің кімін,
Кейбір ездің айтқасын бетке мінін.
Мәрттікпенен балуандарын сыйлағасын,
Атырғысы келетіндей ерте күнін.

Адамдық ой тек ішке кіретіндей,
Бас салбырап емес еді жүретіндей.
Азамат деп қолдаса ер деп елі,
Жөн сөздерге құлақты еді түретіндей.

Ауданның балуандары жиналғандай.
Елдіктің келеріне иланғандай.
Ер болғасын кеуделерін асқақ ұстап,
Тау жолынан емес ешпір қиналғандай.

Спортпенен жүргесін шұғылданып,
Ерлігіне жүргесін елі нанып.
Жүргендей ед барлығы теңдік сақтап,
Ездік қылып жүрмегесін сөзден танып.


Тау көркіне жүріп еді таң қалғандай,
Ақбас шыңға тым сұқтанып көз салғандай.
Өзіме де қарап қойып жүріп еді,
Белдесерін өзімменен ойға алғандай.

Зор сенімді жүргесін ақтағандай,
Кеуде қағып емес еді мақтанғандай.
Сен тұра тұр болса да мен атайын,
Адамдықты бойларына сақтағандай.

Азаматтық адамдықты қалайтындай,
Ерлей алсаң ағыз ерге балайтындай.
Боз кілем де жығылып сүрінсең де,
Басынып жығылды деп шалмайтындай.

Азаматтық адамдығы қалмайтындай,
Бос бекерден шыңға көзді салмайтындай.
Ер болғасын сөзді де ойлап сөйлеп,
Бос сөзімен мазаны алмайтындай.

Боз кілемді жарқыратып жайып тастап,
Төрешілер жүріп еді қамды жасап.
Азаматтар болған соң түкті жүрек,
Ерлік іске жүргендей ед әркез бастап.



Жүмәділ мен Лечелер көрінбеді,
Нағыз балуан өздері шын ер еді.
Өздерімен барды сап белдескен де,
Боз кілемде тым қатты терлеп еді.

Күресімен таңдандырып бүкіл елді,
Боз кілемге шыққасын байлап белді.
Боз кілем де барды сап белдесіп ед,
Шындайтұғын дегесін шын сәт келді.

Азаматтар еді ғой ерлік деген,
Бос нәрсеге елігіп желікпеген.
Жалындаған інілері тықсырғанмен,
Нағыз ер деп елі еді тек елеген.

Уақытта өткенмен аттай желген,
Белдесуге дұрыс еді және келген.
Ағалары боз кілем де белдескесін,
Үлгі алып інілері еліктеген.

Келмегенін қалып едім еш түсінбей,
Жүре аларсың қалай ғана тым күрсінбей.
Кей күншілден сезіктеніп қалып едім,
Азамат болғаннан соң мен де діндей.

Жүргеннен соң еш тимай мысқылдарын,
Жығылғасын сұрамай ешбір қалын.
Өздері жығылып еш көрмегендей,
Кетіргендей жүргесін суға салын.

Қалай ғана жүрерсің көзге ілмей,
Ездік дер ем бағасын жүрсең білмей.
Кейбір ездер жығылдың деп жасытты ма,
Сүрінгенге жүре алмайтын ешбір күлмей.

Азаматтар еді ғой жалындаған,
Бір сәтке де емес еді дамылдаған.
Белдескен де інісіне жол бергесін,
Жеңілгенін сияқты көңілге алған.

Інілерден жарамайды көңіл қалған,
Атақта өзі керек емес өтірік жалған.
Жығу үшін керек қой тек талпыныс,
Жарты жолда жарамас шаршап талған.

Білек түріп боз кілемде жыққаннан соң,
Кей жасықтар топ ішіне бұққаннан соң.
Белдесіп жығылғасын шеттеді ме,
Інісінің мықтылығын ұққаннан соң.

Нағыз ерлер болады әркезде кең,
Азаматтық қымбат қой өмірде ең.
Азаматын қалқы да бағалайды,
Ерліктері сондықтан тым өміршең.

Балуандар да, бойымен сапқа тұрып,
Ұлы елі де жүргесін бүйрек бұрып.
Балуандықпен өздерін танытқасын,
Боз кілемнің қасын да сапты құрып.

Ерлік етіп жүргесін сап құрғандай,
Азаматтық адамдыққа іш бұрғандай.
Азаматтар болған соң сертке берік,
Сөзіменен сертінде тек тұрғандай.

Ер қалқы да жүргесін елегендей,
Жылы сөзбен тек жебеп желегендей.
Қарсыласты жықсаң да боз кілем де,
Қолдағасын әбестік демегендей.

Ерлей алсаң мақтаныш ететіндей,
Қызық көрмей ешбірі жоқ кететіндей.
Бауырлықты сақтағасын барлық ұлттар,
Адамдыққа өрелері жететіндей.

Сөйлесе де еш артық кетпейтіндей,
Бауырлыққа ештеме жетпейтіндей.
Азаматтық адамдықты сақтағасын,
Даналық пен надандықты етпейтіндей.

Білек түріп биіктерді тек алғасын,
Төзімділік бірлікпенен ой салғасын.
Шеттерінен болғасын биік ойлы,
Маңдайларын терге де тым малғасын.

Балуандар тұрып еді сом білекті,
Қалығы да білдіргесін ақ тілекті.
Бұлшық еті ойнақтап білегін де.
Шеттерінен болғасын тым жүректі.

Белдессе де сақтамай өкпе кекті,
Шеттерінен болғасын өжет текті.
Ерліктерін көрсетіп жүргеннен соң,
Ойлағасын болашақты келешекті.

Тектілікпен жүргесін сақтап арды,
Ер болғасын көрсетпей іші тарды.
Көзге де түскенненсоң ерлігімен,
Боз кілем де белдескесін салып барды.

Нағыз бір сәт келгендей сыналатын,
Терді төгіп боз кілемде шыңдалатын.
Азаматтық ар намысты ойлағасын,
Кез келгендей барыңды тым салатын.

Болсадағы білегің тым талатын,
Жалындаған жас болғасын шыңды алатын.
Ерлігіңді көрсетер сәт келгендей,
Жадында да мәңгілікке тек қалатын.

Мықтылар ғой білегін де күш жететін,
Балуандық өнеріне тәнті ететін.
Бұлшық еті бұлтылдап білегін де,
Боз кілемде ерліктерін көрсететін,

Тойшылар да қарайтындай зор үмітпен,
Азаматтар болғансоң үміт күткен.
Бір бірінен түрлері жоқ сескенетін,
Тыпыршып бір орнында мүлдем тіптен.

Жалындап тұрып еді балуан біткен,
Айрылмайық дегендей мүмкіндіктен.
Тым мықты болғаннан соң белдері де,
Қайыспай жүргеннен соң ауыр жүктен.

Нар тұлғалы болғасын бөлек бітім,
Өздеріне болғасын жақсы күтім.
Күштеріне сияқты тым сенімді,
Бас жүлдеден дейтіндей бар үмітім.

Қос балуанды шақырып ед боз кілемге,
Уақытта өте шығып тез-ақ демде.
Есімдерін қос балуанның атап еді,
Белдесуде оңай емес шын білгенге.

Отанымен халқына таза ары,
Барлығыд а ауданның балуандары,
Азаматтық адамдықты қалап бәрі,
Тым жалындап басылмаған арындары.

Барлығы да көрсетпек күш өнерін,
Сезгеннен соң құрметке бөленерін.
Қалығы да боз кілемде белдестіріп,
Білгісі келетіндей нағыз ерін.

Балуандар да көтермек боп көңілдерін,
Ұзартпақ боп ерлігімен өмірлерін.
Жалындап тұрып еді кезек күтіп,
Белдеспек боп ағызып маңдай терін.

Сыншыларда балуандарды сонда сынап,
Сом білекті кей балуанның тұлғасы ұнап.
Сайыстың чемпионын мақтап еді,
Күрес се жеңеді деп бәрін шындап.

Не алыпты сайыста да аударатын,
Төмендетпей жүргесін жігіт атын.
Тойшыларда ерлігіне риза боп,
Нағыз ер деп алғысты жаудыратын

Артықтау кей ағалар мақтайтындай,
Азамат деп зор сенімді ақтайтындай.
Кей балуандар зорға шыдап тұрып еді,
Бос сөзі кей мылжыңның жақпайтындай.

Тұрғаннансоң көзі жетпей тонды пішіп,
Қызғандай боп тұрғасын қымызды ішіп.
Ойы қысқа болғасын көп алдын да,
Бөсіп есіп тұрғасын білгішсініп.

Кей балуанды жерлестері қатты мақтап,
Әкелгендей боз кілемге өзі баптап.
Кім жеңерін тым анық білмесе де,
Дем беріп тұрғандай ед қатты жақтап.

Бос сөздерін ішімде сезетіндей,
Кей бөспелер малтаны бос езетіндей
Шатып пұтып бос сөздерді айтқанменен,
Емес еді бос сөзі сөз дейтіндей.

Балуандар да сескенуді білмейтіндей,
Шеттерінен болғасын ер дейтіндей.
Кей балуанды қатты мақтап қорқытқанмен,
Бос сөздерді құлағына ілмейтіндей.

Пенде де бар бос сөзбенен тон пішетін,
Орындап-ақ жүргендей өз міндетін.
Көп ішін де жүргесін бөсіп сөйлеп,
Әділдікке бұрмағасын ешпір бетін.

Балуан біткен жайлауға келеме жай,
Батырлығын көрсетпек ерлерге сай.
Бос сөздерге тұрып еді еш мән бермей,
Кең болғасын іштері даласындай.

Азаматтар болғасын мақтайтындай
Азаматтық адамдығын сақтайтындай.
Азамат деп қалығы сенім артса,
Зор сенімді шеттерінен ақтайтындай.

Бәле жала ауыздан бақпайтындай,
Ешкімге де бекер кіна тақпайтындай.
Кей пендедей түймедейін мақтаныш қып,
Кеуделерін бос бекер қақпайтындай.

Тұрып еді балуандар бөсіп еспей,
Кеуде қағып өзгелерге менмін деспей.
Азаматтар болған соң тым ізетті,
Үлкендердің жүргесін жолын кеспей.

Білек түріп шыққасын күреске сан,
Денелерін тұрғандай қыздырып қан.
Бұлшық еті тұрып еді тым ісініп,
Болғаннансоң өздері көп шыныққан,


Азаматтық жүргесін көкей тесіп,
Жұлдені алатындай тек күресіп.
Азаматтық өздерінің ерлігімен,
Боз кілемде жүргесін тек тіресіп.

Тез өткесін уақытта көрген түстей,
Жат қылықпен жүргесін көзге түспей.
Боз кілем де бақтарын сынамақ боп.
Зор табысқа жүргесін ісіп піспей.

Белдесуде басталып ед ұзақ күтпей,
Көп күттіріп тойшыларды мезі етпей.
Балуандар да болғасын топты жарған,
Тойшыларда қайтқысы жоқ қызық бітпей.

Нағыз ерге түседі ғой ауыр салмақ,
Азаматтар ерлігімен шыңдарды алмақ.
Әркезде де жүргесін биікті алып.
Талабымен қатардан қайтып қалмақ.

Болғаннан соң бойларында жігер талап,
Тойшылар да тұрып еді ерге балап.
Белдесіп өнерлерін көрсетуге,
Келгеннен соң тек тойға өзі қалап.



Тойшыларда қарайтындай тамашалап,
Балуандарды сөйлемей еш табалап.
Ұлы тойға келгесін белдесуге,
Ерігіп келмегесін далбасалап.

Өздерін де болғасын көп тым арман,
Жамандыққа дейтіндей ешпір барман.
Боз кілемде көрсетіп ерлігіңді,
Барды салып дегесін сен де қарман.

Тұратұғын болғасын ер десуге,
Балуандар шығып еді белдесуге,
Жауырынын тигізбей қарсыластың,
Жықпайынша жоқ сияқты елдесуге.

Болғаннан соң күресте ұлттық ойын,
Балуандарда қойшылардың сыйлап тойын.
Белдесіп ед азаматтар боз кілемде,
Сом білекті түкті жүрек жуан мойын.

Ұстап еді балуандар жылы түсін,
Қолдағандай ер қойшының ерлік ісін.
Балуандар адамдығын сақтай алып,
Жықсадағы батырмап ед ешпір тісін.

Ерліктерін көрсетіп ед бойда күшін,
Жайлауға келгеннен соң жығу үшін.
Тойшыларда тұрып еді қолдағандай,
Үлкен жүрек қалқым деген сезіп ішін.

Балуандарда мұның бәрін ұғатындай,
Қарсыластан түрлері жоқ бұғатындай.
Сен тұра тұр болғасын мен атайын,
Берген сөзбен уәдеден шығатындай.

Айтса болды сөздерінде тұратындай,
Қалығына бүйректерін бұратындай.
Жалындаған барлығы жас болғасын,
Кезі келсе сауықты да құратындай.

Бір бірінен емес еді қорқып бұққан,
Асыланда жүріп еді мұны ұққан.
Балуан еді жеңіліп еш көрмеген,
Белдескен де сан балуанды еді жыққан.

Азамат боп емес еді шатып пұтқан,
Емес еді және де, сөзін жұтқан.
Барын салып не мықтымен белдескенін,
Еске сақтап емес едім мен ұмытқан.

Жерлестері жүруші еді етіп мақтан,
Құралақан болмағасын еш атақтан.
Асылан боп дүрілдетіп жүрседағы,
Азамат боп қашық еді тым шатақтан.

Жеңілістің емес еді дәмін татқан,
Нағыз ер ед азаматтық үнін қатқан.
Теңдікті сақтағанның арқасын да,
Айрылмай жүруші еді қонған бақтан.

Белдескенде жүргесін жүлде бермей,
Азамат боп жүретін бос сөзге ермей.
Аты шығып жүрседе балуандықпен,
Азамат боп жүретін кеуде кермей.

Жездеміз ед өзін тым адам тұтқан,
Белдескенде сан балуанды таза ұтқан.
Азамат боп құрбысымен сыр шерткенде,
Не бар артық деуші еді адамдықтан.

Балуандарда белдесіп ед елеңдетіп,
Жанбасқа алып мықтылардың күші жетіп.
Қарсыласын жанбасқа алып жыққаннан соң,
Жерлестері тұрып еді мақтан етіп.

Тойшылардың кілем де боп тым көздері,
Күресі боп балуандардың тек сөздері.
Балуандармен тұрып еді қоса қызып,
Күресердей боз кілемде бірге өздері.



Арулар да тұрып еді сыбырласып,
Чемпион жығады деп айласы асып.
Тойшылардың мақтауымен қолдауынан,
Бойдағы кеткендей ед күш те тасып.

Ақбас шың да руқымды биіктетіп,
Арманыма тұрғандай ед қолым жетіп.
Көңілді де көтеріп өрлігімен,
Рух беріп тұрғандай ед батыр етіп.

Қиялда өзі шарықтап сонда кетіп,
Тек ерлеуге тұрып едім сон да бекіп.
Ерлік істі көрсетіп жүргеннен соң,
Қыздырып қан тұрғандай ед елеңдетіп.

Болғанменен белдесу оңай емес,
Ерлей алсаң қалай ғана қолдан келмес.
Боз кілемде ерлікті көрсете алсаң,
Жанбасқа алсаң кім сені балуан демес.

Қарсыласта көрсеткенмен аларып сес,
Шын мықтылар белдескен де бермейді дес.
Бабалар да түкті жүрек ер болғасын,
Нағыз ерлер намысты қолдан бермес.

Ер бабалар көрсеткесін тек ерлігін,
Жауларына көрсеткен ғой жүрек түгін.
Азаматтық тұрғыдан көріне алған,
Көтеріпте өмірдің ауыр жүгін.

Ерлігінен жүрмегесін көңіл қалып,
Биік деген жүргесін шыңды алып.
Ұрпақтары қалайша үлгі алмасын,
Жауларын тек өткесін жөнге салып.

Былтырғы чемпион деп бірден танып,
Сыбырласып тұрғандай ед намыс жанып.
Азамат деп сенгесін қолдайтындай,
Жығарыма тұрғасын қатты нанып.

Бабалардың ерлігі жүр деп дарып,
Азаматтық ерлік іске жүр деп барып.
Тойшылардың мақтауымен қолпашынан,
Күреспей ақ тұрғандай ем топты жарып.

Бірден танып зеректікпен таң қылғандай,
Қолдау сөзге іште еді жылығандай.
Мақтау менен мадақтан көзге айтқан,
Әдеп сақтап тұрып едім қысылғандай.

Қашсамдағы емес едім құтылғандай,
Көзге түсіп едім мен де тұтылғандай.
Қолдау сөзден бірақта рух алып,
Емес едім бірақта ұтылғандай.


Тектілікпен сөйлемеп ед рух басып,
Бос сөздерден дегендей боп қалар жасып.
Тәуекел деп мықтылармен белдескесін,
Алыппен де белдескесін жүрмей сасып.

Бүйректі де сияқты бұратұғын,
Азамат деп бағалауға тұратұғын.
Чемпион деп артқандай үлкен сенім,
Көңілдерден азамат деп шығатұғын.

Сезіп едім халқым барын бағалайтын,
Ерлей алсаң нағыз ерге тек балайтын.
Мерейінді өсіретін көп алдында,
Азаматтық адамдықты тек қалайтын.

Бос сөзімен мазаңды да еш алмайтын,
Болғаннан соң зар күйге де еш салмайтын.
Азамат деп бағаңды білгеннен соң,
Өздерінен көңілде еді еш қалмайтын.

Күрес өнер көтергендей беделімді,
Қуантқандай жүргесін тек елімді.
Тұрып едім боз кілемге шықпақ болып,
Ерлік іске бұғасын тек белімді.



Ерлік істі жүргесін әркез қалап,
Балуан бопта жүргесін етіп талап.
Боз кілем де мықтылықты көрсеткесін,
Ұлы елім де жүргесін ерге балап.

Боз кілем де ерлегім тек келетіндей,
Ерлей алсаң ұлы елің елейтіндей.
Үлкендерде алғыстарын тек жаудырып,
Батасымен тек жебеп желейтіндей.

Кім мықтыны кез келгендей тексеретін,
Адамдықтан болмағасын өзгеретін.
Азаматтық өмірдегі ерлік істі,
Текті қалқым болғасын жөн көретін.

Балуандар ғой қолдан намыс бермейтұғын,
Ер болғасын бос сөздерге ермейтұғын.
Шеттерінен болғасын түкті жүрек,
Жалындап шыңға құлаш сермейтұғын.

Ер болғасын жақтырмайтын бос мылжыңды,
Көзбен атып жүретін кей шылжыңды.
Азаматтық адамдықты сақтағасын,
Жақтырмай жүретұғын бос ыржыңды.

Төмендетпей жүргесін жігіт атын,
Тек ерлеп көрсеткесін жақсы затын.
Боз кілем де білек түріп белдескесін,
Таңдандырып жүргесін дос пен жатын.

Болмағасын қарсыластан жығылатын,
Балуандар ед белдескен де таң қылатын.
Чемпион шықсадағы білек түріп,
Ер болғасын емес еді тығылатын.

Бала кезден той жиын да күрескесін,
Тайсалмай мықтылармен тірескесін.
Білек түріп дайындалып тұрып едім,
Азаматтық көкейді де тым тескесін.

Елім де балуан жігіт тек дескесін,
Адамдық қып тектілікпен көге ілгесін.
Білек түріп қалайша күреспессің,
Таразылап бағаңды тым білгесін.

Бабалар да байтақ жерді қорғағасын,
Ұрпақты ойлап ойламай қара басын.
Бабалардан ұрпақтары үлгі алғасын,
Ерлік істі қалайша тек қылмасын.

Ұқсауға тырысып ем бабаларға,
Тектілікпен ұқсамай іші тарға.
Іші кең болғаннан соң даласындай,
Жүгініпте жүргесін бойдағы арға.

Балуандар ғой ер болғасын көзге айтатын,
Бос сөзімен болмағасын мұңайтатын.
Боз кілем де ерліктерін көрсеткесін,
Беттерінен емес еді еш қайтатын.

Қолдағасын сезіп едім жеңерімді,
Былырғыдай чемпион боп ерлерімді.
Отанға жүргенненсоң қызымет қып,
Гүлдентпек боп жүргесін байтақ жерді.

Бәрін сезіп тұрып едім толғанғандай,
Өзімді өзі қамшылап қолға алғандай.
Тойшылардың қолдауымен жылы сөзі,
Азаматтық еді тым ой салғандай.

Таусоғарға жіберіп ед айналдырып,
Қолдау сөзі тұрғызбай жайландырып.
Ақбас шың да руқ беріп тұрғаннан соң,
Алыппен де белдесуге сайландырып

Ерлейтұғын тағы да кез келгендей,
Желісті аттай уақытта тез желгендей.
Асыланмен белдесуге шығып едім,
Асыланда мықты болсаң кел дегендей.

Жүргеннен соң белдесте жүлде бермей,
Азамат боп жүргесін бос сөзге ермей.
Өзін ұстап тұрып еді ер жігіттей,
Адамдықты биік қойып кеуде кермей.

Сескенуің жүргесін ішке кірмей,
Белдеспек боп тұрып еді нағыз ердей.
Тектіменен өмір де ез арасы,
Болғаннан соң арасы көк пен жердей.

Грузин ед не бір балуан тең келмеген,
Күрес десе қаны қызып елеңдеген.
Тектілікпен сөзінде тұра алып,
Азаматтық намысын еш бермеген.


Азамат ед бос сөзге еш ермеген,
Болғаннан соң өмірде тек ерлеген.
Зор еді азаматтық адамдығы,
Ер еді шыңға құлаш тек сермеген.

Мұсағұлов Құдайберген ағамызбен,
Асекең балуан еді сан белдескен.
Жүретұғын бірін бірі жыға алмай,
Сонда да емес еді бөсіп ескен.

Белдессе де еді екеуі тек елдескен,
Азаматтық болғасын көкей тескен.
Тектілікпен ішке кекті сақтамайтын,
Азамат ед құрбылары ер ғой дескен.

Бір бірімен жүретұғын тек силасып,
Атақтары жүргенмен көптен асып.
Белдескен де бір бірімен тең түсетін,
Күштері жүргенменен тым ақ тасып.

Тау ұлы ғой белдескенде қызатұғын,
Қахарланса тас қамалды бұзатұғын.
Жауырыны көрмегесін жерге тиіп,
Сескенуді емес еді ұғатұғын.



Азамат ед уәдесінен шығатұғын,
Шындаса не алыпты жығатұғын.
Беті қайтпай жүргесін боз кілемде,
Алыптардан емес еді бұғатұғын.

Не алыпты жүргесін қолына алмай,
Азаматтық қалай жүрсін ойды салмай.
Белдестерін жүргесін көзбен көріп,
Белдесінен жүріп еді көңіл қалмай.

Белбеуін де қанжары салақтаған,
Би билесе қанжарын ап жалақтаған.
Грузин ғой зор сенімді тек ақтаған,
Болмағасын бос бекер далақтаған.

Билейтұғын саусақтың да ұшыменен,
Дараланып өнерімен күшіменен.
Жалт жұлт етіп өнерлерін көрсететін,
Көрінгесін азаматтық ерлігімен.

Ер қалқымның намысында іштей ұғып,
Чемпион боп жүргесін менде жығып.
Қызартпас деп қандастар да қарайтындай,
Алыптардан жүрмегесін ешпір бұғып.

Қалқымның да білгесін батырлығын,
Қиындықта жол табатын тапқырлығын.
Бабаларым болғасын жауын қуған,
Жауларына көрсетпей ынжықтығын.

Белді буып тұрып едім мен де мығым,
Ер болғасын жарамас деп ынжықтығым.
Кең даланың болғасын мен де ұлы,
Азаматтық болғасын әркез де ұғым.

Мойным да тұрғандай ед ұлт намысы,
Болғаннан соң өмір де зор табысы.
Асылдықпен жүргесін үлгілі боп,
Естілгесін әлемге де тек дабысы.

Шұғылданып бұлшық етте білеуленіп,
Азаматтық тұрып едім ойға еніп.
Қазағымның намысын түсінгесін,
Азамат деп қарағасын елім сеніп.

Балуандықты көрсеткесін боз кілем де,
Чемпион боп жүргесін ерлеп мен де.
Спортпенен терді төгіп шұғылданып,
Дұрыс қой деп жүргесін ерлеген де.

Жігіт болып азамат боп тезақ дем де.
Сан өнерден ұятқой болсаң кен де,
Ер халқыңды ұят қой тым ұялту,
Нағыз қазақ азамат бұл деген де.


Тырысып ем жерге еш қаратпауға,
Азамат боп тырысып ем тек жығуға.
Ер халқымның намысын жақсы ұғып,
Бабаларым бермегесін жерін жауға.

Азаматқа ұят еді мұны ұқпауға,
Ұқпау да өзі ұятқой дені сауға.
Биік шыңнан тұрып едім көзді алмай,
Тырысқасын қарсыластан жығылмауға.

Жігіт еді жықсада мақтанбайтын,
Тектілікпен асылдықпен мастанбайтын.
Ерлігімен жүргесін сенімді ақтап,
Нағыз ер ед сөзінен де еш танбайтын.

Көргісі келетіндей мені сынап,
Тұрғандай ақ атағым тым-ақ ұнап.
Қол алысып алғасын белден ұстап,
Белдесіп кетіп едік қызып шындап.

Қос білекке еді шын күш түскендей,
Тамырларда одырайып тым іскендей.
Асыланмен чемпионның белдесуін,
Тағатсыз тойшыларда тым күткендей.



Қолдауларын өздерінің білдіргендей,
Бос сөз сөйлеп емес еді күлдіргендей.
Беделіңді көтеріп көп көзінше,
Ерлей алсаң тек көзге ілдіргендей.

Бұра біліп бүйректерін ер дегендей,
Азамат боп қамыңды да тек жегендей.
Азаматтық адамдығын көрсеткендей,
Қолдай алып нағыз ерін тек жүргендей.

Чемпион деп алғасын мені танып,
Былырғы белдесіме айыз қанып.
Қандасының тек жеңісін тілегесін,
Намысымды тұрып еді елім жанып.

Чемпион деп зор сенімді жүктегендей,
Асыланда тым қарсылық күтпегендей.
Жүргендей ед әлі мені баласынып,
Белдесіп ем жігіт болып менде діңдей.

Уақытта өте шығып тез білдірмей,
Асекеңе жүріп едім мен ілдірмей.
Кей ездердей құламай серең етіп,
Тойшыларды белдесіп ем еш күлдірмей.

Арқаны кеңге салып ешпір жүрмей,
Бос белбеу боп ездiк қып өмір сүрмей.
Күресте де көрсеткесін тек ерлікті,
Бос сөздерге жүргесін құлақ түрмей.

Қазаққа болғаннансоң жүрегі ақ,
Жалындаған болғасын жастық бір шақ.
Балдыз болып жүріп едім мен де силап,
Тектілерге жүргесін болып тек жақ.

Азаматтық жүргесін көкей тесіп,
Жүргенненсоң айдардан самал есіп.
Асекең мен барды сап белдесіп ем,
Азамат боп тез арадақ менде ер жетіп.

Тіресіп жүріп едім өте тым сақ,
Жығамын деп жүріп едім ашылса бақ.
Асыландай балуанмен белдесуде,
Чемпиондық атағыма еді сынақ.

Нағыз ерге кездесіп ем белдесетін,
Балуан болсаң нағыз шын кел десетін.
Боз кілемде тек қана таза жеңіп,
Төс қағысып содан кеиін елдесетін.

Тер басып кетіп еді тым денесін,
Жібермейтін балуан ғой еш есесін.
Жығыларын сезген соң чемпионнан,
Жинағандай еді бірақ та тез-ақ есін.


Өмірде адамдықты көздегесін.
Азаматтық билегесін әркезде есін.
Ааматтық теңдігін сақтағасын,
Белдесіп ед көрстпей онша сесін.

Қайтарып көрмегесін ешкім бетін,
Атқарып жүргендей ед өз міндетін.
Белдесіп ед өзіммен барды салып,
Чемпионға болмаса да әл жететін.

Белдесіп ек денені терге малып,
Жеңбек болып екеумізде барды салып.
Бұлшық етте күш түскесін тым ісініп,
Қалып еді дегенмен білек талып.

Чемпионды жүргесін ер дегендей,
Көздеріне өздерінің сенбегендей.
Былтыр ғана чемпион болғаннан соң,
Сескенуің іштеріне кірмегендей.

Асыландар жігіт кезде едік бала,
Қызғалдақты қызықтырған ғажап дала.
Шыбықты ат қып жүруші едік асыр салып,
Ұнаушы еді шалғынды сай мен сала.



Ағалармен кезде келіп белдесетін,
Жігіт болып чемпион боп кел десетін.
Іні болып үлкендігін сыйлап едім,
Жықсамдағы емес едім мен есетін.

Жайлауға келгеннен соң тек жығуға,
Берген сөзден келгесін тек шығуға.
Жүріп едім белдесіп барды салып,
Әркімге де болады деп мұны ұғуға.

Болдырғанын сезгесін жанбасқа алып,
Белдескесін денені терге малып
Азаматтық көрсетіп жығып едім,
Ұлы елімді қызартпай барды салып.

Грузин де қалыққой қайтпайтұғын,
Ер болғасын бос сөзді айтпайтұғын.
Іштеріне қалыққой кек сақтайтын,
Тау ұлығой жықсаң да байқайтұғын.

Қалық азғой әлем де ер қазақтай,
Адамдықты көрсететін қазаққа сай.
Жеріміз болғанменен ұлан байтақ,
Сақтықты да жүріп едім еш ұмытпай.

Тигізіп ем жездеміздің жауырынын,
Қарап тұрған өкпелетіп тым бауырын.
Сом білекті азамат ед кең иықты,
Сезіп едім салмағының тым ауырын.

Жығылсада көрсетпеп ед қараулығын,
Азамат боп сақтағандай бауырлығын.
Жездеміз болғаннан соң тым силайтын,
Тілеп едім менде өзі тек саулығын.

Көрсетпей жүргенненсоң еш жаулығын,
Өмірдің де еш елемей ауырлығын.
Өмірді адамдық қып сүре алып,
Азамат боп айтқасын тек шындығын.

Алғасын сүйіп күйіп қазақ қызын,
Қара шашты тым сұлу бұрымы ұзын.
Мен де сыйлап жықпап едім онша қатты,
Қазақтың сыйлағасын дәмін тұзын.

Жездеміз деп жүргесін бүйрек бұрып,
Чемпионмен белдесе де сайтан ұрып.
Жықсамдағы кей бөспедей күлмеп едім,
Ер сөзін де жүргесін әркез тұрып.

Қазағымды тырысқасын қызартпауға,
Бабаларым бермегесін жерін жауға.
Чемпион боп ойлағасын ұлт намысын,
Барды салып тырысып ем алдырмауға.

Түсінуге боладығой мұны сауға,
Нағыз ерлер үйір болмас бос сөз дауға.
Қалқым да ерлер көбін дәлелдеп ем,
Тырысқасын көңілдерін қалдырмауға.

Қазақтың қызын алған еді күйеу,
Қысылған да жүретін болып сүйеу.
Қазақты кей жаулары қылжақ қылса,
Жақтырмайтын жүрсе егер күндеп біреу.

Нағыз балуан сыйлап едім азаматты,
Таңдандырып жүргесін доспен жатты,
Боз кілемге жықсам да жанбасқа алып,
Жықпап едім жездеміз деп онша қатты.

Көрсеткесін тым өзі жақсы затты,
Биік қойып жүргесін адам атты.
Бағалап жүргенненсоң нағыз ерді,
Қысқа саптай өмірде тым қыбатты.

Кезек күтіп отырып ем ендік басып,
Асекеңді жыққасын күшім асып.
Жалындап жүргенненсоң жастықпенен,
Белдесіп жүргеннен соң күшім тасып.



Үш балуанды еді онда жығу парыз,
Қарсылық қып түсірсеңде шағым арыз.
Білек түріп балуандар белдесіп ед,
Жықпаса болатындай балуан қарыз.

Малшыларда мал баққасын қысы жазы,
Микрофондардан естіліп әннің сазы.
Атпен шауып жастар да, шат боп күліп,
Жастардың да естіліп ед күлкі назы.

Бұрынғы балуандардың кебін киіп,
Азаматтық отырып ем ойды түйіп.
Боз кілем де көңілден шыққаннан соң,
Ақсақалдар жүріп еді алғысты үйіп.

Арулар да шаштарын жиі тарап,
Балуандарға тұрып еді көз сап қарап.
Зор сенімді балуандар да ақтағасын,
Жанбасқа алып жүргесін мүлдем жарап.

Ерлігімен асқасын тек бақтары,
Жалындап сынбағасын еш сақтары.
Белдесіп ед бұлшық еті тым ісініп,
Жалындайтын болғасын дер шақтары.

Денелері малынып қара терге,
Ұқсағасын өмір де нағыз ерге.
Ерліктерін боз кілем де көрсеткесін,
Сүріну де ұят деп жігіттерге.

Тұлғасымен қыздарды да қаратқандай,
Әдейілеп белдестерге жаратқандай.
Балуандық өздерінің өнерімен,
Атақтарын жүргесін таратқандай.

Балуандар ғой бос сөзді жақтырмайтын,
Жетесізге бүйректі еш бұрмайтын.
Силамайтын өмір де тексіздерді,
Азамат боп сөздерін де еш тұрмайтын.



Білмейтұғын болғасын қорқуыңды,
Бағындырмақ болғасын биік шыңды.
Ерлік іске бел буғасын тек өмір де,
Жақтырмайтын ездiкпен бос ыржыңды.

Қалғандай ақ тез арадақ таңы атып,
Ашшы тердің белдессе де дәмін татып.
Ерліктерін балуандар көрсетіп ед,
Азаматтық өздерінің үнін қатып.

Жықсақтағы тұрып едік әдеп сақтап,
Азамат деп жүргесін сенімді ақтап.
Байғали ағамызда еді балуан,
Бір балуанды тұрып еді қатты мақтап.

Ұзын бойлы азаматты кең иықты,
Жаратпайтын жігіт деп ынжықтықты.
Кең иыққа жотасына мән бергендей,
Баға беріп азамат деп өте мықты.

Кей балуанды еді тым шошытқандай,
Тым бағалап азамат деп қорқытқандай,
Асыланды атақты жыққаннан соң,
Таразылап емес едім қорыққандай.

Таңданысын түсініп ем аға ойын,
Зор балуанда тұрып еді тіктеп бойын.
Сайыста да еш балуан тең келмейтін,
Жүргеннен соң тым жақсы бағып қойын.

Күжірейген желкесі жуан мойын,
Сияқты бір денесі темір шойын.
Қысы жазы өзі де қой баққасын,
Құрметтейтін сияқты қойшы тойын.

Берген сөзін жүргесін жұтпағандай,
Азаматтық адамдықты құптағандай.
Чемпион болсадағы бұл Мұратты.
Несі бар деп тұрғандай ұтпағандай.



Сыншылар да қасына кеп тоқтағандай,
Жоғы болса бірге іздеп жоқтағандай.
Сайыстың чемпионы, жығады деп,
Кей сыншылар біздің жаққа соқпағандай.

Барды салып бір алыпты олда жығып,
Чемпион деп тұрмап еді қорқып бұғып.
Біразырақ жасы менен үлкен еді,
Қайсарлығын тұрып едім менде ұғып.

Асыланмен белдескесін барды салып,
Дегенменен қалып еді білек талып.
Грузин жездемізді жығып едім,
Жас болсам да тәуекел деп жанбасқа алып.

Бабалардай ерлікке менде барып,
Белдесіп жүргеннен соң топты жарып.
Белдестерге жиі түсіп ысылғасын,
Бос бекерден күшімді етпей сарып.

Тұлғасына тойшыларда тым таң қалып,
Тым сақтықтың керектігін еске салып.
Жерлестер де өзін жақсы білетіндей,
Жыққаннан соң қарсыласты жанбасқа алып.

Чемпион боп ұят еді жеңілгенім,
Жеңіліп қап күлкі болып егілгенім.
Тәуекел деп мықтылармен белдескесін,
Дегенменен өзме тым мол ед сенім.

Болмағасын ешкімнен кем атақ шенім,
Азамат боп сау болғасын әркез денім.
Сайыскерді бос бекер мақтамап ед,
Белдесуге жарайтын еді теңім.

Балуандығы тұлғасынан білінгендей,
Содандағы тез назарға ілінгендей.
Батырлығы зор тұлғасы көзге түсіп,
Бар бауанға әліңді өзің біл дегендей.



Белдесуге меніменен асыққандай,
Ерлігі де бойда күшін тасытқандай.
Кей балуанның ұзақтау күрескені,
Сайыстың чемпионын жасытқандай.

Көп ойланып басты емес қатырғандай,
Сайыста өзі ерте таңын атырғандай.
Сайыстар да алыптарды аударғасын,
Жеңілістің ащы дәмін татырғандай.

Қазақтың жігіттері батыр қандай,
Ер болғасын жеңісті тек жақтырғандай.
Ерлерінің көргенде ақ тұлғаларын,
Жауы болса қараларын батырғандай.

Көз алартып қараса қабақ түйіп,
Жауырыны көрмегесін жерге тиіп.
Кеуделерін жүргесін асқақ ұстап,
Озбырларға көрмегесін басын иіп.

Отандарын жүргесін әркез сүйіп,
Ақсақалдар жүргесін алғысты үйіп
Азаматтық әркез де ерлігіне,
Іші тардың жүргесін іші күйіп.

Нағыз ерге қалығы әркез сенбек,
Азаматты шыңдайды ғой етсе еңбек.
Азаматтар спортпен шұғылданған,
Қарсыласын жанбасқа алып солар жеңбек.

Ақбас шыңда жарқылдап көзді тартып,
Тұрғандай ед ерлікті тым дарытып.
Бастау алып өзінен сан бұлақтар,
Тіршілікті аққасын тек жарытып.

Сезіп едім мол күшін бойындағы,
Көтергесін ер жүгін мойнындағы.
Ер болғасын өмір де еш сескенбей,
Сөздерін де айтқасын ойындағы.

Тойшыларда күткендей тым тағатсыз,
Сөйлегесін сөзді де еш ағатсыз.
Атымды атағасын шығып едім,
Ие болып киіміме бір ару қыз.

Сол тойда қалғаннан соң болып таныс,
Қыз көзінше жығылуда еді намыс.
Бағалап чемпион деп тұрғаннан соң,
Азаматтық жүргесін шығып дабыс.

Азаматқа керек емес бос сөз сыбыс,
Азаматтық естілген де әркез дыбыс.
Тойшылар да азамат деп қолдағасын,
Азаматтық ашылғандай еді тыныс.


Жүректе өзі жиі соғып толқығаннан,
Қолдау сөзді естігесін тойшылардан.
Қиялда өзі қанат жайып қырандардай,
Көңілде өзі көтеріліп шалқығаннан..

Боз кілемде тұрып едім жүрек жанып,
Азамат боп жігіт болып сырға қанып.
Ұят еді чемпионға сүріну де,
Жүрмегесін сөзден де ешбір танып.

Жүрмегесін бос сөзбен өсек теріп,
Күншілдік бос сөздерге кетпей еріп.
Асылдықпен ару қыз тектілікпен,
Жанарымен тұрып еді руқ беріп.

Жүрегіммен тұрып едім бәрін сезіп,
Ездік қылып жүрмегесін малтаны езіп.
Азамат боп сауық құрар кез келгесін,
Шарықтап қиялымда көкті кезіп.

Күресуге тұрып едім тым қамданып.
Жығады деп тұрғасын қыздар нанып.
Боз кілемде өзме тым сенімді едім,
Келгенненсоң жақсылап шұғылданып.



Елі алдын да өнерін көрсетсе ерлер,
Не мықтымен белдесіп ағып тым тер.
Көрсетіп тек ерлігін жүргеннен соң,
Арулар да тектілікпен нағыз ер дер.

Кей күншілдер жүргенмен алжасқандай,
Ару қыздар көилегіме таласқандай.
Чемпион боп жүргесін топты жарып,
Тектілікпен чемпионды қаласқандай.

Кейбір сұқ көз тұрып еді жымиғандай,
Көңіліне қыз қылығы симағандай.
Чемпионын сыйлағасын тым арулар,
Құрметтерін еді сонда тыймағандай.

Көп көзінше мерейіңді өсіргендей,
Еркелігің болса егер кешіргендей.
Азамат деп құрметтеп жүргеннен соң,
Мастанып емес едім есіргендей.

Боз кілемде тұрып едім ой түйгендей.
Мақаббаттың отына да тым күйгендей.
Арулары болғансоң текті ұлттық,
Чемпионын жүрегімен шын сүйгендей.

Нағыз ер азамат деп көзге ілгендей.
Өнеріңмен ерлігіңді тым білгендей.
Көп көзінше байқаусыз сүрінсеңде,
Азамат деп емес еді еш күлгендей.

Обылыстық жарыстада белдескесін,
Белдесіп мықтыларға кел дескесін.
Азаматтық намысты сақтағасын,
Балуандарда көрсеткенмен тымақ сесін.

Бала күннен мықтылармен тірескесін,
Барды салып белдесіп күрескесін.
Чемпиондық атаққа таласып ем,
Оңайлықпен білгесін еш бермесін.

Боз кілемде тым толқып тұрғанымда,
Сан өнерге бұиректі бұрғанымда.
Сайыскерге тым өзі жақпағандай,
Ер жеткесін сауықты құрғаным да.

Сайыскер көргендей-ақ мені бала,
Бас салып ед күшке сеніп шыға сала.
Чемпиондық атағымды ұмытқандай,
Кей күншілдер жүргесін жауып жала.

Кей жерлестер қалып еді қатты сасып,
Сайыскердің кеткендей ақ мысы басып.
Жығады деп ойлағанда қолға алмай,
Қалғандай ед кей жерлестер елтеп жасып.

Қызбалығы бойда қанын тасытқандай,
Жерлестердің кейбірін жасытқандай.
Шағылатын мені бір бос жаңғақтай,
Кей жерлестің желкесін қасытқандай.

Жүргендей ақ тым қатты ісі өніп,
Көз қызарып жүріп еді қатты төніп.
Тойшыларға көз қырымен қарап қойып,
Ыңғайына жүретіндей мені көніп.

Сезіп едім бар күшін салғандығын,
Өршеленіп байқап едім шалғандығын.
Асығып жүргенменен жығамын деп,
Сезіп едім алқынып қалғандығын.

Сескенгенін жүріп еді білдірмеуге,
Тырысып ед оп оңай ілдірмеуге.
Меніменен белдесіп ед барды салып,
Тұратұғын болғасын жігіт деуге.

Лечеден бой денесі кем еместей,
Анау мынау мықтылар тең келместей.
Тез қимылдап тынысын тарылтпасаң,
Оңайлықпен жеңісті еш берместей.

Азаматтық қайдан жүрсін көкей теспей,
Тектілікті сақтағасын бөсіп еспей.
Шындамасаң жүлдені бермейтіндей,
Ездік қылып күрессең жолын кеспей,

Шабуылды одан сайын үдетіп ем,
Күш айла болмағасын ешкімнен кем.
Тер ақсада үстімнен тым тамшылап,
Құштар болып жеңіске алмап ем дем.

Тынысы еді шыныменен тарылғандай,
Мен мендіктен еді мүлдем арылғандай.
Жеңілдім деп белдесуден бас тартып ед,
Тойшыларға ағынан жарылғандай.

Азаматтық шындықты тым жөн көріп,
Көкперді де тартқаннан соң тек өңгеріп.
Жығыларын өзінің білгеннен соң,
Райынан қайтып еді тез өзгеріп.

Азаматтық сезіліп ед естілігі,
Жүрегінің сезіліп ед түктілігі.
Жоқ екені сезіліп қараулыққа,
Адамдығы сезіліп ед тектілігі.

Қазағымның сезіліп ед дархандығы,
Сезіліп ед беделімнің артқандығы.
Қос балуанды жыққасын тым атақты,
Сезіліп ед таңым тағы атқандығы.

Көтеріліп күнім бара жатқандығы,
Сезілмей ауыр жүктің батқандығы.
Көріп едім тойшылардың мәз боп күліп,
Естіліп ед достық үнін қатқандығы.

Көтеріліп көңілім де шын қалғандай,
Тас қамалды едім мен шын алғандай.
Жүрегім де жалындап тұрып еді,
Чемпиондық атақты тек қалағандай.

Белдестерім шын ерлерге ой салғандай,
Денемді едім терге де тым малғандай.
Үшінші балуанмен де күресіп ем,
Жығып едім көп көзінше көп қиналмай.

Үш балуанды тым қатты мақтағанмен,
Үміт күтіп тым өздерін баптағанмен.
Жас болсам да белдесіп барды салып,
Жығып едім жерлестері жақтағанмен.

Аларымды алғандай ем бұл өмірден.
Азаматтық адамдыққа қойғасын ден.
Батыр қалық қазақтан туғаннан соң,
Кеуде қағып сонда да демеп ем мен.

Ер қазағым адамдығын сақтағасын,
Асылдықпен зор сенімді ақтағасын.
Азаматтық зор сенімді ақтай алсаң,
Азамат деп әркез де жақтағасын.

Чемпиондар шығарғанмен атақтарын,
Жығылғандар шығармап ед шатақтарын.
Нағыз ерше өздерін ұстай алып,
Елінің естіп еді мадақтарын.

Сүлейменов.Х. бас төреші қол көтеріп,
Белдескен де жыққанымды көзі көріп.
Жүргеннен соң белдестерге төреші боп,
Бас жүлдені тұрып еді маған беріп.

Жыққанменен тұрмағасын кеуде керіп,
Надандықтан жүргесін әркез жеріп.
Адамдықты сақтаған әділ еді,
Бәле жала жүрмегесін ешбір теріп.

Сақтайтұғын азамат ед ар намысты,
Өмір де ұнатқасын зор табысты.
Тектілікпен теңдігін сақтайтұғын,
Азаматтық шығарып тек дабысты.

Көрсетіп жүгеннен соң даналықты,
Ұнатпайтын ер еді шалалықты.
Азамат ед ерлігіңді бағалайтын,
Көп көзінше ерлей алып болсаң мықты.

Тектілікпен ерлей алсаң беретін дем,
Азаматтық адамдықтан болмасаң кем.
Боз кілемде белдесіп қиналған да,
Қолдау сөзде емеспе жүрекке ем.

Тойшылар да көрсетіп ед адамшылық,
Асылдықпен болмағасын ісі былық.
Азамат деп ұлы елің қолдаған да,
Көрсету де ұятқой ерсі қылық.

Көңілдерден тұрып едім сонда шығып,
Алыптардың өзін де тезақ жығып.
Оңайлықпен келмесін зор табыстың,
Терді төгіп тұрып едім жақсы ұғып.

Балуандарды тұрсам да жеңіп таза,
Таза жеңіп қалай ғана кетсін маза.
Азаматтық адамдықты сақтағасын,
Балуандардан блмасын деп ешпір наза.

Бір бөспе чемпионды жығамын деп,
Топ ішін де тұрып еді тым жыны кеп.
Төрешілер топ ішінен іздегенмен,
Қалып еді бөспені таппай іздеп.

Іздегесін қарасын ед батырғандай,
Тұрғанын да елдің басын қатырғандай.
Іштарлық күншілдікпен қолдан келсе,
Болмағасын таңыңды да атырғандай.

Адамдықтан тұрған да өзгергендей,
Балуан жоқ деп тұрған да мына мендей,
Азамат боп өзгелердің топ жарғанын,
Іштарлықпен болмағасын жөн көргендей.

Бөспелікпен өз бағасын жақсы білмей,
Чемпионды тұрғандай боп көзіне ілмей.
Бөспелігін тым ездің білгенненсоң,
Тұра алсын тойшылар да қайтып күлмей.

Жүргеннен соң ездікпен жөн сөзді айтпай,
Белдестерден жүргендей ақ беті қайтпай.
Топ ішінен қалып еді езді таппай.
Ездігімен қайтып жүрсін тым мұңайтпай.

Сөилемейтін болғасын сөзді шатпай,
Тасасына тығылып ед сонда батпай.
Топ ішіне тығылып бөскеннен соң,
Тойшылар қалып еді езді ұнатпай.


Бөспенің көргенненсоң ездік ісін,
Азамат деп қалай ғана көзге ілсін.
Топ ішін де бөсіп есіп тұрғаннан соң,
Тойшылар іште аласын қайдан білсін.

Топ ішін де сөилегенмен мықтысынып,
Тығылғасын қалғандай ед үні тынып.
Топ қыздардың ішін де бөскенменен,
Із суытып қалғандай ед сағы сынып.

Тойшы біткен біліп еді бөспелігін,
Көрсете алмай тығылғасын еш ерлігін.
Бөсіп есіп топ ішін де қараулық қып,
Қалай ғана көтерсін деп ердің жүгін.

Сері бопта жүргесін ән сап шайқап,
Боз кілем де жүргесін жығып жайпап.
Боз кілемге бөспені шақырып ем,
Сөилесін дегенненсоң әлді байқап.

Еш ұялмай сөилегесін сырттан бөсіп,
Бөспелікпен жүргесін желдей есіп.
Айналыспай жүргесін келелі іспен,
Жүрмек болып жүргесін жолды кесіп.



Кім мықтыға жеткізбек боп тым көздерін,
Кей бөспенің естігесін бос сөздерін.
Ерлегесін дузу жолға түсірмек боп,
Тым дұрыс ұстасын деп тек өздерін.

Өмір де ұнатқасын тым шындықты,
Көрсетпей жүргенненсоң ынжықтықты.
Тасасына тығылмай балуан болса,
Чемпионмен шықсын деп ем болса мықты.

Қорқу үркіу жүргесін ойға келмей,
Бос сөздерді жүргесін еш елемей.
Тасасына тығылып бос сөзді айтып,
Ездік қылып жүрмесін деп міңгірлемей.


Бос сөзді айтып жүргесін әлін білмей,
Оң сөздерді жүргесін құлаққа ілмей.
Тойшыларда тұрып еді мырс мырс күліп,
Бұл қылыққа қалайша тұрсын күлмей.

Жазыпта жүргенненсоң жырларымды,
Жүректегі айтқасын сырларымды.
Ерлік іске жеткізгесін тек көздерін,
Азаматтық көрсеткесін қырларымды.

Ата-ананың ақталғандай зор еңбегі,
Болғаннансоң өмірде жақсы тегі.
Азамат қып өсіріп ед жақсы баптап,
Сенім артқан кенжесі едім өмірдегі.

Балуандығым тастағандай көзге ілдіріп,
Ерлігімді жүргесін тек білдіріп.
Жүріп едім өзімді ұстай алып,
Жүрмейін деп бірдемені мен бүлдіріп.

Көре алмайтын пенде де бар атағыңды,
Басқа қонған көре алмайтын еш бағыңды.
Чемпион боп топты жарып жүрсеңдағы,
Бағалап жүрмейтұғын жас шағыңды.



Сындырғысы келетін тек сағыңды,
Білседағы отаныңа тым ағыңды.
Не айтады деп ауызды да баққаннан соң,
Аштырғысы келмейтін еш жағыңды.

Асылға да жүргесін күие жағып,
Ауыздан да жүргесін бәле бағып.
Іштарлық қып жүргесін озғандарға,
Еш жазықсыз жүретін кінә тағып.

Қатарынан жүргесін әркез қалып,
Қалғандығын жүргесін көңілге алып.
Ездікті тексіздікті көрсеткесін,
Озғандарды жүретін әркез шалып.


Кей пенденің іште аласын біліп беске,
Сақтықты да жүріп едім алып еске.
Жаланы да жабарын білгенненсоң,
Керек-ақ қой сақтықта ер жігітке.

Жықсамдағы жүріп едім еш мақтанбай,
Азаматтық жүргесін сөзден танбай.
Бөспелердей жүрсем егер бөсіп есіп,
Ерлігіме жүрер деп елім нанбай.

Терең ойға жүріп едім бойлағандай,
Жеңісті де жүргесін тойлағандай.
Азаматтық сенімді ақтағасын,
Сауықты да құруды ойлағандай.

Келгенін біліп едім жігіттік кез,
Атша желіп уақытта өткесін тез.
Азамат дегеннен соң қашпап едім,
Болмайын деп өмірде ынжық бір ез.

Ерлікті көрсеткесін ерлеп мен де,
Адамдықтан ұят қой өзгерген де.
Көлеңкеңнен сақтанып жасырынсаң,
Адамдықтан не болады болсаң кен де.



Чемпион болсамдағы артық кетпей,
Момындарды жүріп едім мазақ етпей.
Жас болсамда назарға ілінгесін,
Ұстап едім өзімді ер жігіттей.

Арулар ғой ер жүрегін тез ұғатын,
Болсаң егер сөзіңнен тек шығатын.
Азаматтық тектілікті көрсете алсаң,
Көңілді де емес еді еш жығатын.

Сезімтал ғой қыз жүрегі ежелден ақ,
Тектілікпен жүргесін әркез де сақ.
Азаматтық тұрғыдан көріне алсаң,
Тек қолдап әркезде де болатын жақ.

Күндеп мінеп жүрседе кей ақымақ,
Мастандырып тым өзін байлықпен тақ.
Қара күйе жаққанмен кей күншілдер,
Нағыз ерге тілейді әркез де бақ.

Даналықпен біледі кімнің кімін,
Ізет сақтап баспай ақ бетке мінін.
Отанын гүлдентуге үлес қосса,
Бақ боп қонып атырар ердің күнін.

Қазақтың қыздары ғой текті дана,
Мол болғасын өздерінде ақыл сана.
Тектілікпен етегіңнен тек ұстайтын,
Даналықпен жүректерін ұқсаң ғана.

Боз кілем беделімді көтергендей,
Қол жетпейтін арулар да ер дегендей.
Аруларда танысып тым жақындап,
Чемпионмен тілдесуді жөн көргендей.

Адамдықтан емес еді өзгергендей,
Асылдықпен емес еді сөзге ергендей.
Қазақтың арулары болғаннан соң,
Өсек аяқ емес еді еш тергендей.

Қол ұстасып шығып едік шың басына,
Аяқ тіреп сан түсті біз тасына.
Шыңда өзі өрлігімен сезетіндей,
Чемпионның шыңға шықпай тынбасына.

Анық еді шыңға шықпай тынбасымыз,
Сауық құрар келгесін тым жасымыз.
Сүр бойдақ болғаннан соң жалындаған,
Әлі де болғаннан соң бос басымыз.

Өрге қарай дұмалап тым тасымыз,
Ауызды ашып анық еді тұрмасымыз,
Егделік жас келгесін аттай желіп,
Анық еді сауықты құрмасымыз.

Шың басына шығып едік тым өрмелеп,
Балуандықты көрсеткесін әркезде ерлеп.
Қыз қолынан жетектеп шыққаннансоң,
Ентігіп тұрып едім ептеп терлеп.

Табиғаттың заңына едік бағынғандай,
Көптен шықпай шыңның басын сағынғандай.
Биік шыңға шықсақта зорға өрмелеп,
Емес едік ешкімге де шағынғандай.

Азамаматтық көкейді еді тым тескендей,
Жолымызды болмағасын еш кескендей.
Кеуде керіп шың басына шыққаннан соң,
Айдардан да самал еді тым ескендей.

Жердің беті тым анық көрінгендей,
Шыңға өрмелеп емес едік ерінгендей.
Ару қызда назданып жетекке еріп,
Жүрегімен азамат деп тым сенгендей.

Шыңға өрмелеп чемпионды сынағандай,
Тәуекел деп неге болсын шыдағандай.
Кімнің кімін көргесін боз кілемде,
Нағыз ерлер өзіне тым ұнағандай.

Шың басы да көңілді тым шалқытқандай,
Көк жүзін де қиялыңды қалқытқандай.
Жүректе өзі кеудеге зорға сыйып,
Сезім оты жүректі балқытқандай.

Ару қыз да ағынан жарылғандай,
Сағыныштан жүректегі арылғандай.
Тектілік сезімділік қылығымен,
Шыныменен еді тым таң қылғандай.

Тыныс та тарылғандай ауа жетпей,
Жалындамай жүргендей ерлік етпей.
Табиғаттың заңына бағынғасын,
Азаматтық жүргесін ойдан кетпей.

Қорқу үрку емес еді ойға енгендей,
Емес едік қауіптісін елегендей.
Ала бұлты самалмен баяу жылжып,
Самалы өбіп бетіңді дем бергендей.

Азамат деп шың басыда елегендей,
Қасиетімен тым жебеп желегендей.
Еркелікті көрсетіп жүрсектағы,
Өрлігімен мұның ерсі демегендей.

Сұқ көздерді тартқандай шыңның басы,
Тым ғажайып болғасын шырша тасы.
Кей тойшылар шыңға жиі қарайтындай,
Шың басына түскендей ықыласы.

Түсінгендей тұрып едім қыз жүрегін,
Тапқандай боп тұрғасын шын тірегін.
Жалындаған жас жігіт болғаннан соң,
Тым жақсы білмесемде қыздың тегін.

Сөилемейтін сияқты өтірік жалған,
Мәрттігінен емес еді көңіл қалған.
Асылдығын тектілігін білгенненсоң,
Еркелігін емес едім көңілге алған.

Қонғанын біліп едім басқа бақтың,
Сөздерін тыңдағасын жүрегі ақтың.
Жас аруды тұрып едім тым бағалап,
Өтерін де білгесін жастық шақтың.

Байланғандай тұрып еді тілменен жақ,
Қызықтырмай өзімізді тәжбенен тақ.
Шың басын да жарасып тұрып едік,
Жалындатып мас қылып тым жастық шақ.

Көңілімді емес еді жығатындай,
Сұқ көздерден емес еді бұғатындай.
Әрбір айтқан сөзіңе құлақ түріп,
Жүрек сөзін еді тым ұғатындай.

Адамдық ой жүргесін ойға еніп,
Чемпионға тұрғандай ед қатты сеніп.
Назданып арасында шат боп күліп,
Шың басын да тұрып еді көңілденіп.

Кей жігіттер айналыспай маңызды іспен,
Шың басына сияқты көзі түскен
Жүрсектағы чемпион боп топты жарып,
Кезіміз болмасада ісіп піскен.

Азаматтық адамдыққа қойсақ та ден,
Ерлік іспен шыға алсақта тек көңілден.
Азамат деп ерлерден күншілдікті,
Ешуақытта емес қой елі күткен,

Айрылғасын қолдағы мүмкіндіктен,
Кей күншілдің күйетіндей іші тіптен.
Нағыз ердің әркезде жүргенменен,
Еш босамай мойындары ауыр жүктен.

Сұр бойдақ болсақтағы аңдып торып,
Түсті де жүрмегесін дұрыс жорып.
Күншілдік пендешілік іштарлықпен,
Бойдақтан да жүргесін қызды қорып.

Еш қызармай қарайтындай дүрбісімен,
Азаматтық айналыспай өз ісімен.
Кей күншілдің аңдығанын көріп едік,
Адамдыққа қоймағасын ешбір де ден.

Аңдып торып жүргендей кей сұғанақ,
Чемпион боп шықсақта қонғасын бақ.
Аңдушының бар екенін білгенненсоң,
Қыз қасын да тұрып едім өте тым сақ.

Күншілдердің сегесін аямасын,
Теуіп кетіп жүргесін ішкен асын.
Іштарлықты көрсеткесін күншілдікті,
Бағаламай жүргесін ердің басын.

Тексіздікпен болғасын екі жүзді,
Көре алмай аңдығасын басқан ізді.
Даналықты асылдықты көрсете алмай,
Көрсетіп жүргенненсоң көргенсізді.

Ауызға да жүргесін болмай ие,
Асылға да жүргесін жағып күие.
Азаматтық адамдықты қайтып сақтар,
Жүргеннен соң азғындық түсіп күйге.

Күншілдіңде іштарлығын жақсы сезіп,
Шың басында тұрмап едік малтаны езіп.
Кей сұқ көзден аңдығасын сақтанып ем,
Ұяттан кетті дер деп мүлдем безіп.

Бабалардай көрсетіп серілікті,
Азамат боп көрсетіп және ерлікті.
Чемпион деп елім көкке көтергесін,
Көрсетіп те жүріп едім еркелікті.

Баса біліп бойдағы тез желікті,
Бойдағы еш жоғалтпай тектілікті.
Қыз қасында тұрып едім артық кетпей,
Азамат боп ойлағасын ұлы елдікті.

Жас болғасын чемпион боп жалындаған,
Шыңдарды да алмақ боп алынбаған.
Өмірді сүрмек болып мағыналы,
Бос қиялға болғасын салынбаған.

Кең тыныстап тұрып едім кеуде керіп,
Ақ бас шың да тұрғасын рух беріп.
Ару қызда шыққасын ер деп сеніп,
Азамат деп нағыз ер деп жетекке еріп.

Асылдықпен жүректі еді тым ұққандай,
Сұқ көздерден емес еді еш бұққандай.
Боз кілемде үш балуанды жыққаннан соң,
Көзі жетіп тұрып еді ер тұтқандай.

Тұрғандай ед нағыз бір ерге балап,
Бар дегендей бойың да жігер талап.
Жүректі тым жандырып жастық жалын,
Шың басына шығуды бірге қалап.

Сөзді де емес еді еш жұтқандай,
Адамдықты болмағасын ұмытқандай.
Қыз жүрегі әркезде сезімталғой,
Чемпионның жүрегін тым ұққандай.

Қыз қылықты көрсеткесін қыздарға тән,
Микрофоннан естіліпте ғажап бір ән.
Адамдықты көрсетіп тұрып еді,
Ұят, ар да жатқасын үлкен бір мән.

Басымыз бос болғасын әлі бойдақ,
Жастық тойын тым ерте кімдер қоймақ.
Жүректі жалындатып тым жастық шақ.
Жастықтың қызығына кімдер тоймақ.

Бос сөзбенен басты емес ед қатырғандай,
Мәрттікпенен таңыңды ерте атырғандай.
Жүрегіммен түсінгесін қыз жүрегін,
Менде емес ем тырнақты батырғандай.

Шың басында шошытпай ешбір өсек,
Толғантқасын болашақпен тым келешек.
Қол созып жүргеннен соң арманға тек.
Қол ұстасып жалындап бақытты ек.

Ерлігімді жүргесін тек дәлелдеп,
Чемпион боп жүргесін елім елеп.
Шың басын да арумен тұрып едім,
Азаматтық адамдық тек ойға кеп.

Топты жарып жүргесін жас шағым да,
Ерлік етіп сынбағасын еш сағым да.
Тұрмайтынын білгесін жастық дәурен,
Өтерін де білгесін қас қағым да.


Бағалап тұрып едім жастық шақты,
Жас болсамда басқа қонған біліп бақты.
Болғаннан соң кей ездер бос сөзге әуес,
Ыза қылып кей күншіл қызғаншақты.

Чемпионды жүрсін деп жақсы біліп,
Аруларда жүргесін көзге іліп.
Асылдармен тектілерді келемеж деп,
Кей күншілдер жүргесін күндеп күліп.

Чемпион боп көрмегесін өмір де өзі,
Мылжыңдаған кімге керек ездің сөзі,
Елімнің чемпион боп топ жарғасын,
Кім еріне жүріп еді жетіп көзі.

Тұрып едім ару қызды еркелетіп,
Азамат деп жүргесін жетелетіп.
Чемпион болғаннансоң топты жарып,
Қол ұзарып сұлуғада қолым жетіп.

Адамдықты жүргесін әркез қалап,
Білек түріп жүрсең егер етіп талап.
Азаматтық тұрғыдан көріне алсаң,
Риза боп жүретіндей ерге балап.



Сақтап едім азаматтық адамдықты,
Чемпион болсамдағы қанша мықты.
Боз кілемде сан балуанды жықсамдағы,
Жақтырмайтын болғасын ынжықтықты.

Өмірде сүйгеннен соң еркіндікті,
Пайдаланып жүріп едім мүмкіндікті.
Шыңға өрмелеп шыққасын қыздар сеніп,
Артық кетпей көрсетіп ем тектілікті.

Сақтап едім адамдықпен қыздың арын,
Көрсетпей жүргеннен соң пейіл тарын.
Азаматтық ұмытпап ем зор жауапты,
Елім де сыйлағасын балуандарын.

Көрсетіп жүргеннен соң жақсы затты,
Төмендетпей жүргесін жігіт атты.
Тектілікті сақтай алып тұрғаннан соң,
Қысқа өмірді бағалап тым қымбатты,


Қызбалыққа тұрып едім бой алдырмай.
Бос қиялға жүргесін ми талдырмай.
Қысқа ойлап қызбалыққа бармап едім,
Көңілімді тұрғанмен еш қалдырмай.

Ерлік іске жүргенмен тек сайланып.
Ездік қылып жүрмесем де еш жайланып.
Жастық шақтың өтерін білсемдағы,
Келмесін білсем дағы қайта айналып.

О, Мұратым, деп едім арды сақта,
Шыңды алмақ бол жүргесін жастық шақта,
Жалындап қыз қасында тұрғанменен,
Зор сенімді деп едім әркез ақта.

Өмірдің де түсінгесін тым қиынын,
Жайшылықта бөспеліктің бір тиынын.
Балуандар да боз кілем де топты жарып,
Сон да ғана алғасын атақ сиын.





Топты жарса танитынын қалқы ерін,
Барды салып ағызып маңдай терін.
Боз кілем де барды сап тек белдесіп,
Көрсете алса нағыз ерлер тек өнерін.

Өмір бойы құрмайды ешкім салдық,
Көзді ашып жұмғанша келер шалдық.
Жігіттер жастық өтіп кез келгенде,
Жүреді ғой көрсетіп ақсақалдық,

Бабаларым бұрынғы ер болғасын,
Ерлігіне көңілде өзі тым толғасын.
Білек түріп сынайын деп менде өзімді,
Сан белдестім елім де тек қолдағасын.

Чемпиондық атағымды және сақтап,
Ел сенімін қайтып едім тағы да ақтап.
Мақтағанға есіріп кетпеп едім,
Чемпион деп жүргенмен елім мақтап.

Қазағымның биікқой әркез ойы,
Қойшылар да жазып еді сонда бойды.
Барлығы да өзінің орныменен,
Тым қызықты өтіп еді қойшы тойы.

Тойды да өткізіп ед қазаққа сай,
Тектілікпен дәстүр салтты еш ұмытпай.
Мәңгілікке есім де қалып еді,
Ер қазағым болғасын тым қонақжай.

Ерлік іске еді ғой бел бұғандай,
Жаңғыртуға дәстүр-салтты тек туғандай.
Барлық ұлтты жүріп еді таңдандырып,
Баба жолын болғасын тек құғандай.

Қазағым дарқандықпен тойлай алған,
Тойды жасап азаматтық ойды салған.
Текті ұлтым байтақ жерді мекендей ме,
Қонақжай дарқандығы болса жалған.

Мен де емес ем белдесіп шаршап талған,
Чемпион боп денемді едім терге малған.
Тым жалындап белдесіп жүріп едім,
Қатарымнан болмағасын ешпір қалған.

Жүріп едім мастанбай жастық буға,
Ілесіп жүрмегесін кеібір қуға.
Нағыз ерлер тектілігін тек сақтайды,
Болмайды деп азаматқа дандайсұға,

Ерлік істер ойды да тым биіктеткен,
Зор табысқа нағыз ердің қолы жеткен.
Нағыз ерлер ерлік істі тек еткесін,
Атақтары шыңға шырқап әркез кеткен.


Ақ қырау бұл күндері шашты шалып,
Жырға қостым белдесімді еске алып.
Өмір де ұрпағым да ер болсын деп,
Азаматтық жазғаным ғой ойды салып.

Ұрпағыма жүргесін бүйрек бұрып,
Азаматтық жүргесін сөзде тұрып.
Қалығымнан не қыламын сыр жасырып,
Бос селтеңдеп жүрмегесін сауық құрып.

О, жастарым, болыңдар әркез текті,
Бұра біліп қалыққа әркез бетті.
Егеменді бұл күн де ел болғасын,
Азаматтық атқарайық зор міндетті.

Ойлағасын болашақты келешкті,
Ер болыңдар шеттеріңнен тым жүректі.
Өркениетті елдерге тез жетеміз,
Отаным деп ете білсек зор еңбекті.

Жайлау тойын белдескен алдым еске,
Өтседағы кетседағы еш келмеске.
Сағымдай боп алыстан тек көрініп,
Айналса да бұл күн де тек елеске.



Толғанғасын күніне мың жаздым жырды,
Чемпион боп ерлегесін аштым сырды.
Топты жарып ерліктерін көрсете алып,
Азаматтық көрсетсін деп әркез қырды.

Ел болғасын бұл күнде егеменді,
Даламызда құлпырып тым гүлденді.
Егеменді елдік деп білек түріп,
Ойлайық егеменді елдікті енді.

Білек түріп гүлдетейік байтақ жерді,
Ағызып барды салып маңдай терді.
Өркениетті елдерге тез жетеміз,
Ұрпақтарым көрсетсек нағыз ерді.

Қазақтай әлем білді батыр елді,
Ерлік іске жүргесін байлап белді.
Егеменді ел болып бақ қонған да,
Ұрпақтарым ерлейтұғын шын сәт келді.

Ер бабалар қиындыққа әркез төзді,
Ұрпағым деп биік шыңға салып көзді.
Даналықты, бірлікті, тірлікті ойлап,
Азаматтық айта біліп әркез сөзді.

Жүрейік азаматтық ойды шолып,
Аз табысқа кеттім демей болып толып.
Егеменді елдікті тек сақтайық,
Көк туды биіктетіп аман болып.

О, жастарым, жүріңдер шұғылданып,
Денсаулығың мықты болар бағың жанып.
Шұғылданып барды сап шыңды алсаң,
Нағыз ер деп жүреді халқың нанып.



Тастөбем

О, туған жер, Тастөбем.
Гүлденіп бұл күн өзгердің,
Бергеннен соң әркез дем,
Рухымды да көтердің.

Алыстан келсем сағынып,
Құшақты ашып қарсы алдың.
Жүрмегесін шағынып,
Кеңдігіңе тек салдың.

Бақ тілегесін тек ерге,
Қас қабаққа қарадың.
Қаратпағасын еш жерге,
Толғандырып жарадың.

Қалам алып қолыма,
Адамдықты қаладым.
Қарап ап оң мен солыма,
Басылмады талабым.

Отан деп өмір сүргесін,
Тектілерден үлгі алдым.
Жырда жазып жүргесін,
Ұрпағыма ой салдым.

Егеменді ел болып,
Гүлденгесін заманым.
Көңілде өзі тым толып,
Нық басылды қадамым.

Қатардан қалай болам кем,
Гүлденуін қалап тек жердің.
Саф ауаң да жүрекке ем,
Ісін істегесін тек ердің.

Мен өзің де туғасын,
Ойладым әркез елдікті.
Ерлікке белді буғасын,
Сақтамақ болдым бірлікті.

О, Тастөбем арқаң да,
Ақын болдым жыр жазған.
Бағынғасын тым заңға,
Адамдықтан емеспін еш азған.

Күніне мың толғанып,
Кітапты да шығардым,
Қаламымды қолға алып,
Батылдыққа тек бардым,

Қүдіретіңе өзіңнің,
Жүргеннен соң тек нанып.
Ауылым болғасын өзімнің,
Саф ауанды жұтып тек қанып.


О, Тастөбем қолымды,
Жыр жаздырып ұзарттың.
Ашқаннан соң жолымды,
Зор сенімді тек арттың.

Бала күнде өзің де,
Ат қып міндік шыбықты.
Көтеріліп көңілде,
Шабандоз боп тым мықты.

Жолды жүрдік шаңдатып,
Мініп алып шыбыққа.
Тұрғандай ерте таң атып,
Мәз болғасын қызыққа.

Ен далада шуылдап,
Балалық өзі еш қалмай.
Көбелекті де қуалап,
Жүруші едік жете алмай.

Тырысқасын намысқа,
Алдыға еш жан салмай.
Жеткендей зор табысқа,
Дауыста өзі еш талмай.



Толтырып асық қойынға,
Көңілде өзі тым толып.
Құмартып тым ойынға,
Жүргеннен соң шат болып.

Барды салып асықты,
Атушы едік дәл көздеп.
Көрсетпегесін жасықты,
Атқаннансоң тек ерлеп.

Көрсетпегесін ынжықты,
Өзімізді тым шыңдап.
Болмақ болып тым мықты,
Үлкеннің сөзін тек тыңдап.

Елемей еш дауылды,
Асыр салып тек ерлеп.
Бетке алып ауылды,
Қайтушы едік тым терлеп.


Қайтқандай боп шыңды алып,
Шуға бөлеп даланы.
Жүргендей ерлеп ой салып,
Көрсеткендей батыр баланы.

Маңдайды терге тым малып,
Алғандай болып қамалды.
Қатардан жүрмегесін еш қалып,
Жүргендей болып тек алды.

Құрдастар да шат болып,
Көрсетпегесін іші аланы.
Жүргеннен соң іш толып,
Жаппағасын ешкім жаланы.

О, Тастөбем өзің де,
Асыр сап бойды түзедім.
Жеткеннен соң көзім де,
Күдерді еш үзбедім.





Өзің деп соғады жүрегім,
Дүрсіл қағып кеудем де.
Өзіңсің ғой тірегім,
Ержеткесін тез мен де.

Қараталым да сарқырап,
Ағып жатыр қасың да.
Айдыны күнмен жарқырап,
Шат боп үлкен жасыңда.

Қараталымды жағалап,
Жыр жазамын толғанып.
Өзенімді тым бағалап,
Мөлдірін ішіп тым қанып.


Бақытты санап өзімді,
Жүремін ғой тебіреніп.
Шыңға салып көзімді,
Азаматтық ойға еніп.

Өзің де өскен ерлердің,
Қолдары әркез ұзарды.
Гүлденуін қалап тек жердің,
Жарыстар да топ жарды.

Жүрмегесін қатардан,
Нағыз ерлер еш қалып.
Жұда болмай еш ардан,
Жүргеннен соң шыңды алып.

Інілерім жүр ағалап,
Сыйлап әркез жүргесін.
Еңбегімді бағалап,
Аулақ ұстамай іргесін.

Даналық қып әр кезде,
Жөн жосықты білгесін.
Ұқсамағасын еш езге,
Оң сөзді құлаққа ілгесін.



Білек түріп барды сап,
Өмірді тек сүргесін.
Жүргеннен соң биікті ап,
Отан деп білек түргесін.

Сүйенбегесін тіл жаққа,
Ер екенін білдіріп.
Ие болып тек баққа,
Жүрмегесін күлдіріп.

О, Тастөбем бұлағың,
Сылдырлап мөлдір ағады.
Көзді тартып аққасын,
Талай сұқ көз бағады.


Құштар қылып өмірге,
Сылдыры жанға жағады.
Түрлі құстар көгің де,
Қанаттарын қағады.

Ақын болып арқаң да,
Жүрегім менің жанады.
Ерте тұрып әр таң да,
Ғажабыңа нанады.

Гүлденгесін Отаным,
Сеземін қонған бақытты.
Орындалып арманым,
Көрсетемін ақтықты.

Туған жерін сүйеді,
Бұл өмірде текті адам.
Адамдық ойды түйеді,
Азаматтық жасап тек қадам.

О, Тастөбем келдім ғой,
Толғанатын мен жасқа.
Толғандырды түрлі ой,
Маза бермей еш басқа



Бағаңды сенің білемін.
Жүрмегесін ұмытып.
Көзіме тым ілемін,
Саф ауаңды тек жұтып,

Отанды ойлап жүрмін ғой,
Арқаң да мен дін аман.
Азаматтық түйіп ой,
Болсын деп тыныш тек заман.

Туған жердің қымбатын,
Азамат боп ұққасын.
Төмендетпей ер атын,
Жарқырап күн де шыққасын.


Толғандырып өзімді,
Бере бер шабыт тек маған.
Шыңға салайын көзімді,
Ризамын мен саған.

Азаматтықты көрсетіп,
Ұрпаққа айтайын сөзімді.
Тектілерді үлгі етіп,
Болайын әркез төзімді.

Айтатұғын ұрпаққа,
Әлі көп қой тым сөзім.
Аманмын ғой мен баққа,
Шындыққа жетіп тек көзім.

Адамдық кетпей еш бойдан,
Жоғалмай бойдан еш төзім.
Ел болу кетпей еш ойдан,
Толғанғасын тым өзім.

Өзіңсің ғой ой салған,
Қүдіретіңмен толғантып.
Емес көңіл еш қалған,
Азаматтық жүрмін үн қатып.



Егемендік елдік кеп,
Шығысымнан таң атты.
Жүргеннен соң елдік деп,
Отанды сүйдім қымбатты.

Мұратың жүр бұл күні,
Мың толғанып тебіреніп.
Жарқын шығып тым үні,
Азаматтық жүр ойға еніп.

Отаным деп ерлейін.
Айта біліп жөн сөзді
Еңбек етіп терлеиін
Шындыққа жеткізіп тек көзді.


Әркезде де мінейін,
Тілмен дінді сатқанды.
Сөгіп әркез жерлейін,
Қарнын сипап жатқанды.

Адамдықты болса ұмытқан.
Жүрмесе бойға ар сақтап.
Болса сөзін тек жұтқан,
Жүрмесе сенім еш ақтап.

Бұл өмір де ездiктен,
Басқа қонған бақ ұшқан,
Қашпасаң еш ерліктен,
Қазағың тек ер тұтқан.

Жарамайды ездiкпен,
Айтып алып сөз жұтқан.
Қашық болып күдіктен,
Нағыз ерлер тек ұтқан.

О, Тастөбем бағалап,
Шыңға жүрейін көз салып.
Қараталымды жағалап,
Зор әсерді тым алып.



Көк шалғының түр тербеліп,
Самал желмен ырғалып.
Шабытым да тым келіп,
Жыр арнаймын толғанып.

Еңбегім жүр еленіп,
Ақын деп елім тым танып.
Жүргеннен соң тек сеніп,
Жырларыма тым нанып.

Жүрмейінші ырғалып,
Салайын тек барымды.
Азамат боп шыңды алып,
Таза ұстап арымды.

Маңдайды терге тым малып,
Аямай еш жанымды.
Ұрпаққа тек ой салып,
Жыр жазайын нанымды.


Қазағын да даттаған бөспе

Қазақ өзі болғасын тым қонақжай,
Барып едік құдамыз шақырғасын.
Зор құрметін көрсеткесін құдаға сай,
Отырып ек дастарханын сыйлап басын.

Құдалар да шақырмайды бекерден жай,
Меймандар да отырып ед ішіп асын.
Бір бөспе бөсіп еді еш қымсынбай,
Сыйламай қызып алып үлкен жасын.

Нағыз ерлер азаматтық айтса сөзін,
Көргендей боп отырып ед нағыз қасын.
Алартып отырып ед қадап көзін,
Тепкендей боп отырғасын ішкен асын.

Кей момынның жүргесін ісі түсіп,
Нәнсініп момындарға тым кеткендей.
Отырып ед одан сайын ісіп пісіп,
Болмағасын адамдыққа ой жеткендей.



Жақтырмай отырса да ерлер өзін,
Сезседағы отырып ед кеу де қағып.
Тыңдамай отырса да ешкім сөзін,
Сөилеп еді сонда да бос лағып.

Сүикімді кетіріп ед бөсіп есіп,
Ауыздан да жүргесін бәле бағып.
Арсыздықпен жүргесін жолды кесіп,
Қалай ғана жүреді көпке жағып.

Бөсіп еді одан сайын тым қызғасын,
Жөн сөз айтқан құдаға да кіна тағып.
Көп ішіп араққа да ұсталғасын,
Меймандарды отырып ед тілмен шағып.

Келтіргендей отырып ед жұрт ызасын,
Кеу де қағып бөсіп есіп тек жүргесін.
Бос сөзімен алғандай ед жұрт мазасын,
Тексіздікпен өмірді де тек сүргесін.

Отанды ойлап ауыртсын қайтып басын,
Тексіздік надандығын көрсеткесін
Атқандай боп отырғасын көпке тасын,
Азамат деп кімдер оны үлгі етсін.

Адамдықты сезіп едік еш қылмасын,
Отырыстың шырқын бұзып бүлдіргесін,
Қалай ғана білдірсін ықыласын,
Бос сөзімен баланы да күлдіргесін.

Кей жарамсақ жағынып мақтағасын,
«Әйт» десе болғаннан соң бұғатындай.
Отырыста бөсседағы жақтағасын,
Зормын деп өзін ғана ұғатындай.

Қызыл еті көзінің де тым өскесін,
Арсыздықпен көңілдерді жығатындай.
Орталар да кеуде қағып тым бөскесін,
Емес еді көңілдерден шығатындай.

Ар ұят болмағасын еш өзінде,
Айтып алып сөзінен де тез танғандай.
Болмағасын мағынасы еш сөзін де,
Сөзіне де емес ешкім тым нанғандай.

Отырған боп кей қулар сөзін тыңдап,
Арсыздық сырға да еді тым қанғандай.
Сөйлегесін жүргендей биік шыңды ап,
Беспелікпен бағы да емес еш жанғандай.

Отырып ед бос сөзімен тау қопарып,
Өзінше боп отырғасын тым ісініп.
Арсыздыққа жүргесін әркез барып,
Кей момынға жүргесін кісімсініп.

Ерлігімен жүргендей шыңды алып,
Жүргендей-ақ отырып ед топты жарып.
Адамдықпен жүрмесе де ойды салып,
Ешбір өнер жүрмесе де бойға дарып.

Бергендей боп отырып ед көпке сабақ,
Қазаққа да отырғасын жағып күйе.
Ер қалқына тіл тигізіп түйіп қабақ,
Жүрмегесін бола алып тіліне ие.

Тау қопарып жалғыз өзі жүргендей-ақ,
Өз қазағын отырып ед өзі даттап.
Өзіне болмаса да ешкім де жақ,
Ар ұяттан отырып ед мүлдем аттап.

Көрсетіп отырып ед ақымақтық,
Ар ұятты жүрмегесін бойға сақтап,
Тексіздікпен көрсете алмай ешбір ақтық,
Зор сенімді жүре алсын қайтып ақтап.

Жан жары да отырып ед өтірік күліп,
Күйеуіне сөзі де еш өтпегесін.
Әбестігін отырса да іші біліп,
Қой деуге де батылы жетпегесін.

Айтқанменен тексіздікпен ұқпағасын,
Байлық мансап алғасын әркез де есін.
Арсыздықпен сөзде өзі жұқпағасын,
Көрсетіп жүргеннен соң әркез сесін.

Отырғандай сөздерін құлаққа іліп,
Өмірін де ерлік істі етпегесін.
Отырған жұрт отырса да тым түңіліп,
Арсыздығы бойынан кетпегесін.

Жүрмегесін сөзіне құлақ түріп,
Ездікпенен жіберсе де сан есесін
Адамдығың жатпағасын ішке кіріп,
Өзіне де көрсеткесін жиі сесін.

Туған ұлтын өзінің даттағасын,
Иттігімен жүреді қайтып жағып.
Ар ұяттан мүлдем тым аттағасын,
Қазағын да отырғасын даттап лағып.

Ар ұятың ішке кіріп жатпағасын,
Бойнан да адамдық тым кеткендей.
Азаматтық үнді еш қатпағасын,
Қазағын да тәлкі мазақ тым еткендей.

Түскендей боп отырып ед өзі көктен,
Қазағын да әлем білген еш силамай.
Артық санап жүргесін өзін көптен,
Ер қалқын да даттағасын еш қиналмай.

Ұлы Абайды болса да қазақ туған,
Тараса да бұл күн де әлемге аты.
Ер бабалар болса да жауын қуған,
Асыл текті болғасын қазақ заты.

Ерлігін де бабасының ұмытқандай,
Байлығына өзінің мастанғасын.
Көк аспаннан салбырап түскен жандай,
Тапқандай боп отырып ед қазақ қасын.

Надандықпен жүргесін қысқа ойлап,
Адамдыққа қалайша ойы жетсін.
Терең ойға жүрмегесін ешбір бойлап,
Тексіздігін кімдер оның мақтан етсін.

Қоймағасын сөйлеп едім сөгіп зекіп,
Қазағын күлкі мазақ тым еткесін.
Ұяттан отырғасын мүлдем кетіп,
Азаматтық адамдықтан тым кеткесін.

Адамдығы бойын да еш қалмағасын,
Сатқындық иттігіне көз жеткесін.
Түзу жолға ешкім де салмағасын,
Жиғызбақ боп көп көзінше сонда есін.


Төзе аларсың сөзіне ездің қайтып,
Тілін де тигізгесін ер қазаққа.
Иттiгiн тастап едім көзіне айтып,
Айналдырып отырғасын тым мазаққа.

Кеуде қағып көрсетсе де көпке сесін,
Адамдық ой түйдірмек боп ақымаққа.
Түзелер сәт оған да тым келгесін,
Күйе жағып отырғасын жүрегі аққа.

Ел болдық деп бұл күн де әлем білген,
Қазақ болып туыппыз деп біздер баққа.
Ер халқымды әлем де көзіне ілген,
Сүйен бе деп едім мен тілмен жаққа.

Егемендік алғасын ер қазақты,
Жатыр ғой деп бұл күн де әлем танып.
Ер Қазағым алғасын азаттықты,
Ерлігіне әлем де жүр деп нанып.

Азаматтық көрсетіп жол кескесін,
Беделінен еді тым айрылғандай.
Беделі де өзінің тым түскесін,
Қанаты да еді тым қайрылғандай.



Бағалап жүргенін де ер қазақты,
Оттама деп жатқанда әлем мақтап.
Даналық қып біл деп ем қонған бақты,
Адамдықты бойыңа жүр деп сақтап.

Сөйле деп ем бұдан былай сөзді ойлап,
Нағыз ердей көрсете алып адамдықты.
Азамат боп терең ойға әркез бойлап,
Тексіздікпен көрсетпе деп надандықты.

Сатқындықпен жамандап қазағыңды,
Өмірді сүрме деп ем тексіздікпен.
Тексіздікпен білмейсің деп өз бағыңды
Надандықпен ездiкпен ессiздiкпен.

Егеменді ел болып бақ қонған да,
Егемендік келген де көптен күткен
Айт деп едім бірлікті тек одан да,
Қайысса да белің тым ауыр жүктен.

Азаматсың дұрыс сөйле деп ем сөзді,
Кетіпсің деп тым өзі шектен шығып.
Жүр деп едім бұдан былай ашып көзді,
Даналық қып жүр деп едім сөзді ұғып.

Азамат боп айт деп едім тек шындықты,
Көрсет деп ем өмір де текті адамды.
Азамат боласың деп сонда мықты.
Адамдық қып бас деп едім тек қадамды.

Азаматтық болсын деп ем әркез бой да,
Сөзді де сөйле деп ем әркез аңдап.
Ел болу жүрсін деп ем әркез ойда.
Түзу жолды жүр деп едім әркез таңдап.

Жақсы адам көрсетеді тектілігін,
Қалығын сөйлемейді еш қаралап.
Отанды ойлап көтеріп ердің жүгін,
Даналарын сөйлейді тек даралап.

Қазағын жүрмегесін еш алалап
Даналық қып көрсетеді естілігін,
Өркеиеттікке жетуді әркез қалап,
Азамат боп көрсетеді жақсы тегін.

Мақтаншағым қалып еді бөсе алмай,
Зорлар барын өзінен де тым білгесін.
Бөсіп есіп сөилегенмен еш ұялмай,
Мақтаншаққа меймандар да тым күлгесін.

Қазағына несі бар деп тіл тигізіп,
Даттағасын қазағын да түк ұялмай.
Әлемге де жүрген де бас игізіп
Бұл итті жарамас деп жөнге салмай.


Нағыз ерлер өтеді қалқын сүйіп,
Туған қалқын өзінің даттамайды.
Азаматтық жүргесін ойды түііп,
Ар ұяттан ешқашан аттамайды.

Тектілерге жүргесін алғысты үйіп,
Қалқын сатқан тексізді жақтамайды.
Ер қалқына жүрмегесін тілі тиііп,
Қалай ғана зор сенімді ақтамайды.

Қазағым қалық болды әлем білген,
Даналығын ерлігін көрсеткесін.
Сондықтан да бар әлем көзіне ілген,
Әлем де өзі бұл күн де үлгі еткесін.

Атағы да шыңға шырқап тек кеткесін,
Ерлігімен жүргесін шыңды алып.
Ерлік іске әлемді де тәнті еткесін,
Әлемде жүр бұл күн де тым таң қалып.

Ер қалқымның бұл күн де жанды бағы,
Даналықпен әлемге де ой салғасын.
Өрлейтуғын бұл күнде нағыз шағы,
Ерлігімен өзінің шыңды алғасын.



Бабалардың зор сенімін бұл күн ақтап,
Әлем білді ерлеу де ұрпақтары.
Адамдықты бойына әркез сақтап
Қазағымның мол болғасын бойын да ары.

Батыр қалық болғасын ер қазағым,
Ие болып жүр емеспе байтақ жерге.
Қазақ болып туыппын бар ғой бағым,
Бабалардай ұқсайық нағыз ерге.

Шеттерінен бабалар ер болғасын.
Өтті емес пе бос сөзді ешбір шатпай,
Ерлігіне көңілде тым толғасын,
Ер қазағын өтті емес пе ешбір сатпай.

Ақынына жарамас шындықты айтпай,
Ұлы елдікке аударғасын әркез денді.
Алған беттен жүрейік ешпір қайтпай,
Ел болғасын бұл күн де егеменді.

Өтірік өлген қасқыр

Соғыстан соң кетіпті мал азайып,
Қасқырлар да малды жарып көрмей айып.
Ел де өзі ылаңынан фашизмнің,
Жұтып қайғы жүрген де бағы тайып.

Еңсе түсіп жүрген екен тым мұңайып,
Ері оралмай қайдан жүрсін шалқып, байып.
Жүрген екен сонда да еш білдірмей,
Жүрседағы жүре алмай бұтақ жайып.

Ел еңсесі жүрген екен көтерілмей,
Қиындықты жүрсе де еш елемей.
Еңбек етіп жүрсе де білек түріп,
Шаршауыңды жүрсе де ешбір білмей.

Жеңе біліп жүргенмен қиындықты,
Көрседағы өмірде сан сұмдықты.
«Отаным» деп жүргесін барды салып.
Бола біліп өмірде өте мықты.

Қалай ғана жарқылдайды жанарлары,
Жүректің еш жазылмай жаралары..
Фашизім зобалаңды салғаннан соң.
Тым таза болғанменен тым арлары.

Кей солдаттар келгенмен қолды беріп,
Бос сөздерге жүрмепті ешбір еріп.
Мүгедек болсадағы мойымапты,
Ездік істен жүргесін әркез жеріп.

Еңбек етіп ел жағдайын көтеріпті.
Азаматтық ерлік істі жөн көріпті.
Азаматтық ерлікті көрсеткесін,
Шұбырып кең далада мал өріпті.

Ауыр ойдан жүргенмен теңселгендей,
Көп шаруаны жүрген екен еңсергендей.
Майдангерлер ерліктерін көрсетіпті,
Ұлы елі де жүргесін тым сенгендей.

Азаматтық жүргесін ойға еніп
Көтеріліп ел еңсесі көңілденіп.
Азаматтық адамдықты тек ұғыпты,
Ерлігіне жүргесін қалқы сеніп.

Ерлік етіп ел жағдайын көтергесін.
Қалайша майдангерді ер демесін.
Тізгінді де ұстағасын әркез тең ғып,
Жинағандай болған екен тез ақ есін.

Барды салып жүргесін еңбек етіп,
Қалай ғана жүреді қыры кетіп.
Еш сезілмей тым шаршап болдырғаны,
Зор табысқа жүргесін қолы жетіп.

Ерлер келіп шаруаға араласып.
Жауларынан келгесін ерлігі асып.
Білек түріп қиындықты тек жеңіпті,
Қиындықтан көрмепті ешбір жасып.

Нағыз ерлер ағызыпты маңдай терді,
Соғыста да көрсеткесін нағыз ерді.
Нағыз ер екендерін білдіріпті.
Гүлдетпек боп жүргесін байтақ жерді,

Қасқырлар да қорқаулығын көрмей айып,
Малды жарып көрмегесін бағы тайып.
Ауыз салып малдарды жарғаннан соң,
Тойып алып болады екен көзден ғайып.

Малға шауып қасқырлар құтырыпты,
Құтырғанын дұрыс деп тым ұғыпты.
Қора торып түніменен тым ұлыпты.
Көңілдерді солайша тым жығыпты

Малшыларда күзетіп отар малын,
Малды жарып кетіргесін суға салын.
Сақтық қылып түніменен көз ілмепті.
Күжірейтіп жүргесін арлан жалын.

Басынғасын ауыл маңын етіп мекен,
Адамға да тым қауіп төнген екен.
Ауыз салып жүргесін қорқаулықпен,
Сан малдардың түбіне екен жеткен.

Өзі жарған жас тайдың қаңқасын жел,
Арлан қасқыр жүреді екен тым жиі кеп.
Бойындағы мол күшіне сенгеннен соң,
Жүрседағы малшылар құртамыз деп.

Шақырлатып сүйектерді ұзақ кетпей.
Үрген итке жүреді екен елең етпей.
Қорқу, үрку жатпапты ішке кіріп,
Төбеттің де жүргесін әлі жетпей.

Не төбетті жүрген екен мысы басып,
Айласымен жүргесін күші асып.
Өзіне жүргенненсоң бата алмай.
Төбеттер де қалғасын қатты жасып,

Әкемніңде кетіпті тайын жарып,
Зорға деп шықсадағы қыстан арып.
Көзге түскен малдарды тек жарыпты,
Арлан қасқыр арсыздыққа сонда барып.

Қорқаулықпен көрсетіпті тым қорлығын.
Көрсеткесін өзінің тым зорлығын.
Көзге түскен малдарды жарғаннан соң,
Баққан малдан болған екен тым көп шығын.

Арлан қасқыр батырғасын малға тісін,
Қорқаулығын жақтырмай иттік ісін.
Көзін жой деп қос мергенді шақырыпты,
Оразымбет Аманбай екі інісін.

Соғыста да ерлік істі сан еткесін,
Зор табысқа қолдары тек жеткесін.
Қиындыққа жүргесін төзе біліп,
Қасқырлардан ұятта тым кеткесін.

Қорқаулықпен малды жарып дәндегесін,
Көз қанталап көрсетіп елге сесін.
Сақтықты да болғасын ұмытқандай,
Дәмді ет алғаннансоң мүлдем есін

Екі інісі қуантыпты сонда келіп
Азаматтық жүргесін ойға еніп.
Фашизмнің өзінде жеңгеннен соң,
Ерлерге жүргенненсоң елі сеніп,

Асынып келген екен мылтықтарын,
Ұстағасын әркез де таза арын.
Екі мерген нар тәуекел деген екен,
Білек түріп құртпақ боп салып барын.

Екі мерген тұрған екен жоспар құрып.
Сөзінде де жүргесін әркез тұрып.
Қорқаулығын қасқырдың естігесін,
Еліне жүргеннен соң бүйрек бұрып.

Келер ізін қасқырдың біліп алып,
Ерлер барын жүрейік деп еске салып,
Арлан қасқыр алғасын тым құтырып.
Мал біткенді жүргесін қанға малып.

Арланмын деп өзін тек ер тұтқасын,
Көрсө болды иттер де тым бұққасын.
Қауіптен де кеткесін тек құтылып,
Қорқаулығын өзінің тым ұққасын.

Қораға шыққан екен басқыш қойып,
Жібермек боп қорқаудың көзін жойып.
Қорқаулықпен жүргесін малды жарып,
Одан сайын құтырғасын алып тойып.

Соғыста да мылтық атып ысылғасын,
Ойламай жүргеннен соң қара басын.
Қан майданды бастарынан өткергесін,
Мергендікпен қалайша таң қылмасын.

Бір атқандақ дәл көздеп тигізгесін,
Азамат деп қалайша көзге ілмесін.
Мергендікпен көзге түсіп жүргеннен соң,
Мергендігін қалайша ел білмесін.

Қораға шығып алып жатқан екен,
Мылтықтарын оқтап алып сақтықпенен.
Қора маңын алғасын етіп мекен,
Дәл көздеп атпақ болып мылтықпенен.

Қора үстінде жатқан екен атпақ болып.
Мергендікке жүргесін көңіл толып.
Керектігін сақтықтың еш ұмытпай,
Жіті қарап маңайды көбен шолып.

Малшыларға келгесін жандары ашып,
Құтырғасын қасқырлар қанды шашып.
Сан ерлікті соғыста да көрсеткесін,
Құтылмас деп зор қасқыр бізден қашып

Малды жарып жүрсе де күші тасып,
Ерлігімен жүрсе де айласы асып.
Құртамыз деп қос мерген жатқан екен,
Дәл көздеп шүріппені бірақ басып.

Ерлеріне жатқан екен тымақ сеніп,
Азаматтық жүргесін ойға еніп.
Келер жолын жатқасын жіті аңдып.
Құртады деп тұрғындар да көңілденіп,

Соғыста да көрсеткесін сан ерлікті,
Қасқырға жатқан екен қайрап тісті.
Құртпақ болып жатқан екен білек түріп,
Жөн көргесін азаматтық ерлік істі.

Отаным деп жүргесін өмір сүріп,
Ерлік істі көрсеткесін жаймен жүріп.
Жемтік жаққа жатқан екен жіті қарап,
Сыбдырларға жатқасын құлақ түріп.

Түн болғанда келетін қасқыр келмей,
Иттерді де келетін еш елемей.
Ит біткенді түн ішін де арсылдатып,
Бұл қылығын жүрсе де ұят демей.

Келмегені жүрекке қатты батып,
Қора үсін де қалыпты біраз жатып.
Тоңғандықты жатқан екен еш сездірмей.
Құртпақ болып жатқасын қасқырды атып.

Азаматтық жүргесін үнді қатып,
Сөилемей жүргеннен соң сөзді шатып.
Малын жарып ағайыны қиналған да,
Қалай ғана үйін де алсын жатып.

Сәл сыбдырға жатқан екен елең етіп,
Құртарына зор қасқырды көзі жетіп.
Отар малға жүргесін маза бермей,
Жүргенненсоң елден де маза кетіп.

Азаматтық адамдықты ұнатқасын,
Қорқауларды дәл көздеп тек атқасын.
Жатқан екен зор қасқырға тым кектеніп,
Қорқаулығы жүрекке де тым батқасын.

Дәл көздеп көрсеткесін мергендікті,
Азаматтық көтергесін әркез жүкті.
Құртарына жатқан екен сенімді боп,
Болғаннан соң кеудедегі жүрек түкті.

Қора үстінде қос мергенді тым күттіріп.
Қойған екен құлақты да тым тіктіріп.
Қос мерген жолын тосып асыққан да,
Шаруасын тастамақ боп тез бітіріп.

Жемтігіне келетін түнде салмай.
Қорқаулығын жүретін көңілге алмай.
Зор болғасын ауылды басынғасын,
Жүре алмайтын ауызды қанға малмай.

Маң-маң басып келетін кеуде керіп,
Жүргендей ақ қорқаулықпен үлгі беріп.
Қорқауларға малды жарып үлгі берсе,
Қорқау біткен жүретіндей соңына еріп.

Бет ауызды жүрсе де аяз қарып,
Кездескенді жүргесін көрсе жарып.
Одан сайын тым өзі жоталанып,
Қайдан жүрсін тойғасын қорқау арып.

Ауыл маңын жүргенмен тым кезгендей,
Ұяттан да болғасын тым безгендей.
Сезгендей болған екен бір қауіпті.
Болған екен мылтық исін тым сезгендей,

Жемтік жақтан ит дауысы естіліпті,
Келгендігін сақ иттер тым біліпті.
Тым сақ иттер қасқырға абалапты.
Қос мерген мылтық кезеп тесіліпті,

Адамдықты болғасын тек қалаған,
Өзін ерге болғсын тек балаған.
Қос мерген жатқаннан соң құртпақ болып,
Кездескенді болғасын тек талаған.

Қорқаулықпен жүргесін малды жарып,
Малды жарып көрмегесін ешбір арып.
Қос мерген жатқан екен тісті қайрап,
Батылдыққа жүргесін әркез барып.

Әдетінше келген екен жемтігіне,
Бойындағы сенгесін мол күшіне.
Малды өсіріп еткендей зор еңбекті,
Ажал бары кірмегесін еш ішіне.

Күшке сеніп жүргесін батырсынып.
Күжірейіп келген екен мықтысынып,
Көз қызарып жүргесін малды жарып,
Қанды көрсе жүргесін көзі тұнып.

Қорқаулықпен алғасын тым басынып,
Төбетті де көзге ілмей тым жассынып.
Үрседағы жатпағасын ешбір елеп,
Арландықпен көрмегесін сағы сынып.

Зор болғасын иттерге батыр болып,
Ерлігіне өзінің көңіл толып.
Күжірейтіп тым жалын келген екен,
Маңайын көзіменен алып шолып.

Малды жарып жүргесін қанды шашып,
Құтылғасын не бір төбет зорға қашып.
Арландықпен жүргесін мысы басып,
Тұрғындардың жүрседе іші ашып.

Көрген малды жүргесін қанға малып,
Қорадағы малға дәндеп алып.
Дәмді етке тым қатты құныққасын,
Жалтақтамай жүргесін ауыз салып.

Оразымбет Аманбай екі ағамыз,
Бас сүйегін деген екен біз шағамыз.
Атпақ болып жатқан екен үн шығармай.
Ата алмасақ түсер деп тым бағамыз,

Батқаннансоң арланның малға тісі,
Көз қызарып сұрланып әркез түсі.
Екі мерген қорқауды құртуды ойлап.
Қорқаудың еш ұнамай иттік ісі,

Қорқаулардың көргесін көп залалын,
Күжірейтіп жүргесін әркез жалын.
Қайтадан салмақ болып мергендікке,
Бұл иттің табайық деп біз амалын.

Қос мерген жатқан екен күйзелгендей,
Мергендікке жүргесін тым сенгендей.
Үн шығармай жатқан екен тым күрсініп,
Азаматтық жатқасын ойға енгендей.

Озбырлыққа жүрмегесін еш көгендей,
Ерлігімен жүргесін ісі өнгендей.
Маза бермей зор қасқыр қан шашқасын,
Жатқан екен құртқанымыз жөн дегендей.

Малшыларға жүргесін жаны ашып,
Арлан қасқыр жүргесін қанды шашып.
Соғыста да ерліктерін көрсеткесін,
Қанды ауыз құтылмас деп бізден қашып.

Малды жарып жүргенмен күші асып,
Сан төбетті жүргенмен мысы басып.
Түн де ұлып жортса да кең дала да,
Қанша жерден жүрсе де деп күші тасып.

Басынғасын малшыдан да онша қорқпай,
Қорқу үрку дегенді мүлдем ұқпай.
Зор төбеттер жабылып қоршаса да,
Төбеттен де жүргесін ешпір бұқпай.

Қара жерге ұзыннан алып жатып,
Зор сүйекті мұжыпты шақырлатып,
Әдетінше етпетінен жатқан екен.
Сүйекке де жүргесін тісі батып.

Екі ағамыз мылтық үшін бағыттапты,
Қорқаулығын тым қатты көңілге апты.
Иттігіне қорқаудың жүрмей көніп.
Дәл көздеп шүріппені басып қапты,

Қос мергеннің солайша айласы асып,
Жүргенненсоң бойларын да күші тасып.
Соғыста да мылтық атып ысылғасын.
Шүріппені жіберіпті сонда басып.

Түн жамылып тапқанда дәмді асын,
Қорқаулығы жұтарын білмей басын.
Қорқаулықты жүргенде тек көрсетіп,
Жетімменен жесірдің көрмей жасын.

Қорқаулықпен жүргенде қанға тоймай,
Қорқаулығын жүргенде ешпір қоймай.
Екі мерген жіберіпті көздеп атып,
Қоймаймыз дегеннен соң көзін жоймай.

Арлан қасқыр көкке орғып қаңқ етіпті,
Мылтық дауысы тым алысқа естіліпті.
Атқан оғы қос мергеннің дәл тигесін.
Қорқаулығы түбіне тым жетіпті.

Бабалардың ерлігі сон да дарып,
Түнгі ауаны мылтық дауысы қатты жарып.
Арлан қасқыр обалды білмегесін,
Тиген екен арланға тура барып.

Қаңқ ете қап құлапты тәлтіректеп,
Жемтігіне келгенмен бойын тіктеп.
Кеудеге мылтық оғы дәл тигесін,
Кеудесінен қаны ағып тым дірдектеп.

Көздеп атқан тап болып мергендерге.
Қара қаны жатқан екен ағып жерге.
Дәл тигізіп зор қасқырды сұлатыпты,
Ұқсағасын екі мерген нағыз ерге.

Ұясынан ит біткен шыққан екен,
Болғаннан соң сан рез кегі кеткен.
Құлағасын қасқырды тым қамалап,
Батырсынып кәндендер де екен жеткен.

Зор қасқырға жүрген екен ауыз салып,
Жүргендей бір зор қасқырдан кегін алып.
Ерлігіне өздерінің тым тұрғындар,
Көз салып тұрғандай боп тым таң қалып.

Ерліктерін жүрген екен көрсеткендей,
Алысса егер әлдері де тым жеткендей.
Батырсынып желкеге де жармасыпты,
Қасқырға жүргеннен соң кек кеткендей.

Ит біткеннің барлығы батырсынып,
Көрген сәтте қалатын сағы сынып.
Қарамастан өздерінің шамасына,
Өлгеннен соң жүрген екен мықтысынып.

Арашаға жүрген екен иттер көнбей,
Көнсе егер қалатындай ісі өнбей.
Бір бірінен жүрген екен еш қалыспай,
Ауыз салып бос айбаты тымақ жөндей.

Құлақ салмай жүрген екен арашаға,
Арашалап жүргендей бала шаға.
Арашаға сәл жібіп құлақ асса,
Тым түсіп қалатындай бедел баға.

Зор арланмен тіп тік тұрып алысқандай,
Барды салып алысып шалысқандай.
Отар малды күзеткен төбеттерден,
Кәндендер де емес екен қалысқандай.

Жарып кетіп жүргесін көрсе малды,
Жыртқыштықпен күжірейтіп мүлдем жалды.
Қорқаулықпен әуелі ерлер тұрмақ,
Зар жылатып жүргесін кемпір шалды.

Кәндендер де жүрген екен тіс батырып,
Көрмегендей қасқырға таң атырып.
Бос айбатын жігіттер білседағы,
Жүрмесе де бос шәуілін еш жақтырып.

Желкеге де сираққа да тым жармасып,
Қасқырдан жүргендей бір күші асып.
Қой дегенге қоймапты кәндендер де,
Зор қасқырды жүргендей боп мысы басып.

Ақсақалдар тұрыпты көңілденіп,
Қалғандай бір тым қатты тыныс кеңіп.
Насыбайды ерінге жиі салып,
Өлгеніне қасқырдың қатты сеніп.

Қос мергенді тұрған екен қатты мақтап.
Үлкендігін жүргесін әркез сақтап.
Көп көзінше риза боп тым мақтапты,
Зор сенімді жүргесін әркез ақтап.

Азаматтық болғасын әр ісінде,
Арлан қасқыр батырғасын тек тісінде,
Жыртқыштықпен жүргесін қанды шашып,
Еш жылылық болмағасын түр түсінде.

Жүрмегесін ездiк қып ыржалақтап,
Адамдығын жүргесін бойға сақтап.
Соғыста да ерліктерін көрсеткесін,
Тектілерді жүргесін әркез жақтап.

Жігіттер зор қасқырды зорға сүйреп,
Ауыз үйге тастапты сон да әкеп.
Сүирелеп өздері тым терлегесін,
Семіргенін қарашы бұл иттің деп.

Жатқан екен қасқырдың қаны ағып,
Қос мерген сұлатқасын жолын бағып.
Кіре беріс босағада жатқаннан соң.
Кей жігіттер отырыпты тілмен шағып.

Жатқан екен екі көзі от боп жанып,
Отырыпты өлгеніне қатты нанып.
Екі ағамыз дәл көздеп сұлатқасын,
Мергендікке отырыпты айыз қанып.

Қауіп деген жатпапты ішке еніп,
Өлгеніне барлығы қатты сеніп.
Қызыл шайды ішіпті тым тамсанып,
Жоталанып барлығы көңілденіп.


Ерлегесін екі інісі соңына ерген.
Болғаннансоң екі інісі өте мерген.
Риза боп айтқан екен мың алғысты,
Батырларға дұрыс деп бата берген.

Мергендер де отырыпты кеуде керген,
Үлкендерге риза боп бата берген.
Қауіпке де бас тігіп елі үшін,
Адамдықтан болмағасын еш өзгерген.

Қорқу деген жүрмегесін еш ойға кеп,
Алдыдағы отырыпты дәмді асты жеп.
Кей жігіттер мысқылдапты зор қасқырды.
Отырыпты тажалдан құтылдық деп,

Дәмді астан алғасын алып тойып,
Терісін аламыз деп мұның сойып.
Мысқылдап отырыпты тілмен шағып,
Кей жігіттер сақтануды мүлдем қойып.

Құрттық деп отырыпты тым шат болып,
Азаматтық отырғасын ойды шолып.
Дәмді асқа шақырып мазақ қылып,
Кей жастардың отырғасын іші толып.



Асты ішіп отырыпты дабырласып,
Сұлатқасын арланды айласы асып,
Сасқандықты отырыпты еш сездірмей,
Малын жарып қалса да қатты жасып.

Жортпайды деп бұл қорқау енді қайтып,
Қорқаулығын арланның жиі айтып.
Ауыз салып жүргесін малын жарып,
Қорқаулықпен жүргесін тым мұңайтып.

Азаматтық отырыпты үн қатқандай
Кей жігіттер өзі атып құлатқандай.
Өлгенін білгенненсоң батырсынып,
Қасқырды өзі атып сұлатқандай


Қансонарда түскесін ізі сайрап,
Қорқаулықтан жатқасын сұлап, жайрап.
Ауылды торығанын тағы құрт деп,
Қос мергенді отырыпты қатты қайрап.

Малды жарып мазаларын кетіргесін,
Жиі шауып одан сайын есіргесін.
Кемпірлер де отырыпты қарғап сілеп,
Қалай ғана қорқауға бақ тілесін.

Шақырып та отырыпты дәмді асқа,
Мықтысынып кіргесін теуіп басқа.
Дегендей боп өзіңе осы керек,
Малды жарып тиді деп шекең тасқа.

Арқаң да жылаған деп талай қасқа,
Сөккен екен кей жігіттер тойып асқа.
Алғаннансоң шайға да әбден қанып,
Батыр болып отырғасын кәрі жасқа.

Отырғанда ерлік етіп қол ұзарып,
Азаматтар ерлік іске сонда барып.
Азаматтық жүргесін сөзде тұрып,
Отар малды алғасын шын құтқарып.



Құтылдық деп отырғанда бұл немеден,
Азаматтық болғасын тек ойға енген.
Арқаны отырған да кеңге салып.
Қорқамыз деп отырғанда енді неден,

Жеңісті отырған да шат боп тойлап,
Азаматтық жүргесін ойға бойлап.
Жігіттер ерлік етіп жүргеннен соң,
Отар малдың амандығын әркез ойлап.

Жыбырлапты тым қасқыр қиналғандай,
Өлгеніне отырған да иланғандай.
Шыққандай боп үні де аянышты.
Біраз жатып есі тез жиналғандай.

Арлан қасқыр алыпты бас көтеріп,
Көз қызарып түсі де тым өзгеріп.
Кіре беріс босағада жатқан өліп.
Отырмадың дегендей көңіл бөліп.

Бұл қорлыққа қалай ғана жатсын көніп,
Басына жатқаннан соң ажал төніп.
Ен дала да жүргесін әркез жортып.
Малды жарып жүргесін ісі өніп,

Терісін аламыз деп иттің сылып,
Шат болып отырғасын мазақ қылып.
Бәрін сезіп ішінен жатқаннан соң,
Қалай ғана жатады іші жылып.

Тура қарап шоңқиып отырыпты,
Оттай жанған көзімен қорқытыпты,
Малды жарып жүргесін қанға қанып.
Атылмақ боп көзі де тым тыныпты.

Қайтарсам деп тым кекті барды салып,
Мазақтарын отырғасын көңілге алып.
Бармақ тістеп отырғандай қап дегендей,
Қорқаулық аңғалдықпен қапы қалып.

Шоңқиып отырыпты тым жайланып,
Атылуға отырғасын тым сайланып.
Қос мергенге қапы да кек кеткесін,
Одан сайын қорқауға тым айналып.

Кей жігіттер шығуға тесік таппай,
Зәресі ұшып қалған екен үні шықпай.
Сыпырмақ боп отырған да тым терісін,
Батыр болып отырған да ауыз жаппай.

Зәресі ұшып қалған екен үнді қатпай,
Мысқылдауға қасқырды мүлдем батпай.
Алдыдағы астан да ешбір татпай,
Қасқыр да өзі қарағасын тым ұнатпай.

Кей бөспелер оырған да бөсіп ескен,
Келіндей боп отырыпты жаңа түскен.
Жеген нан да өңеште тұрып қалып,
Жәиіна қап аста өзі дәмді піскен.

Кеседен басқа қару қолға түспей,
Тірілгесін көзін қадап мүлдем бөспей.
Атылмақ боп отырғасын көз қызарып,
Індемей отырғаны дұрыс істей.

Тірілгесін отырыпты мазақ етпей,
Мазақтауға бұрынғыдай батыл жетпей.
Қасқыр да атылмақ боп отырғасын,
Құирық қысып далаға шығып кетпей.

Отырған жұрт кете алмай үйден шығып,
Тірілгені қасқырдың көңіл жығып.
Дөң айбат қып отырыпты тым қасқырға.
Қауіптісін қасқырдың жақсы ұғып.

Азаматтар сақтапты тым сабырды,
Ұнатпайтын болғасын бос дабырды.
Ерлей алып шыдағасын әркез сынға,
Азаматтық көрсеткесін әркез қырды.

Қос мерген отырыпты сыр білдірмей,
Ортасында жүргесін еш бүлдірмей.
Азамат боп сенгесін болашаққа,
Ерлік қылып отырыпты еш күлдірмей.

Қасқырдың да білгесін ит жандысын,
Қос мергеннің басқасын оғы мысын.
Жетімменен жесірді тым жылатып,
Қорқаулықпен қалайша іс мандысын.

Тым тіктеп отырғасын қасқыр басын,
Ерлігімен қалайша таң қылмасын.
Қос мерген де отырыпты бармақ тістеп,
Мылтықтарын далада қалдырғасын.

Отырған жұрт қарусыз тым сасыпты,
Арлан қасқыр ырылына тым басыпты,
Ер болсаң шық дегендей меніменен.
Гүрілдеп күші де өзі тым тасыпты.

Қару қылып кей жігіттер тым қасықты,
Көрсетпейін дегендей ез жасықты.
Сақтықты да алғасын әркез ойға,
Кей жігіттің жанарын мұң басыпты,

Сескенгесін қасқырдан көзі түскен,
Шошынып оянғандай көрген түстен.
Бас салбырап отырыпты тым мұңайып,
Еш кенде болмаса да ерлік істен.

Кесеге де қол біткен жармасыпты,
Көзді қадап қасқырмен арбасыпты.
Не істерін білмегесін сасқаннансоң,
Қысылғасын жағадан тал қармасыпты,

Кейбірі отырыпты ұстап қасық,
Қалай ғана тірілді деп бұл ит пасық.
Үшкір жағын арланға тықпақ болып,
Жасық темір болса да қасық жасық.

Кесеменен қасық болып қолға түскен,
Бос сөзді сөйлегенмен білместікпен.
Кесе менен қасықты қару қылып,
Құр алақан болмағасын ерлік істен.

Еш кенде болмағасын айла күштен,
Құртпақ болып қасқырды қанды ішкен.
Атылса егер кесемен бастан ұрып,
Жықпақ болып отырыпты демді ап іштен.

Қару етіп отырыпты қолда барды,
Арлан қасқыр жоғалтқасын бойдағы арды.
Сес көрсетіп отырғасын есін жинап,
Айтқанменен ұқпағасын ешпір зарды.

Оп оңай кім береді жанды қиып,
Ортасына жүргесін әркез сиып.
Әбдіғапар терезеден шыққан екен,
Тұмсықтан ұрмақ болып күшті жиып.

Шыққаннансоң қолына шоқпарды алып,
Жіберіпті тұмсықтан сонда салып,
Арлан қасқыр құлапты тым теңселіп.
Тұмсығын қызыл қанға қатты малып.

Жүргенін де малды жарып ауыл торып,
Арсылдатып төбеттерді жүрген қорып.
Шаптан тартып тұмсықты қанға малып,
Тамақтап та жүргенде тістеп орып.

Жүргенін де ерлігіне көңіл толып,
Дәндегесін тым ауылға үйір болып.
Жатқан екен тұмсығынан қаны ағып,
Қыршынынан қиылып көктей солып.

Атамыз жүргеннен соң сөзде тұрып.
Арланды сұлатыпты бірақ ұрып.
Арттан келіп өзінің күшін жинап,
Артына қарағанда мойнын бұрып.

Шоқпары дәл тигесін тұмсығынан,
Тұмсықтан аққан екен тым қызыл қан.
Құлаш сермеп ұрғасын артынан кеп.
Қорқаудың кеудесінен шығыпты жан.

Көз жұмып жатқан екен мәңгілікке.
Қапы қалып толғандай боп іші кекке.
Ұзыннан жатқан екен сонда сұлап,
Дөң айбат қып бас көтеріп бекер текке.

Айла амалы тең келмей ер жігітке,
Көрсеткенмен дөң айбаты тұрмай түкке.
Жарып тартып жүргесін көрген малды,
Қорқаулылығы жеткен екен сон да түпке.

Қорқаулығы болғанмен тым сенгені,
Болмағасын ұят іс ойға енгені.
Сұлатқасын тұмсықтан дәлдеп ұрып,
Іске аспай қалған екен көздегені.

Әбдіғапар атамыз қарғап сілеп,
Зор қасқырға жүргесін өлім тілеп.
Қорқаулығын бетіне басқан екен,
Малды жарғыш қанішер қорқаусың деп.

Атамыздың көтеріліп басқа қаны,
Зор қасқырдың шыққанша бойдан жаны,
Қорлығы зор қасқырдың өткенненсоң,
Қарғап сілеп жоқ екен айтпағаны.

Өзінің де жарғасын бір биесін,
Қорқаулықпен сыйламай еш иесін.
Қалай ғана кеңдік қып бастан сипар,
Отар малға залалы сан тигесін.

Көзіне түскен малды жеп кеткесін,
Зор қасқырға жібергесін сан есесін.
Шоқпарымен тұмсықтан дәл көздепті,
Қорқаулыққа жауап берер кез жеткесін.

Көрсетіп жүргенменен көпке сесін,
Біраз жатып алғанмен жинап есін.
Мәңгілікке солайша көз жұмыпты,
Атамыз танытқасын шын көкесін.

Қалмағасын қасқырдың жемегені,
Болмағасын қарғысты да елегені.
Әбдіғапар атамыз қарғап сілеп,
Зор қасқырға жоқ екен демегені.

Отар малға жүргесін бермей маза,
Қалай оңай жіберсін қарғыс наза.
Көзін жойып құртыпты нағыз ерлер.
Қылығы үшін алған екен қасқыр жаза.

Бүлік шығарғыш бейтаныс ініме

О, інім келгеннен соң ақсақалдық,
Қылығыңа түсінбей тым таң қалдық.
Адам десем сияқты ойың бұзық,
Ақсақал боп бүлігіңді көңілге алдық.

Адамдықта болмағасын ешпір құлық,
Ездікпенен болғасын ісің былық.
Бақ қонып егеменді ел болғанда,
Көрсетпей жүргенненсоң жақсы қылық.

Шет елдердің бұзығына тым еліктеп,
Бұзықтықты жүргендейсің тым ерлік деп.
Көрсеткесін тексіздікті арсыздықты,
Ұрпақтың жүрмегесін еш қамын жеп.

Тал түсте де ақ жолыңнан адасқасын,
Тойынып ап көзді де шел басқасын.
Көтеріліске де шақырып жастарды да,
Сатқындық қып тым өзің алжасқасын.

Тепкендей боп жүргесін ішкен асты,
Силамай да жүргесін үлкен жасты.
Көргендей боп жүргесін нағыз қасты,
Атқандай боп жүргесін көпке тасты.

Болып жатқан өзгерісті еш көрмейсің,
Отанды ойлап тыныш неге сен жүрмейсің,
Азамат деп жүргенде қалқың сеніп,
Жат қылықтан неге осы жерінбейсің.

Бос сөз айтып мазаны еш бермейсің,
Жөн сөзіне ерлердің еш ермейсің.
Гүлдетудің орнына Отаныңды,
Бүлікші боп қолыңды тек сермейсің.

Бұл қылықпен қалайша сен ерлейсің,
Досыңменен жатты қалай күлдірмейсің.
Отқа итеріп жүргесін қандасыңды,
Елдігіңді қалайша бүлдірмейсің.

Даналық қып өмірді еш сүрмейсің,
Оң сөздерге құлақты сен түрмейсің.
Нағыз ерлер жүрген де гүлдетсем деп,
Азаматтық адамдықты білдірмейсің.

Ұлы елдікке ненге сен ой бөлмейсің,
Жөн айтқанға неге осы сен көнбейсің.
Көк туыңның биіктеуін еш ойламай,
Бүлікші боп өзімдіке тек жөн дейсің.

Еш қызармай күие жағып жүрегі аққа,
Мән бермейсің келешекке болашаққа.
Егеменді ел болған да бақыт қонып,
Ие болу керек қой қонған баққа.

Кеуде қаққан еш ермей мақтаншаққа,
Керсоқыр боп сүйенбей тілмен жаққа.
Егеменді ел болып ерлеген де,
Ұқсау керек асылдықпен ер қазаққа.

Нағыз ерлер қалығын мұңайтпайды,
Көре алмайтын дұшпандар не айтпайды.
Егеменді ел болғасын бұл күндері,
Ер қазағым алған беттен еш қайтпайды.

О, інім ел болған да егеменді,
Ел болуға қояйық әркез денді.
Арқаны кеңге салсақ аңғалдық қып,
Ұят болар жараспас бізге енді.

Адамдықтан қалама өзгергенді,
Ер қалқыңа бұл күн де әлем сенді.
Білек түріп отанға қызымет қып,
Барды салып ойла енді гүлденкенді.

Қою керек бос сөзге тек ергенді,
Жат ойлының бос сөзін жөн көргенді.
Өркениетті елдерге жетуді ойлап,
Зор байлықты ойлау керек игергенді.

Азаматтық ойлау керек ойға енгенді,
Қойу керек бос сөздерге тым сенгенді.
Білек түріп отанды гүлдентем деп,
Азамат боп ойлау керек ерлегенді.

Астанадай салынса да ғажап қала,
Өзгерсе де гүлденіп байтақ дала.
Болашаққа жүргенің ешпір сенбей,
Суға толып ақсадағы саймен сала.

Ерлерге де жүргенің жауып жала,
Ездікпенен болғасын ішің ала.
Тексіздікпен өзіңді дана санап,
Өзгелерді жүргенің көріп бала.

Дүниге жүргесін көзің тоймай,
Бүлігіңді жүрсің ғой ешбір қоймай.
Егеменді ел болған да ақылды боп,
Адамдықты бойдағы жүрші жоймай.

Елдігім деп ұқсашы нағыз ерге,
Бүлікші боп қаратпашы елді жерге.
Жүрегімен өзінің қалқын сүйген,
Нағыз бір ұқсай алшы жігіттерге.

Бар болғасын қорғайтұғын байтақ дала,
Елдігіне нағыз ерлер жаппас жала.
Қазақ елін жатқан да әлем мақтап,
Қаралайды жандар ғана іші ала.

Елдікті ойла қойдағы кер кеткенді,
Ойлағын зор табысқа қол жеткенді.
Бүлдіретін бүлікшінің тәртібін ап,
Қой інім тәлкі мазақ тек еткенді

Ер Қазағың жатқан да биікті алып,
Егеменді ел болғасын барды салып.
Көтеріліске жүргенің тек шақырып,
Қатардан жүрендей боп тымақ қалып.

Жетістікті шығарма інім жоққа,
Кеуденді тосқандай боп әркез оққа.
Жарымай жүргендейсің тек шырылдап,
Табаның күйгендей боп қызыл шоққа.

Тиседағы шағылмай шеке тасқа,
Тым құмар болғаннансоң дайын асқа.
Басыңа жүргенің-ақ бәле тілеп,
Бүлдіруден іс жоқтай одан басқа.

Елдігіміз бүйте берсең бүлінеді,
Гүлдептесек әлем қалай көзге іледі.
Дос біткендер жабырқап тек күйзеліп,
Дұшпандарың шат болып тек күледі.

Дұшпаныңа қате ісің әркез керек,
Түсінерсің бұл сөзімді болсаң зерек.
Нағыз ерлер көк байрағын биіктетіп,
Ер халқына, Отанына болар тірек.

Отаным деп соққасын әркез жүрек,
Отанының гүлденуін ойлайды тек.
Азаматқа әркезде жарасады,
Азаматтық көрсетіп әркез жүрсек.

Нағыз ерлер надандығын білдірмейді,
Езге еліктеп елдігін бүлдірмейді.
Биіктетіп көк туын желбіретіп,
Дұшпандарын ешқашан күлдірмейді.

Отаным деп жүреді сабыр сақтап,
Зор сенімін қалқының әркез ақтап.
Нағыз ерді әркезде халқым деген,
Қалығы да жүреді әркез жақтап.

Бос аттанның сондықтан керегі не,
Азамат боп әркез де Отаным де.
Жаратқанға айта біл мың рақмет,
Егемендік елдікті бергеніне.

Тыныштық та керек қой әркез елге,
Ұқсау керек өмір де нағыз ерге.
Бүлдіруді ойласаң тексіздікпен,
Халқыңның зор еңбегі ұшар желге.

Нағыз ерлер көрсетеді жақсы тегін,
Жігіттердің ұнатпай еріншегін.
Отанға білек түріп қызымет қып,
Ұрпағының ойлайды келешегін.

Ер халқыңның бағала еңбектерін,
Елдік үшін төккенін маңдай терін.
Әлем де сондықтан да жүр ғой мақтап,
Азаматтық атқарғасын міндеттерін.

Еліктеп көрсоқыр боп шығарма дау,
Бәле іздеп қандасыңды көрмегін жау.
Егеменді елдікті әркез ойла,
Зор міндетті керек қой еш ұмытпау.

Толғанып елдік болсын айтқан сөзің,
Сынасаң да сынағын жетіп көзің.
Егеменді елдігің не болады,
Тек бүлікке шақырсаң бастап өзің.

Әркезде халқын ойлар дені саулар,
Бүлдірсең қуанады әркез жаулар.
Сондықтан да керек емес бізге даулар,
Даламызда жайқалсын бақша баулар.

Шатақ Жанат түзелді

Жанаттың күшігі таласты,
Өзінен зор күшікпен.
Барды салып алысты,
Кенде еместей тым күштен.

Тұра қашты бір кезде,
Зор күшіктің батып тым тісі.
Сімтік болғасын тым кез бе,
Қате екенін біліп бұл ісі.

Жанат тұрды қызарып,
Күшігін мақтап бөскенмен.
Кеңірдегі ұзарып,
Өтірікке желдей ескенмен.

Іштарлық қып қызғанды,
Күшігі жеңгесін досының.
Өзінше боп сызданды,
Көзін құртпасам деп осының.

Күштісін қара деп өзінің,
Күшікке қатты зекірді.
Шелі өскен деп көзінің,
Тым зәресін кетірді.

Жоқ деп күшік еш құның,
Көзіменен тым атты.
Көзін жоям деп шын мұның,
Айғайлады тым қатты.

Айналып тез-ақ қасына,
Досының мықты күшігі.
Үйірілгендей бұлт басына,
Беттің де шықты тым түгі.

Ұнатпағасын еш шынды,
Құртпақ болып лепірді.
Келтіргесін күшік тым жынды,
Арамдық ішке ой кірді.

Озғандарға жүргесін,
Іштарлықты көрсетіп.
Көрсеткесін тек сесін,
Кімдер жүрер үлгі етіп.

Сөзінде де еш тұрмай,
Мықтының білмей бағасын.
Бүйректі де еш бұрмай,
Сыйламағасын да ағасын.


Бірге жүрген құрбының,
Жыртпақ болғасын жағасын.
Түземегесін еш сының,
Көңілдер де қалғасын.

Жанаттың түсіп қабағы,
Күшікке қабақ тым шытты.
Сынғандай боп тым сағы,
Сабырды тым ұмытты.

Күшігіне де айғайлап,
Жеңілгесін көзді алартты.
Сөйлемей сөзді абайлап,
Қызарттың деп Жанатты.

Күшігін де бір тепті,
Ақтамадың деп сенімді.
Алғандай боп тым кекті,
Төмендеттің деп шенімді.

Тарылттың деп жерімді,
Сөйлемей сөзді еш жайлап.
Қызарттың деп керімді,
Тасын да тұрды тым сайлап.



Босқа ішіп жүрсің деп,
Берген менің асымды.
Тұр деп саған жыным кеп,
Жарамын деп басыңды.

Көрсете алмады кеңдікті,
Іштарлықты көрсетіп.
Сақтай алмады теңдікті
Адамдыққа ой жетіп.

Жүрегiнiң бардай тым түгi,
Жүргендей өзі топ жарып.
Қалай жеңер күшігі,
Жүргесін тоймай тым арып.

Қайдан болсын тым күші,
Іші де тым қабысып.
Шұрылдағасын тек іші,
Терісіне жабысып.

Сiмтiнiп тек жүргесiн,
Тамақ iздеп тым кезiп.
Сiмтiк боп өмiр сүргесiн.
Ұяттан да тым безiп.

Қыңсылап күшігі тым безді.
Бір жағына басы қисайып.
Көрсеткендей боп тым ездi,
Кеткендей боп бақ тайып.

Жеңілгенін көріп тым айып,
Құйрықтан Жанат тепкесін.
Көзден болды тез ғайып,
Жеңіліп қыры кеткесін.

Күшікке тасты лақтырды,
Көңілі тым қалғасын.
Сақтай алмай сабырды,
Жеңілгенін көңілге алғасын.

Қарасын күшік батырды,
Қысып алып құйрығын.
Көрсеткендей пақырды,
Орындамағандай бұйрығын.

Күшігі кетті көрінбей,
Төбеден биік тым асып.
Төбелесіп тек жүрмей,
Тепкесін қатты тым жасып.

Ашуына тым басып,
Жанат қатты тепкесін.
Қашқасын қатты тым сасып,
Қатты соғып өкпесін.

Әлсіздігі түбіне,
Жеңіліп қап жеткесін.
Көз жеткесін мініне,
Есесі де кеткесін.

Тілі де тым салақтап,
Тұрғасын тым күн күйіп.
Екі көзі алақтап,
Жотадан да тас тиіп.

Үргенмен кейде шәуілдеп,
Көрсеткендей былығын.
Таласқанмен ермін деп,
Көрсеткесін ездiк қылығын..

Жанат бөсіп жүрген де,
Арыстанға тым балап.
Күшігім мықты дегенде,
Жеңгендігін тек қалап.

Құрбы алдында Жанатты,
Қара жерге қаратты.
Қысқа өмір де қымбатты,
Жүрегіне тым батты.

Жанаттан қашып құтылды,
Сезініп өзін кінәлі.
Ездікті өзі тым қылды,
Кеткендей суға тым салы.

Жанат тұрды жынданып,
Досының күшігі жеңгесін.
Көзі де от боп тым жанып,
Тыңдамай достың кеңесін.

Өш алатын тапқандай,
Өзінің бір теңдесін
Емес еді жаққандай,
Көрсеткесін тым сесін.


Бастағандай егесін,
Кеудені тек қаққасын.
Мен Жанатпын дегесін
Жеңді деп кінә таққасын.

Іштарлық қып жеңгенге,
Жалқасын да жапқасын.
Ұқсамағасын тектіге,
Жабатын жала тапқасын.

Әбестігін білсе де,
Көрсетпеді тектілік.
Кей құрбысы күлсе де.
Көрсете алмады естілік.

Жүргеннен соң бәле іздеп,
Ауыздан да біле баққасын.
Кеуде қаққасын тек біз деп,
Тектіге де күйе жаққасын.

Құрбысын да сыйламай,
Тілімен де шаққасын
Бұл қылыққа ұялмай,
Өтірікке де судай аққасын



Көшеде де иттерді,
Қуалағасын тас алып..
Көрсетпегесін шын ерді.
Жүрмегесін ерлеп ой салып.

Иттердің де түскесін,
Соңына түсіп сақтап кек.
Мықтымын деп іскесін,
Бас жару болып ойы тек.

Көңілдер де жүргесін,
Өзінен әркез тым қалып.
Шатақ боп өмір сүресін,
Құрбыларын да тым шалып.


Болмағасын бойында,
Азаматтық еш талап.
Адамдық болмағасын ойы да,
Сотқарлықты тек қалап.

Намысшыл боп тек жалған,
Қуалағасын да иттерді.
Мазаны еді тек алған,
Көрсете алмай шын ерді.

Болмағасын ісі өнген,
Күшікпен де қастасып.
Жөнге емес ед еш көнген,
Қараулыққа тым басып.

Күшікпен де өштесіп,
Жүргеннен соң қысқа ойлап.
Жүргеннен соң бос есіп,
Жүрмегесін ойға еш бойлап.

Жеңген күшікті де сілкілеп,
Желкесінен алды күшіктің.
Күшігімді жеңдің деп,
Тарлығынан тым іштің.



Күшігіне сеніп жүргенде,
Арыстанға тым балап.
Күшігім мықты дегенде,
Жеңгендігін тым қалап.

Қайдан жүрсін күшікке,
Қызғанғасын бақ тілеп.
Толғасын іші тым кекке,
Сілкілегесін жыны кеп.

Оқымай еш сабағын,
Жүргеннен соң ерініп.
Қайтып ашсын қабағын,
Шаруадан жүргесін жерініп.

Қайдан ұқсасын жігітке,
Іш тарлығын көрсетіп.
Жетпек болғасын тым түпке.
Адамдықтан тым кетіп.

Ұнатпағасын ездікпен,
Өмірдегі шындықты.
Қабары болмағасын ерліктен,
Күшікке болып тым мықты.

Құрбылары да жақтырмай,
Көңілдерді тым жықты.
Жеңседағы іш бұрмай,
Көрсеткесін сұмдықты.

Көрсетпеді адамдық,
Әділ болмағасын өмір де.
Көрсеткесін арамдық,
Келседағы көңілге.

Ұясына барып тығылып,
Күшікте ішін тым ұқты.
Күшіктің жүні жығылып,
Бас шығармай тым бұқты.

Ұясында ырылдап,
Көрсетті күшік тым сесін.
Сілкілегенін көңілге ап,
Жинағандай тез есін.

Күшік те айбат көрсетті,
Күжірейтіп тым жалын.
Қанталап көзі тым кетті,
Сезсе де нашар тым қалын.

Қайтара алмайсың дегендей,
Сілкілесең де еш бетті.
Ашуы қатты келгендей,
Ерлікті күшік тым етті.


Жанатқа көрсетті тым тісін,
Көргесін ерсі қылығын.
Теріс көріп тым ісін,
Көргендей бойдан былығын.

Құрбыларының ішіне,
Бұл қылығы сыймады.
Сенгеннен соң күшіне,
Жәбірлетуге қимады

Арашаға түсті достары,
Аяғасын тым күшікті.
Іске аспады жоспары,
Көрсете алмай жігітті.

Аямағасын күшікті,
Сотқарлығын тым біліп.
Келтіргесін күдікті,
Тұрмағасын көзге іліп.

Жүрмегесін толғанып,
Жүректерге үңіліп.
Қайдан жүрсін тым нанып,
Достары тұрды түңіліп.



Мұның ұят тек десті,
Көрсеткесін надандық.
Қайдан болсын тым есті,
Көрсетпегесін адамдық.

Құрбылары ер еді,
Әділдікті қалаған.
Жәбірлеуге бермеді,
Сөйлемегесін еш жалған.

Бос сөзіне ермеді,
Болғаннан соң тым есті,
Бәле-жала термеді.
Күшіктің қамын тым жесті.

Жанат қатты бөссе де,
Құрбылары жол кесті.
Адамдық қылғасын өмірде,
Азаматтық көкей тым тесті.

Ер болғасын шетінен,
Еліне еді ұнаған.
Үлгі алып текіден,
Жөн сөзді еді тыңдаған.

Шұғылданып спортпен,
Өздерін еді шыңдаған.
Адамдыққа қойып ден,
Емес еді жынданған.

Жеңген күшікті мақтады,
Күшігіңді жеңді деп.
Ер күшікті жақтады,
Азаматтық ойға кеп.

Зор сенімді ақтады,
Тектілікті тым сақтап.
Күшікке кінә тақпады,
Жеңді деп сенім тым ақтап.

Көрсетпеді ынжықты,
Қорықпағасын сесінен.
Ұнатқасын шындықты,
Адамдықты шығармай есінен.

Болма деді Жанатқа ез,
Күшікпен де ұрсысып,
Болмағын деді қатігез,
Иттермен де қырқысып,

Азамат боп жүрекпен,
Жанатқа деді бәрін сез.
Кеу де қағып демей мен,
Қараулықтан деді без.


Егемендік елдік кеп,
Толғанатын деді келді кез.
Азамат боп Отан деп,
Жинағын деді есті тез.

Болғын деді нағыз ер,
Көрсеткін деді естілік.
Адал болады деді тектілер,
Көрсете алып тек ерлік.

Жүргесін сенім тек артып,
Достары тым ерледі.
Сөккесін Жанат қызарып,
Ұялып қатты терледі.

Сынағасын достары,
Жанат түсті ақ жолға.
Таза ұстап тек арды,
Тас алмады еш қолға.

Жақсы қарады күшікке,
Дәмділеп беріп тамағын.
Ие болсын деп мол күшке,
Ашайын деп тым бағын.



Күшігі де тез өсті,
Дәмді ас жеп оңалып.
Құрбылары мықты тек десті,
Мықтылығына таң қалып.

Жанат солай ерледі,
Достарын да еш шалмай.
Шатақтарға ермеді,
Азаматтығы еш қалмай.

Жеңілсе де күшігі,
Сақтай алды теңдікті.
Беттің шықпай еш түгі,
Көрсете білді кеңдікті.

Азамат боп әр кезде,
Азаматтық ой түйді.
Ынтық болып өмірге,
Отанын әркез тек сүйді.

Ауласына егіп тек гүлді,
Өсіре білді тым бақты.
Азаматтықты тым білді,
Бола біліп жан-жақты.

Сүйгесін тым өмірді,
Ашып жүрді қабақты.
Жүре біліп көңілді,
Жақсы оқыды сабақты.

Ердің еңбекқор болғаны,
Әркезде де дұрыс деп.
Күніне мың толғанды,
Отанды гүлдену ойға кеп.


Журналист қаламгер
Қараманов Қараша ағаға арнау

Нағыз ерлер тек өмірде ердің жүгін көтерер,
Ер болғасын адамдықтан қалай ғана өзгерер.
Азаматтық адамдығын көрсеткесін тек ерлеп,
Ұлы елі де ерлік ісін әркезде де жөн көрер.

Азаматтық көрсете алып болғаннан соң жөн білер.
Ұлы елі де таланттарға шын жүрекпен бақ тілер.
Отаным деп барды салып жөн жосықты білгесін
Халқы да азамат деп риза боп көзге ілер.

Қараша аға келесізғой қызымет қып Отанға,
Бақыт шаттық тілегесін адамдық қып бар жанға.
Отаным деп білек түріп ақ жолменен келесіз,
Адамдықпен қол созғасын тек өмірде арманға.

Азамат боп адам болып өмірді тек сүргесін,
Отаным деп қалығым деп әркезде де жүргесін.
Ерлік істі көрсете алып келесізғой барды сап,
Гүлдепек боп тек отанды білекті де түргесін.

Азаматтық адамдыққа бұл өмір де не жетер,
Ерлей алып даналығын нағыз ерлер көрсетер.
Талант болсаң Отан деген ғажап мынау өмірде,
Алдыдағы ағамызсыз ең бірінші көзге ілер

Аға болып қолдағасын қалай ғана қыр кетер,
Адамдығын көрсетеді әркезде де нағыз ер.
Бағың да өзі қолдағасын әркез де тек жанар,
Босқа кетпес желге ұшпас ешуақытта маңдай тер.

Өзіңіздей текті ағалар адамдығын білдірер,
Тектілікпен асылдықпен болмағасын күлдірер,
Соңға ерген інілерге жүргеннен соң жөн сілтеп,
Талант болсаң қолдай алып көздерге де ілдірер.

Даналық қып қолдай біліп әркезде де тек жүрер,
Халқым деп, Отаным деп өмірді де тек сүрер.
Зор табысқа, атаққа да жүрмейді еш мастанып,
Оң сөзге де құлағын да болдым демей тек түрер.

Отаным деп аққаннан соң әркездеде маңдай тер,
Одан сайын тым құлпырып гүлденбей ме байтақ жер.
Ағалардың ақылдарын тыңдағасын інілер,
Отаным деп барды салып болмайды ма нағыз ер.

Қолдау көріп көңілі де көтеріліп көкке өрлер,
Еңбек етіп тым құлшынып маңдайдан тер төгілер.
Азаматтар қолдау көрсе шыңға қанат қағады,
Қолдау сөзден руқтанып жанбайдыма жүректер.

Бұл өмір де шындықты айтар әркезде де нағыз ер
Отаны үшін білек түріп аққаннансоң маңдай тер.
Адалдығын білгеннен соң нағыз ерін ер халқы,
Халқын сүйген азаматты тым халқы да құрметтер.

Шын дарындар тым құлшынып көп істерді өндірер,
Даналықпен, асылдықпен болғаннан соң жөн білер.
Қараманов Қараша аға үлгі болып келесіз,
Шын мақтауға тұратұғын ағамызсыз қаламгер.

Ауданының тарихын да архивтерден көтерген,
Азаматтық адамдықтан болмағасын өзгерген.
Қолдаушысын таппағандай архивтерде сан жылдар,
Тым сарғайып ақ қағаздар болғаннан соң көгерген.

Өзіңіздей азамттар қалай бұған көнеді,
Ерлікпен тең бұл ісіңіз түсінгенге жөн еді
Өз тариқын білмеу деген азаматқа жараспас,
Азаматтық ерлікпенен тек ұлы істер өнеді.

Елім деген азаматтар тым алысты көреді,
Азамат боп ұлы елдікке көңілдерін бөледі.
Өзіңіздей азаматтар зор сенімді ақтайды,
Тартып туған бабаларға болғаннан соң өрелі.

Тарихын да ауданымның жүрсіз аға сіз зерттеп,
Азаматтық жүргеннен соң әркезде де ойға кеп.
Жүргеннен соң тебіреніп күніне мың толғанып,
Даналықты көрсеттіңіз зерттегенді дұрыс деп.

Ауданымның нағыз ерсіз тарихын да зерттеген,
Адамдық ой болғаннан соң бойыңыздан кетпеген.
Бабалар да жерді қорғап өткеннен соң қан төгіп,
Ұрпағына ұят болар бағасына жетпеген.

Елдік үшін көп шаруалар жетеді ғой бітпеген,
Азаматтар жетеді ғой арманына діттеген.
Егемендік азаматтан енжарлықты күтпеген,
Отаны тек азаматқа үлкен сенім жүктеген.

Қараша аға сондықтан да жүрмедіңіз жайланып,
Отан үшін шаруаларға білек түріп сайланып.
Көк туымыз биіктеуде көзге түсіп бұл күн де,
Қазақстан бұл күндері алып елге айналып.

Азаматтық ой билейді менің де аға санамды,
Мың толғанып ойлағасын адамзатты адамды.
Толғанасың тебіренесің күніне мың данадай,
Сүрінбеуді ойлағасын анық басып қадамды.

Гүлдетсем деп тебіренесің ұлан байтақ даламды,
Жиі-жиі толғанғасын қолға алып қаламды.
Ядролық қарудан да басты тартып бар әлем,
Даналық қып ойласа деп адамдық қып ғаламды.

Жырды жазып, Отаным деп бізде аға келеміз,
Ауыр жүктен қайысса да кейбір кезде беліміз.
Ер қазағым қиындықты жеңе білген әр кезде,
Аман болсын бала-шаға тек тілерім еліміз.

Тым құлпырып гүлденсінші бұдандағы жеріміз,
Отаным деп аққаннан соң маңдайдан да теріміз.
Өркениетті елдерге де әлі тез-ақ жетеміз,
Алынбайтын шыңдарды алып ерлей алып әлі біз.

Сондықтан да жүреміз ғой бос сөздерге еш ермей,
Жүргеннен соң надандықты өмірдегі жөн көрмей.
Азаматтық адамдықты тырысқасын сақтауға,
Адамдықтан жүр ініңіз әркезде де өзгермей.

Қуантады өзіңіздей қаламгердің барлығы.
Даласындай кең болғасын ішінің жоқ тарлығы.
Қараша аға келесіз ғой ұлы елдік деп бір тынбай,
Егемендік ұлы елдіктің шыққаннан соң жарлығы.

Егеменді ұлы елдікті нағыз ерлер жақтайды,
Қаламгерін ұлы елімде сондықтан да мақтайды.
Өзіңіздей ағаларым Отан деген әр кезде,
Азамат боп сөзде тұрып ел сенімін ақтайды.

Қаламгерлер ұлы елім деп бекер үнін қатпайды,
Өзіңіздей нағыз ерлер бос сөздерді шатпайды.
Егемендік елдік келіп тұрғанында бақ қонып,
Азаматтар өзіңіздей елім деген жатпайды.


Тектілікпен тілін, дінін еш уақытта сатпайды,
Азаматтық адамдықты тек бойында сақтайды.
Адамдықты көрсете алып, Отаным деп жүргесін,
Қалай ғана ер халқымның ерте таңы атпайды.

Егеменге қол жеткен де сезе біліп бақытты
Қаламгер боп көрсеттіңіз Отанға тек ақтықты.
Тектілікпен тереңірек әркезде де ойлайсыз,
Өмір сүрсін дегеннен соң ұрпағымыз шаттықты.

Ұлы ісіңіз әркезде де жан біткенге өнеге,
Ұлы елдік деп асыл ерлер бос сөздерге көне ме.
Өзіңіздей дарындардың барлығына ауданда,
Жырға қосып қуанамын жүрегіммен шын менде.

Нағыз ерлер жүреді ғой дарындарын күндемей,
Кітап шығып қуанғанда қалған жоқсыз індемей.
Қолдау көрдім ағалардан өзіңіздей дарынды,
Ұлы еліме таныстырып жаздыңыз ғой мінемей.

Жүретінге еш ұқсамай жөн жосықты еш білмей,
Оң сөзді де жүргеннен соң құлағына еш ілмей.
Таланттарды қолдағасын адамдық қып әр кезде,
Адамдық қып сүрінсе де жүресіз ғой еш күлмей.



Шындықты айтып жаздыңыз ғой әділдік қып
күлдірмей,
Мақтаймын деп кей пендедей кей жерлерін
бүлдірмей.
Таланттарды байқасаңыз қолдап әркез жүресіз,
Қарауда бар шын талантты шала тұғын білдірмей.

Жүргеннен соң оң сөзге де құлақтарын еш түрмей,
Нағыз ердей жүрмегесін өмірді де еш сүрмей.
Іштарлықты көрсеткесін бейшаралық қылықты,
Дарындарды тектілерді қалай жүрсін күлдірмей.

Азаматтар шындықты айтар әділ жандар тек сіздей.
Жөн сөзді айтып жүресіз ғой інілерге тек біздей.
Шын жүрекпен аға болып таланттарды қолдайсыз,
Таланттардан жүргеннен соң күдерді де еш үзбей.

Қолдағасын азаматтық үнді де тек қатасыз.
Ерлей алып тұлпарға да қамшыны сіз басасыз.
Көріне алып жүргеннен соң азаматтық тұрғыдан,
Тектілікпен қалай ғана қарайғаннан сасасыз.

Жаптырды ғой арыстарды зар-заманда жау етіп,
Құртпақ болып зұлымдықпен дарындарды тым бекіп.
Халқын сүйген арыстардың, іздеріне тым түсіп,
Зұлымдық пен жүрмеп педі түптеріне тек жетіп.

Арыстар ед қалығым деп ерлік үнін қата алған,
Отаным деп дауыстары теңдік үшін тым талған.
Мәңгілікке көзін құртып жоймақ болып сақтанып,
Сұм жендеттер аямастан қанға еді тым малған.

Сондықтан да арыстарды зар күйге еді тым салған,
Атқанменен соңдарын да ұлы ісімен сөз қалған.
Шындық жеңер әркезде де бұл өмірде аңдасақ,
Өрге баспас бұл өмірде айтылғанмен сөз жалған.

Халқын сүйген арыстардың сыйламаған еш басын,
Зұлымдықпен аямап ед кәрісі мен тым жасын.
Шын жүрекпен сүйгеннен соң халқы мен Отанын,
Көргендей боп сезіктеніп бұл өмірде тым қасын.

Сондықтан да, тек қолдайық дарынды аға Қараша,
Дарындарға таланттарға түсіп әркез араша.
Қараталда бұлбылдарды сайратқан соң мен де өзі,
Төбе көкке тигендей боп қуандыңыз балаша.

Ұлы еліме таныстырып айттыңыз ғой сіз баса,
Азаматтық көрсете алып сақтықпенде тым аса.
Талай жылғы еңбегім ғой көздің майын тауысқан,
Ұлы еліме ұнайды ғой сізге аға ұнаса.

Зор еңбекті дұрыс-ақ қой бағалаған тірлікте,
Не жетеді бұл өмірде азаматтық тірлікке.
Барлық ұлтпен ер қазағым әркезде де сыйласқан,
Мән мағына тым жатқасын сыйластықта бірлікте.

Таланттарға дұрыс-ақ қой көңілді тым бөлген де,
Дұрыс-ақ қой бұл өмірде бәйтеректей өнгенде,
Тірлігін де қадірлерін таланттардың еш білмей,
Жылайтын бар бармақ тістеп бауырым деп өлгенде.

Ұятаққой сондықтан да адамдықтан өзгерген,
Адамдықты сақтай алмай пенделік қып сөзге ерген.
Таланттардың асылдардың күншілдік қып сыртынан,
Көре алмай бәле жала өсек аяң сөз терген.

Жабатұғын таланттарға дарындарға тек жала,
Надандықпен болғаннан соң әркезде де іс шала.
Таланттарды жүргеннен соң іштарлықпен жақтамай,
Надан да бар таланттарды шалатұғын іші ала.

Заңғар ақын емес пе еді Мұқағали шын дарын,
Жырын жазып сақтай алған бойындағы тым арын.
Кей күншілдер көре алмай жапсадағы жаласын,
Жырын жазып өтіп еді айта алып тым зарын.

Жырын жазып ер қалқына ақтарылған ағынан,
Айырмақ боп жүрседағы кей күншілдер бағынан.
Дана ақын бармақ тістеп жүргеннен соң кей кезде,
Мұңын шағып Фаризаға еді ғой тым шағынған.

Түсірмек боп жүргеннен соң дана ақынды тағынан,
Бар болғасын күншілдер де жала жауып қағынған.
Дана ақын арман да боп бұл өмірден өтсе де,
Асыл қалқы айырмады ер ақынын бағынан.

Ер халқым да әркезде де дарындарын таныған,
Жүрегімен сыр ашқасын ер халқына ағынан.
Жырын оқып барын салып озғаннан соң жарыста,
Дарындары кеудесіне медалдарын тағынған.

Біздің Қазақтау қопарар білек түріп шындаса,
Қандай ұлт деп қазағымды шетелдіктер сынаса.
Қазақстан дамуда ғой алға қарай қарыштап,
Ұлы елдік деп азаматтар барды салып тынбаса.

Отаным деп білек түріп тек ерлеуге жараса,
Отырыста елдікті ойлап ымырамен тараса.
Қолдың ұшын бере біліп қиналғанда тек ерлеп,
Ерлей алып тек әркез де қас-қабаққа қараса.

Қараша аға, шыға берсін азаматтық үніңіз,
Егемендік елдік келіп атқанын да күніңіз.
Аудандағы таланттарға жүріңіз тек жөн сілтеп,
Сізді де тек қолдай берсін аға менен ініңіз.

Азаматтар атқара алар ұлы істерді келелі,
Ауданымның жылдан жылға артуда ғой беделі.
Қараталда тасып аққан өзенім ғой киелі,
Ауданымда бұрыннан-ақ құт дарыған ел еді.

Ауызбірлік берекені сүйгеннен соң тым елі,
Қайыспай да келеді ғой ерлерінің еш белі.
Білек түріп жүргеннен соң егемендік елдік деп,
Өзіңіздей ауданым да нағыз ерлер ерледі.

Егеменді елдігім деп бос сөздерге ермеді,
Білек түріп Отаным деп қолдан намыс бермеді.
Тоғышарлық атаулыны ерлегесін жерледі,
Азаматтық көрсете алып шыңға құлаш сермеді.

Ежелде- ақ Қараталым батырлардың мекені,
Қалай тұғын тек бірлікпен биіктерге жеткенді.
Бос сөздерден аулақ болып әркезде де жүреді,
Отанына қызмет қой барлығының еткені.

Қараталда өзенім ғой көркемдігін жоймаған,
Ақ шабағы шоршуларын толқынында қоймаған.
Шағаласы айдынында жиі сүңгіп қалқыған,
Қараталға сұлу аққан қараудан көз тоймаған.

Қараталым көркіменен салады ғой ой маған,
Ақыны едім жағасында терең ойға бойлаған.
Қараша аға жағасын да бірге менде толқимын,
Болғаннан соң ұлы елдікті азамат боп ойлаған.

Жыр ағылар көмейімнен ер мен жерді жырласам,
Сондықтан да ағалармен жырды жазып сырласам.
Ұлы еліме қызмет қып мен де өзі тынбасам,
Шабыттансам алайын мен қолыма тек қыл қалам.

Қараша аға өзіңізге жырмен жауап беремін,
Ағалардың алдыдағы сөзіне тек еремін.
Текті ағалар қолдағасын әркезде де інім деп,
Отанды ойлап азамат боп мен де өмір сүремін.

Сенімді ақтап ағаларды мен де қолдап жүрейін.
Оң сөзіне құлағымды әркезде де түрейін.
Мың толғанып жүргеннен соң қаламымды қолға
алып,
Азамат боп жөн-жосықты мен де әркез білейін.

Қолдау сөзден шабыт алып одан сайын үдейін,
Ақыны боп ұлы елдікке үнді қосып жүрейін.
Ежелден-ақ ұлы елдік қой ініңіздің арманы,
Ағаларым мақтағанға болдым, толдым демейін.

Тіп тік өскен бәйтеректей биіктейін өнейін,
Кемістіктер болса егер түзетейін, жөндейін.
Егемендік ұлы елдік халқыма да үлкен сын,
Ер халқыма, ағаларға өзіңіздей сенейін.

Кездескенмен қиындықтар ақыны боп жеңейін.
Өркениетті елдерменен ұлы елімді теңейін.
Отаным деп жыр жазғасын күніне мың толғанып,
Азаматтық ойларға тек мың толғанып енейін.

Білек түріп зор табысқа еңбегіммен жетейін,
Алдыдағы текті ағаны үлгі өнеге етейін.
Егеменді елдігіме ат салысып жүрейін,
Азаматтық борышымды барды салып өтейін.

Қалам алып жырды жазып өмірден сыр шертейін,
Өзіңіздей тариқымды мен де үңіліп зерттейін.
Зор үлесті қосайыншы барды салып Отанға,
Барды салсам зор табысқа қалай ғана жетпейін.

Ұлттардың да достығына көңілімді бөлейін,
Отаныма қызмет қып, маңдайдан тер төгейін.
Шын дарынды өзіңіздей жырыма да қосайын,
Ер халқымның ақыны боп барлық ұлтты бөлмейін.

Бөлінуде қарап тұрсақ адамзатқа тым жаман,
Бабалардың өтті не бір бастарынан зар-заман.
Халқымыздың басын қосып Абылай хан бабамыз,
Ұлы ұлтымыз қалмап па еді зар-заманда зорға аман.

Ерлігіне бар әлемді бабаларым тәнті етіп,
Тек бірлікпен жүрмеп педі жеңістерге қол жетіп.
Халқым деген үш бидің де еңбектері тым ерен,
Атақтары жүр бүгінде шыңға шырқап тек кетіп.

Барлық ұлтқа қымбат әркез егемендік теңдігі,
Бабалардың арқасы ғой даламыздың кеңдігі.
Халқымыздың сан ерлігі тектілігі ойласақ,
Айғағы ғой жеткен табыс егемендік бұл күнгі.

Жырда жазып қатып жүрміз азаматтық біз үнді,
Жырымменен де айта алып тайсалмастан кей мінді.
Қараша аға, тәубе деймін тебіреніп кей кезде,
Көргеннен соң жарқыраған шығысымнан тек күнді.

Бабалардың ерлік ісін әркезде де еске алам,
Ұрпағына аманат қой ұла- байтақ кең далам.
Бабаларым сенім артқан көз жұмса да ұрпаққа,
Жалғастырып өмірлерін ұрпағы боп мен қалам.

Сондықтанда қырандардай биік шыңға көз салам,
Азамат боп ешкімдер де жоқ қой менің еш жалам.
Еңбек етіп білек түріп маңдайдан тер ағызып,
Бабалардай ерлікпенен биіктерді тек алам.

Қараша аға, ұлтымызға бірлік керек ауадай,
Ұлттардыңда достықтары бұл күндері дауадай.
Ұлы елдікке барлық ұлттар ат салысып келеді,
Бір жағадан бас шығарып бірге туған бауырдай.

Қараша аға, тек осылай аға болып жол баста,
Қырандардай дүр сілкініп биік шыңға көз таста.
Қаламгер боп алдымызда жүріңізші бір тынбай,
Биіктерден көрейікші сізді әуелі жүз жаста.

Тірлігінде асылдардың қадірлерін білейін,
Ұлы еліммен қоса бірге амандықты тілейін.
Ағаларым тым дәріптеп жүрсе егер бағалап,
Азамат боп мен де қолдап әркезде де жүрейін.

Егеменді ел болдық қой бақыттымыз, азатпыз,
Болғаннан соң Отан біреу қалай ғана біз жатпыз.
Қолыңыздан қаламыңыз толғанып еш түспесін,
Қараша боп халқыңызға әркезде де қымбатсыз.

Қиындықтан жүргеннен соң бетіңізде еш қайтпай,
Қызымет қып келесізғой қалқыңызды мұңайтпай.
Азаматтық көрсете алып тек осылай жүріңіз,
Зор еңбекті жүре алайық қалай ғана біз айтпай.

Отаным мен бірлігім ғой айтатыным тым баса,
Отаны үшін несі азамат ерліктерін қылмаса.
Егеменді ел болғанда сан ерлігін көрсеткен,
Аман саулық тілеймін ғой, Қараша аға, мың жаса.

**Бауырмал еді ағайын,
Сағынғасын іздейтін**

Ағайын келсе жиі үйге,
Қалушы едік қуанып.
Шаттықты түсіп тым күйге,
Қалғандай боп жуанып.

Жүруші едік қарсы алып,
Іздеп бізді келді деп.
Көрмегесін көңіл еш қалып,
Ағайындар іздеп кеп.

Ағайындықты жүргесін,
Келіп-кетіп тым жалғап.
Адам боп өмір сүргесін,
Адамдықты тек талғап.


Азаматтықты көрсетіп,
Жүргесін де тек қолдап.
Азаматтыққа ой жетіп,
Жүргесін сәлем тек жолдап.

Жүруші едік ес шығып,
Келді деп үйге шаттанып.
Қонақжайлықты тым ұғып,
Бауырмалдығына тым нанып.

Қалғандай боп тым өзі,
Азаматтық сырға тым қанып.
Құлаққа жағып оң сөзі,
Алғасын да тез танып.

Кеткендей боп бағымыз,
Тез арада-ақ тым жанып.
Ағайынға сезіліп ағымыз,
Тектілігін жүруші ек мақтан қып.

Шекемізден сүйетін,
Бауырмалдықты ұққасын.
Алғысты да үйетін,
Алдарынан шыққасын.



Төбеміз көкке тиетін,
Ағайын іздеп келгесін.
Ағайынның біліп ниетін,
Жөн жосықты білгесін.

Көрген сәтте біз танып,
Іздеп келдік дегесін.
Пейіліне тым нанып,
Қамды да тым жегесін.

Басты едік иетін,
Сәлемді дұрыс бергесін.
Емес еді қабақ түйетін,
Сағынып іздеп келгесін.


Азаматтықты бойына,
Сақтап әркез жүргесін.
Адамдықты алып ойына,
Аулақ ұстамағасын іргесін.

Жас болсақта көзінен,
Сағынышты көргесін.
Адамдықты ұғып сөзінен,
Сезуші ек биік өресін.

Жақын жоқтай өзінен,
Мәмпәзи де бергесін.
Ой түйгесін өмірден,
Оң сөзіне ергесін.

Қонақтардың жүруші ек,
Киімдерін біз іліп.
Сыйлап күту ойға кеп,
Құрметтеуді тым біліп.

Ағайынды іздемеу,
Ұят-ақ қой ерге шын.
Ағайыным еш демеу,
Іздемеу деген ерге сын.



Ағайын қамын еш жемеу,
Көрсеткендік қансыздық.
Есік ашып кір demeу,
Надандыққой арсыздық.

Әкеміз де шығарып,
Отырғызатын тек төрге.
Азаматыққа тек барып,
Ұқсағасын шын ерге.

Қалғандай қолы ұзарып,
Сағынышын басқандай
Жүргеннен соң топ жарып,
Беделі де асқандай.


Ағайынын әр кез де,
Бауырмал боп көзге ілгесін.
Ұқсамағасын кей езге,
Қадірлерін білгесін.

Тектілікпен құрметтеп,
Ағайынын тек жүргесін.
Кеуде қақпағасын еш мен деп,
Даналық қып өмір сүргесін.

Ағайындар да жаңылмай,
Келгенненсоң жол тауып.
Қалай қойсын таң қылмай,
Келгесін көңілі тым ауып.

Анамыз бен әкеміз,
Жүретұғын шат болып.
Келдік дегесін іздеп біз,
Азаматтыққа көңіл тым толып.

Болсадағы ұзақ жол,
Жолды көрмегесін еш қауіп.
Ұзарғандай тез-ақ қол,
Тұрсадағы қар жауып.



Бастарына жастық сап,
Алыңдар дейтін тынығып.
Азаматтыққа жүргесін тек бастап,
Шаршағандығын да тым ұғып.

Қамдарын да тым жейтін.
Тынығып біраз алсын деп.
Азаматтық бұл тек дейтін,
Ағайынның жүргесін қамын жеп.

Ағайындары болғасын,
Сағынып әркез іздейтін.
Көңіліне толғасын,
Күдерді еш үзбейтін.


Ағайынын іздеп барлығы,
Болғаннан соң ерлейтін.
Болғаннан соң тым арлы,
Бос сөздерге ермейтін,

Тынығып біраз алғасын,
Көтеретін бастарын.
Жеңілдеп біраз қалғасын,
Ішпек болып астарын.

Ағайынды іздеп кеп,
Аяқ созып жатқасын.
Жүргеннен соң қамды жеп,
Азаматтық үнді қатқасын.

Самауыр да тым тасып,
Тез арада-ақ қайнайтын.
Қақпақтан да тез асып,
Қызыл шоғы жайнайтын.

Силай біліп мейманды,
Ата анам беттен қайтпайтын.
Құрметтегесін бар жанды,
Бос сөздерді айтпайтын.



Ала бие қымызы,
Меймандарға жететін.
Шыққандай ай-жұлдызы,
Ағайындықтың біліп міндетін.

Сыйлағасын мейманын,
Қыры емес еді кететін.
Турайтұғын-ақ нанын,
Жомарттықты ететін.

Ағайыннан күдерді,
Болмағасын үзетін.
Көрсететін шын ерді,
Көрсетіп әркез ізетін.


Шығады деуші ед әкеміз,
Мұраттың енді тым есі.
Қоса шат боп шешеміз,
Анық деп маза бермесі.

Қазанға сап ет ас деп,
Қыңқылдап тым жүргесін.
Мейманды сыйлау ойға кеп,
Бауырмал боп өмір сүргесін.

Үйдің іші шаттыққа,
Қалғаннан соң бөленіп.
Қол жеткендей бақытқа,
Ағайындар іздеп тек келіп.

Асықтырып шешемді,
Қоятындай ет аспай,
Жүргесін беріп тек демді,
Жүргеннен соң алжаспай.

Ет аспаса қонақтар,
Қоятындай еш келмей.
Етке толмаса табақтар,
Жүргендей боп елемей.



Ашылмайтындай қабақтар,
Дәмді асты тек бермей.
Болмағасын бос ыржақтар,
Бос сөздерге еш ермей.

Сөзімді шешем тыңдайтын,
Мұның артық сөз демей.
Қонақжайлылық ұнайтын,
Құп алғасын үндемей.

Ағайынын жүргесін,
Тектілікпен күндемей.
Адамдықпен өмір сүргесін,
Қалай жүрсін ерлемей.


Болмағасын іші тар,
Надандыққа еш көнбей.
Көп болғасын бойда ар,
Қалай жүрсін ісі өнбей.

Болғасын үлгі алатын,
Қонақтың силап тым басын.
Қазанына салатын,
Қазыменен қартасын.

Шын көңілмен салғасын,
Қазанға қалай сыймасын.
Жақсыдан үлгі алғасын,
Тектілікті білуші ем тыймасын.

Сөзді емес ед тиятын,
Шат болып тым қонақтар.
Жайғасып бәрі сиятын,
Болмағасын бөлме тар.

Отыратын өздері,
Ағынан тым жарылып.
Амандыққа жетіп көздері
Сағыныштан арылып.



Жарасып тым сөздері,
Ағайыны күткесін сарылып.
Тектілікті көрсеткесін өздері,
Азаматтығымен таң қылып.

Дәмге толып дастархан,
Қойғаннан соң жайнатып.
Туғаннан соң қазақтан,
Самауырды да қайнатып.

Қалай отырсын шат болмай,
Ағайынның басы қосылып.
Қалай отырсын ой шолмай,
Отырмағасын сөзден тосылып.


Ағайындықты тек сақтап,
Көңілді емес еді қиятын.
Зор сенімді тек ақтап,
Адамдықты емес ед тиятын.

Дастарқанға анам қоятын,
Қазы-қарта, дәмді етін.
Меймандар да тоятын,
Орындағандай міндетін.

Ағайынға бұрғасын,
Әркезде де тек бетін.
Сөздерін де тұрғасын,
Аста бәріне жететін.

Алғасын асқа тым тойып,
Сөйлейтұғын шешіліп.
Сыйлағасын ас қойып,
Зор құрметті тым біліп.

Оң сөздерді құлаққа,
Жүргеннен соң тек іліп.
Ие болғасын тек баққа,
Шат үндері естіліп.



Шешеміз де барын сап,
Жөн жосықты білгесін.
Меймандар да тойып ап,
Жиғандай болғасын тез есін.

Тойғаннансоң тым асқа,
Далада біраз жүретін.
Бақ қонғандай тым басқа,
Оң сөзге құлақ түретін.

Алыстан іздеп келгесін,
Іздемегеніміз мін дейтін.
Ағайыным дегесін,
Тойып ап асқа түнейтін.

Аяқ созып жататын,
Тәтті ұйқыға беріліп.
Жарқырап таңы ататын,
Тұратұғын керіліп.

Мауықтарын басқасын,
Үйлеріне қайтатын.
Сыйлағасын тым басын,
Рахметтерін айтатын.

Сағыныштан іштегі,
Қайтатұғын арылып.
Болғасын жақсы тым тегі,
Ағынан тек жарылып.

Ағайынын тосқасын,
Ата-анамыз сарылып.
Бастарын тек қосқасын,
Көрмегесін тарылып.

Ағайындар да тым іштей,
Жүргеннен соң мұны ұғып.
Бар-жоқты да білдіртпей,
Көңілдерден тек шығып.

Жүрмейтұғын тұштиып,
Өкпе қылып әр нені.
Жат қылықты тек тиып,
Азаматтыққа ауып тек дені.

Ағайынның қамын да,
Болғаннан соң ойлайтын.
Тектілік болғасын қанын да,
Қуанышты да бірге тойлайтын.

Адамдығын бойдағы,
Болғаннан соң жоймайтын.
Адамдығын істеп ойдағы,
Бауырмалдығын қоймайтын.


Ағайындар сол кезгі,
Шеттерінен еді төзімді.
Болғаннан соң мейрімді,
Таңдантушы еді өзімді.

Жүруші едім іш бұрып,
Жеткізгесін көзімді.
Сөздерін де тек тұрып,
Жұтпаймын дегесін сөзімді.

Емес еді байлыққа,
Ағайындар қарайтын.
Сүйенбегесін тіл жаққа,
Сыйласуға еді жарайтын.

Нағыз ерге болғасын,
Бірін бірі балайтын.
Азаматтық ойды шолғасын,
Амандықты қалайтын.

Болғаннан соң бауырмал,
Шыңдары жоқ еді алмайтын.
Жүргеннен соң сұрап қал,
Азаматтығы қалмайтын.



Көрмей қалса сағынып,
Жүргеннен соң тек іздеп.
Жүрмегесін қағынып,
Кеуде қақпағасын еш біз деп.

Жүрмегесін сыртынан,
Ағайынның еш күндеп.
Дегеннен соң бірге жан,
Жүргеннен соң бақ тілеп.

Келеміз деп біз тағы,
Басымыздан сипайтын.
Ашылғандай тым бағы,
Шат болып езу жимайтын.

Әкемізбен анамыз,
Жіберуге қимайтын.
Төмен емес деп санамыз,
Бауырмалдығын тыймайтын.

Білуші едік іздеп келерін,
Сағынып елмен тек жерді.
Ағызып маңдай терлерін
Танытқасын шын ерді.

Азаматтық шығарып,
Жүргеннен соң үндерін.
Ерлік іске тек барып,
Көргенненсоң күндерін.

Бөліп ішкесін тек асын,
Болғасын көзге ілетін.
Ағайынның бағасын,
Болғаннан соң білетін.

Жүрмегесін еш күндеп,
Жүрмегесін мұңайтып.
Азаматтықты тек үндеп,
Сәлемін жүргесін тек айтып.

Қайтатұғын бір түнеп,
Келеміз деп біз қайтып.
Жүрмегесін еш мінеп,
Рахметтерін тым айтып.

Жүрегінің түгі бар,
Еді ғой текті жігіттер.
Бар болғасын бойында ар,
Жоқ еді ойда күдіктер.

Көз алдыға елестеп,
Сағынтады сол күндер.
Ағайындар іздеп кеп,
Шығатұғын жарқын тым үндер.

Ұқсай біліп шын ерге,
Жүруші еді таң қалтып.
Бауырмалдықты өмір де,
Алмасақ дегесін жоғалтып.


Үлкенді сыйламайтын ініме

О, інім, жүргенің-ақ беттен алып,
Туған ағаң болса да тым атақты.
Қалай ғана жүресің ойды салып,
Шығарып жүргеннен соң тек шатақты.

Ағаңды да жүргенің еш сыйламай,
Ағайынға қоймағасын еш дауыңды..
Жасы үлкен болса да еш ұялмай,
Көргендей боп жүргенің шын жауыңды.

Жүргенің ақ ағаңның жолын кесіп,
Көрмегесін ағаңа да жолды беріп.
Кеуде қағып жүргесін мен деп есіп,
Бала кезде өссең де соңына еріп.

Азаматтық қалай ғана көкей тессін,
Адамдықтан жүргесін әркез жеріп.
Бұл ісіңді қалай ерлер дұрыс десін,
Ағаңа да жүргесін кеу де керіп.



Алғандай боп жүргесін жағасынан,
Көрсетіп жүргенненсоң бетсіздікті.
Қалай ғана айрылмас бағасынан,
Ағаңа көрсеткесін тексіздікті.

Жандай болып көрінесің тым күдікті,
Жан біткенге надандық мінезіңмен.
Көрсете алмай жүргесін ер жігітті
Ойды түііп жүрмегесін бұл өмірден.

Ағаңды да еш сыйламай тірлігін де,
Қысқа ойлап көрсетесің надандықты.
Халқыңның еш ойламай бірлігін де,
Кеуде қағып момынға болып мықты.


Жасы келіп өмірден бір күн өтсе,
Өкіріп барасың ау еш ұялмай.
Азаматтық адамдыққа ойың жетсе,
Тектілік қып жүрер едің беттен алмай.

Шатақтықтан жүргесін жанды салмай,
Қызарақтап жүргенің қатты кетіп.
Надандығың жүргесін ешбір қалмай,
Қалай жүрсін інім бар деп мақтан етіп.

Жүр емеспе үлкен силап текті інілер,
Ағайынның сақтай алып бірлігін де.
Адамдықпен болғасын жөнді білер,
Сыйлай біліп ағаларын, тірлігін де.

Азаматтық борышын жақсы біліп,
Азамат боп ойлай біліп елдігін де,
Үлкен сөзін құлаққа әркез іліп,
Үлес қосып жүр емеспе елдігіне

Азамат боп көтере алып ер жүгін де,
Отанды гүлдепек боп барды салып.
Көзге түсіп жүр емеспе тек бүгін де,
Барды салып маңдайды терге малып.



Зор сенімге ие болып мүмкіндікке,
Қатардан да көрмегесін ешбір қалып.
Ұқсай алып жүр емеспе ер жігітке,
Барды салып жүргесін биікті алып.

Азамат боп жүргесін жолды бастап,
Жүр емеспе болсын деп жақсы заман.
Шыңдарға да жүргесін көзді тастап,
Жүр емеспе болсын деп қалқым аман.

Оң сөздерді жүргесін құлаққа іліп
Жүректерге жүргесін тек үңіліп,
Еркелігін інісінің тек кешіріп.
Жүрседағы кей ісінен тым түңіліп.

Жүрмегесін беделін еш түсіріп.
Силай біліп жүргесін ағаларын.
Ағасының сөзіне құлақ түріп,
Түсіріп жүрген жоққой бағаларын.

Жүректері соққасын отаным деп,
Азаматтық шығып жүрғой тым үндері,
Азаматтық жүргесін тек ойға кеп,
Жарқын ғой халқына тым жүздері.

Үлкендерге жүрмегесін еш зекіріп,
Інім деп жүргеннен соң үміт күтіп.
Тектілікпен жүрмегесін еш есіріп
Шаруалар да жүргесін әркез бітіп.

О, інішегім жүрмегін бәле іздеп,
Үлкендерді ағаңдай көр бірге туған.
Отаным деп мініңді жүрші дүзеп,
Гүлдентуге дұрыс қой белді буған.

Надандық қып інішегім алжаспағын,
Ағаңның үлкенірек сыйла жасын.
Бүйте берсең ұшырарсың бастан бағын,
Даналық қып ағаңның сыйла басын.

Кәртейіп бұл өмірден ағаң өтсе,
Көл бұқадай барасың ау тым өкіріп.
Ұқсамақ боп нағыз бір ер жігітке,
Жұрт біткеннің зәресін тым кетіріп.

Оң сөзге жүрмегесін құлақ түріп,
Бүйте берсең жетерсің бір күн түпке,
Адамдық қып жүрмегесін өмір сүріп,
Жылағаның тұрмайды ешбір түкке.

Сыйлассаң да сыйласа біл тіршілікте,
Ағаңның біле алып тым бағасын.
Ағаңменен қырқыспай бекер текке
Азаматтық адамдықты ойлағасын.

Ақсақал боп білдік қой кімнің кімін,
Айтамыз ғой кей мінді түзесін деп.
Жасырмай айтқаннан соң бетке мінін,
Ұрпақтың жүргеннен соң тек қамын жеп.


Азаматтық шығарсын деп ерлеп үнін,
Інілерді жүргесін әркез елеп.
Атырмақ боп жүргесін ерте күнін,
Жүрсін деп ойлағасын әркез де ерлеп.

Жүргенге не жетеді ойды салып,
Бақытпенен шаттық тілеп барлық жанға.
Азаматтық адамдықты көрсете алып,
Өмір де не жетеді сыйласқанға.

Үмітпенен тек қарап атқан таңға,
Барды салын егеменді ел болған да.
Шыңдарды алып не жетеді бірге асқанға.
Әлем танып азаматтық ой шолғанда.

Құлақ асқын тектіге

Құлақ асып тектіге,
Жөн сөзге дұрыс тоқтаған.
Жала жауып естіге,
Ұят қой көзді оқтаған.



Ұят болар тектіні,
Надандықпен ұқпаған.
Қылжақ қылып естіні,
Айтқан сөз ешпір жұқпаған.

Жөн білетін нағыз ер,
Орынсыз көңіл жықпаған.
Гүлденсін деп байтақ жер,,
Қиындықтан бұқпаған.

Елдікті ойлап асылдар,
Тасадан тас атпаған.
Бар болғасын бойын да ар,
Бекер үнді қатпаған.


Мәні болғасын сөзінің,
Тілмен дінін сатпаған.
Ұяты болғасын өзінің,
Ұиықтап қатып жатпаған

Ісін істеп кей ездің,
Ешкімге күйе жақпаған.
Бірлігін ойлап тек елдің,
Ауыздан бәле бақпаған.

Көрсете алып естілік,
Орынсыз кіна тақпаған.
Шығармағасын еш бүлік,
Кеудесін еш қақпаған.

Азаматтық адамдық,
Бойларына сақтаған.
Көрсетпегесін надандық,
Зор сенімді ақтаған.

Қалығы да сондықтан,
Нағыз ерін мақтаған.
Қашпағасын шындықтан,
Азамат деп жақтаған.



Ойлағасын жақсылық,
Отан жайын тым ойлап.
Көрсетпегесін жат қылық,
Терең ойға тек бойлап.

Азамат боп сөзін де,
Болғаннансоң тек тұрған.
Намыс бар болғасын өзін де,
Адамға бұирек тек бұрған.

Бауырмал боп есті ерлер,
Ағайынмен қатысқан.
Кетпегесін ешбір кер,
Ағайынмен емес атысқан.

Бір дастарқан басында,
Бірге дәмді татысқан.
Бөліп ішіп асында,
Ақылдан емес шатысқан.

Азаматтық бірлікті,
Болмағасын ұмытқан.
Көрсеткесін тірлікті,
Бос сөзді етпей еш мақтан.

Бірлікті ойлап жүргесін,
Аулақ болып шатақтан,
Отан деп өмір сүргесін,
Айрылмаған еш бақтан,

Ағайыны жүрсе қиналып,
Көрсеткен тек көмекті.
Сөздеріне иланып,
Сақтамаған еш кекті.

Бауырлықты еске алып,
Ағайынға көрсеткен ізетті.
Адамдықпен ой салып,
Азаматтық біліп міндетті,

Отаным деп еңбекті,
Білек түріп тек еткен.
Көрсеткесін ер жігітті,
Зор табысқа қол жеткен,

Әркезде де асылдар,
Шыға білген көңілден.
Көп болғасын бойын да ар,
Ойды түіп өмірден.

Қиындыққа да тек төтеп,
Отаным деп тек жүрген.
Қалқын сүйіп тым ерлеп,
Азамат боп өмір тек сүрген.

Биік болғасын өресі,
Ойлаған әр кез қалығын.
Елдікке ауып тек есі,
Сақтаған адам қалыбын.

Гүлдетсем деп ойлайды,
Ұлан байтақ даласын.
Терең ойға бойлайды,
Адамдыққа баулып баласын.

Биіктетсем деп санасын,
Көрсетпегесін іштің аласын.
Көрсетіп ердің данасын,
Көрсетпей істің шаласын.

Ұрпағым менің бақытты,
Егеменді ел болып.
Өмір сүру де шаттықты,
Елдікке көңіл тым толып.

Адамдықты бойдағы,
Нағыз ерлер сақтайды.
Азаматтық істі істеп ойдағы,
Зор сенімді ақтайды.



*Әкем Нұрмұханбет шешем Күлсін, Әпкелерім:
Оңалсын Гүлбаршын бауырларым:
Байтілеу Нұртілеу*



Соғыс ардагері ағамыз Оразынбет



Үлкен ағам Ізбасар және Зүліпа



Әпкем Оңласын, Ағам Мұхит, және Ажар




Қайын ағам Аман қызы Гүлжан



Жарым Гүлнар мен құдағиым Қарлығаш



Әпкем Гүлбаршын, жездем Майдан



*Ағам Мұхиттың балалары Толқын, Махмет,
Мақсат, Мақсұт, Айгүл*



*Үлкен қызым Әдемі Күйеубалам Нұрсеит
номерелерім: Олжас, Ердос, Айым, Ақниет, Адиля*




*Ұлым Серік келінім Сандуғаш немерелерім:
Ақбота, Ернұр*



*Қызым Айжан күйеубалам Марат немерелерім:
Алихан, Каусар, Айтөре, Абай*



*Кенже қызым Гүлжан Күйеубалам Аманбек
немерелерім: Айсұлтан мен Айсана*



Қазақты жауы шапқан да

Қазақты жауы шапқан да,
Байтақ жерге көз тігіп.
Балақтан ит боп қапқан да,
Зұлымдығын ішке тым бүгіп.

Қорқаулығын білдіріп,
Қансыздықпен жанды алып.
Жүрген жерін бүлдіріп,
Жүргесін қанға тым малып.

Жаулап алып көп жерді,
Кеуделерін қаққасын.
Көрсеткендей тым ерді,
Жалған кіна таққасын.


Қасқырдай тиіп қазаққа,
Өтірікке судай аққасын.
Айналдырып мазаққа,
Қара күйе жаққасын.

Қансыздықты көрсетіп,
Бояғасын тек қанға.
Ұяты бойдан тым кетіп,
Қастық ойлағасын бар жанға.

Жаулықтарын еш қоймай,
Шапқасын тым жалақтап.
Қансыздығын еш қоймай.
Қызарғасын көзі алақтап,

Төбелерін ер Қазақтың,
Қоймаймыз деп біз оймай.
Қонбауын қалап еш бақтың,
Қызыл қанға еш тоймай.

Қызарып көзі қанталап,
Байтақ жерге көз салып.
Шапқасын жаулар анталап,
Ерлерді қанға тым малып.



Жібермек боп қазақты,
Жер бетінен тез жойып.
Ұшырмақ боп тым бақты,
Төбелерін тек ойып.

Адамдықты бойына,
Жүрмегесін еш сақтап.
Келгенді істеп ойына,
Қан шашқасын жалақтап.

Ұлан байтақ даласын,
Ер қазағым бермеді.
Көрсетті деп іштің аласын,
Жауына қылыш сермеді.


Қазағым неткен ер еді,
Анталап жауы шапса да.
Бос сөзіне құлақ түрмеді,
Қансыздығына жауы салса да.

Бос сөзіне ермеді,
Қызыл қанға малса да,
Отаным менің тек деді,
Барды салып шалса да.

Қуып шыққан жауларын,
Ер қазағым бірігіп.
Арадағы қойып дауларын,
Даналықтарын білдіріп.

Жүрмей жауын күлдіріп,
Ерліктерін көрсетіп.
Ерлікпен көзге ілдіріп,
Бірлікке ойы тым жетіп.

Білгенненс оң қайтадан,
Қызғалдақ өсіп қауларын.
Садаға деп ардан жан,
Өсірмек боп бақша-бауларын.



Елдікті ойлап жүргесін,
Байтақ жерді тек жайлап.
Көрсетсе де жауы тым сесін,
Жүрмек болса да бақ байлап.

Кететінін біліп жойылып,
Сақтай біліп бірлігін.
Даналықпен таң қылып,
Көрсеткесін тек ерлігін.

Жауын қуған жерінен,
Сақтай біліп теңдігін.
Айрылса да көп ерінен,
Сақтап қалған елдігін.

Төле би, Қазбек, Айтеке,
Даналығын көрсеткен.
Билік етпеген бос текке,
Елдік үшін тер төккен.

Әркезде де қалығы,
Биліктерін үлгі еткен.
Сақталып адам қалыбы,
Биікке болғасын қол жеткен.

Баулығасын ерлікке,
Қу деген ғой жауыңды.
Шақырғасын елдікке,
Қой деп ескі дауыңды.

Қазақтың ойлап бірлігін,
Азаматтық ой еш кетпей.
Көрсете білген ірілігін,
Кеңдіктерін еш етпей.

Көрсете білген даналық,
Жауды қу деп тым өктем.
Көрсетпеген аңғалдық,
Тексіз жауын тым сөккен.

Ойлағасын жауы жамандық,
Жеңуге жауын шақырған,
Халқына ойлап амандық,
Арыстандай ақырған.

Көрсеткесін жауы арсыздық,
Сақтай біліп намысты.
Көрсеткесін қансыздық,
Шығарған ерлік дабысты.

Көрсткен ерлік ерге сай,
Амандығын тілеп қалықтың.
Қуғасын жауын Абылай,
Қалқынан алып алғыс мың.

Халықтың ерлер алдында,
Зор жауапты ұмытпай,
Адал боп дәстүр-салтына,
Туама дегізіп ер мұндай.

Нағыз батыр ерлер деп,
Қуғасын жауын күш тасып.
Жүргесін ұрпақ қамын жеп,
Ерлігіне тым басып.

Жеңілгесін жаулары,
Құтылғанғой тек қашып.
Жөнін тапқан саулары,
Ездік сырды тым ашып.

Аман қалған байтақ жер,
Бабаларым тек ерлеп.
Аққанменен қан мен тер,
Басынған жауын тек жерлеп.

Байтақ жерге көз тіккен,
Жоқ демейік жау барын.
Ішке сырын тым бүккен,
Сақтамайтын еш арын.

Бабалардың ерлігін,
Ұрпағы мақтан етеді.
Көтергесін ер жүгін,
Қалайша қыр кетеді.

Бұл өмірге келіппіз,
Қазақ болып біз баққа.
Ұмытпайық мұны біз,
Ерліктері үлгі ұрпаққа.

Байтақ жер де қалдығой,
Бабалардың іздері.
Ерліктері салады ой,
Ұрпаққа жарқын жүздері.

Бабалардың ерлігін,
Ұмытпайық білейік.
Көтергенғой ер жүгін,
Ұқсап бізде ерлеіік.


Егеменді елдік деп,
Бірлікті сақтап жүрейік.
Азаматтық ойға кеп,
Елдік деп білек түрейік.

Егемендік қолға тигесін,
Қазағым менің бел бұды.
Азаматтық ойды түйгесін,
Биіктетті көк туды.

Іші тар бір ағаға

О, ағасы, мақтаған,
Ақынсың деп батыр деп.
Едіңіз әркез жақтаған,
Азаматтық ойға кеп.

Жүргеніңіз сезіліп,
Аға болып қамды жеп
Құлаққа сөзді тек іліп,
Жүруші едім ағам деп.



Адамдық қып өзіме,
Едіңіз тек жүргендей.
Мән беріп те сөзіме,
Құлақты едіңіз түргендей.

Көрсеткесін бар қырды,
Бағамды едіңіз білгендей.
Жазғаннансоң тек жырды
Көзге едіңіз ілгендей,

Тектілікті көрсетіп,
Менде әркез жүріп ем.
Өзіңізді үлгі етіп,
Ағамыз деп кімнен кем.


Сенімді едім ақтаған,
Адамдықты тек етіп,
Арды едім сақтаған,
Азаматтыққа ой жетіп.

Жақын болғасын өнерге,
Азаматтық ойға келгесін.
Ұқсауға тырысып тек ерге,
Оң сөздерге тым ергесін.

Аянғой барды салғаным.
Маңдайды малып тым терге,
Дұрыс деп шыңды алғаным,
Ұқсамақ бопып сіздерге.

Қарағасын жарқын жүздерге,
Адамдықты тек біліп.
Ұқсамақ боп шын ерге,
Сүрінгенге жүрмей еш күліп.

Тастадыңыз қызартып,
Сеніп келгем кімдерге.
Аға болмай жарытып,
Қараттыңыз сіз жерге,



Сыйлағанды еш білмей,
Жүрген де сенім тым артып.
Құлаққа сөзді еш ілмей.
Етектен де тым тартып

Жүргендейсіз бұл күні,
Сөзден тайып сөзге еріп.
Шықпасын деп еш үні,
Бәле жала тек теріп.

Қалдымғой өзі түсінбей,
Түріңізді көріп қызынған.
Тұрарсың қайтып күрсінбей,
Болмағасын сөзді ұғынған.


Қызметке мастанып,
Ойлағасын тым қысқа.
Сөзден де айтқан тез танып,
Мақтанғандайсыз тұрмысқа.

Қызмет қолда тұрмайды,
Қолдан бір күні кетеді.
Мойнын да еш бұрмайды,
Жеп қойсаң түпке жетеді.

Қолға кісен салынып,
Өмір бойы қор етеді.
Аяғың да шалынып
Қырың мүлдем кетеді.

Қырың сенің кеткесін,
Дұшпаның мазақ етеді.
Иттікті тек еткесін,
Адамдыққа ойы қайтып жетеді.

Келіпсізғой сіз алдап,
Ініңізді ағынан жарылған.
Биікке шығып амалдап,
Жан сияқтысыз тарылған.



Пенде де бар тым бұзық,
Қой терісін жамылған.
Сүрінгенді көріп тым қызық,
Арсыздықпен жабылған.

Айтамын деп шындықты,
Жүлдеден кей ер қағылған.
Болсамдағы тым мықты,
Едім мен де шағылған.

Еңбегіммен күн көріп,
Болмасам да жалынған.
Адамдықтан жүрмей өзгеріп.
Болмасам да жаңылған.


Жүргемін жоқ сөзге еріп,
Адамдықты тек сақтап.
Азаматтықты ескеріп,
Тектіні жүрмін тек жақтап.

Ерге жүрсем тек балап,
Сөзді жүрмей еш жұтып.
Бойын да бар деп зор талап,
Өзіңізді жүрсем ер тұтып.

Адамғой деп жүрген де,
Қалдым сізді тым танып.
Үлкен деп құлақ түрген де,
Сырға қалдым тым қанып.

Аңғалдық қып мен нанып,
Батыр аңғал дегендей.
Кеттіңіз сөзден тез танып,
Күншілдік ойға келгендей.

Шықпадыңыз көңілден,
Күншілдікті көрсетіп.
Түңілдімғой мүлдем мен,
Жүргенімде үлгі етіп.



Қалдығой өзі көз жетіп,
Алдыңызғой білдіріп.
Сөз еместі сөз етіп,
Баланы да күлдіріп.

Ішке кейде тым кіріп,
Жүргенменен тым мақтап.
Алғандайсыз бүлдіріп,
Жалған сөйлеп тек жақтап.

Жүргендейсіз кек сақтап,
Нағыз ерлер озғасын.
Зор сенімді тек ақтап,
Айға қолын созғасын.


Ұнатқасын былықты,
Тектілікті жүрсіз көрсетпей.
Көрсетіп ездiк қылықты,
Арамдық іштен еш кетпей.

Қол созғанмен биікке,
Жүргенненсоң қол жетпей.
Ұқсамағасын жігітке,
Ерлік істі еш етпей.

Тастадыңыз мұңайтып,
Кішкене бір баладай.
Сенеміз енді біз қайтып,
Ішіңіз тым аладай.

Екі жүзді болғасын,
Қуларды сіздей сынадым.
Ақыл кіріп толғасын,
Күніне мың толғандым.

Сөйлесең де сөйле шын,
Адамдықты көрсетіп.
Азаматтық ерге сын,
Жүрейін әркез үлгі етіп.



Сөзіңізге қосылып,
Жүрейін әркез қызармай.
Сөзден қалмай тосылып,
Қалмайын сізді ұға алмай.

Қысқа өмірде қымбатты,
Адам болып жүрейік.
Сыйлап әркез дос жатты,
Мәнді өмір сүрейік.

Оң сөз айтса үлкендер,
Құлаққа әркез ілейік.
Тектілікпен кетпей кер,
Қадірлерін білейік.

Жараспайды күншілдік,
Халқым деген шын ерге.
Кей күншілді тым білдік,
Бақыт тілейік ерлерге.

Тыңдамай еш өсекті,
Танытайық жігітті.
Болайық әркез білімді,
Ақтайық зор үмітті.

Азамат деп сенгенде,
Тек көңілден шығайық.
Азамат ол дегенде,
Зор жауапты ұғайық.

Ғажап өмір адамға,
Бірақ рез берілер.
Ризамын заманға,
Мен емеспін ерінер.

Болайықшы нағыз ер,
Қызымет етіп отанға.
Маңдайдан да ақсын тер,
Салынбай еш мақтанға.

Пенделік іс жарамас,
Силайықшы бар жанды.
Азамат деп қалай қарамас,
Адалынан жесек біз нанды.

Адамдықпен күтсек әр таңды,
Адамдарды құрметтеп.
Сыйласақ және біз заңды,
Кім сыйламас жігіт деп.

Өмірдегі сан сырларды
Нағыз ерлер байқаған,
Азаматтық көрсетіп қырларын,
Шындықты бетке айта алған

Ер болайық ой салған,
Соғып жүрмейік біз санды,
Нағыз ерлер шынды алған.
Сүйгеннен соң Отанды.

Адам боп келгесін өмірге,
Ерлесек қайтып қыр кетсін.
Шын жүрекпен өмір де,
Силасқанға не жетсін.

О, жан достарым, қайдасың жалындаған

Жан достарым бірге өскен азайып,
Көз алдымнан болғандай-ау тез ғайып.
Жартысы жоқ, жан достардың бұл кезде,
Жүремін ғой кейбір кезде мұңайып.

Қалғаннан соң жартысынан айрылып,
Қалғандай-ау қанатымда қайрылып.
Жігіттер ед жаратқандай ер қылып,
Қазақ деген атқа да өзі сай қылып.

Жас едік-ау қалдық бізде ұлғайып,
Егделікте емес бірақ еш айып.
Жастық дәурен басымыздан өткенмен,
Өніп өстік бұтақты да тым жайып.

Тастағанмен біраз достан айырып,
Ерте ажал кеп бастан бағын тайдырып.
Тура келген ажалға өзі не дерсің,
Амал жоққой ойлағанмен қайғырып.

Бұл күндері қалғандаймыз азайып,
Жүрмесекте берген сөзден еш тайып.
Дарқан жүрек азамат ед барлығы,
Жүрер меді шалқып, тасып тым байып.

Жазғанынына көнгеннен соң тағдырдың,
Құпиясын білмесекте бар сырдың.
Марқұм достар жоқсыңдар ғой бұл күн де,
Қызғалдағын терсеңдер де сан қырдың.

Қызғалдақты жүрсеңдер де ұнатып,
Шығысыңнан тым жарқырап таң атып.
Гүлдепек боп барды салып отанды,
Азаматтық жүрсеңдер де үн қатып.

Тым жалындап жүрсеңдер де шат болып,
Іште өзі жүргеннен соң тым толып.
Қызғалдақтай құлпырғанмен жас шақта,
Күрсінтіңдер ертеректеу тез солып.

Жастық кезде сауықтыда бір құрдық,
Тектілікпен сөзіміз де тек тұрдық.
Жалындаған тым албырт-ау болсақ та,
Азамат боп адамдыққа іш бұрдық..

Тым жарқын ед жастықпенен үндерің,
Тек жарқырап шыққаннан соң күндерің.
Жастықпенен аруларға ғашық боп,
Шат боп күліп өткеннен соң түндерің.

Айлы түнде жүргеннен соң сырласып,
Жүрмегесін ару қолдап еш жасып.
Жан достарым жүруші еңдер жалындап,
Бойда күште жүргеннен соң тым тасып.

Жүргеннен соң мәртебе де тым асып,
Жанарыңды жүрмегесін мұң басып.
Аруларды жүруші еңдер жетелеп,
Ездік қылып жүрмегесін еш сасып.

Айлы түн де шат күлкілер естіліп,
Арулар да жүргеннен соң көзге іліп.
Тым жалындап жүрек сырын ашқасын,
Қол ұстасып жүргеннен соң шат күліп.

О, жан достар сендерді мен іздедім,
Еш ұмытпай жан достарым тек дедім.
Сақтағасын достықты тек жүрекке,
Іздегесін күдерді мен үзбедім.


Еске алып ұмытуды білмедім,
Құлағыма бос сөздерді ілмедім.
Адамдықты сақтағасын бойыма,
Кей балалық қылығыңа күлмедім.

Пенделікті өмірдегі мінедім,
Азаматтық адамдықты үндедім.
Ұлы мақсат қойғаннан соң алдыма,
Бақыт шаттық қалығыма тіледім.

Жастық кез де жүргеннен соң шаттанып,
Ішке кірмей жүру деген сақтанып.
Ойға келмей ажалдыңда барлығы,
Көрмегесін ештеме ден жасқанып.

Жүргеннен соң жастыққа тым мастанып,
Жастық жалын шаттығына тым нанып.
Ғашық еңдер бұл өмірге достарым,
Ғашықтықтан жүректерің тым жанып.

Айда да еді аспандағы ойларың,
Биік еді адамдық пен бойларың.
Тым жалындап бұл өмірді сүйгенмен,
Көп болмады ұзақ ғұмыр тойларың.



Даналықпен сөзді едіңдер ұғатын,
Азамат боп тек көңілден шығатын.
Достар едің ашық жарқын жайдарлы,
Шындық сөзден емес еңдер бұғатын.

Текті едіңдер сөз де және тұратын,
Сөзде тұрып сауық бірге құратын.
Азаматтар едіңдер ғой барлығың,
Досым ғой деп бүйректі де бұратын.

Жүруші еңдер таныта алып текті ерді,
Азаматтық көрсете алып жігерді.
Еңбек етіп жүрдіңдер ғой тірлікте,
Азамат боп гүлдептепек боп тек жерді.

Азамат боп қуанттыңдар тек елді,
Аса біліп асуменен шың белді.
Егеменді ел болған соң бұл күнде,
Ерлігіңді айтатұғын кез келді.

О, жан достар сендерді еске алайын.
Отан деген ерден қайтып қалайын.
Азамат боп еңбек етіп жүрйін,
Гүлденуге жеріме күш салайын.

Нағыз ерге сендерді тек балайын,
Биік шыңның менде алып талайын.
Азамат боп білек түріп елдік деп,
Маңдайымды терге менде малайын.

Жырға қосам достар ед деп тым адал,
Тым ертерек әкетті деп сұм ажал.
Толғанғанмен мұңайғанмен қайғырып,
Тірілтетін болмаса да еш амал.

Тоқтататын жоққой және еш қамал,
Ажал деген тұра келсе шын тажал.
Еш пендені алды, артына қаратпас,
Ескенменен айдардан да тым самал.

Қолдан келер амал жоққой қайтейін.
Асыққандай ерте өттіңдер не дейін.
Жырды арнап борышымды өтеіін,
Көре алмаған қызығыңды көрейін.

Жыр қалдырып соңыма да кетейін,
Алғыстарын айта жатар тек кейін.
Азаматтық көрсете алып өмірде,
Жете алмаған шыңдарыңа жетейін.

Жетсемдағы еш мақтаныш етпейін,
Ұрпаққа да биіктерге жет дейін.
Егеменді ұлы елдікті тек ойлап,
Ұлы елдікке қызметті етейін.

Нағыз ерлер жаралады ұлт үшін,
Көрсете алып азаматтық тек пішін.
Азамат боп халқын ойлар әр кезде,
Ұлы елдікке жұмсағасын бар күшін.

Азамат боп бұлдамайды еңбегін,
Момынға да батырмайды еш тісін.
Ұлы халқым сондықтан да әр кезде,
Азаматтың қолдайды ғой тектісін.

Қайтпай тұғын бір бетінен беттісін,
Азаматтың елім деген естісін.
Асылдардың ұлы ісі өнеге,
Азаматтық өзгертпейді еш түсін.

Олар емес момындарға күлетін,
Жөн жосықты болғаннан соң білетін.
Артық кетпес азаматтар әр кезде,
Үлкен сөзін құлағына ілетін.

Сондықтан да зор сенімді тек ақтап,
Адамдықты жүрегіме тым сақтап.
Марқұм достар жырға қостым толғанып,
Өмір бойы жүрейін деп, ардақтап.

Тұлпар жырды келемін ғой тек баптап,
Ұрпақтарым жүргеннен соң тек жаттап.
Ақын болып жүргеннен соң жыр жазып,
Адамдықтан кетпейін деп мен аттап.

Отан деген нағыз ерді мадақтап,
Сөзін сөйлеп жүремін ғой тым жақтап.
Көз жұмғасын мақтағаннан не пайда,
Тірлігінде жүрейін деп тек мақтап.

О, жан достар арманыма жетермін,
Бұл жалғанды қимай мен де өтермін.
Жырларымды ұрпағыма қалдырсам,
Ұлы іс бұл деп шүкіршілік етермін.

О, жалғанға алып кетіп не етемін,
Сондықтан да мен қалдырып кетемін.
Ұлы мақсат қойғаннан соң алдыма,
Азамат боп мақсатыма жетемін.

Азаматтық ұлы істер ғой үндерім,
Толғанумен өткеннен соң күндерім.
Жыр жазғасын азамат боп толғанып,
Көз ілместен өтті талай түндерім.

Азаматтық адамдыққой білерім,
Көзіме де ұлы істер ғой ілерім.
Азамат боп, ақын болып бұл күнде,
Қалығыма амандық қой тілерім.

Төмпешік қып туған жердің бір жерін,
Көз жұмғасын қалай ғана үндермін.
Сайраса да бұлбұл құстар барын сап,
Құлақ түріп естімеспін үндерін.

Толғанумен өте берсін күндерім,
Жат қылық боп бұл өмірде мінерім.
Азаматтық адамдықпен әр кезде,
Ұлы еліме естілсін тек үндерім.

Адаспауға тырысамын ақ жолдан.
Намысты да бермейін деп еш қолдан,
О, жан достар, өтейін тек өмірден,
Ақын болып күніне мың толғанған.

Өзімменен сырласу

О, Мұратым, сен де алпысқа келіп қалдың,
Жолын қуып даналардың сері салдың.
Ән де шырқап балуан боп та боз кілемде,
Озғаннанс оң бас жүлдені жеңіп те алдың.

Ұят қой деп бабаларға тартпағаным,
Ердің жүгін мойныма артпағаным.
Отанды гүлдентуге тек тырыстың,
Ездік қылып дұрыс деп жатпағаным.

Дұрысақ қой өзінді өзің баптағаның,
Оң сөз сөйлеп бос сөзді шатпағаның.
Бақ қонып егеменді ел болған да,
Ұят болар ердің үнін қатпағаның.

О, Мұратым, егеменді ел болған да,
Әлем танып көңілде тым толған да.
Білек түріп отанға қызымет қып,
Азаматтық дұрыс қой ой шолғанда.

Барды салып биік деген шыңды алып,
Жүрген дұрыс маңдайды терге малып.
Азаматтық көрсетіп жас ұрпаққа,
Дұрыс-ақ қой жүргенің ойды салып.

Отаным деп тырысқасын намысыңа,
Мәз болмадың аздаған табысыңа.
Гүлдентпек боп отанды білек түрдің,
Азамат боп көз салып биік шыңға.

Толғанып жаза берші тек жырыңды,
Азаматтық көрсете алып тым қырыңды.
Не жатқанын ішің де кім біледі,
Ашпасаң қалығыңа еш сырыңды.

Ер қалқыңа сондықтан да болшы ашық,
Не болады ұлтыңнан жүрсең қашық.
Азамат боп биік шыңға көз салғасын,
Одан сайын бұл өмірге болшы ғашық.

Табиғатта жаратқасын сені ұлғып,
Ездік қылып жүрмегесін басты шұлғып.
Білдірмей уақытта өтіп жатыр,
Ақындықты көрсетші даналық қып.

Жыр жазғасын тебіреніп бәрін де ұғып,
Пенделік қып жүрмегесін көңіл жығып.
Отаным деп күніне мың толғанып,
Адамдықпен көңілден жүрші шығып.

Бар болғасын күншілде күндейтұғын,
Адамдықты болмағасын үндейтұғын.
Асылдарға өмірдегі тектілерге,
Азаматтық адамдығың мін дейтұғын.

Оң сөзді де құлаққа ілмейтұғын,
Ағайынның жақсылығын білмейтұғын.
Жүргеннен соң шалып та іштарлық қып,
Сүрінгенге кезі болмас күлмейтұғын.

Тексідікпен еш тыныш жүрмейтұғын,
Отаным деп өмірді еш сүрмейтұғын.
Егеменді ел болса да бағы жанып,
Барды салып білекті түрмейтұғын.

Надандықпен ұнатқасын тым өсекті,
Атқандай боп жүретін тек кесекті.
Асылды да жүргесін тек өсектеп,
Алғандай боп жүргесін әркез кекті.

Азаматтық білмегесін еш міндетті,
Қалығына бұрмағасын ешбір бетті.
Отаным деп толғанып жүрмегесін,
Асылдардай бола алсын қайтып текті.

Бір күнгі мәз болғасын қарын тоққа,
Табаны сан тисе де қызыл шоққа.
Дарындармен таланттардың еңбектерін,
Шығарғысы келгесін мүлдем жоққа.

Көре алмай қызғаныштан іш күйгесін,
Надандықпен арамзалық ой түйгесін.
Дарынды шындықты айтқан не қылады,
Қараулықпен жаланы тым сүйгесін.

Надандығы болғасын еш қалмайтын,
Азаматтық адамдықты еске алмайтын,
Іші тар болғаннансоң ойы саяз,
Ездігімен ұрпаққа ой салмайтын.

Іштарлық қып сыйламайтын дарындарын,
Келгеннен соң басқысы арындарын.
Тектілікті сақтамай жүргеннен соң,
Адамдық қып сақтамайтын бойдағы арын.

Аз болғасын бойын да адамдығы,
Көп болғасын бойын да надандығы.
Қара басын ойлағасын ездiкпенен,
Қызықтырмас ағайынның амандығы.

Достарын да жүргесін тек шалғандай,
Мінін айтса бетіне кек алғандай.
Елдігін жүргенненсоң еш ойламай,
Қылығынан көңілде өзі тым қалғандай.

О, Мұратым надан барын жүр еске алып,
Жүргеннен соң сені де кейде шалып.
Шалғанменен бос сөзіне мән бермеші,
Азаматық көрсетіп барды салып.

Жүргеннен соң көре алмай атағыңды,
Ұшырғысы келіпте тым бағыңды.
Отаным деп ақын боп жыр жазғасын,
Ерлей алып сындыртпа еш сағыңды.

Қалықты ойлап тыңдама күншіл сөзін,
Ұстай алмай жүргесін дұрыс өзін.
Шындықты әркезде айта білгін,
Жеткізе алып шындыққа көптің көзін.

Ездік қылып бос сөздерге жүрме жасып,
Жүрмек болып жүрседе рух басып.
Ақсақалдық кезде де жалындашы
Жырды жазып шыңдардан жүрші асып.

Отаным деп аңдап басып әр қадамды,
Адамдық қып силай біліп бар адамды.
Азаматтық өмірден ойды түйгін,
Биіктетем десең егер ой санамды.

О, Мұратым ел болған да жүрме алданып,
Жүрмегесін сөзіңнен ешбір танып.
Егеменді елдіктің жайын ойлап,
Жарқынына болашақтың жүрші нанып.

Жүргеннен соң батылдыққа әркез барып,
Жүрсің ғой жырда жазып ән шығарып.
Адамдықты көрсетіп жүрген дұрыс,
Өнеріңді көрсетіп топты жарып.

Барды салып көрсеткесін бар қырыңды,
Аша біліп ер қалқыңа бар сырыңды.
Сенің де Отаныңа пайдаң тисін,
Отаным деп жүргесін жазып жырды.

Сөзіменен жүрмегесін кейбір құдың,
Отаным деп ерлік іске белді будың.
Толғанып жырды жаздың жүрегіңмен,
Биіктеуін қалағасын әркез тудың.

Тектілікті сақтағасын мақтанбадың,
Болдым мен деп құрбыға мастанбадың.
Берген сөзде әркез де тұра алып,
Азаматтық сөзіңнен еш танбадың.

Өмірдегі дүзу жолды тек таңдадың,
Жүректерге үңіліп сен аңдадың.
Ақ жолыңмен келесің отаным деп,
Қызығына өмірдің еш қанбадың

Қалығыңнан еш сырды жасырмадың,
Дұшпан сөзін басыңнан асырмадың.
Адамдықты ұнатқасын әділдікті,
Кеу де қаққан мен менге бас ұрмадың.

Арқасын да бойдағы ар намыстың,
Гүлдентсем отанды ат салыстың.
Қалығыңды жүр емеспе әлем танып,
Арқасын да тез жеткен зор табыстың.

Не шығады адамдықтан өзгергенде,
Надандықпен өзгеріп сөзге ергенде.
Келесің ғой тектілікті сақтай алып,
Адамдықтан болмағасын ешбір кенде.

Отан деген бұл күн де ақын болдың,
Қалығым деп тебіреніп ойды шолдың.
Арманыңа жете бер қолды созып,
Дұрыс-ақ қой жеткені әркез қолдың.

Түсінгенге оңай емес өмір қиын,
Дайындаған байқамасаң не бір сиын.
Отанын гүлдентуге тек тырысып,
Нағыз ерлер ауыртады әркез миын.

Өмір сырын азамат бол түсінетін,
Болыпсың ғой жиі-жиі күрсінетін.
Азаматтар қиындыққа шыдай біліп,
Азаматтық атқарады өз міндетін.

Қалығына жүргесін бұрып бетін,
Ұлы еліне көрсете алып тек ізетін.
Ақсақал боп бұл күнде ақыл толды,
Даналықты кезіңғой көрсететін.

Қалығың бар ұлы ісіңді үлгі ететін,
Адамдыққа ойлары тым жететін.
Егемендік алғасын шықты күнің,
Күн шыққасын емесқой қыр кететін,

Отаным деп ер болшы жөн білетін,
Жөн сөздерді құлаққа тек ілетін.
Дарындарды күндеген құларда бар,
Сәл сүрінсе байқаусызда тек күлетін.

Көре алмайтын бір күнгі шаттығыңды,
Сондықтанда жоғалтпа сақтығыңды.
Отаным деп жырды жазып жүре берші,
Көрсете алып қалқыңа ақтығыңды.


Мастанып кетіп жүрме мақтағанға,
Азамат деп кей құлар жақтағанға.
Өмірде бәрінен де не жетеді,
Азаматтық зор сенімді ақтағанға.

Өмірде арлы барда, арсыз барда,
Дәл қасыңда жүрген де іші тарда.
Адамдықты әркезде сақтай алғын,
Таразыға түскесін әркез арда.

Ақсақал боп ұят болар сүрінгенің,
Көп болғасын жүректерге үңілгенің.
Кей құларға сенгенің енді жетер,
Аңғалдық қып аз емес түңілгенің.

Досқа санап қамын да тым жегенім,
Сүрінген де жалт берген дос дегенім.
Тексіздікпен ақтамаған зор сенімді,
Іші ала боп аңғалдықпен тым сенгенім.

Өмірі ұзақ болар дені саудың,
Көркіне көзді салғын биік таудың.
Көңілге алмай өмірде шыңды алғын,
Керек емес тектілерге ешбір даудың.



Қалығыңа керекқой есен сауың,
Бар болғасын досыңмен кейбір жауың.
Отаным деп жырыңды жазғаннан соң,
Отаным деп ұятқой толғанбауың.

Сенім артып жүргесін тым тектіге,
Адам болып келгесін бұл өмірге.
Адамдық қып әркезде сенген дұрыс,
Халқым деген азаматқа тым естіге.

Қаратпай жүргеннен соң ешбір жерге,
Қиындықты жеңгесін әркез бірге.
Ашылмай жүргеннен соң ешбір ірге,
Сенген дұрыс әркез де нағыз ерге.

Ақсақал боп аныққой адаспасың,
Көрсете алып тектілікті от баспасың.
Азаматтық оң сөзіңді айта біліп,
Ерлей алып аныққой алжаспасың.

Бұл өмірге келмегесін бекер текке,
Мән бергін болашаққа, келешекке.
Отаныңмен әркезде халқыңды ойла,
Білек түріп араласып тек еңбекке.

Адал болып азаматтық тым міндетке,
Шындығыңды айта алып әркез бетке.
Қазақ деген тарта алып асыл текке,
Азамат боп ұқсай алып ер жігітке.

Бабалардай бұрынғы болшы батыр,
Ер болшы мақтағанға әркез татыр.
Ақсақал боп арқаны кеңге салма,
Сездірмей өмір шіркін өтіп жатыр.

Ақын болып халқыңа ашқын сырды,
Мың толғанып Отан деп жазып жырды.
Көз жұмғасын бәрі де кеш болады,
Азаматтық адамдық көрсет қырды.

О, Мұратым, шығарма естен мұны,
Бос сөздердің болмағасын ешпір құны.
Адамдық қып өмірдегі шындықты айтшы,
Өмірдің тым құнды ғой әркез шыны.

Даналардың түсі де болар жылы,
Жырды жазып ұқсашы жандарға ұлы.
Білек түріп отанға қызмет қыл,
Қызымет қып болмассың ешбір құлы.

Азаматтық сондықтан сөзіңде тұр,
Ұлы еліңе әркезде бүйректі бұр.
Нағыз ерлер бос бекер толғанбайды,
Еріккеннен бос бекер жазбайды жыр.


Егделік кеп көп нәрсеге жетті көзің,
Қалықты ойлап бірлік болсын әркез сөзің.
Отаным деп жүргесін жырды жазып,
Толғануды қоймағын ешбір өзің.

Азаматқа керек қой әркез төзім,
Кеуде қағып ешқашан деме өзім.
Адамдықтан айнама тектілікпен,
Қалмасын десең егер жерде сөзім.

Зор табысқа бұл күе де қол жеткен де,
Егде жаста қайтер едің қыр кеткен де.
Егеменді ел болған да барды салып,
Дұрыс-ақ қой еңбекті тек еткен де.

Отаным деп ақсақал боп толғана бер,
Толғанудан шаршамайды шын нағыз ер.
Дана текті бұл өмірде азаматтар,
Басы жерге кіргенше отаным дер

Рух беріп ағып жатыр қараталың,
Тым көрікті жағасын да талы қалың.
Толқынына қарада шабыттанып,
Тек ерлеп кетпесінші суға салың.



Азаматтық табылсыншы тек бойыңнан,
Адамдық сөз шықсыншы тек ойыңнан.
Отаныңа тек қана қызмет ет,
Ердің жүгі түспесін еш мойныңнан.

О, Мұратым ақын бол ерінбейтін,
Білек түріп еңбектен жерінбейтін.
Толғанатын ақсақалдық жасқа келдің,
Нағыз шын жастасың ғой халқым дейтін.

Азаматтық соза бер көмек қолды,
Ұрпағыңа көрсете алып түзу жолды.
Егеменді ел болып, көз ашылып,
Ақсақал боп танығанда оң мен солды.

Зор сенімді жүре берші әркез ақтап,
Азаматтық адамдықты әркез сақтап.
Мың толғанып жырыңды жазғаннансоң,
Тек өзіңді әркезде жүрші баптап.

Сондықтан да жасарып жалындашы,
Тас қамалдай тым биік алынбашы.
Ерлігіңді көрсетіп шыңдарды алып,
Отанды ойлап бос қиялға салынбашы.

Пенделік қып жүрмегесін еш тарылып,
Тек ағыңнан жүре бер тек жарылып.
Егеменді елдігіңді тым бағалап,
Азаматтық міндетіңнен жүр арылып.

Толғанып жыр жазбассың мәңгі сен де,
Сан өнерден болмасаң да ешбір кенде.
Ақсақал боп Отаным деп толғана бер,
Азаматтық дұрыс қой ойға енде.

Ақындары халқыңа әркез керек,
Жүрегіңмен жыр жазып болшы зерек.
Оң сөзіңді ұрпаққа айта біліп,
Азаматтық тұрғыдан көрінші тек.

О, Мұратым, сүйіп өт Отаныңды,
Қабак ашып қарсы алып әр таңыңды.
Егемендік басыңа бақ боп қонды,
Отан үшін аяма еш жаныңды.

Айтарыңды айтып өт тірлігің де,
Білек түріп үлгеріп сау күнің де.
Аңғалдық қып арқаңды кеңге салма,
Көз жұмғасын шықпайды еш үнің де.

Шындықты да айта біл бұл өмір де,
Тиседағы айтқан сын тым көңілге.
Халқым деп мәңгілік жыр жазбассың,
Сен де қонақ болғасын бұл өмірге.

Ұрпағыңа ойды салып пайдаң тисін,
Жырларыңнан азаматтық ойды түісін.
Білек түріп отанды гүлдеңтпек боп,
Ұрпағың да жүрегімен қалқын сүісін.

Балалық бал дәурен-ай, асыр салған

Бала кез ед ойынға бір тоймаған,
Асыр салып ойынды еш қоймаған,
Ен далада жарысып гүлді теріп,
Балалық бал-дәурен кез күш жоймаған.

Жас болсақ та көп жайды сезіп жүрек,
Ата-анамыз жүргесін болып тірек.
Бұлбұлдар да құйқылжытып жырлағасын,
Бұдан да өмір болсын деп көңілдірек.

Жүректерді баурайтын сиқырлы үн,
Қызарып батқанменен жарқырап күн.
Жарқыраған айға да қарайтынбыз,
Жұлдызды ұнағасын тым айлы түн.

Айға қарап жүруші едік дегбір кетіп,
Әкелсек деп жарық айды ұшып жетіп.
Биігін де қалықтап арман-қиял,
Әкелуді ай-жұлдызды арман етіп.

Жарқырап тұрғаннан соң бірден танып,
Қарағасын ай-жұлдызға тым сұқтанып.
Ай-жұлдызға көз салып қарағасын,
Қалғандай болатұғын айыз қанып.

Анамызға кей кезде айды әпер деп,
Мазалаушы ек қыңқылдап қасына кеп.
Әпермедің дегендей айды жедел,
Отыра қап бақырушы ек жер тепкілеп.

Анамызда қайтармай сонда бетті,
Әкелуге деуші еді әкең кетті.
Жыламасын дегендей бізді аяп,
Боз атымен деуші еді әне жетті.

Анамыздың сөзіне сеніп қалып,
Орнымыздан тұрушы едік ести салып.
Жылағанды елең етіп қоя қойып,
Келеді дегеннен соң айды алып.

Мәз болып қалушы едік тым шаттанып,
Дегеннен соң кетті деп айға аттанып.
Әкеміздің ғажайып ерлігіне,
Қатты сеніп қалғасын тым мақтанып.

Тым сеніп қалушы едік кеуде керіп,
Барғанда болар ед деп бізге де еріп.
Анамыздың сөзінен күмәнданбай,
Жұлдызды да әкеледі деп бізге теріп

Тым сеніп жүруші едік көңілденіп,
Ғажайып бір керемет күйге еніп.
Орындалып қалардай арманымыз,
Анамыздың сөзіне сонда сеніп.

Бізде өзі болғасын кішкене адам,
Сан арманға жүруші едік жасап қадам.
Егделіктің келетіні ойға кірмей,
Кез жеткен де болатыны мүлдем тамам.

Бергеннен соң құрбылар да сене тұғын,
Зор сенімге содан кейін ене тұғын.
Сотқарлар да жүретін жұмсарғандай,
Төбелесе құрбыларын жеңе тұғын.

Бойларын да күштері жететұғын,
Кейбір кез де қызыпта кететұғын.
Ең бірінші сотқарды сыйлағасын,
Сотқар да тым кеңдікті ететұғын.

Сезілмеуші ед сыйының жалғандығы,
Алдап,арбап тіс қағып қалғандығы.
Бөгде мінез көрсетпей ойнаушы еді,
Сезілуші ед тым ұнап қалғандығы.

Допты да ойнаушы едік барды салып,
Жеңілгендер қалатын көңілге алып.
Шатақты да шығармақ боп жүре тұғын,
Жеңгендерді сүрінтпек боп сонда шалып.

Таланты кей баланың білінетін,
Жақсы ойнап көзге де тез ілінетін.
Жеңілгендер жүретін шырық бұзып,
Тым қызықты ойынды бүлдіретін.

Ойының саяздығын білдіретін,
Білекті де төбелеске тек түретін.
Іштерін де кей баланың кек жүретін,
Білмегесін ештеменің жөн іретін.

Солайша балаларды күлдіретін,
Болмағасын сотқарлықпен тек жүретін.
Сырттан келген балаларда тым білетін,
Үш айлықта демалуға кеп жүретін.

Жүргеннен соң маза бермей маңайына,
Қоймай тұғын тиседағы маңдайына.
Тымқ қорғап меймандарды жүретінбіз,
Құрттай болып қарағандай жағдайына.



Сотқар тисе алушы едік арашалап,
Кей баладай қарап тұрмай тамашалап.
Адамдықты жүргесін әркез сақтап,
Амандығын жүргесін әркез қалап.

Кішкене боп мейман деп аяғасын,
Бастарына тым тықыр таяғасын.
Көрсетіп жүруші едік адамшылық,
Ағызбасын дегесін көздің жасын.

Қорғағанды өзімізше дұрыс десіп,
Естілік қып жүргесін қамды жесіп.
Үлкен шаруа бітіргендей жүретінбіз,
Тастағасын сотқардың жолын кесіп.

Ойлағасын өзімізше адамдықты,
Ағаларға еліктеп әділ мықты.
Сотқарлармен жүруші едік арбасқандай,
Намыс көріп өзімізше ынжықтықты.


Демесін деп бізді де қорқып бұқты,
Адамдық қорғамақ боп тым құқықты.
Ағалардың ерлігіне тым еліктеп,
Сездіргендей адамдыққа ынтықтықты.

Бірге ойнап жүргесін қонақ боп кеп,
Жүруші едік тек силап қонақ қой деп.
Ренжіп ауылына қайтпасын деп,
Жас болсақта жүруші едік тым қамын жеп.

Адамдық қып қарағасын қас қабаққа,
Көмектесіп жүргендей боп жүрегі аққа.
Адамдықты бойдағы сақтайтынбыз,
Сүйенбей жүргеннен соң тілмен жаққа.

Жүруді де ұят көріп бос ыржақтап,
Адамдықты жүргесін бойға сақтап.
Жүруші едік сыйлағасын көмектесіп,
Дос сенімін жүрейік деп әркез ақтап.





Ағалардың сөзін де таза тыңдап,
Өзімізді жүргесін әркез шыңдап.
Сырттан келген балалар да жүре тұғын,
Не деседе ағалар тым жымыңдап.

Сыны да тұрғандай боп тым ақ ұнап,
Ағалар жүргенменен кейде сынап.
Құлығымен жүргесін әркез жағып,
Соңға түспей жүргесін онша шындап.

Құрбылармен жүруші еді пікірлесіп,
Байсалды боп және де кетпей есіп.
Сотқар сөзі дұрыс болсын бұрыс болсын,
Басты шұлғып тұрғасын дұрыс десіп.

Не деседе құрбылар құп алатын,
Кеңдігіне құрбылар таң қалатын.
Ақ көңіл боп алманы қойнындағы,
Адал дос боп ортаға тек салатын.

Болмағасын құрбылар алдағандай,
Сенбеуге де еш бір амал қалмағандай.
Баладай боп көрінуші ед тәрбиелі,
Не деседе көңілге де алмағандай.

Ешкімдікен болмағасын малданғандай,
Көңілдері жүргесін қалмағандай.
Құрбыларға жүргесін адал болып,
Құрбыларда емес еді алданғандай

Достығына құрбылардың жетіп көзі,
Бала екен деп құрбыларда адал өзі.
Не деседе құрбыларға құп дегесін,
Адалдықпен жүретін өтіп сөзі.

Сырды ақтарып сотқарлар да көңілденіп,
Жан достар деп жүргесін дос деп сеніп.
Шат боп күліп қоса бірге жүргеннен соң,
Құлығымен жүргесін ішке еніп.

Сыр ақтарған сенімді дос болғасын,
Достығына көңілде шын толғасын.
Адам ғой деп жүруші едік сенімді артып,
Азаматтық ойды да бір шолғасын..

Аласы адам іште деген ішке кірмей,
Жан достармен әуелі көріп бірдей.
Мейманғой деп жүруші едік тым құрметтеп,
Бейтаныс пен дос болып сырын білмей.

Көк алманы жүргесін тек бөліп жеп,
Жаны қалмай жүргесін жан досым деп.
Құрбылар да іштегі сырын айтып,
Сақтануың жатпағасын еш ойға кеп.

Арамыз да жүргесін тым тымпиып.
Жамандыққа жүрмеп еді ешкім қиып.
Жүріп еді ара да жандос болып,
Ақылды боп жүргесін әркез сиып.

Көрмегесін ісінен жымысқылық,
Көрсеткесін әркез де жақсы қылық.
Өзіне өзі келгесін ержеткесін,
Жан болары сезілмей өте былық.

Жүргеннен соң тым силап іште жылып,
Кей құрбылар достықты мақтан қылып.
Басынарын ержеткесін қайдан білсін,
Жігіт болып есеигесін тым ысылып.

Жан достар көрсетсе де адамшылық,
Адам санап көрсетпей жаманшылық.
Не айтса да ыржалаңдап жүргеннен соң,
Көрсетерін білмегесін ерсі қылық.

Жүреді екен дым індемеи ішке сақтап,
Жүргенменен көрінгендей достықты ақтап.
Жүруші едік арамдық ой ішке кірмей,
Жүргеніне тым сеніп өтірік жақтап.

Құлықпенен кіріп ап дос боп ішке,
Адалдықты көрсеткен боп әрбір істе..
Көзіңе тек жылмиып сездірместен,
Арамдығы жатыпты әркез іште.

Көрінгенмен жүргендей көңілді аулап,
Келерін білмегесін бір күн даулап.
Әзілменен қаджыңды да кек қып сақтап,
Өтседағы талай жыл тез ақ заулап.

Екі жүзді қу болғасын сата тұғын,
Болсадағы жүрекке бататұғын.
Айла әдісі жететін тым сұм екен,
Арамзаға нағыз бір жата тұғын.

Жан болғасын ат десе де ата тұғын,
Қатігездік досқа үнін қата тұғын.
Жүрегі-ақ адал жандай емес екен,
Дос деп сеніп бірге дәмді тата тұғын.

Қалжыңды да жүрегіне кек қып сақтап,
Жанын алып қалсақта талай жақтап.
Сенім артып жүргенмен азамат деп,
Азамат боп келмеп еді достықты ақтап.

Құрбыларды жүреді екен өтірік мақтап,
Өтірік күліп күлмейтінге ыржалақтап.
Жүреді екен өтірік өзі тіл алғыш боп,
Көңілге алмаған боп қылжалақтап.

Пенде де бар іші ала алданатын,
Төмендетіп жүретін адам атын.
Құрбылар да бала екенін қайдан білсін,
Ержеткен соң өтірік бөсіп мақтанатын.

Қызыметін байлығын пайдаланып,
Келерін қайдан білсін тым сайланып.
Құрбылар бірдеме деп аузын ашса,
Тек құртуға тұратынын дайындалып.

Байығасын аузы да тым майланып,
Желік кіріп жүре алмай еш жайланып.
Күжірейіп тұрып еді тым шіреніп,
Мастанып бұзылғасын жауға айналып.

Адамдығың жатпағасын кіріп ішке,
Мансабына сенгесін қара күшке.
Ойы саяз болса да ақылгөи боп,
Көп сөйлеп айналғандай тым білгішке.

Бала екен сырты жылтыр іші ала,
Болғаннансоң әр істе ісі шала.
Момақан боп көзіңе көрінгенмен,
Сыртыңнан жүретұғын жауып жала.

Пенде екен іші ала сақтанатын,
Екі жүзді қылығымен таң қылатын.
Достыққа да қараулық жасай тұғын,
Надандықпен түңілткесін дос пен жатын.

Қылығы болмағасын еш оңатын.
Даналықпен емес еді ой салатын.
Құрбыларда жан дос деп сеніп қалып,
Жөні жоқ ед досымыз деп қарсы алатын.

Құрбылар қарсы алғанмен есі қалмай,
Жолына да қарағанмен көзі талмай.
Шені өсіп байығасын қашқалақтап,
Достығыңды тұрып еді есіне алмай.

Дүние деп жүргесін тым жалақтап,
Екі көзі көзі тым жанып тек алақтап.
Адамдықты ұмытып есі қалмай,
Байлық десе жүргесін тек далақтап.

Байлығына жүргесін мақтанғандай,
Кесір сөйлеп тұрғасын мастанғандай.
Жігіттерде ішін тартып біле қойып,
Тұрып еді тым өзінен сақтанғандай.

Түскендей боп тұрғасын өзі көктен,
Сөзді де тұрғаннан соң сөйлеп өктем.
Тұрып еді зорға деп алып тым дем,
Санағасын өзінен өзгені кем.

Тексіздікпен жақсылықты ұмытқандай,
Жаратылған ерекше бөлек жандай.
Бірге ойнаған достарын зорға танып,
Сес көрсетіп дегесін менмін қандай.

Бұл қылығын дұрыс деп ұғынғандай,
Құрбыларға жат қылықты тым қылғандай.
Әбестігін сезсе де тым ісінің,
Адамдықты емес еді еш ұққандай.

Тектілікпен сөйлемей сөзді аңдап.
Қисық жолды жүргесін әркез таңдап.
Момынды жеп тым өзі үйренгесін,
Оң сөзге де тұрып еді тым тыржыңдап.

Сөйлегесін өзгелерді аңқау санап,
Үйренгесін тексіздікпен жұртты қанап,
Зұлымдығын құрбыларда сезе қойып,
Әр қимылын тұрып еді жіті аңдап.

Сыйламай сөйлегесін құрбы басын,
Тепкендей боп жүргесін ішкен асын.
Көз қызарып тұрғасын сүзетіндей,
Көргендей боп тұрғасын нағыз қасын.

Бұл қылығын тұрғасын көрмей айып,
Азамат боп ержеткесін алып байып.
Жас кездегі бірге жүрген достығынан,
Сөзде тұрмай кеткесін тез-ақ тайып.

Көпті көріп дегенмен ысылғандай,
Құрбылардан түрі жоқ қысылғандай.
Өзіне өзі келгесін тым қу болып,
Келгенді істеп ойына бұзылғандай.

Не сұмдықтар жатқандай тым ішін де,
Азаматтық көріне алмай тым пішін де.
Құрбыларға азу тісін көрсеткендей,
Қиқаңдаса көрсетердей тым күшін де.

Сезіліп ед құрбыларға қауіптісі,
Азаматтық адамдықта жоқтай ісі.
Жас болсада қаныда бұзылғандай,
Тым сұрланып көрініп ед суық түсі.

Мұрнын да құрбыларға шүйіргендей.
Қылығымен біраз ойды түйдіргендей.
Көзімізге тұрып едік зорға сеніп,
Қылығынан кей құрбылар жиренгендей.

Құлықпенен сұмдықты үйренгендей,
Үйреніп бір керемет күйге енгендей.
Меніңде тым бұл күнде зорлығым ды,
Көзбен көріп өздерің біл дегендей.

Мен мендігі тастап еді ойландырып,
Сақтықтың да керектігін ойға алдырып.
Кей құрбылар сездірмей күрсінгендей,
Ойландырып тастағасын толғандырып.

Халықты ойлап жүргендей биікті алып,
Тоғышарлық надандыққа сонда салып.
Мен менсіген таяздау қылығына,
Шыныменен тұрып еді көңіл қалып,

Ұмытқандай жүргенді әркез қолдап,
Жүруші еді құрбылар да сәлем жолдап.
Қабағын да тым түііп тұрып еді,
Қонақ бол деп шақырғандай оны зорлап.

Екі жүзді жан болғасын алдай тұғын,
Алдаған да алдына жан салмай тұғын.
Елгезек тым дос болып бір кездері,
Жан досым деп соңыңнан қалмай тұғын.

Зарлаған да жағы да талмайтұғын,
Әбестігін көңілге алмайтұғын.
Есті болып тым өзі көрінгесін,
Текті жандай көрініп шалмайтұғын

Қылығынан құрбылар сескенгендей,
Болмағасын өзіне еш сенгендей..
Құрбыға да өзгегеге де бөсіп сөйлеп,
Адамдығың тұрмағасын ішке кірмей.

Шыныменен бұзғандай байлық барлық,
Болмағасын иттік ісін еш құптарлық.
Санайтындай өзіндей жанды барлық,
Болмаса да сатқындығы мақтанарлық..

Жанның бәрін өзіндей деп ойлайтындай,
Оздым мен деп тым ертерек тойлайтындай.
Тоғышар болғаннан соң ойы саяз,
Түрі жоқ ед терең ойға бойлайтындай.

Надандығын өзінің қоймайтындай,
Жат қылығын бойдағы жоймайтындай.
Пенделікпен тым өзі ашқарақ боп,
Дүниеге көзі де тоймайтындай.

Өзім ғана жүрсем деп шалқып тасып,
Құрбыларға сөйлеитіндеи кеу де басып.
Кей аңғалдау құрбылар шыныменен,
Шыныменен қалып еді тымақ жасып.

Мәртебесі тұрғандай-ақ, тым-ақ асып,
Құрбылары қалғандай сөзден сасып.
Тұрып еді одан сайын одырайып,
Мастанып сөйлегесін тым алжасып.

Ержеткесін болыпты талғай тұғын,
Надандығын қызармастан жалғай тұғын.
Қауіпті де сияқты сақтанбасаң,
Жалмауыздай бітеудей-ақ жалмай тұғын.

Бастан аяқ енді аңдап қарайтындай,
Жігіт пе деп сәлемге де жарайтындай.
Бала кезде бас аяққа қарамай-ақ,
Сіз-біз десіп болсақ та тарайтындай.

Кей құлардан үйренгесін кісімсініп,
Кеуде қағып тұрып еді ісіп пісіп.
Дөкір сөйлеп тұрғандай қашқалақтап,
Мазамды алар дегендей ісі түсіп.

Жүргенменен бала кезде бүкшең қағып,
Сотқарларға жалбаңдап тымақ жағып.
Тез ұмытып сотқарларға жағынғанын,
Дөкейсініп сөйлеп еді кінә тағып.

Құрбыларға көп сияқты іште кегі,
Кегінің де жоқ сияқты ешбір шегі.
Жақсылықты жасағасын мейман ғой деп,
Кей құрбының желге ұшқандай зор еңбегі

Байығасын өзгергендей қатты өзі,
Дүние деп қызарғасын екі көзі.
Азаматтық адамдықтан өзгергесін,
Жараспап ед құрбылармен ешпір сөзі.

Қорқатындай құрбылар тым сесінен,
Қорбиған тым май басқан денесінен.
Асыр салған достарын бала күнгі,
Шығарғасын тексіздікпен тым есінен.

Тым тіл алғыш шәпет бала жетіскендей,
Аузын ашса құрбылар шекіскендей
Кей құрбылар сездіргендей қабағымен,
Бала кезгі достықтан кетіскендей.

Қу болғасын досты сатып кететұғын,
Айла амалы бір басына жете тұғын,
Биігіне шыққасын құлық еппен,
Өзге тұрмақ досты мазақ ете тұғын.

Қорлап сөйлеп өзінен төменгіні,
Болмаса да бойларын да ешбір міні.
Қатқылдау шығатындай досқа үні,
Жүргендей ақ өзіне қарап күні,

Басын шұлғып тым керектей көнгендігі,
Достарының қызықтырмай өнгендігі.
Тұрғандай ед сәлемін де етіп міндет,
Құрдастарға тигендей боп зор еңбегі.

Дегенменен көп екен айла амалы,
Қызықтырмай достарының ешпір қалы.
Шығарғандай ержеткесін тым шатақты,
Күжірейіп байығасын досқа жалы.

Азамат деп жүргенде адам тұтып,
Берген сөзін қойғандай мүлдем жұтып.
Екі жүзді болғасын іші ала,
Құлығымен жүргесін әркез де ұтып.

Сезгендей ед құрбылар құдың барын,
Ұмытатын достықты тойса қарын.
Достығы да барлығы есеппенен,
Сақтамай жүргеннен соң бойдағы арын.

Абай баба сөз қалдырған ұрпағына,
Туғаннан соң ұлтының шын бағына.
Ер қалқына көрсеткен даналығын,
Әр сөзін де жатқасын зор мағына.

Ұлы сөзін айта білген дер шағында,
Адамзаттың бола біліп тек жағында.
Қудалауды көргенмен өмірінде,
Қайсар ақын сындыртпаған еш сағында.

Сынаса да сынаған ғой түзелсін деп,
Ұрпағының жүргесін тым қамын жеп.
Даналықпен қалқына шындықты айтқан,
Азаматтық адамдық ойына кеп.

Ұлы адам ғой ойлаған адамдықты,
Адамзатқа қаламай жамандықты.
Ұлы ұлтынан еш сырын жасырмаған,
Даналықпен сынағасын надандықты.

Қалығымен бөлісе алған әркез ойын,
Биік қоймай қалығынан ешпір бойын.
Жырын жазып ұрпағым деп мың толғанып,
Орнысыз жасамаған ешпір тойын

Болмағасын жалған кіна еш тағатын,
Кей пендеге ұқсамай төс қағатын.
Ұрпағы үшін соңына сөз қалдырған,
Ұлы ісімен болғасын тек жағатын.


Абай баба сөзінен үлгі алмай,
Сол құрбыдан пенделік әдет қалмай.
Адамдықты жүрмегесін бойға сақтап,
Биік шыңға жүргендей ед көзді салмай.

Текті жандар шын жүрекпен силаса алған,
Достығында болмайды ешпір жалған.
Адалдығын халқынада көрсетер тек,
Жақсылардан болмағасын көңіл қалған.

Азаматын халқы да әркез елер,
Ерлік істер болғасын қолдан келер.
Азаматтық адамдығын тек көрсетіп,
Өмірді сүргеннен соң нағыз ерлер.

Өмір сүріп жүргесін мағыналы,
Халқын ойлап ұлы істерге талпынады
Азамат боп таза ұстап әркез арды,
Отаным деп салады әркез барды..

Азаматтар адамдықты қаламаса,
Даналарын нағыз ерге баламаса.
Ұлы елдік деп жүргенің тым шырылдап,
Ұлы еңбегің болмайма бос далбаса.



Асылды да тектіні де ез санаса,
Азаматтық достықтан да тезақ танса
Егеменді ұлы елдік не болады.
Азамат деп ұлы елі сеніп нанса.

Азаматтық болғасын аңданғаным,
Кей пендеге болғасын таңданғаным,
Абай баба сяқты мінді айтам,
Тек адамдық болғасын таңдағаным.

Мен емеспін қалқымнан сыр жасыратын,
Болғаннансоң сөзімде де тек тұратын.
Қалқыма жүректегі сырды ашам,
Болғаннансоң бұиректі де тым бұратын.

Артқаннан соң мойныма ердің жүгін,
Егеменді ел болып шыққасын күн.
Отаным деп тебіреніп толғанғасын,
Азаматтық шығарайын әркеде үн.

Отаным деп толғанғасын бұл күнмен де,
Ақыл ойдан боламын қайтып кен де.
Достыққа да адал болып тек жүрейік,
Өмір де өзі өткесін тез ақ дем де.

Не жетеді достықты сақтағанға,
Бөсіп кетпей байсың деп мақтағанға.
Досым ғой деп адам санап жүргенін де,
Дос сенімін не жетеді ақтағанға.

Кеуде қағып біл демей мына бізді,
Көрсетпей жүргеннен соң көргенсізді.
Азаматтық көрсетіп тек өмірде,
Халқымызға көрсетейік жарқын жүзді.

Елдікті ойлап қарсы тұрып надандыққа,
Адамдықпен еш бармай жамандыққа.
Отаным деп қызметті тек етеіік,
Жетпегесін ештеме адамдыққа.

Ата заңын бұзған бүлікші әтеш,
Қара әтеш түн де шақырды.
Әтештің заңын тым бұзып.
Есекте естіп бақырды,
Ілескесін тым қызып.

Белінен заңның басқасын,
Тастағысы кеп тым сызып.
Ойлағасын өз басын,
Шақырғандай ерлік қып.

Көрсеткендей бар қырды,
Айғайлағасын барды сап.
Сезгендей боп бар сырды,
Шақырғандай жарылқап.


Бүлікші боп шықты атағы,
Сыйламай әтеш еш заңын.
Заңда болмай шатағы,
Күтпегесін еш таңын.

Ашылсын қалай тым бағы,
Бұзылғасын тек заңы.
Тынбағасын еш жағы,
Мезі болғасын тым маңы.

Текті әтештер кейіді,
Бүлікшілігін көңілге ап.
Дұрыс болмағасын пейілі,
Түнде шақырғасын тым ұнап.

Ұят көрмегесін тым мұны,
Қателігін білсе де.
Міннің де болмай еш құны,
Кей әтештер күлсе де.

Келіп жүрді әуелі,
Сынады деп тым жыны.
Бөспелікке ауып тым дені,
Ұнамай достың еш сыны.



Тал түсте де шақырып,
Заңды бұзып жүрсе де.
Әтеш заңын ысырып,
Бүлікші боп өмір сүрсе де.

Кеудесін әтеш тым керіп,
Маңына маза бермеді.
Түн де белгі тек беріп,
Қанатын көкке сермеді.

Таңды ататын тоспады,
Жалқаулығын көрсетіп.
Әтештік үлес қоспады,
Жатпағасын ой жетіп.


Заңды бұзғанын жатпады,
Тексіздікпен ескеріп.
Шақырмаса ас батпады,
Бүлікші әтештерге тым еріп.

Ергендігін ұнатты,
Түсі де тым өзгеріп.
Қысқа өмір де қымбатты,
Шақырғасын кеуде тек керіп.

Өзге құстар да еліктеп,
Ұйқысын елдің тым бұзды.
Ойлап қап таң атты деп,
Тыңдаймын деп арсызды.

Елдер де тым дүрлікті,
Қалған ғой деп таң атып.
Етпек болып тірлікті,
Жатқан да ұйықтап тым қатып.

Досқа санап арсызды,
Кей әтеш те шатысты,
Білмегесін жансызды,
Бірге үнді қатысты.



Кей бала әтеш тым аңқау,
Дұрыс деп мұны тым ұқты.
Әтештерге ермей есі сау,
Қара әтешті ер тұтты.

Таң атқан да шақырмай,
Міндеттерін ұмытты.
Басты ешпір қатырмай,
Сөздерін де тек жұтты.

Сақпын деген әтеште,
Уақыттан жаңылды.
Ілесіп тексіз әтешке,
Қылығымен таң қылды.


Силарынан өзінің,
Ілесем деп қағылды.
Мәні болмай үнінің,
Өздеріне кіна тағылды.

Сенбегесін оларға,
Қара күие жағылды.
Тигендей боп тым арға,
Аң құстар да шағылды.

Қара әтеш түн де шақырып,
Ұйқыға сосын тек кетті.
Кете жаздап тек қырып,
Атқармай дұрыс міндетті.

Күн шықса да жарқырап,
Ұйқысын қимай ерінді.
Ақса да өзен сарқырап,
Міндетінен жерінді.

Әтештікті ұмытып,
Ұйқыға тым берілді.
Жүргесін өзін ер тұтып,
Қанғасын ұйқы керілді.



Ұйықтап қалып жүрсе де,
Түсте шақырды мақтанып.
Ездік қып өмір сүрсе де,
Жүрді өзінше шаттанып.

Өзге әтештер жүрсе де
Тым өзінен сақтанып
Жейтұғын жемді көрген де,
Жүргесін көзі тым жанып.

Айдары тым қызарып,
Төбесін де қалқайып.
Арсыздыққа тым барып,
Шақырғасын шалқайып.


Мінді дүзеп жүрмеді,
Тектілікті көрсетіп.
Міндеті ішке кірмеді,
Тексіздігін мақтан тым етіп.

Бозторғай заңын сақтады,
Таң атқан да шырылдап.
Қара әтештей шатпады,
Түн ішін де мазаны ап.

Құс біткендер ер деді,
Бозторғайды тым мақтап.
Айдардан самал тым есті,
Зор сенімді тек ақтап.

Таң атты деп биікте,
Атқасын таң шырылдап.
Шығып алып биікке,
Оятқасын жыр жырлап.

Қара әтеш үлгі алмады,
Бозторғайдан тым текті,
Алаяқтығы қалмады,
Атқармай адал міндетті.



Тауықтарды да алдады,
«Қыт-қытылап» тек жиып.
Бөспелігі қалмады,
Жүрсе де мойны қылқиып.

Жүрседағы ілмііп,
Қоразданды өзінше.
Намысқа жүрді тек тиіп,
Тауықтардың көзінше.

Арсыздықты тыймады,
Тектілік қып ес жиып.
Ортасына симады,
Кеткесін сатып тек қыйып.

Зор әтештер келген де,
Тасаларға тек бұқты.
Тауықтар сеніп ерген де.
Қорқақтығын тым ұқты.

Зор әтештер кеткесін,
Тасасынан тек шықты,
Жіберсе де есесін,
Бола қалып тым мықты.

Қайта қайта шақырып,
Көрсетті ол тым сесті.
Кететіндей тым қырып,
Жинағасын тез есті.

Көкке қарай көтеріп,
Шақырғасын тым төсті.
Бөскендікті жөн көріп,
Тауықтарға тек бөсті.

Тауықтарды алдады,
Берем деп иттің жазасын.
Ұяты еш қалмады,
Тауықтардың алып мазасын.

Одан сайын есірді,
Келтіріп тауық ызасын.
Шақырғандай кесірді,
Бөсіп есіп қызғасын.

Қателікті қара әтеш,
Емес еді ұғатын.
Тектілік кірмей ойына еш,
Болса да зордан бұғатын.

Заңды бұзып білмеді,
Тосып тұрғанын бір жаза.
Құлаққа сөзді ілмеді,
Маңына бермей еш маза.


Атқанын білмей таңының,
Көрсетті тым арсыздық.
Белінен басып заңының,
Көрсетті тым жансыздық.

Түн ішін де шақырып,
Елеңдетті бар аңды,
Сабалап қанат тым ұрып,
Күтпегесін еш таңды,

Заңды бұзып ортаға,
Әтеш еді симаған.
Түсседәғы тым баға,
Жат қылықты еді тимаған.

Үлгі бермей жастарға,
Ұйқысын еді қимаған.
Күлгенненсоң басқаға,
Езуін де еді жимаған.

Мен сияқты шақырсаң,
Болмайсың деп ешбір кем.
Ерлейсің деп таң қылсаң,
Беріп жүрді әркез дем.



Келгенді істеп ойына,
Тойғасын жемге жетісіп,
Сенгендей боп бойына,
Әтештермен шекісіп.

Беделі де жүргенмен,
Төбелесіп тек түсіп.
Мықты әтештер бүргенмен,
Жүргеннен соң тек ісіп.

Егде әтештер сөккенмен,
Ешбір тілді алмады.
Бірдеме шығардай бөскеннен,
Алдыға еш әтешті салмады.


Түн ішін де шақырып,
Жағы да өзі талмады.
Шақырғасын ышқынып,
Ұяты бойда қалмады.

Таң атқан да шақырған,
Ұнамады текті әтештер.
Болғасын заңын тықсырған,
Түн де шақырғасын болып ер.

Жүгенсіздік көрсетіп,
Жүргенненсоң болып ер.
Ұяты бойдан тым кетіп,
Оянғасын өзі зорға әзер.

Жақын маңда жүр еді,
Түн ішін де аш түлкі.
Қашқандай боп сүрегі,
Келтіргендей тым күлкі.

Тосын қатты дауыстан,
Аш түлкі қатты селк етті.
Екен деп есі ауысқан,
Зәресі де тым кетті.



Құлағын түрді аш түлкі,
Селк еткізіп естіліп.
Етті деді мені тым күлкі,
Қарады тым тесіліп.

Қу түлкі аш болғасын,
Қарағандай көзге іліп.
Арамдыққа іші толғасын,
Ас боларын тым біліп.

Қос құлағын тым жымды,
Жас еттің дәмін тым сезіп.
Көрсеткесін тек сұмды,
Тышқан аулағасын тек кезіп.


Бит бүргесі сорғасын,
Түлкі еді жүрген қышынып.
Ұстағанын тек орғасын,
Көзі кетіп тым тынып.

Кекті түііп ішіне,
Қорқаулықты көрсетті.
Сенгендей боп күшіне,
Ұмытты деп ізетті.

Таңданғандай ісіне,
Бұрмады деп тым бетті.
Қышығасын тісіне,
Тістетпек боп жас етті.

Түн ішін де шақырып,
Сес көрсетті деп түлкі ерге.
Кететіндей боп тым қырып,
Қаратты деп тым жерге.

Көрсетті деп тым сесті,
Өштесті түлкі тым қатты.
Кіргізем деп тез есті,
Жүрегіме деп тым батты.



Кетірді деп сабырды,
Ашуына тым мінді.
Ұнатады деп дабырды,
Шығарды деп қатты үнді.

Беремін деп жазасын,
Көрсетпеді деп еш күнді.
Алғадай боп мазасын,
Пайдаланып деп тым түнді.

Іздегесін сылтауды,
Жемек болып тұрғасын.
Көргендей боп тым жауды,
Сездіріп құртпай тынбасын.


Қара әтеш қанат сабалап,
Намысына тым тиді.
Шақырғандай табалап,
Қабағын түлкі тым түйді.

Білдірдің деп мекенді,
Алғысты да тым үйді.
Қуанттың деп көкеңді,
Шақырғанын тым сүйді.

Үргендей ит абалап,
Кетірсе де тым күйді.
Ұстайтындай қамалап,
Ауыртса да тым мыйды.

Көріп алып мекенін,
Түлкі екең болды үмітті.
Білгесін аңқау екенін,
Бойдағы жойып күдікті.

Сақтығына түлкі мақтанды,
Істегесін ит тірлікті.
Иісін сезіп шаттанды,
Көрсеткендей ірілікті.



Сұм болғасын ішіне,
Ішке сырды тым бүкті.
Сенгендей боп күшіне,
Көтергендей тек жүкті.

Жүнінде де жүргесін,
Бит бүргесі тым өріп.
Көрсетті деп тым сесін,
Жүргесін бәрін жау көріп.

Жем қылғасын тышқанды,
Жүргендей боп ісі өніп.
Шашқаннан соң тек қанды,
Қайдан жүрсін тым көніп.


Жүр екен деп танымай,
Түлкі деген көкесін.
Көрмедім деп ит мұндай,
Жинатам деп тез есін.

Қазандай боп тым жүрді,
Қара әтешке тым өкпе.
Құлақты да тым түрді,
Аунап алып көк шөпке.

Аяқты алды тым ысып,
Жас еттің дәмін сезгендей.
Құйрықты алып тым қысып,
Ұяттан да еді безгендей.

Мандымай ды деп иттікпен,
Бармайды деп бұл көпке.
Жапқасын жала есеппен,
Көтеріп тұмсық тым көкке.

Болғаннансоң тым қансыз,
Сақтады ішке тым кекті.
Еді өзі тым арсыз,
Болмағасын тым текті.



Жегесін сансыз тауықты,
Қораға кіріп ұрланып.
Одан сайын жауықты,
Түсі де тым сұрланып.

Бүргесі сорып тым қанын,
Жүргеннен соң жабылып.
Алардай боп тым жанын,
Соратын сұмы табылып.

Жүрседағы қышынып,
Кімге айтады шағынып.
Сорғасын көзі тым тынып,
Бит бүргесі қағынып.

Бәлені тек іздеді,
Көрсетті деп тым сесті.
Түлкі аш сұм еді,
Кіргізем деп тез есті.

Тышқан құсты жүргесін,
Күндіз түні тек торып.
Аян еді бүлкілі,
Жүргендей боп тым қорып.

Талай талай әтештің,
Тамағын жүргесін тек орып.
Дәмін біліп жас еттің,
Үйренгесін қан сорып.

Әтешті жүрді тым бағып,
Мазаны алып болды деп.
Әтешке кіна тек тағып,
Жегісі оның тым ақ кеп.

Құрды түлкі жоспарды,
Арамза тым болғасын.
Байлап алып белге арды,
Көңілге әтеш толғасын.

Көргендей боп тым қасты,
Білдірді иттік тым сырды.
Деді әтеш алжасты,
Сездірмей еш сыбдырды.

Жүргесін жала тек жауып,
Шығарғасын тек дауды.
Жемек болып тез тауып,
Тапқандай боп тым жауды.

Қора жақты бетке алды,
Көтеріп тұмсық искелеп.
Айласына тым салды,
Құйрығы тым ербеңдеп.


Қорқаулық қып бет бұрды,
Жымысқылыққа тым салып.
Сөзінде ол тым тұрды,
Құртпақ болып өш алып.

Жүрмеді деп іш бұрып,
Еткен деп мені тым күлкі.
Жоспарын да тым құрып,
Болғасын өте сұм түлкі.

Ұстағанын жүргесін,
Боршалап жеп қан қылып.
Қан құмар боп өмір сүргесін,
Жеймін деп терісін мен сылып.

Сілекейі шұбырып,
Келе жатты сайланып.
Келе атқандай іш бұрып,
Қалғандай тілі байланып.

Қайдан жүрсін жайланып,
Екі көзі жанғасын.
Қорқауға тым айналып,
Жұтпақ болғасын тым басын.



Жатсадағы ит үріп,
Жүрмеді түлкі сақтанып.
Жатпағасын ішке еш кіріп,
Шақырғасын әтеш мақтанып.

Қара әтеш тым бөсем деп,
Түлкінің түсті көзіне.
Жатпағасын сақтық ойға кеп,
Сенгендей боп өзіне.

Отырған да басып айғайға,
Күтпей ешпір ажалды.
Қолы жеткендей тым айға,
Қатардың жүргендей боп алды.


Күкәрилеп тым ерлеп,
Бұзатындай боп қамалды.
Әтештің заңын тым жерлеп,
Тапқандай отырған да амалды,

Көрсеткендей сері тым салды,
Дауысты отырған да тым кенеп.
Күжірейтіп одан сайын тым жалды,
Бойында да да күш кернеп.

Айдары да тым қызарып,
Естіргендей айдардан самалды.
Кеңірдегі де отырған да ұзарып,
Сезбей де қалып тажалды.

Әтешті түлкі көргесін,
Көзі кетті тым жанып,
Білгенненсоң сезбесін,
Қанға жүргесін тек қанып,

Әлі жететінін білгесін.
Ерлеріне тым нанып,
Дәмді ет алып тым есін.
Әтеш шақырғасын мақтанып.



Отырған да әтеш биікте,
Айғайына тым басып.
Қолы жеткендей билікке,
Мәртебесі де тым асып.

Тойғаннан соң тым жемге,
Күші де өзі тым тасып.
Желік бітіп әтешке,
Шақырғасын алжасып.

Барды сап түлкі секірді,
Ерлік істі тым етіп.
Зәресін әтеш кетірді,
Тұмсығы да тез жетіп.


Аш түлкі қағып әкетті,
Тұмсығы жетіп секіріп.
Мазақ қылып әтешті,
Болдың деп маза кетіріп.

Қоймай-қоймай шақырып,
Отырғанда әтеш есіріп.
Әтештің заңын тым сырып,
Алғаннан соң семіріп.

Түскесін әтеш ауызға,
Үн шығармай жым болды.
Мазақ боп түлкі жауызға,
Көзі жасқа тым толды.

Ауызға түскесін қыр кетіп,
Беделі еш қалмады.
Бүлікшілігі түпке тым жетіп,
Бекер тілді алмады

Түбіне әтеш тым жетті,
Заңды бұзған бөспелік.
Атқармай адал міндетті,
Болмағасын ісі іс дерлік.



Құлақ аспай жөн сөзге,
Көргеннен соң досты жау.
Түсіп солай тым көзге,
Қайдан болсын аман-сау.

Қырқылдаған дауысы,
Анда-санда тек шықты.
Дауға айналып сау басы,
Боп жүрген де тым мықты.

Аңдыған сұм түлкіге,
Осы еді тым керегі.
Кеткендей боп әтеште,
Жүргенін де тым кегі.


Ас болды деп тым тегін,
Қарамай соңға жөнелді.
Алғандай боп шын кегін,
Көрсеткендей шын ерді.

Қара әтешке мақтанды,
Білмейсің деп көкеңді.
Қуанып тым шаттанды,
Танытам деп әкеңді.

Бара жатты қара әтеш,
Түлкі аузын да салақтап.
Құтылуға еді кеш,
Ауыз салғасын жалақтап.

Алып қашқасын алақтап,
Қаламба деп ұсталып.
Қашқаннан соң далақтап,
Құлығына тым салып

Қарамай әтеш зарына,
Көке десе де жалынып.
Тиіп қатты арына.
Жалынса да шалынып.



Мазақ болып түлкіге,
Көзі жасқа малынып,
Айналдырдың деді күлкіге,
Мақтанға тым салынып

Түніменен шақырып,
Алып болдың деп мазаны.
Есекте бірге ақырып,
Беремін деп жазаны.

Жемек болғасын қу түлкі,
Әтешті мазақ тым қылды.
Сөзін етіп тым күлкі,
Аяққа басы ұрылды.

Саусағын әтеш шайнады,
Кеткесін шектен тым шығып.
Зығырданы қайнады,
Қателікті кеш ұғып.

Аш болғасын бұралып.
Қарамады түлкі көңілге.
Жемек болып өш алып.
Мен үшін келдің деп өмірге.

Әтештің жүні шашылып,
Жас етке түлкі тым тойды.
Араны тым ашылып,
Іске асырып тым ойды.

Бітіргендей үлкен іс,
Әтештің көзін тез жойды.
Батқаннан соң қатты тіс,
Шақырғанын әтеш тез қойды.

Арамзалықты аш түлкі,
Ішіне тым жиғасын.
Сенгендей боп күшіне,
Сан құстың жанын қиғасын.

Құстарды қанша жесе де,
Қарнына кең сиғасын.
Қатігезсің десе де,
Тойғасын тәбет тиғасын.

Мәңгілікке әтеш көз жұмды,
Әтештің заңын бұзғасын.
Өшіктіріп тым сұмды,
Келтіріп түлкі ызасын.

Арсыздығы түн де шақырған,
Жұтып тынды тым басын.
Болмағасын заңға іш бұрған,
Өшіктіріп түлкі тым қасын.


Қыршынынан қиылып,
Көктей әтеш тез солды.
Бөспелігі тиылып,
Түлкіге азық ол болды.

Шақырғасын алжасып,
Таппағасын ақ жолды.
Құлығы түлкі тым асып,
Тойғаннансоң ой шолды.

Алғасын тым ысылып,
Қанды шашып тек кезіп.
Қайдан жүрсін қысылып
Ұстағасын искеп тек сезіп.

Көрсеткесін қаны қараны,
Түбіне әтеш жеткесін.
Ашылып түлкі араны,
Ұмытып заңын әтеш кеткесін.

О, жастарым ой түйген,
Болғасын бізде ақсақал.
Дұрыс деп отан тым сүйген,
Әтешті еттім тым мысал.



Мысал қылдым жастарым,
Заң бұзды деп әтешті.
Сезерсіңдер астарын,
Болсаңдар егер тым есті.

Азаматтар сақтайды,
Заңды ұмытпай тым арын.
Зор сенімді ақтайды,
Салғасын әркез тым барын.

Егеменді ел болып,
Сөиледік сөзді біз аңдап
Жүргеннен соң ой шолып,
Егемендікті тым таңдап.


Егемендікті қорғайық,
Бақыт болып қонғасын.
Азаматты қолдайық.
Ойламайтын тек басын.

Азамат нағыз болайық,
Бағасын біліп біз заңның.
Тоғышар еш болмайық,
Амандығын тілеп бар жанның.

Айдардан самал тым есті.
Елдіктің заңын тым тыңдап,
Орындайық міндетті.
Өзімізді тек шыңдап.

Азамат боп елдікке,
Бұрғаннан соң тек бетті
Ден қояйық бірлікке,
Егемендікке қол жетті.

Аман болсын заңымыз,
Көк туымыз биіктеп.
Ата берсін таңымыз,
Жүргеннен соң елдік деп.



Сынбас ешпір сғымыз,
Азаматтық жүрсе ойға кеп.
Ашылар әркез бағымыз,
Ұрпақтың жүрсек қамын жеп.

Желбіреп тұр туымыз,
Таңдандырып әлемді.
Сарқылмай өзен суымыз,
Қарық қылсын елімді.

Күндіз түні сарқырап,
Айдыны тұрсын көз тартып.
Ақ айдыны жарқырап,
Табысымыз жүрсін тек артып.

Отан деп өмір тек сүрсек,
Болғанымыз тым арлы.
Бірлікті сақтап тек жүрсек,
Болмаспыз біз еш жарлы.

Гүлдетуді ойлайық,
Пейілдің болмай тарлығы.
Терең ойға бойлайық,
Бақытты болсын деп барлығы.

Мысал етіп әтешті,
Сөздер айттым астарлы.
Ұрпақтарым тым есті,
Болғаннансоң тым арлы.

Отанға етіп еңбекті,
Болғаннансоң жан жақты.
Ұрпақтарым тым текті,
Болсын дегесін бақытты.

Бүлікшіге ермеңдер,
Ортасын жүретін бүлдіріп.
Тізгінді қолдан бермеңдер,
Азаматтықты білдіріп.

Шыңға құлаш сермеңдер,
Сақтай алып бірлікті.
Бәле жала термеңдер,
Азаматтық көрсетіп тірлікті.

Іші ала бар күдікті,
Көк туыңды көре алмай.
Айтатұғын үгітті,
Іштарлығы еш қалмай.

Ақтамайтын үмітті,
Маңдайды терге еш малмай.
Көрсетпейтін есті жігітті,
Жағы да өзі еш талмай.


Кем кетікті көрсе де,
Жүргенненсоң қиналмай.
Арсыздық мұның десе де,
Тектіге де жүргесін иланбай.

Шығарғысы кеп бүлікті,
Жүргеннен соң ұялмай.
Азаматтық жасамай тірлікті,
Тексіздікті жүргесін тия алмай.

Асылдарға еш ермей,
Көрсеткесін ездікті.
Ұрпаққа үлгі еш бермей,
Келтіретін сезікті.

Шаңырағымыз жүрер теңселіп,
Көрсетсек егер бостықты.
Сақтық жүрмсе ойға еш келіп,
Ойламасақ достықты.

Ақ қараны жүрейік,
Әркезде де тексеріп,
Елдікті ойлап өмір сүрейік,
Отанның қымбаттығын ескеріп.



Егемендік деп білек түрейік,
Кеудені жүрмей бос керіп.
Надандықты жерлейік,
Ұрпаққа үлгі тек беріп.

Құлақ асып арлыға,
Жүріңдер тек ілесіп.
Қызғалдақ шықсын қырларға.
Айдардан самал тым есіп.

Тыңдамаңдар кей құды,
Отан деп өмір тек сүріп.
Биіктетіп көк туды,
Білекті жүріңдер тек түріп.

Керектігін біліп бірліктің,
Терең ойға бойлаңдар.
Егеменді елдіктің,
Гүлденуін ойлаңдар.

Шыңға шырқап кетейік,
Құрметтеп атқан әр таңды.
Өркениетті елге жетейік,
Силап ата тым заңды.

Ақын ініме

О, ақын інім, дұрыс қой өлең жазған,
Қаламды қолыңа алып мың толғанып.
Адамдықтан болмағасын ешпір азған,
Ақыным деп жүргесін қалқың нанып.

Отаным деп жүргесін тебіреніп,
Шабыттанып жүргесін жүрек жанып.
Азаматтық жүргесін ойға еніп,
Жырларыңды оқығасын айыз қанып.

Қиындықты әркезде жүрші жеңіп,
Білек түріп жырды жазып тектілікпен.
Отаным деп жүргесін тыныс кеңіп,
Шабыттанып мың толғанып естілікпен.

Нағыз ақын қалығым деп өмір сүрген,
Даналықпен адам жанын түсіне алып.
Тектілікпен тура жолмен әркез жүрген,
Ұрпағына жырыменен ойды салып.

Жарқынына болашақтың тым иланып,
Отанын гүлдепек боп салып барды.
Жүрмегесін сөзінен еш бір танып,
Азаматтық сақтай білген әркез де арды.

Нағыз ақын жырын жазып жалындайды,
Отанымен қалығын ойлағасын.
Жырын жазып бос қялға салынбайды,
Азамттық терең ойға бойлағасын.


Надандықты жүргесін әркез жерлеп,
Ұлы істерді жүргесін алып қолға.
Жырын жазып жүргесін әркез де ерлеп,
Тектілікпен түскесін тура жолға.

Нағыз ақын адамдықпен ой салады,
Азаматтық адамдық даналықпен.
Көз жұмсада соңында сөз қалады,
Даналықпен шыға біліп тек көңілден.

Жыр жазғасын барды сап отаным деп,
Даласындай болады іші де кең.
Азаматтық адамдықты жүрер үндеп,
Адамдыққа болмағасын ештеңе тең.

Қараулық қып жүрмейді күндеп мінеп,
Надандық қып жүрмегесін жанды шалып.
Адамдарға жүреді бақыт тілеп,
Азаматтық жүргесін ойды салып.

О, інім дұрысаққой ақындығың,
Кемшілікті жүргесін айтып көзге.
Қалығыңа сезіледі жақындығың,
Қызықтырмай өзіңді бос сөз өзге.



Ақын болу түсінгенге оңай емес,
Жыр жазып күніне мың толғанғасын.
Мәнсіз болса елің де ақын демес,
Ақынынан көңілдері тым қалғасын.

Сондықтанда жыр жазшы мақтайтындай,
Ақын деп жүргеннен соң сенім артып.
Зор сенімді болшы тек ақтайтындай,
Ақын жүгін әркез де өрге тартып.

Тектілікпен келесің ғой бос сөзге ермей,
Даналық қып өзіңді ұстай алып.
Мастанып жүрмегесін кеуде кермей,
Жас ұрпаққа келесің ойды салып.

Азамат боп құлашыңды шыңға серме,
Ақындықты көрсетіп талаптанып.
Тектілікпен бос сөзге еш бір ерме,
Жарқынына болашақтың әркез нанып.

Өзіңді мен емеспін мінейтұғын,
Ақын інім текті деп қолдағасын.
Ездерде бар таланттарды күндейтұғын,
Өмірде өзі ақын еш болмағасын.

Түсіріп сөйлейтұғын тек бағасын,
Таланттарды көре алмай іштарлықпен.
Әуелі силамайтын өз ағасын,
Адамдыққа қоймағасын ешқашан ден.

Мінейсің ғой көңіліңе толмағасын,
Тым басым болғаннансоң пенделігі.
Мың толғанып адамдық ой шолмағасын,
Ақыл ойдан болғасын кенделігі.

Тексіздігін өзінің білдіргесін,
Азаматтық қырынан көріне алмай.
Солайша надандық қып күлдіргесін,
Надандығы жүргесін ешпір қалмай.

Көп нәрсеге бұл күнде жетті көзім,
Ақсақал боп біраз жасқа мен келгесін.
Пенде де бар кеуде қағып дейтін «өзім»,
Дарындарға сезседе тең келмесін.

Байлық мансап алғасын әркез есін,
Жүредіғой әркезде сөйлеп бөсіп.
Қалығы да нағыз ер қайдан десін,
Азаматтық жүрмегесін көкей тесіп.

Жүректерді дұрыс қой түсінгенде,
Асылдардың жүргесін біліп сырын.
Отаным деп дұрыс қой ерлегенде,
Нағыз ерлер көрсеткен де ерлеп қырын.

О, ақын інім тектілерден үлгі алайық,
Азаматтық адамдықты ойға алып.
Азамат боп адам болып тек қалайық,
Жырды жазып ұрпаққа ойды салып.

Егеменді ел боғанда ұят болар,
Өркениетті елдерден жүрсек қалып.
Отанға арнап жыр жазайық көңіл толар,
Маңдайды да жүргесін терге малып.

Қалығың бар бағалайтын еңбегінді,
Толғанып көрсете алсаң ақындықты.
Көрсете алып тым жақсы сен тегінді,
Отан деген ақын болшы өте мықты.

Асылда бар адамдықты ұнататын,
Тексіздікпен жүрмегесін жолды кесіп.
Отаным деп даналықпен үн қататын,
Бос сөз сөйлеп жүрмегесін желдей есіп.

Адамдықтан жүрмегесін ешбір кетіп,
Ортасына сияды текті кісі.
Нағыз ерін жүргесін мақтан етіп,
Зор еңбегі ұмытылмас ұлы ісі.

О, ақын інім жаза бер жалтақтамай,
Ақындықпен ұрпаққа ойды салып.
Бос сөздерін кей ездің көңілге алмай,
Жырды жазып жүрегесін биікті алып.

Қалығың да азмат деп елегенде,
Ақын болып көріне бер биігіңнен.
Азамат боп дұрысқой ерлегенде,
Адамдықпен шыға біліп тек көңілден.

Бақ қонып ел болған да егеменді,
Озған елге тырысайық тез жетуге.
Барды салып жыр жазшы інім енді,
Отаның ды тек тырысып гүлдентуге.

Ардагерлер ер еді


Ардагерлер еді ерлеген,
Шөпті де шауып шалғымен,
Көк шалғынды жусатып,
Шалғыны еді сермеген.

Болғасын ер деп елеген,
Еді қатты терлеген.
Тырысқасын намысқа,
Жалқаулықты еді жерлеген.

Намысты еді бермеген.
Болғаннан соң ер деген,
Адалынан тек асты,
Болғаннан соң тек жеген.

Жалқаулықты еді сүймеген,
Шаруадан қолы тимеген.
Арбаға атты шегіп ап,
Маядай ғып шөпті тиген.

Күнге де еді күймеген,
Қабакты еді түймеген.
Асқақ ұстап кеудесін,
Болғасын басты имеген.



Арықты да шауып тазалап,
Азаматтық ой мазалап.
Ерліктерін тек көрсетті,
Болғасын бойда мол талап.

Жарқылдатып кетпенін,
Қолмен де көрдік еккенін.
Дөңгелегін тым майлап,
Өгізді де көрдік шеккенін.

Дәлелдеп ер екенін,
Тастамай туған мекенін.
Ер болғасын өмір де,
Ісіне көрдік бекемін.


Тастамай қолдан кетпенін,
Ерлікті көрдік еткенін.
Өсіре алып ұлмен қыз,
Арманға көрдік жеткенін.

Ұнатқасын еңбекті.
Түрлі өнімді тек екті.
Бола білді ізетті,
Болғаннан соң тым текті.

Ойлағасын елдікті,
Көрсете білді кеңдікті.
Мақтаса да мастанбай,
Сақтай білді теңдікті.

Бола білді тым текті.
Баса біліп желікті.
Ардагерлігін сақтады,
Көрсете біліп ерлікті.

Ойлады әркез бірлікті,
Шығармай ездей бүлікті.
Қызымет қып отанға,
Азаматтық істеп тірлікті.



Алмай ойға күдікті,
Болғасын жүрек тым түкті.
Ардагер боп әр кез де,
Көтерді әркез тек жүкті.

Тойлай да біліп жеңісті,
Атқара біліп ұлы істі.
Қабақтарын тек ашып,
Жылы ұстады тым түсті.

Көрсетпеді еш сесті,
Азаматтық көкей тым тесті.
Фашизмді де жеңе алып,
Айдардан самал тым есті.

Көрседағы бейнетті,
Атқара ерлеп міндетті.
Арқасын да еңбектің,
Арманға қолы тек жетті.

Ұрпағы да ерлік тек етті,
Қалқына бұрып тек бетті.
Қазақстанымның атағы,
Бұл күн де шырқап тек кетті.

Отаным менің өзгерді,
Ағызғасын ерлеп тым терді.
Гүлдендірді ұрпағы,
Байтақ дала тым жерді.

Көрсете алып шын ерді,
Ерлегенін көз көрді,
Астана бой көтеріп,
Далам да байтақ мал өрді.

Қазақстаным өсе бер,
Шыққаннан соң не бір ер
Құлпыртып далам түрленсін,
Гүлденгесін байтақ жер.

Қасқыр атқан Тиынов Оңғарғали аға

Малшылар бағатұғын отар малын,
Өр толқынды жағалап қараталын.
Құрықтарын сүйретіп итін ертіп,
Сұрап қойып бір бірінің жиі қалын.

Бағалап жүргеннен соң орман талын,
Сипап қойып тұлпарының мінген жалын.
Шалғынды көк орайлы туған жері,
Қалай ғана кетірсін суға салын.

Тас төбедей гүлденгесін тез ауылы,
Соққанменен қырды алмай еш дауылы.
Жалындап малды бағып жүргеннесоң,
Қалай ғана сыр берсін денсаулығы.

Қой соңын да жүретін төбеттері,
Анда санда естіліп зор үндері.
Қойшыларда қойларын қайыртқасын,
Мал соңында өткесін тек күндері.

Күзетумен өткесін тек түндері,
Өсе түсіп одан сайын тым жүндері.
Адалдығын қойшыларға көрсететін,
Бойларын да болмағасын еш міндері.

Маңдайынан малшылардың ағып тері,
Тым еленіп жүрмесе де еңбектері.
Мал бақса да қысы жазы ерлей біліп,
Отан деп соққанменен жүректері.

Ұзақты күн жүретұғын ат үстінде
Ат үстінде көретіндей тек түсінде
Табандылық көрсететін ер болғасын,
Шалалық болмағасын еш ісінде.

Адамдық қып көрмеуші едік өзгергенін,
Жыр еткесін әңгіме қып тек көргенін.
Барды салып баққасын отар малын,
Аман сау қалайтындай тек өргенін.

Отар малы тойынып ет алғасын,
Аман сау сақтамақ боп малдың басын.
Күз болғанда сары құмға көшетұғын,
Қыста өзі жақындап тым қалғасын.

Шағылды сары құмды қыстайтұғын,
Боранынан дауылынан бұқпайтұғын.
Шеттерінен барлығы ер болғасын,
Қорқуыңды үркуіңді ұқпайтұғын.

Дауылымен құм аязы бетті қарып,
Аш қасқырлар аңдыған малды жарып.
Құм аязы сорғасын мал біткенді,
Зор күтіммен баққанмен малдар арып.

Оңғарғали ағамызда қойын бағып,
Қойларының құлағына сырға тағып.
Жас кезінен еңбекпен шыңдалғасын,
Ер болғасын жүрмейтін мұңды шағып.

Тектілікпен сөилемейтін бос лағып,
Асылдықпен жүрмейтін кеу де қағып.
Адамдығын сақтай алып жүретұғын,
Еңбегімен жүргесін көпке жағып.

Тұлпарымен отар малын қайыратын,
Орғытып астындағы қасқа атын.
Өзге отарға кей малы қосылғанмен,
Зеректікпен тез арадақ айыратын.

Отарымен жүретұғын құмды жайлап,
Бес қаруын сақтық қып алып сайлап.
Малын бағып ерлік қып жүретұғын,
Ездік қылып жүрмегесін бақты байлап.

Шағылды сары құмды қыстайтұғын,
Арланды да қақпанмен ұстайтұғын.
Тым қаптап тұз тағысы жүргенменен,
Арланнанда қорқуыңды ұқпайтұғын.

Солайша ерлік іске бастайтұғын,
Ер болғасын қиындықтан саспайтұғын.
Ата кәсіп болғасын мал бағуда,
Құрықтарын емес еді тастайтұғын.

Түз тағысы қасқырғада қақпан салып,
Сойылымен жүретұғын ұрып алып.
Ер болғасын жүрмейтін қорқып бұғып,
Ездік қылып жатпайтын үиде омалып.

Көзін жойып сан қасқырдың ісі оңалып,
Отар малды жүргесін қанға малып.
Аңшылықтың ерлігінің арқасында,
Сан қойларын жүргесін алып қалып.

Сан арландар біліпті құтылмасын,
Ерлігі асса қалайша тұтылмасын.
Оңғарғали ағамызда аямапты,
Отарына жиі шапқан қасқыр қасын.

Қорқаулықпен көрмегесін көздің жасын,
Қансыздықпен қалайша таң қылмасын.
Өзі жыртқыш болғасын тым айлалы,
Малды жарып тапқасын оңай асын.

Бір арлан тым торыпты өшіккендей,
Нағыз ерді күлкі мазақ тек еткендей.
Шапқанменен отар малға жолы болмай,
Қорқаулығы зұлымдығы еш кеткендей.

Ойына емес екен еш жеткендей,
Жүргенменен ерлігін үлгі еткендей.
Жиі-жиі малына шапқанменен,
Өзінен болған екен қыр кеткендей.

Қорқау екен сан малдың ішін жарған,
Зор болғасын батылдыққа әркез барған.
Айлакер қорқаулықтың арқасында,
Жоны тайып емес екен еш арыған.

Арлан екен малды қырып сан жылатқан,
Тым қызарған көздері көргенде қан.
Арқалапта саулықтарды тек әкетіп,
Тізесі батқан екен ерлерге сан.

Қорқаулығы малшыларға екен батқан,
Қорқаулықпен болғасын қанды татқан.
Отар малға жүргесін жиі шауып,
Жыртқыштығын жүргесін етіп мақтан.

Арлан қасқыр жүрген екен түсіп көзге,
Құлақ аспай қой деген айтқан сөзге.
Арсыздықпен отарға жиі шауып,
Құм шағылда отар малдар жоқтай өзге.

Нағыз ермен жүрген екен арбасқандай,
Жүргендей ақ айласы тым асқандай.
Қора торып айлы түнде тым ұлыпты,
Мысы да қорқаулықпен тым басқандай.

Қорқаулығын жүрген екен жөн көргендей,
Қорқаулықтан емес екен өзгергендей.
Бойында да жүргесін күші тасып,
Қыр көрсетіп жүрген екен мен дегендей.

Батыр ермен түспек боп шын айқасқа,
Малшыларды таппағандай өзге басқа.
Сан айрылып беделден жүрседағы,
Қорқаулықпен қызығып дайын асқа.

Ағамызда деген екен ер болсаң кел,
Қорқаулармен қалайша болады ел.
Арланнан құтылмақ боп өшті алып,
Шаруадан жүрседағы босамай бел.

Шаншудай боп арланда қадалыпты,
Нағыз ерге көрсеткендей бөрі алыпты.
Ағамызда қақпанға түсіре алмай,
Айласына арланның таң қалыпты.

Құрғанменен қақпанғада ешбір түспей,
Болған екен бар айласы бекер істей.
Ағамыздың айласы таусылыпты,
Күндер өтіп жатыпты көрген түстей.

Пайдаланып қалмақ бопты қан сонарды,
Ізге түсіп құртпақ боп салып барды.
Қорасын жағалаған ізді көріп,
Ор қылған тайдай тұяқ омбы қарды.

Тайдай ізін көріпті түскен анық,
Зорлығына болыпты мүлдем қанық.
Үрейленіп қалыпты ізді көріп,
Болмағасын тым сонша қуанарлық.

Қорқаулығын болмасада сөз қыларлық,
Әбестігін емес екен еш ұғарлық.
Нағыз ердің өзінде басыныпты,
Қорқаулықпен емес екен еш бұғарлық.

Ер қойшыға көрсеткендей тым іш тарлық,
Қорқаулығы болмасада еш құптарлық.
Сан қандасын өзінің құртқаннансоң,
Сарқа жұмсап жүргендей күшін барлық.

Ер қойшымен жүрген екен арбасқандай,
Аяғын да сондықтан сақ басқандай.
Құрғанменен қақпанға еш түспепті,
Айласыда жүргесін тек асқандай.

Қан сонарда ізін барлап көріп алып,
Қорқауға жүргенненсоң қатты налып.
Толғанып тұрған екен жоспар құрып,
Жортқан ізге сұқтанғандай көзді салып.

Алдырмасын білгесін оңайлықпен,
Аяғында жүрген екен басып еппен.
Қанша айлалы сұм қасқыр болсадағы,
Соғамын деп қасқырды мазақ еткен.

Малды жарып жүргесін қасқыр қоймай,
Өзі тойып жүрсе де көзі тоймай.
Арлан қасқыр жүргесін мал шығындап,
Деген екен болмас деп көзін жоймай.

Қақпанды салған екен тым ұқыппен,
Ер болғасын ерлікке тым қойып ден.
Шаруаға жас кезінен ысылғасын,
Құтылмайсың дегендей шын енді сен.

Биігінен күнде жылжып барып батып,
Күзеткесін ұйықтасын қайтып қатып.
Қақпанға арлан қасқыр түскенненсоң,
Бұл итті аламын деп барып атып.

Деген екен бұл итте кегім кетті,
Мазағың дегендей боп енді жетті.
Исі аңқыған балғын етті қойған екен,
Зор қақпанның астына салып етті.

Қан сонарда түскесін анық іздер,
Ездік қылып қалайша күдерді үзер.
Қақпан салып алғасын машықтанып,
Бос дәме етіп қалайша көзді сүзер.

Құрған екен қақпанын тым зор ізге,
Қонақ болып жүрсің деп жиі бізге.
Шынжырына қақпанның томар байлап,
Құқайды көрсетпек боп көргенсізге.

Тым торып жүргеннен соң отар малын,
Күжірейтіп жүргесін әркез жалын.
Құрғанменен қақпанға ешпір түспей,
Кетіргендей жүргесін суға салын.

Қылығы жүргеннен соң жанға батып,
Отарына жүргесін көзін сатып.
Тым келіп жүрген екен ашу ыза,
Дәндегесін дәмді еттің дәмін татып.

Тез арадақ жарқырап таңда атып,
Беті қолды жуып алып дәмнен татып.
Торығасын мал күзетіп шаршаса да,
Қалай ғана тынықсын ұиықтап қатып.

Мылтығын ап шыққан екен түие мініп,
Зор қасқырдың қауіптісін жақсы біліп.
Жаны ашып жеңгейдің де айтқан сөзін,
Шыққан екен ер болғасын құлаққа іліп.

Өз орнын да көрінбепті қақпан салған,
Арлан қасқыр сүйреткендей қанға малған.
Тайдай ізден ағамыз тез таныпты,
Зор арланды көптен бері мазаны алған.


Сөйлемейтін болғасын өтірік жалған,
Зор арланнан екен тым көңіл қалған.
Ер қойшы ізге қарап жобалапты,
Бір таса да жатыр деп шаршап талған.

Зор қақпанды сүйреткесін томарымен,
Ер қойшыға дегендей арланмын мен.
Қақпан салып құлығыңды асырсаң да,
Ала алмайсың дегендей жанымды сен.

Күндіз түні жортқасын дала да ен,
Искелеп із біткенге қойғасын ден.
Түиені де жегесін айласы асып,
Көз қанталап жүргесін өскендей шен.

Қақпанға түскендігін көңілге алып,
Томарымен сүйретіпті барды салып,
Тайдай ізі құмға түсіп баттыиыпты,
Ізге қарап келе атыпты тым таң қалып.

Түскен ізден білініп тым зорлығы,
Отар малға көп болғасын озбырлығы.
Зығырданын қайнатып келе атыпты,
Зор қасқырдың өткесін тым қорлығы.



Зор қасқырға кеткесін сан ұпайы,
Отар малға шапқасын тым ұдайы.
Мұрттарын қалай жүрсін тым ширатып,
Қалай жақсы болады қойшы жайы.

Кете алмасы сезіліпті тым ұзаққа,
Қорқаулықты көрсеткесін жүрегі аққа.
Құтылмақ боп қақпанды сүйреткенмен,
Түстің депті осы күиге біздің баққа.

Барды салып таңданыпты сүйреткені,
Ерлігіне өзінің тәнті еткені.
Томарды қақпанымен сүйреткенмен,
Арланнан да сезіліпті қыр кеткені.


Тісті қақпан сирағына қатты батып,
Демалыпты кей жер де алып жатып.
Тым ұзаққа бармасын білгеннен соң,
Құртамын деген екен көздеп атып.

Зор ізден келе атыпты көзін алмай,
Қоймаймын деп бұл итті қанға малмай.
Томарымен қақпанды сүйреткенмен,
Атанымен келе атыпты соңнан қалмай.

Атанымен келе атыпты ізге түсіп,
Бет ауызы кетердей боп қатты үсіп.
Түйе үстінде келе атыпты тісін қайрап,
Мал жарғасын зор қасқыр ісіп пісіп.

Көз алдыға елестеп бала шағы,
Асыр салып ашылғасын әркез бағы.
Ата ананың арқасын да бәрі дайын,
Жалындап өскеннен соң сынбай сағы.

Далаға да жүргені зорға сиып,
Шаттығын жүрмегесін шпір тиып.
Ыза болып зор қасқырға келе атқанмен,
Балалығын еске алмас кімдер қиып.



Ен дала да қуалап көбелекті,
Еткендей боп жүргені зор еңбекті.
Ұстамақ боп жүргенмен жете алмай,
Көбелекке жібергені талай кекті.

Қан сонардың тиген екен зор пайдасы,
Арланның мол болса да тым айласы.
Сезілгендей болған екен құтылмасы.
Дұмалап жүргенменен өрге тасы

Аппақ қардың үстінде ізі сайрап,
Томарды да сүйреткесін тісін қайрап.
Салғанында малдарға тым ауызды,
Қаны ағып жататұғын жерде жайрап.


Ізге түсіп арқасын да жауған қардың,
Қорлығы өткеннен соң қасқырлардың.
Түскен екен өзгеде үлкен іздер,
Жортқандығы көрініпті түрлі аңдардың.

Зор томарды кетіпті сүйреп ұзап,
Түскендігін қорқаулықпен көңілге ап.
Қақпанға түсседағы арлан қасқыр,
Зор томарды сүйретіпті ерлікке сап.

Құтылмақ боп тағыда тауып ебін,
Отар малдың бұзғасын талай шебін.
Қақпанға тісі өткір түскенненсоң,
Сүйреткенмен мүсәпірдің киіп кебін.

Ашу қысып шоқ болып көзі жанып,
Қақпанға түскенненсоң есі танып.
Күші азайып кейбір кезде тәлтіректеп,
Малды жарып жүргенмен қанға қанып.

Сондадағы ашу қысып күшін жиып,
Ұлығанын түніменен мүлдем тиып.
Қан аққан сирақтыда жиі жалап,
Кетпек болып сирақты тістеп қиып.



Тұмсық басы қар болып аяз қарып,
Зор томарды сүйреткенмен құмды жарып.
Құтылмақ болғанменен түн жамылып,
Кеткендей болған екен жол ұзарып.

Шөлдегесін ұлпа қардан асап алып,
Сүйреткесін денені терге малып.
Зор қақпанды сүйретіп келе атыпты,
Шаршағасын арасын да жата қалып.

Гүрілдеген болсадағы дауысы зор,
Тілеп алып қорқаулықпен басқа тым сор.
Тісті қақпан сираққа да батқаннан соң,
Дегенменен қалған екен болып тым қор.

Кезі өтіп құм шағылда сайрандаған,
Малды тартып тойып алып жайраңдаған.
Зор қақпанға түскесін бағы тайып,
Кезі өтіп арланмын деп тайраңдаған.

Сезгендей боп ажалды жақын қалған,
Тура келсе болғасын жанды алған.
Елестетіп көзіне өткен күнін,
Кезіккенді болғасын қанға малған.

Тісін қайрап кек алмақ боп екен жатқан,
Қақпан құрып айырғасын қонған бақтан.
Сирақтан аққан қанды жалап қойып,
Қорқаулықпен өз қанын да екен татқан.

Өткір дүзі қақпанның екен батқан,
Ерлігін жүргенменен етіп мақтан.
Қандастары қасында көрінбепті,
Сяқты боп іс түскен де өзін сатқан.

Іс түскен де қасынан бірін таппай,
Бұрынғыдай қалғасын таңы атпай.
Қақпан түсіп сорлағасын қыр кеткесін,
Қалғандай боп қандастары тым ұнатпай.

Кей қандасы достықтан да айнығасын,
Қауптеніп ойлағасын қара басын.
Сезгендей боп жатқан екен аңғалдығын,
Бұл қылықты қалайша кек қылмасын.

Көздері жатқан екен отты шашып,
Қандастары кеткесін сатып қашып.
Іс түскен де көмек қолын созбағасын,
Қандасым деп келмегесін жаны ашып.

Кей сырларды болған екен сезінгендей,
Қорқаулықтан болмаса да безінгендей.
Қорқаулықты көрсеткесін қандасқа да,
Ет жүрегі болмағасын езілгендей.


Топ жусан да қасқырды тым жасырып,
Зор қасқыр да тығылғасын тым бас ұрып.
Қақпанның өткір дүзі батқаннан соң,
Қыңсылапта жатқан екен діңке құрып.

Ызғар желмен жусан басы тербетіліп,
Өскенненсоң жаз бойы тым жетіліп.
Қалың жусан ішін де жатсадағы,
Уілі де боранның тым естіліп.

Жатқан екен жан жағына тым тесіліп,
Қалғандай боп жолыда тым кесіліп.
Тұз тағысы болғасын өте тым сақ,
Жатқан екен қауіпті сезіп біліп.

Арлан қасқыр алса да тым бекініп,
Қахарына алғандай боп тымақ мініп.
Зор қақпанға түскенін білгеннен соң,
Ызғар желде соққандай боп тым ерсініп.

Соққан екен ызғарымен бетті қарып,
Одан сайын батылдыққа сон да барып.
Өзңе осы керек дегендей боп,
Қалғандай боп тым қатты қолы ұзарып.



Одан сайын соққан екен ерлегендей,
Қорқаулығын білгесін жерлегендей.
Кәріпшілік басына түскеннен соң,
Зор қсқырды емес екен ер дегендей.

Гүрілін де емес екен елегендей,
Мазақ қылар сәтте өзі тым келгендей.
Арлан қасқыр қанды көп шашқаннан соң,
Емес екен тым жебеп желегендей.

Қасқырдан қыр кеткенін жақсы біліп,
Соққандай болған екен ез деп күліп.
Бейшаралық тым түрін көргенненсоң,
Бұрынғыдай қайдан соқсын көзге іліп.

Бой тасалап ну жусанда жатқанменен,
Алғандай боп мәңгілікке етіп мекен.
Басына қорқаулықпен бәле тілеп,
Құтыла алмай зор қақпаннан есі кеткен.

Қандастары бермегесін қол үшін де,
Кегі қайнап жатқандай боп тым ішін де.
Томарменен қақпанды сүйреткесін,
Сүйретіп азайғасын мол күші де.

Болат қақпан қырын да тым алғандай,
Жаралысы өзіне ой салғандай.
Көз қанталап қабақ түйіп жатқан екен,
Ер қойшыдан көңілі тым қалғандай.

Ағамыз да келе атыпты түйе үстінде,
Азаматтық болғасын тек ісінде.
Мылтығына атпақ болып оқты сапты,
Сақтықты да сақтағасын тек есін де.

Түскен ізден білінгесін тым зорлығы,
Малшыларға батқасын тым қорлығы.
Ер ағамыз тым қатты толаныпты,
Іш тартқызып қорқаулығы озбырлығы.

Жақсылықты тілегенмен кәрі жасқа,
Тәбеті де еш болмай таңғы асқа.
Қалшылдатып ашуы да тым қысыпты,
Амалы болмағасын ешпір басқа.

Ізге түсіп келе атқасын жоспар құрып,
Азаматтық жүргесін сөзде тұрып.
Алған беттен қалайша қайтып қайтсын,
Құртамын дегеннен соң атып ұрып.

Атан түие табаны тайғанақтап,
Зор сенімді жүргенмен әркез ақтап.
Жүрегі бір бәлені сезгендей боп,
Келе атыпты түие де тым бақылдап.

Зор қақпанды көріпті сүйреткенін,
Ерлігіне өзінің тәнті еткенін.
Қақпанды томарменен қоса сүйреп,
Алысқа ұзап сезіпті тым кеткенін.

Қайдан қалсын арланнан түиесімен,
Сескенбей жүргенненсоң еш сесінен.
Ізге түсіп топ жусанға жеткен екен,
Сақтықты да шығармай еш есінен.

Топ жусанның ішін де көзі жанып,
Гүрілдеп жатқан екен ызаланып.
Қансырап жатқандай боп көрініпті,
Сақтығын жоғалтсын деп көріп нанып.

Қақпаннан құтыла алмай еш амалдап,
Топ жусанға жеткенмен жанын жалдап.
Отар малға жүргенмен жиі шауып,
Құтылып кеткен менен малшыны алдап.

Арландыққа сенгенмен тым тісіне,
Күйінгендей мүсәпірлік бұл күйіне.
Ыза болып ырылдап жатқан екен,
Тәубесі түскендей боп тым есіне.

Болат қақпан мән бермей еш сесіне,
Көз жеткізіп бостандықты бермесіне.
Сарт ете қап сирақтан түскеннен соң,
Көз жеткізіп қорқаулықтың келмесіне.

Жатқан жерін жатқан екен қазып ойып,
Шаршағасын жүруді мүлдем қойып.
Қарны ашқасын ішегі де тым шұрылдап,
Малды жарып жүретұғын алып тойып.

Қарап қойып қақпанмен зор томарға,
Құлақ аспай түскесін ешпір зарға.
Гүрілдеп намыс қысып жатқан екен,
Тигендей боп зор қақпан тымақ арға.

Айла таппай қос бәледен құтыларға,
Жем қыларын білгесін құзғын қарға.
Сүйреткесін томарды қоса бірге,
Үш аяқпен сүйреткесін өзін зорға.

Тез арадақ айналғандай арлан қорға,
Қақпан томар түсірердей терең орға.
Үш аяқпен мүгедектік күн кештіріп,
Айналғандай болат қақпан нағыз сорға.

Зорыққасын жатқан екен буы шығып,
Бой тасалап топ жұсанға алып бұғып.
Көз қызарып жатқан екен тым сұстанып,
Ажалдың да жақындығын жақсы ұғып.

Түіе үркіпті арланның гүрілінен,
Зорлығымен болғасын көзге ілінген.
Ашу қысып көзі тым қызарғасын,
Арланның қауіптісі тым білінген.

Ашу қысып жатқан екен кел дегендей,
Арландықпен жүргесін еленгендей.
Аңғалдықпен қақпанға түскенменен,
Өз күші не жатқан екен тым сенгендей.

Ағамызда жүргесін ерлегендей,
Шыңға құлаш жүргесін сермегендей.
Арланның көргенменен қорқаулығын,
Емес екен қатты сесін елегендей.

Көзді қадап бір бірімен арбасыпты,
Күштері де бойдағы тым тасыпты.
Шегінбестен бір бірімен тым арбасып,
Ерліктері бір бірінен тым асыпты.

Гүрілдеп қасқыр сонда атылыпты,
Қорқаулықпен көрсеткесін жат қылықты.
Малды жарып көрсеткесін қансыздықты,
Атылып кеп етекке жармасыпты.


Қақпанменен томарды бұиым көрмей,
Атылмаса қалатындай ісі өнбей.
Малды жарып жүргесін қанға малып,
Қорқаулығын көргесін әркез жөндей.

Қаны аққан сираққа да көңіл бөлмей,
Болат қақпан түссе де ешпір көнбей.
Екі көзі қанталап тым қызарып,
Қорқаулықпен жүргесін маза бермей.

Етекке ауыз сапты тісі ақсиып,
Қорқаулықпен кетпек боп жанды қиып.
Қалың жусан ішін де тыныққасын,
Көз қызарып бойына күшті жиып.

Қорқаулығын қалай ғана жүрсін тиып,
Қалай ғана тыңдасын сөзді ұиып.
Қанын басқа көтергесін ыза кегі,
Қорқаулығы қалай жатсын ішке сиып.

Қорқаулықпен жұтпақ боп ердің басын,
Атылыпты көргендей боп нағыз қасын.
Тұмсықты жүргенненсоң қанға малып,
Арлан қасқыр қалайша атылмасын.



Құм шағылда жүргесін жортып ұлып,
Атылыпты ерлігімен тым таң қылып.
Дәл шекеден көздегесін ұшқан екен,
Тон етегін кеткен мен арлан жұлып.

Нағыз ер де кеткендей боп сан ұпайы,
Отар малға шапқасын тек ұдайы.
Қалай ғана ер қойшыға атылмасын,
Толғандырмай жүргесін қойшы жайы.

Шолтырайып қалған екен тон етегі,
Атылғасын кеткендей ерде кегі.
Үлгеріп шекесінен дәл көздепті,
Ағамыздың болғасын батыр тегі.

Толғандырып ұрпақтың да келешегі,
Зор арланға болмағасын берешегі.
Дәл тигізіп арланды сұлатқасын,
Қайтқандай болған екен кеткен кегі.

Тайдай болып жатқан екен арлан сұлап,
Атылғанмен биігінен сон да құлап.
Ішке кірмей сан малшыны жылатқаны,
Көздерінен жүрсе де жасын бұлап.

Жатқан екен шекеден ағып қаны,
Кеткеннен соң денеден шығып жаны.
Мәңгілікке қалғасын жүрек тоқтап,
Қызыл қанға тиылып қызыққаны.

Қисайып бір жағына тым зор басы,
Дұмаламай жатқасын өрге тасы.
Малын жарып малшылар ды жылатқасын,
Зор арланды жібермепті көздің жасы.

Көз жұмылып жатқан екен мәңгілікке,
Атылып салғанменен тым ерлікке.
Дәл шекеден қызыл қаны тым сорғалап,
Түкті жүрек кездескесін ер жігітке.

Атылғанда ағамызда дәл үлгерген,
Сақтықпенен әдейі түие мінген.
Сақтықты да жоғалтпай ер болғасын,
Арланның қауіптісін жақсы білген.

Нағыз ер болғаннансоң елі сенген,
Азаматтық әркезде ойға енген.
Арлан қасқыр нағыз ерден құтылмапты,
Ағамыз болғаннансоң нағыз мерген.

Зор арланға солайша ажал жетіп,
Жатқан екен денеден жаны кетіп.
Бір оқпенен арланды сұлатқасын,
Оңғарғали ағамыз ерлік етіп.

Тыңдағандай жатқан екен сөзді ұйып,
Құлаққа алғандай боп сөзді құиып.
Азу тісін тым сайлап атылғанмен,
Кетпекші боп көз қызарып жанды қиып.

Қорқаулықты жүрмегесін ешпір тиып,
Қорқау үшін жүргендей малды жиып.
Отар малға еш маза бермегесін,
Далаға да қалай ғана жүрсін сиып.

Шөгеріп түскен екен түиесінен,
Азаматтық кетпегесін еш есінен.
Көздері де қанталап ашуменен,
Маңдайменен тері ағып денесінен.

Жарқырап тұрғаннансоң күні шығып,
Ерліктің де керектігін жақсы ұғып.
Азаматтық зор жауапты білгеннен соң,
Ер болғасын қалай ғана жүрсін бұғып.

Денесінен тұрған екен жүк түскендей,
Азаматтық жүргесін ойға енгендей.
Күнге қарап тұрған екен тым шат болып,
Жарқынына болашақтың тым сенгендей.

Будақтатып тұрған екен махоркысын,
Арланның басқаннансоң ерлеп мысын.
Тұрған екен кең тыныстап демді алып,
Ерлік етіп тындырғасын ер жұмысын.

Дұрыс деп ұққаннансоң тым мұнысын,
Болғаннансоң ата алмаса ерлерге сын.
Отаны үшін жүргесін барды сапып,
Дүзеуді де ойлағасын ел тұрмысын,

Ерлік істің білгесін тым дұрысын.
Ер болғасын елемей құмның қысын,
Махорканы саусағына қатты қысып,
Саусағына жұқтырса да улы ысын.


Махоркысын тұрған екен будақтатып,
Дәл шекеден арланды көздеп атып.
Малды жарып жүргесін қорқаулықпен,
Қорқаулығы жүргесін жанға батып.

Семірген деп көзіне түскенді жеп,
Қорқаулықпен осы күйге сен түстің деп.
Елі де жүргенненсоң сенімді артып,
Зор саусағы тұрған екен сәл дірілдеп.

Қорқауға жүрсін кімнің іші жылып,
Жүрген жерін жүргесін тек қан қылып.
Оңғарғали ағамыз кездігін ап,
Терісін алған екен тез ақ сылып.

Шат болып қайтқан екен боп олжалы,
Қорқаудан құтылғасын отар малы.
Өңгергесін зор қасқыр салақтапты,
Бақилық боп күжіреймей арлан жалы.

Құйрығы тиген екен сон да жерге,
Қашқанменен малынып қара терге.
Өңгергесін салақтап зор болса да,
Кездескесін өзі батыр нағыз ерге.



Қорқаулардың құртқан екен атып санын,
Отар малдың ағызғасын судай қанын.
Ата алмай жүргеннен соң арланды ешкім,
Арланның да алған екен сонда жанын.

Арланның тым сезгесін қауіптісін,
Батырғасын қанды шашып малға тісін.
Маңындағы мал баққан кеи машылар,
Ағамыздың жиі айтушы ед ерлік ісін.

Ерлігі кетіп еді тез-ақ тарап,
Ағамыз арланды атып сон да жарап.
Көздерін жыртқыштардың тек жойғасын,
Малына жүргенненсоң жақсы қарап.

Ерлік ісі ағамыздың көпті таңғып,
Жүрген жерін жүрген де арлан қан ғып.
Кей қойшылар қалғандай ед тыныс алып,
Қақпан салып алғасын арланды аңдып..

Қанға малып жүргесін әркез маңын,
Қорқаулардың сақтағандай әркез заңын.
Арлан қасқыр бақилық болған екен,
Қорқаулықпен атырғанмен әркез таңын.

Көрген ерлер жүруші еді жиі айтып,
Ерлігімен жүрмегесін еш мұңайтып.
Сан жыртқыштың көздерін жойғаннан соң,
Батырлығын ұмытсын елі қайтып.

Ұрпақтары ұмытпайды ерліктерін,
Отанына сіңіргесін еңбектерін.
Ер еді деп ерліктерін еске алады,
Отан деген түкті жүрек нағыз ерін.

**Кенже қызым Гүлжан Астананы
аралатқандағы толғаныс**

О, Гүлжаным оқып жүрсің Астанада,
Басыңда бар болғасын баспана да.
Ұл-қызы білімді боп шыңды алса,
Шаттанып қуанады ата-анада.

Тым биіктеп өскесін ой сана да,
Көп оқыған өмір де тек дана да.
Білімді боп Отаныңды гүлдетуді,
Даналық қып өмірде тым арманда.

Білім алсаң білім де тек көзіңді ашар,
Күн күлімдеп биігінен нұрын шашар.
Гүлдетуге тырыссаң Отаныңды,
Бақ пен ырыс өзіңнен қайда қашар.

Ерлей алып білімділер шыңнан асар,
Азаматтық көрсетіп ерлік жасар.
Білімді боп жүргесін биікті алып,
Ерлегесін қиындықтан қайтып сасар.

Білімді алып сезіледі бой жеткенің,
Астанаңдай ғажап қала боп мекенің.
Оқуыңды бітіргесін Отаныңа,
Дұрыс-ақ қой қызметті тек еткенің.

Зор сенімді дұрыс қой ақтағаның,
Кеуде қағып болмағасын мақтанғаның.
Астанаңдай қалаңды тым қадірлеп,
Адамдықты бойға дұрыс сақтағаның.

Азаматтық адамдыққа көңіл бөліп,
Көңіл бөлсең жүреді ісің өніп.
Төзімді боп әркезде шыңды алғын,
Надандыққа жүрмегесін ешбір көніп.

Сан түрлі зәулім үйлер бой көтеріп,
Астанамыз кетіпті ғой тым өзгеріп.
Кеудеміз одан сайын көтерілді,
Қуандық қой әсемдігін көзбен көріп.

Астанама қарадым ғой мақтан етіп,
Зор табысқа жүргесін қолым жетіп.
Егемендік алғасын бақыт қонып,
Қалай ғана жүреді қырым кетіп.

Арманым жоқ Астанамды аралаттың,
Аралатып ата-анаңа даралаттың.
Зәулім үйлер бой көтеріп салыныпты,
Астанаң жас қалаң ғой тым қымбаттың.

Бар болғасын адамдық бойда таным,
Азаматтық ұялады бойға наным.
Астанамды көзіммен көргеннен соң,
Жай тапқандай болды ғой менің жаным.

Отаныма жүргесін бұрып қаным,
Одан сайын атқандай болды таңым.
Егемендік алғасын бақыт қонып,
Көз ашылып бұл күнде көп ұққаным.

Қазағымның сезіледі ерлегені,
Отаршылдық саясатты жерлегені.
Астанадай қала салып тым ғажайып,
Шыңға құлаш сезіледі сермегені.

Ерлей алып қолдан намыс бермегені,
Бос сөздерге тектілікпен ермегені.
Азаматтық адамдығын сақтай алды,
Адамдықтан болмағасын өзгергені.

Текті қалқым ерліктерін көрсете алып,
Астанадай ерледі қала салып.
Егеменді ел болғасын білек түріп,
Маңдайды жүргеннен соң терге малып.

Сөз ету де ұятқой көзің жетпей,
Азаматтық жүргенде бойдан кетпей.
Астананың ғажабына көз жеткесін,
Қалай ғана жүрерсің мақтан етпей.

Астанамды көргесін рухтанып,
Жарқынына болашақтың мүлдем нанып.
Ер қазағым ел болып шыңды алғасын,
Одан сайын жүрдім ғой намыс жанып.

Текті халқым өткергесін небір сынды,
Егеменді ел болып алдық шыңды.
Егеменді елдікке не жетеді,
Игеріп те жатқасын ерлеп тыңды.

Егеменді елдігіміз әркез құнды.
Ер қазағым біледі жақсы мұны.
Білек түріп Отанды гүлдеткесін,
Ұлы елдіктің түседі қайтып құны.

Әлем де тым көз тікті Астанаға,
Ұлан байтақ, жазиралы кең далаға.
Аралап бұл күндері қызығуда.
Астанадай бой көтерген жас қалаға.

Жетті ғой қолымыз да тым арманға,
Бақыт пенен шаттық тілеп барлық жанға.
Ұстаздардай жүрдің ғой таныстырып,
Азаматтық ой түйдіріп тым санаға.

Тым қымбат болғаннан соң ата-ана,
Биіктесін дегесін тек ой-сана.
Білімді боп жақсылықты ойлайдығой,
Ата-ананың ұл-қызы болса дана.

Тамашалап жүрдік қой соңыңа еріп,
Ат-ана боп жүргенмен ақыл беріп.
Таңданғаннан ауыз да тым ашылып,
Рухтанып жүрдік қой кеуде керіп.

Астанамды жүргесін ұстап бетке,
Аралайтын ие болып мүмкіндікке.
Отанды ойлап, тебіреніп жыр жазғасын,
Зор жауап жүктелгесін ер жігітке.

Көруді жүруші едік тым арман қып,
Көзбен көріп қалды ғой құмар қанып.
Зәулім үйлер тым қатты көз тартқасын.
Жарқынына болашақтың мүлдем нанып.

Жалындап одан сайын жүрек жанып,
Азаматтық жүрмегесін сөзден танып.
Егеменді ел болған жетістікке,
Жүргеннен соң әлем де тым тамсанып.

Ғажап қала руқымды көтергендей,
Астанамыз тез арада-ақ өзгергендей.
Ауасы да болғасын өте таза,
Тынысыңды кеңейтіп дем бергендей.

Зор бақытқа қолымыз тым жеткендей,
Атағы да шыңға шырқап тек кеткендей.
Бізден де өзге меймандар тым аралап,
Көркіменен бәрінде тәнті еткендей.

Анаң менен екеуміз соңнан қалмай,
Астананы араладық бір дем алмай.
Әлем де өзі Астанаға көз тіккесін,
Көркіменен қалай тұрсын ойды салмай.

Бәйтеректен көз салдық айналаға,
Жусан исі аңқыған кең далаға.
Толғанып тебіреніп тым тұрдық қой,
Көзді салып даламенен жас қалаға.

Тұрғаннан соң ұқсап та жас балаға,
Ұқсамай жүргеннен соң іші алаға.
Ғажаптығын даланың да көзбен көріп,
Көзді салдық суға толы сай салаға.

Айналаға тұрдық қой көзді салып,
Далам менен қаламнан рух алып.
Көркейіп одан сайын гүлденгесін,
Әлем де өзі жүргесін тым таң қалып.

Мың толғанып тұрдым ғой толғаныста,
Көз жеткесін шаттанып зор табысқа.
Астанадай әсем қалам бар болғасын,
Қалай ғана болады қолым қысқа.

Астанама көз салып тебірендім,
Рухтанып ғажап бір ойға ендім.
Далама да тебіреніп көз салғасын,
Жарқынына болашақтың мүлдем сендім.

Мен де неткен тым өзі бақытты едім,
Ғажап қалам Астанам тек өс дедім.
Егеменді ел болғасын бақыт қонып,
Отанымның, ұрпағымның қамын жедім.


Толғанғасын ісін істеп кемеңгердің,
Ойлайтыны ұлы елдікқой нағыз ердің.
Бәйтеректің басынан көз салғасын,
Кеңдігін де, ұлан байтақ көрдім жердің.

Көк жүзінде қалықтады ой-қиялым,
Одан сайын жақсарып менің қалым.
Астананың көркейгенін көргеннен соң,
Қалай ғана кетеді суға салым.

Астанамның ғажаптығын көрді көзім,
Тым бақытты сезініп тұрдым өзім.
Ер қазағым қиындыққа төзе білген,
Шыңдарды алдық бұл күнде жеңіп төзім.

Басында ұзақ тұрдым бәйтеректің,
Жарқындығын білгесін келешектің.
Астанам тез арада-ақ гүлденгесін,
Арқасы деп бәрі де зор еңбектің.

Астананың қуантты тым гүлденгені,
Гүлденгесін тым ғажап түрге енгені.
Әлемнің де жүргесін көңілі толып,
Ер халқымның білінеді ерлегені.



Астанамды аралап болды жолым,
Одан сайын ұзарғандай болды қолым.
Тым шат болып жүрдім ғой көшесінде,
Зәулім үйлер болғасын оң мен солым.

Ел басымыз көрсеткесін көрегендік,
Астанадай қала салып, көрсетті ерлік.
Ұлы халқын келеді адастырмай,
Даналықты көрсетіп кемеңгерлік.

Қазақ елін сан елдермен теңегесін,
Бұрынғыдан өрісіміз кеңейгесін.
Даналықты көрсеткесін ел басына,
Қалығы да бұл күн де тым сенгесін.

Ер халқымның еңбегі еленгендей,
Бақыт пенен шаттыққа кенелгендей.
Білек түріп еңбекті тек еткесін,
Шыңдарды алып емеспіз сенделгендей.

Ел жағдайы бұл күнде жөнделгендей,
Даласында мыңғырып малы өргендей.
Отанға қызмет қып азаматтар,
Азаматтық ерлік істі жөн көргендей.

Бақыт пенен шаттық тілеп барлық жанға,
Өркениеттікке қол создық біз арманға.
Қазақ халқын қолдағасын әлем елі,
Көз жетті ғой қолымыз ұзарғанға.

Спортшылар шет елге де жиі барып,
Бәйгеде озып жүр емес пе топты жарып.
Жүр емес пе әлемді таңдандырып,
Бабалардың ерлігі тым-ақ дарып.

Шыңды алатын егемендік келді заман,
Тек тілерім болсыншы халқым аман.
Астанадай қала салған халқым барда,
Қалай менің болады халім жаман.

Сан түрлі жау шаптымен заман да өткен,
Небір ердің жандарын қиып кеткен.
Ер халқым қиындыққа төзе білген,
Босамай белдері де ауыр жүктен.

Бабаларым ұрпағынан үміт күткен.
Қарағасын болашаққа тек үмітпен.
Ұлан байтақ кең көсілген байтақ жерге,
Жаулары да көп болғасын көзді тіккен.

Халқымның аз емес қой көргені де,
Дұрыс-ақ қой өсіп, енді өнгені де.
Елбасымыз халқын бастап ерледі ғой,
Бабаларым ұрпағына сенгенін де.

Ер бабалар озбырлыққа өтті көнбей,
Жүрегінің өткесін оты сөнбей.
Ұрпақтары бабаларға тартқаннан соң,
Қалай ғана жүреді ісі өнбей.

Астанадай қаламызға көңіл толып,
Бәйтеректен тұрдым ғой көзбен шолып.
Одан сайын жүрегім тым нұрланып,
Жас баладай тұрдым ғой тым шат болып.

Айдарымнан тұрды ғой самал есіп,
Жолымды жүрмегесін ешкім кесіп.
Астанадай қаламызға көңіл толып,
Азаматтық жүргесін көкей тесіп.

Астананы араладық біздер еркін,
Егеменді елдігіміз беріп серпін.
Ер бабалар бұл бақытты көре алмады,
Оңайлықпен келген жоқ ұқсақ бұл күн.

Көрсетіп өткеннен соң ерліктерін,
Ұрпақтары алды ғой теңдіктерін.
Тектілікпен барлық ұлтқа қамқор болып,
Қазағым көрсетуде кеңдіктерін.

Барлық ұлттың жарасып достықтары,
Достығында көрінбей бостықтары.
Қызымет қып жүр емес пе барды салып,
Азаматтық болғасын ұққандары.

Әлем танып шыңды алдық бұл күндері,
Ер халқымның шығуда тым үндері.
Шет елге де жастар барып оқып келіп,
Іске асуда бұл күнде білімдері.

Ұрпақтарым білімімен жүрсін асып,
Бәйгелер де тұлпарына қамшы басып.
Ұл-қыздары сенімді ақтай алса,
Көңіл де өзі жүреді ғой судай тасып.

Бақыт та өзі бола ма бұдан артық,
Рухты тым көтерді бақы, шаттық.
Басқа қонған бақытқа ие болып,
Отанға керек-ақ қой әркез ақтық.

Азаматтық жүргесін жасап қадам,
Отаршылдық болғасын бұл күн тамам.
Халқы мен Отанын ойлағасын,
Шыңды алуға талпынады әркез адам.

О, Гүлжаным, бағала Астананы,
Құрметтеген сияқты ата-аны.
Астанадан барды сап білімді алып,
Отанды ойлап көтере бер ой сананы.

Әлемдегі және біліп жаңалықты,
Көрсетпей жүргеннен соң балалықты.
Азаматтық әркезде ойды түйіп,
Қазағындай сыйлай біл ер халықты.

Аралатып болдың ғой көзді ашқандай,
Адамдықтан болмағасын еш қашқандай.
Биігінде күн де өзі тым күлімдеп,
Жарқырап тұр ғой өзі нұр шашқандай.

Қазағымның гүлденгесін жас қаласы,
Шаттанады ер халқымның бар баласы.
Астанадай жас қалаға тола берсін,
Қазағымның ұлан байтақ, кең даласы.

Тілерім сол сау болсын әркез денің,
Амандығың қымбат қой бізге сенің.
Аралап Астанамды көргеннен соң,
Төбем көкке тигендей болды менің.

О, Гүлжаным, Астанамды етем мақтан,
Халқымды айырмасын қонған бақтан.
Астанадай ғажап қала бой көтерді,
Көркейіп гүлденсін тек Қазақстан!

Бозбалалық кезім ай, көкпар тартқан

Жас болсақ та қиындыққа төзе біліп,
Әке сөзін жүруші едік құлаққа іліп.
Жалындап жүргеннен соң шыңды алғандай,
Шыңға қарап жүруші едік шат боп күліп.

Шыбықты атқып мінетін бізде ер жетіп,
Адамдықтан жүрмегесін ешпір кетіп,
Ата ананы едік тым қуантқандай,
Азаматтық жүргесін әркез етіп.

Азаматтық едік біз де үн қатқандай,
Ездік қылып емес едік еш жатқандай.
Жас қырандай шыңдарға көз салғасын.
Жарқырап таңымызда ерте атқандай.

Бозбала боп мұртта шығып түбіттеніп,
Жарқынына болашақтың мүлдем сеніп.
Жалғастырар өмірді ұл қыз бар деп,
Ата-анамыз жүруші еді көңілденіп.

Әкеміз де жүретін көп жылқы ұстап,
Ұстамайтын жылқыны матап тұсап.
Жайылып жүретұғын кең дала да,
Тұлпарларға өздері қатты ұқсап.

Саф ауаны жүргесін әркез жұтып,
Жүргендей боп көрінетін әркезде ұтып.
Қараталдың суын ішіп жайылғасын,
Шеттерінен жүргесін тұлпар тұтып.

Ұзап кетсе қайырушы ем көк қасқаммен,
Азаматтық ой түйгесін бұл өмірден.
Орғытып мініп алып кең далада,
Азамат боп қалғасын ержетіп мен.

Жүрмегесін әкеміз ешбір сөгіп.
Кәрілікке кей қарттардай кетпей шөгіп.
Ұлдарын тек жүргесін батыр тұтып,
Көк тұлпар жүйткігесін терді төгіп.

Көк қасқаға мінгесін жалын тарап,
Жемін суын бергесін жақсы қарап.
Айылын жақсы тартып ерттеп мініп,
Жылқыларды қайырғасын мен де жарап,

Риза боп жүргесін сөксін не деп.
Азаматтық жүргесін тек ойға кеп.
Әке болып ақылды тек бергесін,
Қамымызды жүргесін әркез де жеп

Көк қасқамен жүрсем де көкпар тартып,
Барды салып бойдағы күшті сарқып.
Зор сенімді әркез де тек артатын,
Азамат деп жүргесін сенімді артып.

Зорықса да кей кезде үндемейтін,
Бұл қылығың тым қатты мін демейтін.
Даласындай болғасын тым іші кең,
Ер болғасын онша көп елемейтін.

Жігіт болып қалғанды әкем сезіп,
Малтаны жүрмегесін ешбір езіп.
Артығырақ емес еді еш кеткендей,
Адамдықтан жүрмегесін ешбір безіп.

Бастық болып ауылды да басқарғасын,
Басқарғасын ел жағдайы жақсарғасын.
Көкпарды да жас кезінде сан тартқасын,
Сипап қойып жүретін қасқа басын.

Адалынан ішкесін де әркез де асын,
Тастөбенің бағалап әрбір тасын.
Даналық қып жүргесін таразылап,
Ерлігіміз қалайша шат қылмасын.

Адамдыққа болғасын ой жеткендей,
Ер жеткенге жүргесін тәубе еткендей.
Азаматтық теңдігін сақтағасын,
Емес еді артығырақ еш кеткендей.

Тезақ өсіп үиірдің құлын тайы,
Өздерінің болғасын жақсы жайы,
Далаға да жүретін көрік беріп.
Тойғаннан соң туғандай оңнан айы.

Анамыз да жүретін бие сауып,
Ағайыннан жүргесін алғыс жауып,
Құлынын мамағашқа байлап қойып,
Биені осқырынған көрмей қауіп.

Құшақтап ап артқы аяғын сауатұғын,
Бар көңілі саууға тек ауатұғын.
Жас болсақта сезуші едік қауіптісін,
Шелекке бие сүті таматұғын.

Ала бие саууға тым көндіккендей,
Емес еді тектіліктен өзгергендей.
Басын шұлғып тым иіп тұратұғын.
Кейбір кезде сақтықта ойға енгендей,

Анамызға тұратұғын бағынғандай,
Сабыр сақтап емес еді қағынғандай.
Сүті ағып шелекке тез-ақ иіп.
Құлыны тұрсадағы шағынғандай,

Болмағасын құлыны көндіккендей,
Тым жұлқынып тұрғасын ентіккендей.
Құлынына мойын бұрып қарайтұғын.
Құлыны тұрғаннансоң желіккендей,

Қауіптісін білгесін көмектесіп,
Азаматтық жүргесін көкей тесіп.
Сақтықты да жүруші едік тым ескеріп,
Адамдықты сақтағасын кетпей есіп.

Аналық кіріскесін тек қамына,
Бақыт шаттық тілегесін барлық жанға.
Жүргеннен соң әркез де үлгі беріп.
Ұл-қызының жаралғандай тым бағына,


Тектілікпен жүрмейтін бос сөзге еріп,
Ұрпағына жүргесін үлгі беріп.
Аналардай өзін тек ұстайтұғын,
Кеудесін де жүрмегесін ешбір керіп.

Тектілікпен жүрмейтін ешбір есіп,
Үлкендердің жүрмейтін жолын кесіп.
Үлкендерде жүргесін риза боп,
Азналық адамдығың дұрыс десіп.

Насыбайын ерінге әкем салып,
Қатарынан жүрмегесін ешбір қалып.
Дем беріп тұратұғын шешемізге.
Табиғаттан үлкен зор әсер алып

Ала бие зор сенімді ақтағандай,
Жылқыларын жүргесін баптағандай.
Сипалап тұратұғын кекіл жалын,
Риза боп тұрғасын шаттанғандай.

Жылқыларға жиі қонып сона-маса,
Көңілдері көншімей қан сормаса.
Бізін сұғып жүретұғын тым дызылдап,
Сақтықпен де бізін сұғып өздері аса.



Тәтті қанды сорғасын көзді сатып,
Ашқарақтық өзінің үнін қатып.
Құлын тайлар шыж-быңдап жүретұғын,
Аш сонаның тұмсықтағы бізі батып.

Ақтөсім де жататын тамашалап,
Анда санда аяғын алып жалап.
Түніменен қораны күзеткесін,
Амандықты жүргесін олда қалап.

Ақтөсті де жүргесін алып шағып,
Жатқанына жүргендей боп кінә тағып.
Басында да жүретін айналшықтап,
Қан сормақ боп жүргесін жіті бағып.

Көк қасқам да тұратұғын тым еңтігіп,
Жылқыны айдап әкелгесін ерттеп мініп.
Терең судан өткесін үсті су боп,
Айналаға тұратұғын көзді тігіп.

Жарасып тұратұғын ер тоқымы,
Асыл текті болғасын тым тұқымы.
Тұяғымен алдыңғы жерді тарпып,
Босана алмай тұратұғын құрып дымы.

Қорадағы бұзаулар да тым мөңіреп,
Қарамадың дегендей бізге есіркеп.
Басты созып есіктен тұратұғын,
Есіктерін қойғасын тасқып тіреп.

Тауықтар да барды сап көңді теуіп,
Алдарына қойғандай бір жемді сеуіп.
Ақ әтеш те тауықтарға қоразданып,
Тауықтарға жүретұғын ісіп кеуіп.

Тауықтарға сезілетін тым бөскені,
Көзінің де сезіліп еті өскені.
Қоразданып жүргесін айдардан да,
Сезілетін самалдың да тым ескені.

Қорадағы қаз үиректе тым қырқылдап,
Тесіктен де қарағасын бас жылтыңдап.
Қорада да тұрғасын бәрін барлап,
Тыңшылардай тұрғатұғын тыңды тыңдап.

Ала бие сескенуді мүлдем қойып,
Келгеннен соң көк шалғынға алып тойып.
Иігесін момақан боп тұратұғын.
Бойындағы желігін мүлдем жойып,

Анамыз да биені сауып болып,
Қаз тауығын көзіменен алып шолып.
Күбісіне баратын жүріп жайлап,
Ала бие сүтіне көңіл толып.

Сүрінбейін дегендей еппен басып,
Шаттанғаны сезілетін көңіл тасып.
Күбіге құйғаннан соң бие сүтін,
Биені де сауғасын ерлігі асып,

Қол тигесін піспектің тым сабына,
Қисайтып ал мойынын бір жағына.
Пісетұғын анамыз барды салып.
Келгенінше пісетін тым бабына,

Әр шаруаның білгесін жөн іретін,
Зор төзімін өзінің білдіретін.
Ұзақ пісіп қоятын таң асырып,
Ашытудың әдісін де тым білетін.

Ата анамыз еді ғой онда тірі,
Сезілетін еместігі көптің бірі.
Асылдықпен жүретін дараланып,
Азаматтық мінезімен еді ірі.

Азаматтық адамдық көкей тесіп,
Сабыр сақтап жүргесін кетпей есіп.
Ойлаушы едік ер жеткесін Отан жайын.
Ата ана да жүргесін ұлым десіп.

Құмартпай жүргеннен соң асқа дайын.
Бәрін сезіп бізде өзі өскен сайын,
Шашты тарап жүруші едік бойды түзеп.
Дегендей боп адамдықты ұмытпайын.

Жас болсақ та ерлік істі бізде қалап,
Нағыз ерді жүргесін ерге балап.
Ата-анаға жүруші едік тым еліктеп.
Азаматтық көрсетіп етіп талап.

Қалғаннансоң ел еңсесі көтеріліп,
Азаматтар жүрмегесін еш керіліп.
Дарқандықпен жиі той болатұғын,
Жақсы қырмен жүргесін тек көрініп.

Тектілерге болғасын әркезде жақ.
Халқында болғасын жүрегі ақ.
Пейіліне көңілде өзі тым толатын,
Ерлік іспен қонғасын басына бақ.

Бабалардай көрсетіп тек ерліктерін,
Азаматтық көрсетіп тым тірліктерін.
Азаматтар жүргендей ед тым талпынып,
Асылдықпен көрсетіп бірліктерін.

Азаматтық болғасын ерлерге сын,
Атқара алып жүретін тек жұмысын.
Шаруалардан қайтпайтұғын не бір қиын,
Дүземек болғаннан соң ел тұрмысын.

Күннен күнге дүзей түсіп тұрмыстарын,
Білек түріп жүргесін салып барын.
Азаматтар көрсететін ерліктерін,
Таза ұстап жүргесін әркез де арын.

Ердің жүгін жүргесін тек артқандай,
Жат істерге емес еді құмартқандай.
Азаматтық түсінетін зор міндетті,
Бабаларға болғасын тым тартқандай.

Жүніс аға ерлеп еді сүндет тойда,
Ар намысы болғасын әркез бойда.
Зор серкешті көкперге беріп еді,
Салт-дәстүрді жаңғырту болып ойда.

Қарсы тұрып жүргесін өктемдікке,
Бел қайыспай жүргесін ауыр жүкке.
Білек түріп жүргесін қалықты ойлап,
Ұқсай алып жүргесін ер жігітке.

Жігіттердің орындап тілектерін,
Түріп алып тұрғасын білектерін.
Ер азамат болғасын ойы биік,
Отан деген сезе біліп жүректерін.

Қысы жазы ер еді жылқы баққан,
Еңбегімен еді тым көпке жаққан.
Бәйгеге тұлпарларын қоссадағы,
Емес еді тым бөсіп кеуде қаққан.

Ер болғасын жоқ еді бос сөздерге.
Тым ғашық болғаннан соң бұл өмірге.
Тастөбенің тыныстап ауасымен,
Ұқсағасын әркезде нағыз ерге.

Жылқысымен жайлауғада шығатұғын,
Жайлаудың білгеннен соң ғажаптығын.
Азаматтық адамдықты ұғатұғын,
Жылқысынан болмағасын ешбір шығын.

Тұлпарында отыратын әркез мығым,
Ер болғасын жарамас деп ынжықтығым.
Азаматқа жараспас деп бос желіккен,
Азаматтық көп болғасын бойда ұғым.

Тұлпарларын бәйгеге тек жаратып,
Азамат деп жүргесін сенім артып.
Жабулап ап желдіріп жүретұғын,
Айылын да тұлпарының мықтап тартып.

Өскеннен соң жас кезден сауық құрып,
Бәигесімен көкперіне бүйрек бұрып,
Сездіргендей өзінің жақсы заты,
Сөзінде де жүргесін әркез тұрып.

Дәстүр салтын жүргесін жандандырып,
Ерлігімен жүргесін таңдандырып.
Азаматтық көрсеткесін ер жігіттер,
Ерлігіне жүретұғын тым нандырып.

Баласына жасағасын сүндет тойды,
Азаматтық жүргесін ойлап ойды.
Дәстүр-салтын өзінің еш ұмытпай,
Баламай жүргеннен соң ешбір бойды.

Ауласына көкпаршылар тез жиналып,
Қиындыққа жүрмегесін еш қиналып.
Тұлпарлары көкке орғып одан бетер,
Ерлеріне жүргендей ед иландырып.

Жігіттер де таңдап мініп жүйріктерін,
Құрметтеп жүргеннен соң көкпарларын.
Азамат боп білгесін тек ерлерін,
Көрсетуге келгендей ед өнерлерін.

Жігіттердің танытпақ боп нағыз ерін,
Гүлденіпте жүргесін туған жерін.
Еңбек етіп жүргесін білек түріп,
Ағызыпта жүргесін маңдай терін.

Жаратып тұлпарларын тым мінгендей,
Ерігіп бос-бекерден келмегендей.
Тұлпарларын кейбірі көкке орғытып,
Кім екенін сездіріп мен дегендей.

Ағамызда жүрегімен түсінгендей,
Түсінгесін емес еді күрсінгендей.
Дәстүр-салтты жүргесін қолға алып,
Қызбалыққа емес еді кейігендей.

Бергеннен соң серкешті алып шығып,
Ер екенін жігіттердің жақсы ұғып.
Дәл алдына жігіттердің тастап еді.
Ер болғасын тасасын да қалмай бұғып.

Менде сеніп тұрып едім көк тұлпарға,
Жықпайтынын білгесін орғып жарға.
Жігіттерге еліктеп қатты қызып.
Азаматтық сүйенгесін әркез арға.

Қазақ деген тартқасын асыл затқа,
Ылайық болмақ болып жақсы атқа.
Ат үстінде жігіттер де желпінгендей.
Өнерлерін көрсетпек боп жастық шақта.


Көкке орғып тұлпарларда тым білгендей,
Тұлпарлығын өздерінің білдіргендей.
Тым қызып тұрғандай ед бәрін сезіп,
Құлаққа да емес еді сөзді ілгендей.

Тұлпарлардың тұрып еді көзі жайнап,
Зығырданы тұрғандай мүлдем қайнап.
Нағыз тұлпар болғасын қасиетті,
Одан сайын ауыздықты қарс-қарс шайнап.

Көк тұлпар да жайылғасын далада айлап,
Өрісін алғандай боп өзі сайлап.
Тұр-тұлғасы еді тым келіскендей.
Жүргеннен соң ұстамай матап байлап.

Кең даланы жайлағанмен іш пысқандай,
Білек түріп қолды едім мен де ысқандай.
Ауыздықпен тым өзі алысқандай.
Көзі жанып кеудесін жын қысқандай,

Ағамызда зор серкешті әкеп тастап,
Әркезде де жүргесін ерлік жасап.
Ерлігімен жүргесін таңдандырып.
Жігіттерде кетіп еді қол сап бастап.



Тақымына салмаса болардай кеш,
Тақымдар да кетіп еді тайдай серкеш.
Ауырлық қып жүріп еді жігіттерге,
Қолдан түсіп еңбектері болғандай еш.

Жігіттердің қолдары ұзарғандай,
Ездік қылып емес еді қызарғандай.
Жерге түскен серкешке қолды созып,
Батылдыққа қызғасын тым барғандай.

Бас киімін басындағы басып киіп,
Тұлпардың да құйрығын алып түйіп.
Сақтықты да тым қатты ойлағандай,
Төбелері жүргендей ед көкке тиіп.


Зор серкеште тақымнан жиі түсіп,
Су құйғасын өңештен қарны ісіп.
Тұлпарлары жүргенмен бәйге де озып,
Кей жігіттер тартқанмен ісіп-пісіп.

Сондадағы емес еді ұтылғандай,
Барды салып емес ешбір тұтылғандай.
Шыныққандай өздері көкпар тартып,
Емес ешкім өздерінен құтылғандай.

Жастық кезғой дегенмен жалындаған,
Биікті алып бос қиялға салынбаған.
Бос сөздерді құлаққа еш ілмеген,
Шыңдарды да алатын кез алынбаған.

Тұлпарларда қиқуға еді елеңдеген,
Сүрінуің ойға да еді еш келмеген.
Тізгінді тартқанменен күшті бермей,
Азаматтар аз еді желпінбеген.

Құрбылар да тым сорайып тез ер жетіп,
Азаматтық жүрмегесін қыры кетіп.
Ерлігімен өздерінің таң қылғандай,
Азамат боп жүргесін ерлік етіп.



Ағалар да ерлік іске бізді бастап,
Мың теңгесін жүрмегесін басқа жастап.
Тұлпарларын орғытып жүріп еді.
Енжарлықты бойдағы мүлдем тастап.

Азамат боп қалғасын біз де ер жетіп,
Адамдықтан жүрмегесін ешбір кетіп.
Қол салып жүріп едік тым қызғандай,
Ағалардай жүрмек боп ерлік етіп.

Ағалар да сөилемей ешпір зекіп.
Ерлік іске жүргесін бізде бекіп.
Тақымға сап едік сонда шындағандай,
Тұлпарларды тым қиқу елеңдетіп.

Сезіп едім серкештің тым ауырын,
Тұлпарларда жаза алмай еш бауырын.
Түсіп кетіп тақымға салғанменен,
Ұлғайтқандай кей тұлпардың тым жауырын.

Жігіттерде ерліктерін көрсеткендей.
Ерлік ісін жүргесін үлгі еткендей.
Көкперді ысылғандай жиі тартып,
Зор табысқа жүргесін қол жеткендей.

Ерлігімен жүріп еді түсіп көзге,
Ұқсамай жүргенен соң ынжық езге.
Жүріп еді батылдыққа әркез барып,
Жоқ болғасын өздері бос бір сөзге.

Тұлпарлар да түсіп еді қара терге,
Жігіттер де ұқсағасын нағыз ерге.
Азаматтық ерлігіне тым салғасын,
Иелерін қаратпап ед сонда жерге.

Намысты нағыз ерлер қайдан берсін,
Ер болғасын бос сөзге қайтып ерсін.
Жақсылап салғаннан соң тақымына,
Ер болса дегендей ед алып көрсін.

Басып киіп бас киімін қақарланып,
Ерлігіне жүргесін әркім нанып.
Қарсыластың жол бермей қашуына,
Кей жігіттің жүріп еді көзі жанып.

Ерлік іске жүргесін тек қамданып,
Сөзінен де жүрмегесін ешпір танып.
Көкперінің беделін тым көтеріп,
Еңбегімен жүргесін бағы жанып.

Сондықтан да зор серкешке жиі төніп,
Ықпалына қарсыластың жүрмей көніп.
Ата-баба салт-дәстүрін жалғастырып.
Батасын ап үлкендердің өсіп-өніп.

Ат тұяғы дала төсін дүбірлетіп,
Іні аузында тышқандардан зәре кетіп.
Аң мен құсты көкпаршылар үркітіп ед,
Дауыстары біраз жерге сонда жетіп.

Қойып кетіп жүріп еді інге кіріп,
Екі аяқпен тік тұрып құлақ түріп,
Түсіне алмай не екенін бұл дабырдың.
Мертігіп қалармыз деп бұитіп жүріп.

Індеріне еді бәрі тым қашқандай,
Жалтақтық қып кейбірі сыр шашқандай.
Биігінде күлімдеп тым жарқырап,
Күні де өзі тұрса да нұр шашқандай.

Іні аузын да жүргесін додаласып,
Бір бірінен жүргесін ерлігі асып.
Жалындаған барлығы жас болғасын,
Денедегі жүргесін күші тасып.

Індерін жүргенменен қысқа сайлап,
Даланы алғанменен тез ақ жайлап.
Қылығымен өздерінің күлдіргендей.
Тез арада-ақ тастағандай бақты байлап.

Бөдене де пыр-пырлап қатты сасып,
Кете жаздап жүргесін тұлпар басып.
Қанаттары тым қатты үн шығарып,
Тез ұшып бара жатып ед қатты жасып.

Көкпаршылар емес еді қарайтындай,
Шошытқаны болмаса да жарайтындай.
Даладағы аң-құсты үркіткенмен,
Оңайлықпен емес еді тарайтындай.

Жігіттер көкпер тартып руқтанып,
Ерлеріне жүріп еді тымақ нанып.
Ата-баба салт-дәстүрін сыйлағасын,
Көкпар тартып жүріп еді сырға қанып,

Көкпар тартып жүріп едік өкінбестен,
Сақтықты да шығармай сонда естен.
Сынбауын қалағасын сағымыздың,
Маңдайдан да едіғой самал ескен.

Шалғын ісі, жусан ісі мұрын жарып,
Батылдыққа жүргесін ерлер барып.
Жауды қуған бабалардың ерліктері,
Жүргендей ед ерлерге тым-ақ дарып.

Ерлік ісін жігіттердің жөн көргендей,
Көкпершілер жүргесін ерлегендей.
Ұнағандай жігіттердің ерлік ісі,
Кей жігіттер жүрседе еліргендей.

Қарсыласқа емес еді берілгендей,
Енжарлықты жүргесін жерлегендей.
Маңдайынан кейбірінің тері ағып,
Бойлары одан сайын сергіткендей.

Сан түрлі көкте де еді құс ұшқандай,
Жігіттерді ұшқасын ер тұтқандай.
Ерлік іске жүргесін әркез бастап.
Жігіттерді күлімдеп күн құшқандай.

Бұлақтар да жатып еді бұрала ағып,
Сан сұқ көздер жүргесін өзін бағып.
Түскеннен соң күн нұры жалт-жұлт етіп.
Одан сайын аққандай сылдыр қағып,

Көкперші жігіттерге дем бергендей.
Шеттерінен барлығын ер дегендей.
Бар тіршілік ерлік іске қайрағандай,
Ерліктерін жігіттердің жөн көргендей.

Keң көсіліп далада тым жатқандай,
Ерліктерін кең болғасын ұнатқандай.
Ер жігіттер жүрсе де көкпар тартып,
Ат тұяғы болса да тым батқандай.

Самалы есіп өздерін ширатқандай,
Жүрмегесін ештемені қиратқандай.
Азамат деп жүргесін сенім артып,
Азаматтық зор сенімді тек артқандай.

Ат тұяғы дала төсін дүбірлетіп.
Көкпер тартып жүргесін ерлік етіп.
Табиғатта ер қылып жаратқасын,
Зор табысқа жүргендей ед қолы жетіп.

Алған беттен жігіттер ешпір қайтпай,
Ерлей алып жүргесін еш мұңайтпай.
Ерліктерін жүріп еді көрсеткендей.
Тектілікпен жүргесін бос сөзді айтпай,

Ерлей алса ашылар ердің бағы,
Ерлегесін қалайша сынар сағы.
Өнерімен өзінің топты жарса,
Жарқын болар одан сайын болашағы.

Көк тұлпарды жүріп едім зорықтырмай,
Келмейтінін сезгесін сәттің мұндай.
Шындайтұғын сезгесін кез келерін.
Өнерді көрсетпек боп ерлерге сай,

Нұрландырып жүректі көркі жаздың,
Шалғынменен мұрын жарып исі саздың.
Одан сайын жүректі гүлдендіріп,
Естіліп те дауыстары үйрек-қаздың.

Нағыз ерлер көкпарға таласқасын,
Азаматтық ерлік істі қаласқасын.
Тақымға сап жүргесін намыс бермей,
Ерлесе тек нағыз ерге баласқасын.

Нағыз ерлер туғасын халқы үшін,
Көкпарда да салғасын барлық күшін.
Шыңдарды да биік деген тек алғасын.
Көзбен көріп жүріп едім біліп ішін.

Мейманқұл ағамыз тым ашуланып,
Серкештің жіберіп ед қарнын жарып.
Көкпар тартып жүргесін көзі жанып,
Ағамыз батылдыққа сонда барып.

Өңештен де білгесін су құйғанын,
Кей жігіттер соққандай ед сонда санын.
Ағамызға жүргендей ед кінә тағып.
Зорлығымен қинағасын серкеш жанын.

Жүніс аға алмағандай еске мұны,
Ақтарылып қарнынан қаны жыны.
Тез арада-ақ қолы-басы қан болғасын,
Жігіттердің бұзылғандай еді сыны.

Шашырап ед қаны жыны бет ауызға,
Айналғандай жігіттер тым жауызға.
Жігіттердің жүріп еді келіп жыны,
Сыйдырмақ боп ағамызды бір қауызға.

Көкпер тартып жүргесін тым далаңдап,
Көз қызарып жүргесін тым жалаңдап.
Бет ауызға емес еді қарайтындай,
Қан жынына жатпап еді еш алаңдап.

Көз жылтырап бірін бірі зорға танып,
Мәкеңмін деп айтса ғана зорға нанып.
Бірін бірі жүріп еді мазақ етіп,
Ағасынан қалғасын қатты алданып

Сонда да жүріп еді тіктеп бойын,
Сом білекті жігіттер жуан мойын.
Сыр білдірмей жүріп еді шыдай біліп,
Азаматтық билегесін әркезде ойын.

Танаулары жігіттердің тым делдиіп,
Күн ысып кетседағы қатты күйіп.
Көк шалғынды дала да көкпер тартып,
Төбелері жүргендей ед көкке тиіп.

Тұлпары да орғығасын тым елеңдеп,
Жүн жалтылдап тойынғасын шалғынды жеп.
Бәигеге де қосқасын жиі өздерін,
Бағы жанса жүргесін бәйгеден кеп.

Жігіттер де шабандозға сонда ұқсап,
Тізгінді де жүріп еді тартып ұстап.
Тұлпарлар да еліктей орғып еді,
Дене қызып бауыр жазып жыны ұстап.

Алаяқ тұлпарына тым сенгендей,
Азаматтық жүргесін ойға енгендей.
Алпан жездем тақымына басып еді,
Ерлік істі жүргесін жөн дегендей.

Одан сайын тым өзі ерлегендей,
Ынжықтықты жүргесін жерлегендей.
Бос сөзге ермей жүргесін малын бағып,
Маңдайыда жүргесін терлегендей.

Жездеміз ед жүретін кеуде кермей,
Ер болғасын бос сөзге ешбір ермей.
Тұлпарларын жаратып әркез қосса,
Бурыл аты жүретін бәйге бермей.

Серкешке қол салып ем менде жетіп.
Азамат боп нар тәуекел сонда етіп.
Қол салсам да бөгде мінез көрсетпеді,
Адамдықтан жүрмегесін ешбір кетіп.

Маңдайды жүргеннен соң терге малып,
Тақымынан жездеміздің жұлып алып.
Жас болғасын мен де өзі жалындаған,
Алдыма өңгеріп ем тезақ салып.

Теңселіп кетіп еді өңгерген де,
Тұлпарым болмаса да күштен кен де.
Білінгенмен зор серкештің ауырлығы,
Бойын тіктеп алып еді тезақ демде.

Көк тұларым еді ептеп теңселгендей,
Болғанменен өзіне тым сенгендей.
Тез арада-ақ еліктей орғып еді,
Жүйткігенді көсіліп жөн көргендей.

Көк тұлпарым емес еді болдырғандай,
Болмағасын көңілді еш қалдырғандай.
Зор серкешті өңгеріп алсамдағы,
Қамшыны емес еді салдырғандай.

Одан сайын орғып еді қызып қаны,
Күш түссе де сыр бермей бура саны.
Аузынан да бурадай көбік шашып,
Сияқты еді өзінің сірі жаны.

Тас тұяғы тиген жерді орғып қазып,
Кең дала да көсіліп ед бауыр жазып.
Қараталдың жағасын да жайылғасын,
Қыры кетіп қалай ғана жүрсін азып.

Тым алыста қалып еді көкпаршылар,
Қуғанменен емес еді ешпір жетер.
Қалып еді барлығы шаңды жұтып,
Болғанменен барлығы нағыз ерлер.

Азаматтық болғанмен үн қатқандай,
Таңдары да болғанмен ерте атқандай.
Дауыстары естіліп ед тым алыстан,
Қалғандығы жүрекке тым батқандай.

Ерлік іске жүргенмен тым салғандай.
Шаң жұтқанын көңілге еді тым алғандай.
Денелерін қара терге малсадағы,
Тұлпарлары қалып еді жете алмай.

Қолдарын созғанменен тым арманға,
Бақыт шаттық тілегенмен барлық жанға.
Көкпаршылар тым алыста қалып еді,
Қою шаңды көтергенмен тым аспанға.


Ердің жүгін жүргенмен тым көтеріп,
Адамдықтан жүрмесе де еш өзгеріп.
Кеуделерін жүргенмен асқақ ұстап,
Ерлік істі жүргенмен тым жөн көріп.

Жарқырап шыққанменен тым күндері,
Азаматтық шыққанменен тым үндері.
Тұлпарлардың омыраудан тері ағып,
Қусадағы жалтылдап тым жүндері.

Барды салып кең далада көсілгенмен,
Тым алысқа тұяқ дауысы естілгенмен.
Ен далада барды сап тартысқасын,
Тұлпарлары болдырып ед дегенменен.

Шыныменен тыныста еді тарылғандай,
Жүргенменен ағымнан жарылғандай.
Көк қасқа атым жеткізбей ерлегесін,
Зор жауаптан едім сонда арылғандай.

Алқынғасын өкпе ауызға тығылғандай,
Жүрмесем де белдескен де жығылғандай.
Бетке ұрылып шібі-шіркей көзге кіріп,
Одан сайын еді тым таң қылғандай.



Алдыға сап зор серкешті өңгергесін,
Мені де балуан жігіт тек дегесін.
Жеткізбей жігіттерге кетіп едім,
Азаматтық намысты да тым білгесін.

Ағалар да жиғандай ед тез-ақ есін,
Көрсетпей жүргеннен соң ешбір сесін.
Қазақ болып туғасын нағыз ерлер,
Жібермейді жауына де еш есесін.

Тым қашықтап кетіп еді сонда ара,
Алдыға салмағасын ешбір қара.
Еш тұлпарды алдыға сонда салмай,
Көк тұлпарым көсіліп ед жеке дара.

Кез дескенді көк тұлпар баса жаздап,
Қызбалыққа салынғасын ептеп-аздап.
Әкеліп тастап едім серкешті үйге,
Білек түріп аянбай жанды жалдап.

Көкпарды әкеп қуантып ем ата-анамды,
Биіктетіп жүргесін ой санамды.
Көк тұлпарым жүрсе де баса жаздап,
Ұлының қуантқандай дін аманы.

Баласының қуантқандай тым қадамы,
Ойлайтыны болғасын ұрпақ қамы.
Азамат боп көкперді де тартатұғын,
Баласының келгесін шын заманы.

Ерлік іске жүргесін белді буып,
Көкпершілер келіп еді соңнан қуып.
Тақымынан әкеткесін жұлып алып,
Бозбаладан қалғандай боп көңіл суып.

Тұлпарлары жете алмай сон да қалып,
Қалғандығын кейбірі көңілге алып.
Көкпаршылар далақтап жеткеннен соң,
Тұлпарыма тұрып еді көзді салып,

Бәйгеде де жүлде алғанмен жиі шауып,
Шын тұлпар деп жүргенмен алғыс жауып.
Тұрып еді тұлпарлары актер болып,
Бәйгеде озып жүргенмен малды тауып.

Жүргеннен соң ерлік іске әркез бастап,
Жастайынан жүргесін ерлік жасап.
Алған беттен жігіттер қайтпайтындай.
Ақбас шыңға жүргесін көзді тастап.

Азаматтар ерлік істі таңдайтындай,
Ақ қараны даналықпен байқайтындай,
Ер тұлғалы болғасын шеттерінен,
Бос сөздерді ешқайсысы айтпайтындай,

Өздерін көрген жандар ер дейтіндей,
Ұрпақ қамын болғасын тек жейтіндей.
Барды салып жүргесін көкпер тартып,
Азамат боп әркезде ерлейтіндей.

Көкпарды да тартқасын барды салып,
Ерлігімен жүргесін биікті алып.
Қазақтың танытқасын жігіттерін,
Тұлпарларын келгесін терге малып.

Тұлпарларын орғытып ойқастатып,
Ерлік істі жүргесін тым ұнатып.
Сыйын күтіп жүріп еді тым жігіттер.
Азаматтық жүресін үнді қатып.

Тұлпарлардың үстінен тым ағып тер,
Көтеріліп жүргендей ед тым көңілдер.
Тұлпарлардың тұяғының дүрсілінен,
Ойылып кете жаздап тым қара жер.

Қызбалығын емес бәрі тия алғандай,
Көкпарларын емес ешбір қия алғандай.
Білек түріп жүргесін ерлік етіп,
Ортасына жүргесін сия алғандай.

Жете алмай қалса да боз балаға,
Қалатындай емес басы еш жалаға.
Жүргендей ед кей ағалар намыстанып,
Еңбектері кеткендей боп тым далаға.

Кеткендей боп жүріп еді суға салы,
Көңіл түсіп жақсы болмай онша қалы.
Тақымдағы көкперден айрылғасын,
Құрығандай жүріп еді тым амалы.

Кей ағаның көздері тым аларып,
Көк тұлпарға қарайтындай тым ұрланып.
Зор серкешті әкеткесін тартып алып,
Өзіме де қарайтындай тым сұрланып.

Білекті де тартқасын тым түргендей,
Шаң жұтқанын көңілге алып тым жүргендей.
Өз көзіне жүргендей өзі сенбей,
Сақтықта өзі іштеріне тым кіргендей.

Боз бала түсіргендей бағаларын,
Ерлігіме ұстайтындай жағаларын.
Кей ағалар жүргенде жас бала деп,
Сан соқтырып кеткесін ағаларын.

Тұлпарлар да баса алмай арындарын,
Жаратқасын сымдай қып қарындарын.
Иелері мінгесін тым жаратып.
Иесінің сезгендей боп ішкі зарын.

Баланың да ішін е бала барын,
Азамат боп таза ұстайтын әркез де арын.
Кейбір ағам жүріп еді жақсы ұғып,
Көрсетпей жүргеннен соң пейіл тарын.

Азаматтық сездіргендей тым ойларын,
Бос баламай жүргесін еш бойларын.
Кеудеге де жүргесін орден тағып,
Өсіргесін мыңғыртып тек қойларын.

Тектілікпен жаппағасын жалаларын,
Сезгендей ед шыңды да ала алаларын.
Азаматтық тектілігін ешбір жоймай,
Шындаса ерлігіне сала аларын.

Үлкен силап жыртпағасын жағаларын,
Әркезде де силағасын ағаларын.
Үлкендердің алдында кеуде қақпай,
Түсірмей де жүргесін бағаларын.

Азаматтық шаттық билеп жанарларын,
Ерлікке баулығасын балаларын.
Асылдықпен білгесін шамаларын,
Нағыз ердің көрсетіп ед даналарын.

Боз бала деп кейбірі болатұғын,
Ерлігіне көңіл де тек толатұғын.
Болғаннан соң кей ағалар жөн білетін,
Беріпте жүріп еді бағаларын.

Әкеміз де ерліктерін қолдағандай,
Көкке қарап ептеп өзі ой шолғандай.
Азамат боп көрсеткесін ерліктерін,
Ерліктері көңілге тым толғандай.

Ұрпақтары жүргесін үлгі алғандай,
Азаматтық өздеріне ой салғандай.
Тұлпарларын орғытып жүргеннен соң,
Көтеріліп көңілі де тым қалғандай.

Бағалап ерліктерін беріп сыйын,
Сараңдық қып жүрмегесін санап тиын.
Зор құрметке жігіттер де бөленгендей,
Көкпар тарту болғасын өте қиын.

Еңбектері жігіттердің еленгендей,
Сиын алып емес еді сенделгендей.
Білек түріп жүргесін көкпар тартып,
Дегенменен жігіттер ерлегендей.

Жан ұзақ жездеміз де бір күн өтпей,
Бір күн өтсе қалардай қолы жетпей.
Көк қасқаға келіп еді құда түсіп,
Атбегілік жүргесін бойдан кетпей.

Басын иіп келіп еді әкемізге,
Бес бас малға көк қасқаны бер деп бізге.
Көк қасқаны сатыңыз деп қолқа салып,
Тұлпар жоқтай көк қасқадан басқа өзге.

Көк қасқаның жүіріктігін көріп қалып,
Тұлғасынан тұлпарлығын біліп алып.
Түскендей ед жездеміз шындап ізге,
Баигеге қоспақ болып терге малып.

Үіімізге келіп еді әлденеше,
Кетседағы еңбегі әркез ешке.
Құлықпенен жүріп еді бас ұрғандай,
Әкемізге жаны қалмай әкеткенше.

Ұялып беретіндей күн де келсе,
Жіберіп алғандай боп сонда есе.
Әкетпек боп жүргесін салып барын,
Жетектеп кетпек болып берем десе.

Өлердегі қоймағасын сөзін айтып,
Тектілікпен жүрмегесін еш мұңайтып.
Әкеміз ымыраға келіп еді,
Силағасын көңілін жықсын қайтып.

Жездемізге беріп еді көңіл жықпай,
Қоймағасын айтқанмен сөзді ұқпай.
Көп малымен әкемізді қызықтырып,
Жалынып қоймағасын үйден шықпай.

Жездеміз зор алғысты сон да үйіп,
Азаматтық жүрмін деп ойды түйіп.
Көк тұлпардан айрылғанды ішім біліп.
Тұрып едім қия алмай ішім күйіп.

Жастығымды менің әлі пайдаланып,
Бастан да сипағасын мың айналып.
Іске асырып кетіп еді тым қулығын,
Әкеміз де жүргесін тым жайланып.

Қару алып соғыста да қан кешкесін,
Жауын қуып тек қана бел шешкесін.
Бастық болып ауылды да басқарғасын,
Ұлы болып тыңдамайды кім әкесін.

Азамат боп бізде тез ер жетсекте,
Білек түріп еңбекті де тек етсекте.
Нағыз ерлер сақтағасын тектілігін,
Қарсы келмей ұстап едім мұны есте.

Текті ұрпақ тыңдағасын ата анасын,
Азаматтық ой билеп тек санасын.
Арқасын да өскесін тез ер жетіп,
Ата ананың білмейді кім бағасын.

Өмір де дүзу жолды таңдағасын,
Ерлік етіп өзін өзі шыңдағасын.
Шыңдарға да жүргесін көзді салып,
Айыра алып ақ қараны аңдағасын.

Жанұзақта бағалап тұлпар басын,
Бәйгеге қоспақ болып апарғасын.
Білек түріп толғанып тек жүргесін,
Ерлік істі әркезде тек қылғасын.

Көк қасқаны білгесін қор қылмасын,
Дұмалатпақ боп жүргесін өрге тасын.
Қосамын дегенненсоң тек бәйгеге,
Білдіргендей әкеміз де ықыласын.

Қалып едім көк қасқаны соңнан қарап,
Азамат боп қалғасын мен де жарап.
Тұлпарымды тұрғасын ешпір қимай.
Кекіл жалын мінгесін әркез тарап.

Тұрғаннан соң көк қасқама бүйрек бұрып,
Тұрып едім өкініп санды ұрып.
Тұлпарымнан айрылғанды жүрек сезіп.
Қалғанымды сезбеп едім ұзақ тұрып,

Кеткендей боп тұрып едім салым суға,
Мастанғандай жүрген де жастық буға.
Жастығымды пайдаланып кеткеннен соң,
Есемді жібергендей өте қуға.

Қалғандай боп мелшиіп тіл байланып,
Елік іске жүрген де тым сайланып.
Шабысына жүргесін көңіл толып,
Соңнан қарап қалып едім мың айналып.

Барғаннан соң жарап еді тым көк қасқа,
Қонғандай боп одан сайын бағы басқа.
Ауданына жүріп еді бәйге бермей,
Салсадағы тым өзін таумен тасқа.

Көк тұлпар боп тек қана үміттері,
Көк қасқаға жоқ еді күдіктері.
Шын тұлпар деп мақтаушы еді көк қасқаны.
Тұлпар қосқан ауданының жігіттері.

Көрші ауданға шығып еді тым атағы,
Тұлпарлықпен сынбағасын ешпір сағы.
Құс боп ұшып бәйгелер де озып келіп.
Одан сайын ашылып ед тұлпар бағы,

Тұлпарлықты сақтағасын әркез бойға,
Тұлпарлықты алғандай боп әркез ойға.
Тектілікті бойына сақтап еді,
Бәйге де озып көрік беріп әркез тойға.

Жанұзақта шат болып тұлпары озып,
Көкпер тартып жүрсе де киім тозып.
Тұлпары озып жүретін тым шат болып,
Арманына жүргесін қолын созып.

Артқандай боп жүретін тым беделі,
Тұлпары озып танығасын ер деп елі.
Кеудесін де жүретін асқақ ұстап,
Ауыр жүкке қайыспай ешпір белі.

Жалындатып жүргесін жастық шағым,
Менің де зор екеңау сон да бағым.
Зор серкешті ауырсынбай тақымға сап,
Көкперді де тартқасын сынбай сағым.

Барды салып білекті алып түріп,
Тақымға сап тартысқасын алып бүріп.
Көкперде де жалтақтықты еш көрсетпей,
Ерлей алып жүргесін өмір сүріп.

Қатардан да жүргесін ешпір қалмай,
Құрбылар да әзіл сөзді көңілге алмай.
Досқа адал боп жүргесін тектілікпен,
Бірін бірі жүргесін ешпір шалмай.

Тұлпарды да орғытқасын терге малып,
Көкперді де тартқасын барды салып.
Басымызға келгесін ақсақалдық,
Ерлік істі жазамын еске алып.

Егеменді елдіктің жәиын ойлап.
Терең ойға жүргесін әркез бойлап.
Әлі күнге құмармыз тым ерлікке,
Бос желігіп жүрмегесін тойды тойлап.

Шегірткеден қорққан жан егін екпес,
Ездік қылған нар тәуекел ешпір етпес.
Нағыз ерлер ерлей алып шыңды алса,
Арманына қалайша қолы жетпес.

Түсінгенге қымбатқой өмір деген,
Уақытта өтіп жатыр аттай желген.
Ата болдық немереге бізде бұл күн,
Дұрысаққой ұрпақтың қамын жеген.

Зор табыста емес қой оңай келген,
Нағыз ерін елім де тек елеген.
Елдігім деп азаматтық көрсеткесін,
Болмағасын бос сөзге ешпір ерген.

Өркениетті елдерден ешпір қалмай,
Жарамас білек түріп шыңды алмай.
Отаным деп жарар еді тек ерлесек,
Алатұғын шыңдар көп әлі талай.

Егеменді қуантады елдігіміз,
Әлемге аян бұл күн де ерлігіміз.
Отанымның қуантады гүлденгені,
Бақыттымыз дегенмен бұл күн де біз.

Азаматтық таза болып әркезде арым,
Орындала берсінші армандарым.
Отаным деп жүрейік намыс жанып
Салт дәстүрді құрметтеп ұрпақтарым

Ата баба құрметтейік үрдіс салтын,
Даналықпен қарамай ешпір салқын.
Озығымен тозығын салғастырып,
Ұрпаққа қалдырайық бұзбай қалпын.

Көкперді де тартқасын жас шағым да,
Бар екенау шынымен тым бағым да.
Көкпер тартқан жастық кез кетпейді естен,
Өткенменен жастық шақ қас қағымда.

Қазағымда ерлер көп сөзді ұғатын,
Ерлік істен болмағасын еш бұғатын.
Ұлан байтақ даласын да көкпер тартып,
Тым жалындап тұлпарларын орғытатын.

Тым жалындап ынтыққасын тым ерлікке,
Бой алдырмай жүргесін бос желікке.
Білек түріп отанға қызымет қып,
Тек тырыстық ұқсауға ер жігітке.

Жастық шағым өтседе еш келмеске,
Айналса да бұл күн де тек елеске.
Көк тұлпармен көкперімді қостым жырға,
Толғантып тебіrentкесін түсіп еске.

Бір бейтаныс ініге өкпе

О, інім мен өзіңді адам десем,
Аға болып үлкен боп қамды жесем.
Кеуде қаққан өзің тым бөспе екенсің,
Сақтағасын үлкендікті кетті есем.

Азамат болмағасын тым білімді,
Үлкенге де көрсетесің дөкірлікті.
Білімсіз кімге керек кеу де қаққан,
Даналық қып білмегесін ешпір түкті.

Түскендей боп салбырап өзің көктен,
Емес едім мұндай мінез сенен күткен.
Арсыздықпен бет жүзге қарамадың,
Адамдықтан сияқтысың мүлдем кеткен.

Кеуде қағып бөсесің мүлдем тіптен,
Сияқты боп шаруаның бәрі біткен.
Ақсақал боп жүрсекте әлі біздер,
Азаматтық босаған жоқ мойын жүктен.

Тым мастанып сөйлейсің кеуде қағып,
Жалақор боп сөйлегесін бос лағып.
Ауыздың сарысы әлі кетпесе де,
Үлкейгенде сөйлейсің кінә тағып.

Үлкендерді жараспайды силамаған,
Сөздеріне үлкеннің иланбаған.
Кіші болып ізетті көрсетпедің,
Інілерге жараспайды ұялмаған.

Жас болсаң да ортаңа сия алмаған,
Тексіздікпен жат қылықты тия алмаған.
Көп мініңді бойыңдағы білсемдағы,
Ағаң едім жамандыққа қия алмаған.

Ағанды қаратсаң да талай жерге,
Ұқсамай жүрсеңдағы нағыз ерге.
Үміт күтіп жүріп едім мен өзіңнен,
Ақыл толып ұқсайма деп кемеңгерге.

Үміт күтсем тым өзі ішің тардай,
Тектіге де шаншылып кегің бардай,
Ес білмейтін бұрынғы бала емессің,
Ер азамат болдың ғой сенде дардай.

Дұрысаққой жүргенің сақтап арды,
Қызымет қып отанға салып барды.
Адалдықты сақтай алып қалығыңа,
Дұрысаққой көрсетпеген пейіл тарды.

Сараң да бар қолдағысын татырмайтын,
Билік тисе ешкімге таң атырмайтын.
Қансыздықпен қандасын да аямайтын,
Жаны болмас өткір тісін батырмайтын.

Сөзінде де болғасын еш тұрмайтын,
Кеу де қағып тектіні де жақтырмайтын.
Озық елге жетсем деп ел болған да,
Мың толғанып басты да еш қатырмайтын.

Іні екенсің жақсылықты білмейтұғын,
Оң сөзді де құлаққа еш ілмейтұғын.
Кей достарың сүрінсе шат боласың,
Жоқ болғасын жандарың күлмейтұғын.

Жан болғасын өз жайыңа жүрмейтұғын,
Пендесіңғой адал өмір сүрмейтұғын.
Нағыз ердей отаным деп барды салып,
Қу болғасын білекті еш түрмейтұғын.

Көрсетіп жүрмегесін жарқын жүзді,
Үлкенге де сен дейсің қойып сізді.
Шет елдердің жат қылығын дұрыс көріп,
Көрсетіп -қ жүргенің көргенсізді.

Салт-дәстүрді сияқтысың ұмытқандай,
Сүс көрсетіп жүргесін тырысқандай.
Ақсақалдар үлкенмін деп жөнді айтса,
Одан сайын жүресің қырсыққандай.

Әбестігін емессің еш ұққандай,
Қуларды тек жүргесін пір тұтқандай.
Ата анаң уайымдап қан жұтсада,
Берген сөзді жүресің тек жұтқандай.

Зор жауапты болғасын ұмытқандай,
Көк аспанды тіреп тек жүрген жандай.
Салт дәстүрді силасаң адаспайсың,
Дәстүріміз ұға алсаң ғажап қандай.

Адамдықпен жүргесін ойды салмай,
Надандығың жүргесін ешбір қалмай.
Көшеде де жүргесін қалай болсын
Інілерің жүрғой сенен үлгі алмай.

Інішегім емес едің мұндай бұрын,
Көтеріп сөйлемеуші ең көкке мұрын.
Зор үмітті күткен де інілерден,,
Текті інілер көрсетеді жақсы қырын.

Аяқ асты жүргесін бүлінгендей,
Жат қылығың бойдағы білінгендей.
Бейшаралық қылықпен бет жыртысып,
Жүргенненсоң көзге де тек ілінгендей.

Сасқанымнан қалдымғой дым індемей,
Алғаннансоң бетімнен ағам демей.
Арсыздықпен бетің тым ашылғандай,
Надандықпен үлкен силау ойға келмей.

Көрсетіп келемізғой әркез төзім,
Кеу де қағып жүрмегесін деп тек өзім.
Шет елдерден дәріс алып бұзылғанды,
Жүрғой өзі бұл күнде көріп көзім.

Кей пендеге емеспін көп сенгендей,
Азаматтық жүргенмен ойға енгендей.
Сен сияқты арақ ішіп бұзылғандар,
Кеуде қағып болғасын мен дегендей.

Болмағасын сөздеріне иланғандай,
Жүремінғой мың толғанып қиналғандай.
Бас салбырап сөзінен де түңілгесін,
Болмағасын өзінен еш үлгі алғандай.

«Аға» деуі кей інінің тым жалғандай,
Бәрін көріп көңілде өзі тым қалғандай.
Ымыраға келе алмай күндестік қып,
Асылменен тектіні де тым шалғандай.

Қылығынан кей ездің мый талғандай,
Қызғаныш қып тайы өзсада кек алғандай.
Отанына тек адал қызымет қып,
Жас ұрпаққа болмағасын ой салғандай.

Абай баба сынаған кейде өзінде,
Жалғандық болмағасын еш сөзінде.
Жат қылықты жүрген ғой мінеп-сынап,
Адамдыққа жеткізіп тек көзінде.

Бойда мінді ешқашан жасырмаған,
Бастан жауын дналықпен асырмаған.
Дәстүр салтын өзінің сақтай біліп,
Кеудемсоққа ешқашан бас ұрмаған.

Арсыздарға бүйректі еш бұрмаған,
Болғаннан соң сөздерін де еш тұрмаған.
Көп жандардан ауқатты болсадағы,
Орынсыз сауықты да еш құрмаған.

Адамдығын жүре алған сақтай алып,
Жүрседағы кей күншіл күндеп шалып.
Қалығым деп жүргесін мың толғанып,
Азаматтық жүргесін ойды салып.

Ұрпағым деп жүргесін жырды жазып,
Адамдықтан жүрмеген ешбір азып.
Сақтай алған жүректің нұрлылығын,
Жүрмегесін ешкімге орды қазып.

Жүрегі де болғасын өте түкті,
Көрсете алған нағыз тек ер жігітті.
Данасына сенгенғой қалығы да,
Қалығым деп көтергесін ауыр жүкті.

Азаматтық өмірден ойды түйген,
Жүрегімен қалығын әркез сүйген.
Төбіреніп қалығым деп мың толғанған,
Қалқы үшін ыстығына әркез күйген.

Жырыменен рух беріп берген ғой дем,
Болмасын деп қалығым ешкімнен кем.
Күніне мың толғанып халқым деген,
Болмасын деп ұрпағым ешкімге жем.

Ұлан байтақ боғасын даласы кең,
Даналықтан болмағасын ешкім де тең.
Халқына адалдығын тек білдірген,
Ұнағасын өмір де адамдық ең.

Даналардай ойды түйіп бұл өмірден,
Кемшілікті бойдағы дүзеші сен.
Інішегім ақылды ізетті деп,
Аға болып жүрейін шаттанып мен.

Даналық қып бойдағы түзе мінді,
Сыйлай біліп жарқырап шыққан күнді.
Текті жандар ортасына сыйлы болар,
Азаматтық шығарып жарқын үнді.

Толғанатын ел болғасын шын сәт келді,
Өзің шыққан ортаңды сыйла елді.
Егеменді ел болуда оңай емес,
Көк туыңды биіктетіп байла белді.

Інішегім, болайық әркез текті,
Болашақты ойлағасын келешекті.
Егеменді елдігім деп білек түріп,
Отанға сіңірейік зор еңбекті.

Мұстафа Өзтүрікке арналады

О, Мұстафа өзтүрік батыр інім,
Ақын ағаң өзіңді еске алады.
Егеменді ел болып шығып күнім,
Ерлікті айтып ұрпағына ой салады.

Азаматтық шыққасын әркез үнім,
Тебіреніп ақсақал боп толғанады,
Жыр жазумен өтеді жиі күнім,
Жарқынына келешектің тым нанады


Жыр жазудан қалайша қол талады,
Ерлік іске көңілде шын толғасын.
Нағыз ерлер ел жадын да тек қалады,
Өмір де қалқы сүиген ер болғасын.

Ерлік ісі ерлердің ұмытылмас,
Ерлігімен биік шыңды тек алғасын.
Қалқы қалай ерлігін мақтан қылмас,
Ерлік ісі жадын да тек қалғасын.

Ата-жұрт деп келіп едің кезде қиын,
Жалындап ұшақпенен тез ақ ұшып.
Халқыңның көргеннен соң құрмет сыйын,
Тұрғандай ед нұрын шашып күнде құшып.

Сезгендей боп дер кезін де келіп едің,
Ұшақпенен шыңдардан сонда асып.
Ата-жұрт деп соққасын тым жүрегің,
Рухты да көтермек боп күшің тасып.

Орындалып армандаған тым тілегің,
Қиындықтан көрмегесін ешпір сасып.
Болғаннан соң өмір де жақсы тегің,
Нағыз ерлер қалай ғана жүрсін жасып.



Келді деп қуантып ең қара балаң,
Мұстафа деп жүргесін әлем танып.
Сезгендей ед әуелі тауың далаң,
Еркелеп келгенің де тым шаттанып.

Әзілмен де көтеріп көңілдерді,
Көрсетіп жүріп едің мәрттігіңді.
Ұзартқандай жүргесін өмірлерді,
Азамат боп ойлағасын елдігіңді.

О, Мұстафа інім көрсеттің ерлігіңді.
Ата жұртты сүйгесін тым еліңді.
Тағыпта алып жүргесін белдігіңді
Ерлік іске байлап едің тым беліңді.

Ааматтық көтергесін тек жүгіңді,
Ата жұрт деп тыңдай білдің жүрегіңді.
Болашақтан үзбедің күдеріңді,
Азаматтық білдіріп тілегіңді.

Тілмен көзден қалығың да тым сақтанып,
Сақтықтың да керегін түсінгесін.
Ерлігіңе жүргесін әркез нанып,
Нұрлылығын жүрегіңнің тым білгесін.

Ата жұрт деп келгесін тым сағынып,
Қалқың да түсініп ед жүрегіңді.
Жүректің әміріне тым бағынып,
Сіңірмек боп келгесін еңбегіңді.

Қуанғаннан келгеніңе есен аман,
Ер қазағың алғандай ед құшағына.
Бастарынан өткесін не бір заман,
Қазағыңның жаралғасын тым бағына.

Ата жұртты іздеген нағыз ер ең,
Ер қалқыңды сүйгесін жүрегіңмен.
Азамат ең және де ойың терең,
Азаматтық ой түигесін бұл өмірден.

Далаңдай болғаннан соң ішің де кең,
Ата-жұртты ойладың гүлдетуді.
Ата жұртқа келмегесін ештеме тең,
Байтақ жерді ойладың түрлентуді.

Егемендік алғанда тәй-тәй басып,
Арқаны кеңге салып жүрмей тосып.
Ерлігіңмен жүргесін күшің асып,
Азаматтық жүрмек боп үлес қосып.

Жалындап жүріп едің күшің тасып,
Сан сұқ көздер жүрсе де жіті бағып.
Дұшпаныңды ер болғасын мысың басып,
Белбеуді де жүргесін алып тағып.


Қалап қойып кірпіштерді қолмен ұрып,
Ерлік етіп жүріп едің ұрып шағып.
Бірақ ұрып жүріп едің тек сындырып.
Ерлігіңмен жүргесін әркез жағып.

Азаматтық жүргесін іс тындырып
Кей ездердей жүрмедің кеуде қағып.
Ерлік істің не екенін ұғындырып
Бөсіп есіп сөйлемедің еш лағып

Азаматтық жүргесін сөзде тұрып
Ерлік іске жеткізе алдың әркез көзді.
Ер қалқыңа жүргесін бүйрек бұрып
Азаматтық сөйледің әркез сөзді.

Шәкіртті де даярлап жүрдің ерлеп,
Батырлықты көрсете алып бар қырыңды.
Бой күйездік салғырттықты мүлдем жерлеп,
Халқыңнан жасырмадың еш сырыңды.

Ер қалқың да құптап еді тым мұныңды,
Биіктерді алғасын тек ерлікпен.
Төмендетпей жүргесін еш құныңды,
Арманға жетеміз деп тек бірлікпен.



Азаматтық жүріп едің үнді қатып,
Егеменді елдіктің жайын ойлап.
Жайсыз жайттар жүрекке қатты батып,
Терең ойға жүргесін әркез бойлап.

Көз жеткенде таңыңның атқанына,
Озбырларға жүрген де көзді оқтап.
Ата-жұрттың айналғанда мақтанына,
Қалып еді мәңгілікке жүрек тоқтап.

Халқың қалып еді тым қиналып,
Батырынан айрылғасын тым күйзеліп.
Ерлігіңе жүрген де тек иланып,
Күйзелістен қалып еді тым теңселіп.

О, Мұстафа інім еді ғой ісің ұлы,
Ата-жұрт деп соққасын тым жүрегің.
Құлқынның да болмадың ешбір құлы,
Халқыңа болғаннан соң ақ тілегің.

Жазиралы байтақ қой қазақ жері,
Ұрпағына қалдырғасын бабаларың.
Қорғаймын деп аққанғой қанмен тері,
Ұрпақты ойлап батыр ер даналарың.

Жерін қорғап аз болмаған қазалары,
Жүргенненсоң жаулары жиі шауып.
Тыныштығы кетсе де мазалары,
Жаулары жер құшқанғой ажал тауып.

Қалқын қорғап жүре алған әркез жарап,
Азаматтық жүрмегесін сөзді жұтып.
Атақтары әлемге де кеткен тарап,
Ерлік етіп жүргесін әркез де ұтып.

Ерлік істі жарамас сөз қылмасқа,
Жыр жазып жүргенненсоң ақынмын деп.
Мұстафа інім ерлігің үлгі жасқа,
Ерлігің ді көрсеттің сағынып кеп.

Тым жақсы білеміз ғой біз бағаңды,
Нағыз ер ең жүз жылда бір туатұғын.
Жүрегіңмен сүйіп өттің қазағыңды,
Ерлер жолын болғасын қуатұғын.

Сондықтан да артық қой әркез бағаң,
Мұстафа боп тірлігіңде ерлегесін.
Қалқын сүйіп аман болсын бала шағаң,
Азамат боп олар да тек ерлесін.

Қазағыңның мәңгілікке мақтанысың,
Бақилық боп тым ерте көз жұмсаңда.
Боз кілемде не бір ерді басқан мысың,
Ілесе алмай не бір ер қалған шаң да.

О, мұстафа інім көтердің руқтарды,
Тірлігің де көрсетіп тым ерілікті.
Жастарды да үретіп салып барды,
Азаматтық көрсеттің тек тірлікті.

Аян еді бос бекер келмегенің,
Егеменді ел болып тәй басқанда.
Ер халқыңды еді ғой демегенің,
Не бір ерден ерлігің тек асқанда.

Ерлік істің керектігін жақсы ұғып,
Зор табысты жүргесін әркез тілеп.
Шет елдер де кей ездей жүрмей бұғып,
Ерлігіңді көрсеттің келіп із деп,

Қалығыңды жүрегіңмен шын сүигесін,
Азамат боп ерлігіңді тек көрсеттің.
Азаматтық өмірден ой түигесін,
Ерлігіңе өзіңнің тәнті еттің.

Ата жұртты дұрысаққой елегенің,
Шет елдеде Отанды ойлап естілікпен.
Ұмытылмас тек жебеп желегенің,
Нағыз ер болғаннан соң тектілікпен.

Ездер де бар жат қылықпен түңілдірген,
Надандығы болмағасын еш құптарлық.
Бүлікші боп ортасын тек бүлдірген,
Көрсетіп жүргеннен соң тоғышарлық.

О, Мұстафа, інім адамдықты ең тек білдірген,
Адамзатқа көрсетпедің еш іштарлық.
Ер болғасын емессің еш күлдірген,
Адамдық қып сыйладың жанды барлық.

Толғанып жыр жазамын шындықты айтып,
Жүргеннен соң халқыммен бірге жоқтап.
Ата-жұрт деп келмейсің-ау енді қайтып,
Мәңгілікке қалғасын жүрек тоқтап.

Толғанып тебіреніп сыр ашамын,
Мұстафа інім нағыз қазақ ер еді деп.
Қалайша шындық сөзден мен қашамын,
Қуантпайсың-ау халқыңды сағынып кеп.

Көз жұмып бұл өмірден өтпес кімдер,
Шыр етіп бұл өмірге келгенменен.
Құшағына кімді алмас сыз қара жер,
Қалқын сүйіп жүрегімен ерлегенмен.

О, Мұстафа інім ісін істеп батыр ердің,
Азаматтық тұрғыдан көріне алдың.
Ерлік істеп жастарға үлгі бердің,
Азаматтық жастарға ойды салдың.

О, дүниеде де халқыңды жүрші қолдап,
Ұлы еді деп әркез де халқым менің.
Мұстафа боп сәлеміңді жиі жолдап,
Ер халқыңа көмегің тисін сенің.

Қиын кезде ата жұртты келіп іздеп,
Азаматтық зор үлесті қосып кеттің.
Кеу де қағып кей ездей жүрмей біз деп
Азаматтық көрсетіп ерлік еттің.

Халқыңды ертеректеу кеттің тастап,
Жарық жұлдыз секілді ағып түстің.
Ерлік іске жастарды келіп бастап
Азамат боп білгесін мәнін істің.

Қалығың да зор еңбекті жүрғой елеп,
Ұмытпайды мәңгі бақи еңбегіңді.
Жүріп ед деп ерлігімен жебеп желеп,
Асыл текті көрсеткесін тым тегіңді.

О, Мұстафа, інім толғанып алдым еске,
Азаматтық ерлік ісің тым ойға кеп.
Қалығынан қымбат не бар ер жігітке,
Өмір де нағыз батыр ер еді деп.

Ата-жұртты шет елде де еш ұмытпай,
Азамат боп көрсетті деп тектілікті.
Қалай жүрсін нағыз ерлер үнді қатпай,
Көрсеткесін нағыз шын ер жігітті.

Азаматтық өтеп ед деп зор міндетті,
Өмір де нағыз батыр ер болғасын.
Қалығына жүріп ед деп бұрып бетті,
Жыр арнадым көңіліме шын толғасын.

Құрдасқа әзіл

О, құрдас жас күніңде,
Жарқын еді тым үніңде.
Керемет көрікті едің,
Жоқ еді еш мініңде.

Нұрлы еді жүрегінде,
Көп еді білгенінде.
Ұлтыңа азамат боп,
Жақсы еді тілегің де.

Елің ед тірегің де,
Ұлтым деп жүргенінде.
Шаттықты жанарыңнан,
Сезуші ем күлгенінде.

Ұқсаушы ең нағыз ерге,
Қыздармен жүріп бірге,
Жүргесін қол ұстасып,
Ынтық ең бұл өмірге.

Қарапта тым көңілге,
Теңепте қызыл гүлге.
Жақын еді арулармен.
Сырласып жақын ірге.

Жүргесін қыздар қарап,
Айнаға шашты тарап.
Қыздармен айлы түн де,
Жүргесін сен де жарап.


Сезіліп ер жеткенің,
Көрінбей кер кеткенің.
Ұнаушы ед құрдастарға,
Ерлікті тек еткенің.

Көлікпен жолда қалып,
Денеңді терге малып.
Өгіздей өзің тартып,
Жетіп ең зорға талып.

Жүрген де сырды ашып,
Сері боп ақша шашып.
Келіп ең боп боп боз болып,
Сасқандай түсің қашып.

Білгесін қатарыңды,
Серейіп жатарыңды.
Тер ағып келіп едің,
Салғасын тым барыңды.

Тұрып ед бу бұрқырап,
Алғасын өзің сұрап.
Жүрген де түн де жортып,
Көлікпен алған құрап.



Жалындап жортамын деп,
Сүйгеннің тым қамын жеп.
Анаңды қуантып ең,
Сүйрелеп тым аман кеп.

Жеткенмен қырың кетіп,
Жарап ең аман жетіп.
Жолда қап қата жаздап,
Жүрген де ерлік етіп.

Жүргесін тыныш жүрмей,
Оң сөзге құлақ түрмей.
Жалындап еш сақтығың,
Жүрген де ішке кірмей.


Жүрген де басыңды имей,
Шекеге ешбір тимей,
Көліктің бұзыларын,
Қалғасын мүлдем білмей.

Қасқырлар жоқ деп азық,
Жүргесін жүрек сазып.
Қуанып жейтін бе еді,
Сері де жоқ деп жазық.

Жүргесін қарны ашып,
Құтылат деп қайда қашып.
Бас салып аң біткенді,
Жегесін қанды шашып.

Қалғасын жалғыз өзің,
Жәудіреп екі көзің.
Жеме деп жалынғанмен,
Өтпес ед сенің сөзің.

Ұятты жүр деп қойып,
Аламақ боп жеп бір тойып.
Дала да жейтін еді,
Көзіңді сенің жойып.



Жүргендей қатты елеп,
Жүргесін аңдарды жеп.
Қуанып тым қасқырлар,
Дәмді бір сері екен деп.

Жүргесін тілді алмай,
Қызбалық ешпір қалмай.
О, құрдас еске аламын,
Өткесін қызық талай.

Шықпайды неғып үнің,
Жарқырап тұр ғой күнің.
Қарттыққа жасымашы,
Егделік емес мінің.


Күлмейсің бұл күн неге,
Өткесін жастық дем де.
Жалындап жүргенменен,
Қыздар деп жігіт кезде.

Жастық шақ өте шығып,
Жүргенмен жүрмей бұғып.
Шаршап ақ қалғандайсың,
Көп жайды тымақ ұғып.

Егделік қырды алғандай.
Өзіңе ой салғандай.
Жалпағынан басып едің,
Жас кезде бұл жалғандай.

Жүрмегесін көңіл қалып,
Жүргендей шыңды алып.
Түнімен жортсаңдағы,
Көрмеп ең шаршап, талып.

Тісің де сирегендей,
Сирейтін кез келгендей.
Сүйекті қоймай мұжып,
Мұжылып күйрегендей.



Ұнамсыз күйге енгендей,
Қамды емес еш жегендей.
Маржандай ақ тісіңе,
Жүрген де тым сенгендей.

Төбеңде тым жалтырап,
Күнменен тым жалтылдап.
Аманын қырау шалып,
Тұрғандай тым қалтырап.

Қыр кетіп үрпигендей,
Түсетін кез келгендей.
Шаштың да қырын алып,
Егделік мен дегендей.


Қабакты тым түйгендей,
Қарасаң іш күйгендей..
Алғысты ешбір қарттар,
Болмаса да еш үйгендей.

Кәрілік түпке жетіп,
Тұрғасын қыры кетіп.
Аманы амандыққа,
Тұрғандай тәубе етіп.

Төбе де тым шошайып,
Болғасын көбі ғайып.
Жүре алмай бұтақ жайып,
Тұрғандай бағы тайып.

Мұңайып тым бүгінде,
Толғанып мың күніне.
Уақыт жастығыңның,
Қоймапты еш түгінде.

Гәккүге жүрмей басып,
Жүрмегесін күшің тасып.
Көңілге алып тез өткенін,
Жүргесін ептеп жасып.



Сезіледі қимайтының,
Сағынуды тимайтының.
Жастығың көзге елестеп,
Езуді еш жимайтының.

Кездерді шат күлетін,
Бағаңды тым білетін.
Жүрсіңғой қия алмай,
Сол кезді көзге ілетін.

Тартқасын өмір жүгін,
Егде боп сенде бүгін.
Уақыт ұрлағандай,
Жастықтың қоймай түгін.


Не болған құрдас саған,
Ой салып тұрсың маған.
Құрдас ең сыр ақтарған,
Жоқ еді көңіл қалған.

Жігіт ең биікті алған,
Көзді де шыңға салған.
Сені де шаршатқанба,
Толғантып мынау жалған.

Кез қайда тартынбаған,
Жанарың жарқылдаған.
Білекті түріп алып,
Қыздар деп бір тынбаған.

Сән басып былқылдаған,
Шат күліп сылқылдаған.
Серуендеп келейік деп,
Қыздарға қыңқылдаған.

Тұрса да тыржыңдаған,
Едің ғой ыржыңдаған.
Үстіге барды киіп,
Кез қайда қылжыңдаған.



Жігіт ең еш жатпайтын,
Жортпасаң ас батпайтын.
Жараған буралардай,
Асты да еш татпайтын.

Беттен де еш қайтпайтын,
Артық сөз еш айтпайтын.
Уақыттан кешігіп қап,
Қыздарды мұңайтпайтын.

Жүргесін биікті алып,
Қыздарға көзді салып.
Серілеу ағалардан,
Жүрмеуші ең ешбір қалып


Жүргесін қыздар қарап,
Шашыңды жиі тарап.
Құрдасым ерлей алып,
Жүруші ең әркез жарап.

Жігіт ең от боп жанған,
Сөзіңнен еш танбаған.
Жастықтың қызығына,
Сері боп еш қанбаған.

Бұл күн де қыздар қайда,
Жүрмеуші ең бекер жайға.
Қыздар да шаруаң жоқтай,
Көңілің еді айда.

Шал болып көзді салмай,
Жүресің көңілге алмай.
Қыз көрсең жалындаушы ең,
Көз салып жаның қалмай.

Егделік саған жетіп,
Жастық шақ өтіп кетіп.
Денсаулық амандыққа,
Жүрсің ғой тәубе етіп.



Асу ең алынбаған,
Жүректе от жалындаған.
Жастығым өтеді деп,
Ойға едің салынбаған.

Асау ең бағынбаған,
Жалындап шағынбаған.
Кездерің аз еді ғой,
Жастықпен қағынбаған.

Не болған құрдас саған,
Ой салып тұрсың маған.
Тым жиі күрсінесің,
Кез қайда жалындаған.

Еңбек қып ерінбедің,
Еңбектен жерінбедің.
Жігітсің ұлтты сүиген,
Тек қана қалқым дедің.


Құрдасым сенсің менің,
Сау болсын әркез денің.
Бұлайша жарамайды,
Мұңайып тым жүргенің.

Ерлерге көп қой міндет,
Шыңды алып арманға жет.
Жүрейік еңбек етіп,
Елдікке бұрып тек бет.

Жүрейік түріп білек,
Бола алып елге тірек.
Отан деп соқсын әркез,
Кеудеде тынбай жүрек.

Қаратпай ұлтты жерге,
Ұқсайық нағыз ерге.
Жасаршы бұрынғыдай,
Қасқайып кеуде керде.





Ұқсайық кемеңгерге,
Жалын көп нағыз ерде.
Жүрейік қызмет қып,
Малынып маңдай терге.

Көрінші биіктерден,
Шыға бер көңілдерден.
Алламыз тым жарылқап,
Біздерге өмір берген.

Жүрмейік біз мұңайып,
Ерлерге ол да айып.
Жас болшы жалындаған,
Жүрмейік сөзден тайып.


Жүрейік бұтақ жайып,
Қалсақта тым ұлғайып.
Беттегі әжімдерде,
Жасарып болсын ғайып.

Кәртейме тым ертерек,
Жүрейік әркез ерлеп.
Еңбек қып әркезде де,
Жүрсінші маңдай терлеп.

Айтамын ішке сымай,
Шал деуге сені қимай.
Достықты еш бір тимай,
Жүре бер езу жимай.

Жүз жасты жасайық біз,
Жүзденде асайық біз.
Ерлікті көрсетейік,
Көрсетіп тек жарқын жүз.

Тарта бер ердің жүгін,
Ұлы елміз біздер бүгін.
Ертерек қартаюда,
Ерлерге әркезде мін.



Жүре бер еліңе ұнап,
Еңбек қып әркез шыңдап.
Ерлерін бағалайды,
Ұлы елім әркез сынап.

Жарқырап шықты күнің,
Жарқылдап шықсын үнің.
Егемен ел болдыққой,
Егделік емес мінің.

О, құрдас, мұңайма сен,
Елдікке қояйық ден.
Жерің бар ұлан ғайыр,
Үстімен астыда кен.


Шаттанам бұл күнде мен,
Жыр жазып жүрегіммен.
Шыңдарға көз салған соң,
Ой түйдім бұл өмірден.

Қызық қой өмір деген,
Кәртеймес көңіл деген.
Еңбек қып тым дұрысқой,
Ұрпақтың қамын жеген.

Жүрейік елдікті ұғып,
Осылай жүрмеі бұғып,
Өмірді сүрейікші,
Көңілден әркез шығып.

Білейік бағымызды,
Сындырмай сағымызды.
Отанға арнайықшы,
Қарттық та шағымызды.

Егемендік еді арман,
Ер болып енді қарман.
Салғырттық ен жарлыққа,
Айтарым ешбір барман,



Талапты ер шыңдарды алған,
Жалқаулар көштен қалған.
Ұлы ел боп гүлденеміз,
Сөзім бұл емес жалған.

Ата боп немергеге,
Ұқсашы нағыз ерге.
Адам боп келгеннен соң,
Барды сал бұл өмір де.

Жүрші тек топты жарып,
Ерлікке әркез барып.
Немереге ата болып,
Жүргенде қол ұзарып.

Азатқой бұл күнде елім,
Қайыспас жүктен белім.
Айдардан тым соққандай,
Бұл күнде самал желім.

Сан қызық бастан өтті,
Табысқа қолда жетті.
Отанды гүлдентейік,
Білгесін біз міндетті.

Ынтық бол бұл өмірге,
Намысты қолдан берме.
Кетиіп жүрсе де тіс,
Жасарып еш бой берме.

Сақалды шошаңдатып,
Тұрғанда таңың атып.
Жүрші тек үлгі беріп,
Ақсақалдық үнді қатып.

Толғанып ойға бойлап,
Селтеңдеп жүрмей тойлап.
Тебіреніп отан деші,
Халқың мен елдікті олап.

О, құрдас бол төзімді,
Таңданып тым өзімді.
Осымен аяқтайын,
Құрдас деп мен сөзімді.

Қызым Айжанға

О, Айжаным, бала едің еркелеген,
Ана болдың сәбиңді жетелеген.
Осылайша өзің ұшқан шаңыраққа,
Хәлді сұрап дұрыс қой жиі келген.

Уақытта өтіп жатыр аттай желген,
Текті қыздар төркінін тым елеген.
Адамдықты бойына сақтағасын,
Даналықпен төркінім, халқым деген.

Ұл қыздарын ата-ана да сағынады,
Табиғаттың заңына бағынады.
Өніп өсіп жүргесін ұл-қыздары,
Сағындым деп несіне шағынады.

Қалағасын жүргенін бұтақ жайып,
Жан дүниесі жүргесін мүлдем байып.
Немеренің көбейгенін тек қалайды,
Жүрмегесін сөздерінен ешпір тайып.

Өсіргесін ұл-қыздарын салып барын,
Азаматтық адамдық сақтап арын.
Отау тігіп шаңырағын биіктетсе,
Тым мақтаныш қылады ұл қыздарын.

Ұл-қызы өсіп жүргесін қолы ұзарып,
Азаматтық батылдыққа әркез барып.
Ұл-қыздарын ұшырғасын ұясынан,
Елі алдын да қалай жүрсін бет қызарып.

Борыштарын ата аналық өтегесін
Ұрпағының қамын да тым жегесін,
Адамдықтан жүрмегесін еш өзгеріп.
Ұл қыздарын өсіріп ерлегесін.

Ұл қызына жүргесін әркез сеніп,
Азаматтық жүргесін ойға еніп.
Қалығы да жүргесін көзбен көріп,
Риза боп жүргесін көңілденіп.

Қызым едің папалап жетекке ерген,
Асыр салып қызғалдақ гүлді терген.
Қатарынан қалмасын деп бұл өмірде,
Әкең едім ұстаздардай дәріс берген.

Бізде азамат болғасын көпті көрген,
Болмағасын құр алақан еш өнерден.
Тәрбиені беруге тек тырыстық,
Азаматтық ой түйсін деп бұл өмірден.


Азаматтық адамдыққа қойғасын ден,
Адамдықпен шыққасын тек көңілден.
Ұл мен қызды ана болып өсіре алып,
Зор сенімді ақтап жүрсің әркезде сен.

Ана болып жүрсің ғой сенімді ақтап,
Бойыңа ар ұятты әркез сақтап.
Маратыңмен екеуің жұп жазбаңдар,
Бір біріңді жүргесін әркез жақтап.

Келесіңдер сақтай алып адамдықты,
Тектілікпен көрсетпей надандықты.
Рухы биік жандар әркезде де,
Ұрпақты ойлап өмірде болар мықты.

Ата ананы дұрысқой тым елеген,
Тектілікпен жылы сөзбен тек демеген.
Өздері өніп өсіп толғаннан соң,
Ұл-қыз да бар ата-анасын елемеген.

Ата анаға болдым деп зекіретін,
Жат қылықпен қырларын кетіретін.
Ата-анасын сыйламайтын ұл-қыз да бар,
Ақылының саяздығын көрсететін.



Болмағасын еш өздерін үлгі ететін,
Надандығы бойларын да тым жететін.
Қалығы да қылады қайтып үлгі,
Адамдықтан болғасын тек кететін.

Қысқа ойлап білмегесін өз міндетін,
Жат қылығы қызартпай ешбір бетін.
Даналықпен әр жайды терең ойлап,
Болмағасын бұл өмір де жөн білетін.

Жат қылықпен ортасын да бүлдіретін,
Білмегесін ештеменің жөн іретін.
Білдіре алмай адамдықпен еш ізетін,
Надандықпен баланы да күлдіретін


Орындап тастағандай өз міндетін.
Кәрілер үйіне де өткізетін.
Беттері де бүлк етпей, еш қызармай,
Арманына солайша жеткізетін.

Текті қыздар бос сөзге еш ермейді,
Азаматтық адамдықтан өзгермейді.
Еңбегімен биік шыңды алсадағы,
Тектілікпен кеудені еш кермеиді.

Даналықпен жүргесін сенімді ақтап,
Ізетті боп жүргесін әдеп сақтап.
Өсірген ата-анаға мың алғыс деп,
Ата ене де жүргесін әркез мақтап.

Текті келін ата-енесін сөз етпейді,
Адамдыққа надандық еш жетпейді.
Түскен жерін шақырғасын тек бірлікке,
Сақтағасын бірлікті қыр кетпейді.

Текті қызды білесің сөздерінен,
Ойлы ақылды және де көздерінен.
Салт-дәстүрді, үлкенді сыйлағасын,
Қонған бақта қашпайды өздерінен.



О, Айжаным, ата-анаң бар үміт күткен,
Шаруа деген емесқой ешбір біткен.
Өздеріңді ұядан ұшырғанмен,
Мойнымыз босаған жоқ әлі жүктен.

Бағудамыз бұл күнде немерені,
Қарағасын сау болса деп әркез дені.
Аталаған тілдерінен айналамыз,
Айналсақ өсетіндей атақ шені.

Амандығы қуантады әркез мені,
Бүлдіріп жүрседағы бірдемені.
Немерені жетелеп келгеннен соң,
Тым қуанып қалдыққой көріп сені.


Дұрыс аққой шыңдарға көзді тіккен,
Шыңды алып айрылмай мүмкіндіктен.
Бағып қағып немерені жүргенненс оң,
Арманда көбейгендей мүлдем тіптен.

Бұл өмірде дұрыс қой болған текті,
Толғанып ұрпақты ойлап келешекті.
Азаматтық адамдықты көрсете алып,
Білек түріп еткен дұрыс тым еңбекті.

Адамдықпен дұрыс қой көрінгенің,
Бірлікті ойлап сау болып әркез денің.
Ойламаған бірлікті жан ұяны,
Тек мазағы болмай ма көрінгеннің.

О, Айжаным даналықпен бәрін де сез,
Ана болып толғанатын келгесін кез.
Ортаға адамдықпен сыйлы болып,
Тек осылай көрсете бер жақсы мінез.

Зор еңбекте өмірде бағаланар,
Талпынған жан әркезде биікті алар.
Өмірде тек талпынып жүргеннен соң,
Еңбегімен қатардан қайтып қалар.



Табанды боп өсіре бер ұрпағыңды,
Ұрпағыңа арнада жас шағыңды.
Ержеткесін еңбегіңді оларда ақтар,
Одан сайын ашады тек бағыңды.

Тіршілікте таусылмайтын көп қой арман,
Шыңды алуға жас шақта әркез қарман.
Үлкен сыйлап, әркезде ізетті бол,
Тек осылай жат қылыққа ешбір барман.

Адамдықпен әр кезде жүргін жағып,
Ұл-қызыңды өсіріп бағып-қағып.
Барған жерің келінді кім өсірді деп,
Ата-анаңа жүрмесін кінә тағып.

Пенде де бар жүретін тілмен шағып,
Өтірікке де жүргесін судай ағып.
Бәле-жала тергесін надандықпен,
Не айтат деп жүретін ауыз бағып.

Араға да жүретін отты тастап,
Жамандыққа жүргесін әркез бастап.
Азамат боп адамдықты ойламайтын,
Ездікпенен жүргесін иттік жасап.

Әке сөзін текті қыздар әркез ұғар,
Жастық шақта зымырап өте шығар,
Ұшырып ұясынан ұл мен қызды,
Қиындықтан ата-анаң емес бұғар.

Ұл-қыздарың өссінші болып батыр,
Мақтағанға болсыншы әркез татыр.
Кейбір кезде үйде отырып тәубе деймін,
Ер жетіп немерелер келе жатыр.

Бұдан артық бола ма үлкен бір бақ,
Ұл-қызыңның болғасын жүрегі ақ.
Аман болсын халқым мен бала-шағам,
Керек емес маған ешбір тәж бенен тақ.

Еңбекпенен өте берсін тек жастық шақ,
Талпыныспен келеді ғой ырыс пен бақ.
Басқа қонған бақытқа ие болып,
Бір-біріңе жүріңдер болып тек жақ.

О, Айжаным, ұрпақты халқыңды сүй,
Азаматтық адамдықпен тек ойды түй.
Әке болып мен өзіңе ризамын,
Ана болып отырсың болып бір үй.

Бұр ашпас қызғалдақ та тамыр жаймай,
Тектілікпен жүре бер сөзден таймай.
Ұл өсіріп, қыз өсіріп ата-анаңдай,
Ұрпақ сүйіп жүре бер еш мұңаймай.

Тектілікпен жүргесін сыйлап үлкен,
Даналықпен ой түйіп бұл өрден.
Ортаға сыйлы болып жүріңдер тек,
Адамдықпен шыға біліп тек көңілден.

Бақыт шаттық өздеріңе тілеймін мен,
Өсседағы мастанбаңдар атақ пен шен.
Егеменді ел болғасын бақыт қонып,
Жетуге өркениетті елге қойыңдар ден.

Еемендік елдікке болыңдар-ақ.
Гүлдентумен өтсінші тек жастық шақ,
Отанды гүлдентуге үлес қоссаң,
Одан артық болады қандай зор бақ.

Бәйтеректей жүріңдер өсіп-өніп,
Табиғаттың заңына әркез көніп.
Жүріңдерші шаңыраққа жиі келіп,
Өскен ұшқан шаңыраққа көңіл бөліп.

Адамдықпен басылып қадамдарың,
Отанға таза болсын тым арларың.
Тектілік пен адамдықты сақтай біліп,
Ойлаған орындалсын армандарың.

Күншілдік

Күншілдік деген бәле бар,
Тектіні де шалатын.
Жоғалғасын бойдан ар,
Зар күйге де салатын.

Озды деп кек алатын,
Күншілдікті көрсетіп.
Болса да көңіл қалатын,
Жүрмесе де ешкім үлгі етіп.

Өнбесе де еш ісі.
Жүретұғын қызармай.
Сұрланып әркез тек түсі,
Азаматтыққа еш бармай.


Күншілдігін тия алмай,
Жүргеннен соң тым күндеп.
Надандығы еш қалмай,
Тектіні жүргесін тек мінеп.

Жүрмей ме екен одан да,
Жан біткенге бақ тілеп.
Бақытты мынау заманда,
Жылы сөзбен тек демеп.

Адамдық қып әр кезде,
Құлақ асып сөзді елеп.
Тізгінді бермей еш езге,
Жүрмей ме екен елдік деп.

Егеменді елдігім,
Ұзақ күткен келді деп.
Көтерейін деп ер жүгін,
Ұрпағының қамын жеп.

Егеменді елдікке,
Жүріп ед деп қол жетпей.
Шақырып тек бірлікке,
Ездік істі еш етпей.



Ешкімге жаппай жаласын,
Азаматтықты көрсетіп.
Көрсетпей іштің аласын,
Зор табысқа қол жетіп.

Жүрген дұрыс сыйласып,
Адамдықты тым сақтап.
Жүрмей ешпір алжасып,
Зор сенімді тек ақтап.

Азаматтыққа қойып ден,
Ойлаған дұрыс ұрпақты.
Күншілдік қып демей мен,
Ұшырмай бастан еш бақты.

Әр кезде де қалығы,
Үміт күткен ерлерден.
Ашылса деп тек бағы,
Шыға білсе деп көңілден.

Сондықтан да болмағын,
Күншілдік қып өлермен.
Болдым деп еш толмағын,
Үміт күткесін шын ерден.

Үлгі алып текіден,
Жүрекке дұрыс үңілген
Адамдықты ұғып естіден,
Надандықтан дұрыс түңілген.

Оң сөздерді құлаққа,
Болғаннан соң тек ілген.
Ие болып тек баққа,
Жөн-жосықты тым білген.

Күндегенмен тектіні,
Кеудесі қайтып басылар.
Шалғанменен естіні,
Сүрінбейді асылдар.

Азаматтық ой шолар,
Ауыртып тым бастарын.
Өздері тым мәрт болар,
Адалынан ішіп астарын.

Борышын біліп әр кезде,
Бас тартпайды міндеттен.
Тұрғаннансоң тек сөзде,
Қайтпайды және еш беттен.

Жылы сөзбен жүргесін,
Жүрекпенен жанды емдеп.
Адам боп өмір сүргесін,
Азаматтық ойға кеп.


Күншілдікті көрсетпей,
Жүргенге өзі не жетсін.
Іштарлықты еш етпей,
Ұрпағым ерлік тек етсін.

Адамдықпен шығып атағы,
Биікке шырқап тек кетсін.
Күншілдікте болмай шатағы,
Зор табысқа қол жетсін.

Адамның істеп ұлы ісін.
Сүйенсінші тек арға.
Жылы ұстасын тек түсін,
Қарасын қалмай қатарға.

Көмектесіп момынға.
Батырмасын еш тісін,
Жамандық етпей еш жанға.
Жан біткенді көзге ілсін.

Даналықты көрсетіп,
Жақсылық істеп тек жүрсін.
Қалығы жүрер үлгі етіп,
Адам боп өмір тек сүрсін,



Аспанда әр кез жарқырап,
Биігін де күн күлсін.
Өзендер ағып сарқырап,
Адамдықты ерлер тек білсін.

Аңмен құсты қорғайық

Бабамыз бізге сыйлаған,
Ұлан байтақ даланы.
Қорғайды деп иланған,
Көрсетпей іші аланы.

Жалпайды деп ер болып,
Бір-біріне жаланы.
Көңілде өзі тек толып,
Салады деп қаланы.

Ер болғасын ұрпағым,
Көрсетпейді деп ісі шаланы.
Бар деген ғой тым бағым,
Бақытым деп баланы.

Ұрпағына тым сенген,
Иесі болады деп тек жердің.
Азаматтық ойға енген,
Мінезін көрсетеді деп тек ердің.

Ұрпағым деп барды сап,
Дүниені де жинаған.
Жүргеннен соң шыңдарды ап,
Жандарын да қинаған.

Жақсылығын ұрпақтан,
Ерлік етіп тыймаған.
Айрылмасын деп еш бақтан,
Дүниені бекер жимаған.

Ұлан байтақ даласын,
Жауларына қимаған.
Ішінің біліп аласын
Иттігі ішке сыймаған.

Жүргеннен соң тек ерлеп,
Ерлік іске бел бұған.
Жауыздықты тек жерлеп,
Басынған жауын тек қуған.

Болсын деп ұрпақ бақытты,
Аямаған жандарын.
Сүрсін деп өмір шаттықты,
Шашса да жауы қандарын.

Сақтай біліп сабырды,
Ататын біліп таңдарын.
Ұнатпағасын бос дабырды,
Тыңдай біліп заңдарын.


Ұмытпаған сақтықты,
Ойлағасын ұрпағын.
Көрсетіп әркез ақтықты,
Ашпақ болып тек бағын.

Азаматтықтың ойлаған,
Ұрпағым деп тек жағын.
Терең ойға бойлаған,
Көрсетіп жүрек тек ағын.

Далаға байтақ көз салып,
Зор әсерді тек алған.
Маңдайды терге тек малып,
Ұрпаққа ерлеп ой салған.

Көрік берген далаға,
Кетпеген аң-құс азайып.
Жем болмаған іші алаға,
Жүргесін бұтақ тек жайып.

Қорғай біліп аңын да,
Жүрмеген еш мұңайып.
Қарсы алып таңын да,
Жүрмегесін бақ тайып.



Бабалардың сенімін,
Кей ездер жүр ақтамай.
Болсадағы ерге мін,
Адамдықты жүр сақтамай.

Бара атқандай күдігім,
Одан сайын ұлғайып.
Шықпай қалып кейде үнім,
Қалғаннан соң мұңайып.

Аңмен қоса ерді атып,
Жүргеннен соң кей қансыз.
Қолы қанға тым батып,
Болғаннан соң тым арсыз.


Жыртқышқа айналып тым өзі,
Оққа ұшқасын аң сансыз.
Жанғаннан соң тым көзі,
Атқаннан соң еш заңсыз.

Қансызға ондай кім нанған,
Жүргесін иттік көрсетіп.
Аңды көрсе көз жанған,
Жүргесін түпке тек жетіп.

Адамдықтан жүргесін,
Қансыздықпен тек кетіп.
Қансыз боп өмір сүргесін,
Кімдер жүрер үлгі етіп.

Таңдаған ерлер дүзу жол,
Гүлдентсем деп отанды.
Ұзарады деп сонда қол
Шашпағанғой еш қанды.

Отанымыз шығарған,
Тыңдау керек тым заңды.
Адамдыққа дұрыс тек барған,
Қорғай біліп құс аңды.



Ұшырарсың бағыңды,
Жүрер бір күн қыр кетіп.
Көрсетпесең ағыңды,
Жүрер түпке тым жетіп.

Зор сенімді ақтайық,
Байлығын қорғап даланың.
Адамдықты сақтайық,
Жолын кесіп іші аланың.

Нығайтайық елдікті,
Аң мен құсты атпайық.
Сақтай біліп бірлікті,
Бос сөздерді шатпайық.

Ойлағасын елдікті,
Қалайша үнді қатпайық.
Азаматтық көрсетіп тірлікті,
Жерді де еш сатпайық.

Гүлденсін деп байтақ жер,
Азаматтар ой түйсін.
Болғаннан соң нағыз ер,
Отанын туған тым сүйсін.

Ұлан байтақ даламыз,
Құлпырып тым гүлденсін.
Көбейіп тым қаламыз,
Елдікке әлем тек сенсін.

Қымбаттығын Отанның,
Нағыз ерлер тек білсін.
Баласы боп адамның,
Оң сөзді құлаққа тек ілсін.

Мыңғырып өссе киіктер,
Бабалар жатпас еш кейіп.
Пана болсын байтақ жер,
Бұдандағы көбеиіп.

Азаматтық адамдық,
Көкейлерді тек тессін.
Көрсетпей еш надандық,
Айдардан самал тым ессін.

Азаматтар әр кезде,
Отаным менің тек десін.
Қансызға ермей еш езге,
Аңмен құстар тек өссін.

Әркезде де болайық,
Аңмен құстың қорғаны.
Азаматтық ойды шолайық,
Көбейсін аң мен құс саны.

Амандығын қалайық,
Шашылмасын еш қаны.
Текіден үлгі алайық,
Ашыған аңға тек жаны.


Диплом атты көк тұлпар облыста да озған

Бала кез ед арманға қанат қаққан,
Жас болсақ та жаңалықты жіті баққан.
Ардагер мен ағалар ерлік етсе,
Ерліктерін жүруші едік етіп мақтан.

Азаматтық болғасын үнді қатқан,
Дәстүр салтын болмағасын еш ұмытқан.
Бойларын да жігер, талап мол болғасын,
Ерлік істі болғасын тым ұнатқан.

Не бар артық бұл өмір де ынтымақтан,
Бей хабар ек бізде өзі тәжбен тақтан.
Құрбылар ек жарысып асыр салған,
Мән бермеуші ек күнге де өтіп жатқан.

Ер қойшылар ерлік іске тек бастайтын,
Жайлауынан түскесін той жасайтын.
Төзе біліп жүргесін қиындыққа,
Ерліктерін көрсетіп ой тастайтын.



Ер болғасын ерлік етіп еш саспайтын,
Жөн сөзден де ер болғасын еш аспайтын.
Дәстүр-салтты құрметтеп жүргеннен соң,
Тектілікті сақтағасын алжаспайтын.

Тойды жасап шақырғасын бүкіл елді,
Ерлік іске жүргесін байлап белді
Дәстүр салтты жаңғыртуға ат салысып,
Қазаққа сай көтергесін көңілдерді,

Дарқандықты көрсеткесін кеңдіктерін,
Тектілікпен сақтағасын теңдіктерін.
Дәстүр-салтты ойлағасын ұмытпауды,
Тым бірлікті ойлағасын елдіктерін.


Орныменен жүргесін әркез тойлап,
Рухты да көтергесін бірлікті ойлап.
Қиындыққа жүргесін шыдай біліп,
Терең ойға жүргесін әркез бойлап.

Тойдың да түсінгесін мағынасын,
Ерлердің де жүргесін сыйлап басын.
Жарқыратып дастарқанды жайып тастап,
Елдікті ойлап ерлік істі тек қылғасын.

Отанын гүлдепек боп ат салысып,
Қиындықпен жүргесін арпалысып.
Тұлпарын да қосатын тек бәигеге,
Қатардан да жүрмегесін еш қалысып.

Дипломдай тұлпар бар ед қосса келген,
Кекіл жалы жалтылдап сәнмен желген.
Атағын жиі- жиі еститінбіз,
Әлі жас болсақтағы әркез елден.

Тайбурыл мен Бек құла әдік қара,
Аудандағы тұлпарлар ед озған дара.
Дипломнан оза алмай жүретұғын,
Құстай болып ұшса да бара-бара.



Обылысқа қосса да озатұғын,
Қасым ер де айға қолын созатұғын.
Диплом бәйгелер де көсілген де,
Тойшылардың делебесі қозатұғын.

Тұлпары озып жігіттер де қолдайтұғын,
Кей құрбысы сәлемдерін жолдайтұғын.
Сарыбұлақтың жігіттері қанаттанып,
Қасым ерге тек қос деп болмайтұғын.

Жас болсақ та ой түйгесін бізде өмірден,
Үмітті болғаннан соң сан өнерден.
Бәйгені көруге тым тырысушы ек,
Шыққаннан соң әркез де шын көңілден.

Думанымен қызық қой өмір деген,
Дәстүр салттың азаматтар қамын жеген.
Сондықтан да жігіттердің тұлпары озып,
Жүлдені алып жүруші еді көңілденген.

Бірақ рет адамға өмір берген,
Асылдарға дұрыс қой әркез ерген.
Азаматтар адамдығын сақтай біліп,
Дәстүр-салттан емес еді еш жеріген.

Бойын бұлдап емес еді еш ерінген,
Азамат боп емес еді еш керілген.
Азаматтар өнерімен салтын сыйлап,
Қиындыққа емес еді еш берілген.

Азаматтық шығады ғой нағыз ерден,
Алтын да шықпайды ғой жай бір жерден.
Тұлпарлары атағын шығарғанмен,
Емес еді жігіттер кеуде керген.

Отаршылдық саясаттан жүрмей бұғып,
Дәстүр-салттың керектігін жақсы ұғып.
Ер қойшылар жүретін тойды жасап,
Көңілдерден жүргесін әркез шығып.

Диплом жүруші еді бәйге бермей,
Қасым да тұлпар қосып нағыз ердей.
Тым адал қызметін атқаратын,
Тұлпар ұстап өсек-аяң бос сөзге ермей.

Дипломдай жүретін тұлпар ұстап,
Бабаларға бұрынғы өте ұқсап.
Дипломын тек қолына ұстай тұғын,
Күтімідеп үй маңына жақын тұсап.

Бітеді ғой тұлпар да нағыз ерге,
Қаратпайтын иесін ешбір жерге.
Диплом бәйге бермей облысқа,
Түсуші еді малынып қара терге.

Дипломның атағы шырқап көкке,
Танылған тұлпар еді жалпы көпке.
Көрген жандар шабысына таңданушы ед,
Шабысына жоқ еді еш бір өкпе.

Обылысқа дәлелдеп жүйріктігін,
Кім жүйріктің ажыратып ара жігін.
Облысқа бәйге бермей жүре тұғын,
Шын тұлпардың көтере алып ауыр жүгін.

Қасым ердің атырғандай ерте күнін,
Ауданның да ақтағасын зор үмітін.
Қасым ерде шығара алып жүруші еді,
Тұлпары озып азаматтық әркез үнін.

Шабысын көруші едік көк тұлпардың,
Көркіне айналғасын той думанның.
Облыста сан тұлпармен жарысқанда,
Таңдайларын қақтырғасын көрген жанның.

Дұрыс-ақ қой ел сенімін ақтағаны,
Тұлпарлық тектілігін сақтағаны.
Дала төсін тұяғы дүбірлетіп,
«Сенімді ақтап тұлпар» деп мақтағаны.

Диплом таңдандырып бүкіл елді,
Көмбе аузында деуші еді озды келді.
Шабысымен сан жандарды таңдандырып,
Айдардан да естіргендей самал желді.

Бәйгелер де шыңдайдығой өмір де өзі,
Шын тұлпар деп жүруші еді жетіп көзі.
Дипломда жүргесін бәйге де озып,
Тойшылардың жүруші еді болып сөзі.

Ұрпақ бар ғой ерлік іске еліктеген,
Руқ беріп жүргесін ерлік деген.
Ағалар ед жүре тұғын тым сабырлы,
Тектілікпен бос нәрсеге желікпеген.


Тойды жасап тастаушы еді желпіндіріп,
Қазақтығы жүргесін ішке кіріп.
Ерлік етіп жүруші еді шыңға қарап,
Тастағасын қырандай сілкіндіріп.

Үлкендердің сөзіне құлақ тосып.
Тыңдамаса жіберердей қатты осып.
Жусанды ен далада той жасайтын,
Тұлпарларын бәйгеге жиі қосып.

Барлық ұлттар жүруші еді бірге тойлап,
Бір жағадан бас шығарып, бірлікті ойлап.
Қиын кезде-ақ достықтарын көрсете алып,
Терең ойға жүруші еді бірге бойлап.

Барлық ұлттар бірге тойлап сонда жарап,
Бір-бірінің жағдайына және қарап.
Ұйымшылдық барлық ұлттар көрсететін,
Жарқылдап жанарынан тым нұр тарап.

Биік қойып достықты адам атын,
Танытқандай тым жақсы тегі затын.
Білек түріп еңбек етіп тойды жасап,
Қолды арманға болғасын бір созатын.



Думан-тойдан түрі жоқ ед еш қалатын,
Болғаннан соң бірігіп шыңды алатын.
Егін егіп көкпер тартқан қазақтардай,
Ауыз бірлік берекеге күш салатын.

Той думанға аудан жұрты ағылатын,
Несібеден сияқты боп қағылатын.
Ауызбірлік берекені сақтағасын,
Азаматтық адамдықпен таң қылатын.

Азаматтық білдіргесін ықыласын,
Жүргеннен соң бір бірінің сыйлап басын.
Қуанышты жүргесін бірге тойлап,
Бөліп ішіп жүргесін әркез де асын.


Әр шаруаға бірігіп жабылатын.
Іс түскен де тек қасынан табылатын.
Адамдықты бойға сақтап жүргеннен соң,
Емес еді адамдықтан жаңылатын.

Ерлік істің түсінгесін мағынасын,
Азамат боп қалайша сөзден тансын.
Қазақтардың даласындай кеңдігіне,
Өзге ұлттар қалайша таң болмасын

Барлық ұлттар достыққа тым сенгесін,
Азамат боп зор сенімге тым енгесін.
Тойды жасап қалайша шаттанбасын,
Орден тағып кеудесіне ер дегесін.

Бірлікпенен дұрыс қой шыңды алғаны,
Маңдайды да терге де тым малғаны.
Отан үшін әркезде еш аянбай,
Дұрыс-ақ қой ерлігімен ой салғаны.

Қатардан да болмағасын еш қалғаны,
Еңбегінің тым дұрысқой ақталғаны.
Нағыз ердің өмірдегі ерлігінің,
Жүректер де дұрысқой сақталғаны.



Бабалардай қиындықты сан көрсе де,
Мың құбылып саясатта өзгерсе де.
Кейбір ездер жүргенмен мінеп, сынап,
Даласында мыңғырып малы өрсе де.

Жоспарды артығымен тек берсе де,
Кей қандасы әуелі сөзге ерсе де.
Асқақ ұстап жүретін кеуделерін,
Құлаққа ілмей бос сөзді не десе де.

Жібермей жүретұғын сонда да есе,
Отаршылдың саясатын біліп беске.
Азаматтар тектілікпен мойымайтын,
Азаматтық адамдығы түсіп еске.


Үлкендерге жүргесін әркез ұнап,
Бос орынсыз жүрмегесін ешбір сынап.
Білек түріп жүргесін барды салып,
Етуші еді еңбекті әркез шындап.

Жүргеннен соң тектілігін сақтай біліп,
Жөн сөздерді жүргесін құлаққа іліп.
Ұрпағының тағдырын ойлағасын,
Тым жадырап жүруші еді күндей күліп.

Қазақылық дархандық мінезге сап,
Жайлауымен даласында кең тыныстап.
Кейбір ездің сөздерін көңілге алмай,
Ат жүгіртіп жүретін тойын жасап.

Баласымыз дегендей біз қазақтың,
Белгісін көрсеткендей қазақтықтың.
Тектілікпен қиындыққа еш мойымай,
Жақындығын сезуші еді азаттықтың.

Боларында сезгесін азатты күн,
Азаматтар мал баққанды көрмейтін мін.
Азаматтық еңбектің арқасында,
Азаматтық шығаратын тек жарқын үн.



Нағыз ерлер еді ғой ой түйгендей,
Аз табысқа жүргенмен іш күйгендей.
Барлық ұлттар қиындықты жеңе біліп,
Озбырлыққа емес еді бас игендей.

Болашаққа зор сеніммен қарағасын,
Атақтары тез арада-ақ тарағасын.
Тұлпарларын орғытып жүруші еді,
Жабуланып тұлпары да жарағасын.

Саясаттан жүргенмен көңіл қалып,
Аз табысты жүргенмен көңілге алып.
Бауырлықты сақтаушы еді барлық ұлттар,
Тек шыңдарға жүргесін көзді салып.


Азаматтар алған беттен қайтпағасын,
Артық ауыз бос сөзді айтпағасын.
Егеменді елдіктің жақындығын,
Даналықпен нағыз ерлер байқағасын.

Азаматтық адамдықты қалағасын,
Тек ерлеп биіктерді ала алғасын.
Азаматтар еңбек етіп білек түріп,
Азаматтық ойды да тек салғасын.

Мойындары сорайып боп түйедей,
Шет елдік тұлпарлар да көбейгендей,
Бойды беріп, өзіне түрді беріп,
Бақ дәулетті басына тым үйгендей.

Одақтардан асыл малды әкелетін,
Жүргендей боп кей кезде бұрып бетін.
Азаматтар жүргесін еңбек етіп,
Орындап жүргеннен соң өз міндетін.

Бақ дәулетте еңбексіз қайдан келсін,
Жалқау болса қалайша шын ер десін.
Аштықты да көргенмен соғысты да,
Жиғандай боп қалғандай ед елде есін.



Асыл малды жүретін сатып әкеп,
Сүт беред деп тонналап ет беред деп.
Шындығына, расына көз жеткендей,
Керемет деп бәрінде мақтайтын кеп.

Байтақ жерге болғанмен жерсінбеген,
Еске алып мұны еді ғой елемеген.
Жергілікті малдың да асылдығы,
Шыныменен ойға еді еш келмеген.

Ырықты да еді ғой еш бермеген,
Оң сөзге де болмағасын еш ермеген.
Жергілікті малдарды тым кемсітіп,
Асылына болмағасын еш сенбеген.

Жүргендей-ақ көздері мүлдем жетіп,
Өзге одақтан мал әкелсе мақтан етіп.
Жергілікті малдарды қорлап сөйлеп,
Жүретұғын адамдық ой естен кетіп.

Сырттан әкеп бәрін де өзгерткендей,
Өктемдікті еді ғой тым еткендей.
Мінбелерден бес сағат сөзді сөйлеп,
Бос сөзімен жүргенмен жеріткендей.

Келгенді істеп ойларына еріккендей,
Жүргенменен кей кезде керіскендей.
Үрдіс салтын өзінің сақтай біліп,
Азаматтар емес еді беріскендей.

Жергілікті мал біткенді тықсырғандай,
Тез жұтып аждаһадай ысқырғандай.
Жергілікті малдың да асылына,
Көңіл бөліп болмағасын пысқырғандай.

Мал біткенді жөнге бір салатындай,
Әбестікті көңілге емес алатындай.
Жергілікті малдарды еді кемсіткендей,
Әбестіктен көңілде еді қалатындай.

Сан ғасырғы еңбегін ұмытқандай,
Санадан да сызуға тырысқандай.
Өзгенікін әкеліп тым тықпалап,
Жабылармен болады деп табыс қандай.

Жабы біткен мүсәпірлік күйді кешіп,
Тағдырларын тастағасын мүлдем шешіп.
Ойларына келгенін істегесін,
Ерлегендей жүргесін мүлдем есіп.

Асыл малдар тілеуші еді үлкен күтім,
Болғанменен келісті ғажап бітім.
Жайлауға қойшы біткен шыққан кезде,
Ақталмады деуші еді зор үмітім.


Бір жағынан еді ғой жерсінбеген,
Жабылардай болмағасын теуіп жеген.
Тепеңдетіп қой бағуға жарамапты,
Болғанменен түйедей биік келген.

Көтерем боп жарты жолда қалған екен,
Түйедей боп асыл деп аты сенген.
Жарты жолда жаяулатып қалғаннан соң,
Тұлпарлары қазақы түсіне енген.

Әбестік ед жабы деп көзге ілмеген,
Шоқ басады деген сөз бар дөп білмеген.
Қазақтың асыл текті малдарына,
Адамдықты білетіндер еш күлмеген.

Күледі ғой тек қана тек жүрмеген,
Қазақтармен өмірді бір сүрмеген.
Кеуде қағып солайша опық жепті,
Құлақты да жөн сөзге еш түрмеген.

Жылқы жайын кім біледі қазақтардай,
Еш кінәсі жоқ еді ғой мазақтардай.
Қой терісін жамылған кейбір құлар,
Жылқыға да қарағасын кегі бардай.



Кез келгендей тұлпарларға сыналатын,
Тұлпарлық қасиетпен шыңды алатын.
Қазағының жадында мәңгілікке,
Кім тұлпары бәйгеде озып шын қалатын.

Сәт келгендей барды салып тым терлейтін,
Көріне алып биігінен шын ерлейтін.
Не болмаса тұлпар атты мәңгілікке,
Соңда қалып шаңды жұтып тым жерлейтін.

Сияқты еді мұндай бір сәт келмейтін,
Еш кінәсі жоқ еді көзге ілмейтін.
Болсадағы бостан босқа елірмейтін,
Болғанменен қалуды еш білмейтін.

Тұлпарлар ед сәттілікті тек тілейтін,
Бәйгеде озып жат ойлыда еш күлмейтін.
Қазағымның тұлпарының жүйріктігін,
Сәт келгендей көзбен көріп тек біл дейтін.

Орындалып бар шаруа жоспарменен,
Ой келгесін бұйрықты ұғып қоштар деген.
Жарамсыз қып барлығында жаңартпақ боп,
Санаспаған кез еді ғой ерлерменен.

Көбейтіп ед мал біткеннің тым мінінде,
Кеуде қағып жақтырмай ешбірінде.
Сыналарын кеуде қағып білмеп еді,
Шындық жеңіп қараулықтың тым түбінде.

Жетпек болып жүргесін тек түбіне,
Ерлердің де құлақ аспай еш үніне.
Айтып алып жүргесін сөзді жұтып,
Саясат та өзгергесін мың күніне.

Той болғасын жастардың да іші толып,
Атпен шауып жүріп еді тым мәз болып.
Тұлпар мініп жүргесін тым орғытып,
Ақбас шыңға қарайтындай көзбен шолып.

Сан тұлпарды жарысқа еді әкелгендей,
Жарыстар да жүретін бәйге бермей.
Жаратуы көп тұлпардың келіскендей,
Иесі де жаратқан нағыз ердей.

Диплом елең етпей ұйықтайтындай,
Бәйгенің боларында ұқпайтындай.
Тым түйедей рисак тұлпарлардан,
Озат десе сескеніп бұқпайтындай.

Айтқан сөз де құлағына жұқпайтындай,
Бас салбырап әуелі ұйықтайтындай.
Рисактың қасында үлкен тайға,
Жетілмеген әлі бір ұқсайтындай.

Сыншылар да жүріп еді сынап, байқап,
Тұлпар емес кей аттарға басты шайқап.
Дипломның қасында сыбырласып,
Бұл тойда да келеді деп озып жайпап.

Шын тұлпар деп шапқан сайын үдейтұғын,
Бас жүлдеден күдерді үзбейтұғын.
Сыншылар да бос бекер тұра қалып,
Бостан босқа көздерін сүзбей тұғын.

Әділдік қып емес еді күндейтұғын,
Болғаннан соң қараулықты білмейтұғын.
Бәйгеде озар шын тұлпарды көріп қалса,
Мынау тұлпар көзіңе іл дейтұғын.

Алған беттен өздері қайтпайтындай,
Танымаса бос бекер айтпайтындай.
Шын тұлпарды тұлғасынан бірден танып,
Сыншылық қасиетпен байқайтындай.

Танып барып шын тұлпарға көз салатын,
Сыншылар ед өздерінен үлгі алатын.
Озарын тым сенімді айтқаннан соң,
Шыныменен кей жігіттер таң қалатын.

Шындықты айтып тұлпар деп жақтағасын,
Тұлпарлығын танығасын мақтағасын.
Жүйріктігін сұрағанмен қайта- қайта,
Құпияны айта бермей сақтағасын.

Шындықты айтып әділдік қып жүрмей күн-
деп,
Жала жаппай жетеді деп мұнда мін деп.
Бос сөздерге жүретін құлақ аспай,
Дипломға жүретін табыс тілеп.

Тұрып еді бір езбе мырс-мырс күліп,
Кім озарын тұрғандай-ақ жақсы біліп.
Қазақы тұлпарларды кішкене деп,
Шет елдердің тұлпарын көзге іліп.

Сыншыныңда сөздерін құлаққа ілмей,
Қазақы тұлпарының сырын білмей.
Шала қазақ болғасын тым шатасып,
Дипломның өзін де көзіне ілмей.

Күлісінде сияқты еді өтірік жалған,
Келемежін емес еді көңілге алған.
Мәңгүрттікпен тұлпарында бағаламай,
Сияқты еді өзінен көңіл қалған.

Шет елдік тұлпарларда болып көзі,
Азаматтық емес еді дұрыс сөзі.
Жергілікті тұлпарларын білмейтіндей,
Кеуде қағып түскендей боп көктен өзі.

Жабы деп көзіменен тым атқандай,
Тіл дінін де болғасын тек сатқандай.
Аз болғасын бойын да адамдығы,
Ішке кіріп емес еді еш жатқандай.

Бабалармен қорғассада байтақ жерін,
Түн қатып жүргенменен алмай ерін.
Сан ғасырлар байтақ жерді қорғаса да,
Денеден сорғалатып ашшы терін.

Бабалармен бірге естіліп дабыстары,
Дала төсін дүбірлетіп шабыстары.
Тұлпарлықпен және де тойларда озып,
Аз болмай жүрседағы табыстары.

Құстай ұшып озғасын салып барды,
Нағыз шын танытқасын тұлпарларды.
Тұлпар қосып ағаларда қоймаушы еді,
Жани түсіп азаматтық намыстарды.

Азаматтық сақтай біліп әркезде арды,
Мақтан етпей жүретін табыстарды.
Аз табысқа жүргесін қанағат қып,
Ер ағалар сонда да топты жарды.

Азамат боп көрсетпей пейіл тарды,
Танытқандай нағыз шын қазақтарды.
Ерліктерін көрсетіп жүре тұғын,
Көрінгеннің болмағасын мазақтары.

Көз алдымда бәріде бүгінгідей,
Ағаларға ұқсамау үлкен міндей.
Ерліктері ағалардың толғантады,
Зор еңбегін жарамас жүрсек білмей.

Қазаққа қанмен біткен атбегілік,
Бабаларда көрсеткен ғой талай ерлік.
Қасымда өзі нағыз ер жігіт еді,
Болғаннан соң азамат жігіт дерлік.

Тұлпар баптап көрмеп еді еш ерініп,
Көрмеген соң ат өнерден еш жерініп.
Ат жүгіртіп қызыметін қоса істеп,
Сан өнерге жүретін тым беріліп.

Жүруші еді сондықтанда тұлпар мініп,
Тұлпары озып шаттанып шат боп күліп.
Қасымдай азаматты сирек туар,
Ұлы елінің жүретін іші біліп.

Ауданның қолдағасын жігіттері,
Сан ерлерге үлгі еді тірліктері.
Дипломдай облысқа тұлпар қосып,
Одан сайын нығайғандай бірліктері.

Дипломда аттарын шығарғандай,
Қасым ерден сан жігіттер үлгі алғандай.
Дипломдай тұлпар қосып Қасым ерде,
Намысы бар жігіттерге ой салғандай.

Елдікті ойлап азамат ед толғанғандай,
Сондықтан да үрдіс салтты қолға алғандай.
Маңдай термен келгесін табыста тек,
Көтеріліп көңіл де еді шын қалғандай.

Нағыз ерлер тұлпары озып шаттанғандай,
Шаттанса да жабу жауып сақтанғандай.
Тұлпарларын жетектеп той дегенде,
Тәуекелмен еді ғой аттанғандай.

Жүрегіне қазақтығын сақтағандай,
Талпынысы еді ғой мақтағандай.
Облысқа әуелі бәйге бермей,
Диплом да зор сенімді ед ақтағандай.

Нағыз ерлер бос сөзді айтпағасын,
Азамат боп алған беттен қайтпағасын.
Отаршыл да әділдіктің жоқтығына,
Азаматтық даналықпен байқағасын.

Нағыз ерлер бос үнді қатпағасын,
Тіл мен дінін тұлпарын сатпағасын.
Атбегілік өнерді қолға алғасын,
Ішкен асы әуелі батпағасын.

Жігіттер барды салып ерінбейтін,
Ата-баба дәстүрінен жерінбеитін.
Сан өнерін үйренуге тырысатын,
Азаматтар болғасын отан деитін.

Сезседағы мәз болмай қонған баққа,
Бақта өзі қонады ғой жүрегі аққа.
Азаматтар өнерін көрсететін,
Ерлігімен ұқсай алып ер қазаққа.

Ұялтқандай ерлігімен жасықтарды,
Ерліктерін көрсете алып салып барды.
Мысқылдап кеуде қағып жүргендерді,
Анығырақ білсін деп Қазақтарды.

Мал бағумен өтседе жастықтары,
Алшысынан түспесе де асықтары.
Еліне еткен еңбегі зая кетпей,
Азаматтық таза еді бой да ары.

Тұлпарлар ед орғыған еліктейін,
Жарысқанда түрі жоқ ед қалар кейін.
Омыраулы орғыған шын тұлпарлар,
Болдырмайтын шапса да кешке дейін.

Өнері ішке жүргесін сыймағандай,
Салт-дәстүрін жүруші еді қимағандай.
Ер Қазақтан туған соң жігіттерде,
Ерліктерін жүруші еді тыймағандай

Нағыз ерлер үрдіс салтын сыйлағасын,
Үлкендер де ерлігіне иланғасын.
Ұлы тойға аудан жұрты келгенменен,
Жігіттердің білуші еді қиналмасын.

Мамағашқа байланып тұлпар біткен,
Тұлпарлар ед азаматтар үміт күткен.
Желігі жоқ тұлпарлар кең жатқандай,
Ұйықтайтындай ішке де кірмей тіптен.

Шын тұлпардың болмайды тынысы тар,
Тым ұзаққа шаппайды желігі бар.
Көрінеді шын тұлпардың тұлпарлығы,
Көсілгенде тым ұзаққа анықталар.

Той иесі аудан жұртын қарсы алып,
Дастарханға жеңгейлерде барын салып.
Тойшылардың тым сонша көптігіне,
Жас болсақта қарап едік тым таң қалып.

Жігіттер отырып ед қазақ үйде,
Той иесі кіргізгесін сыйлап үйге.
Азамат деп бәрін де сыйлағасын,
Тым қатты бөленгендей шаттық күйге.

Отырып ед бәиге аттарын қоспақ болып,
Азаматтық жүргесін ойды шолып.
Жалындаған бәрі де жас болғасын,
Жігіттердің отырып ед іші толып.

Қазаннан түсіріліп ет келгесін,
Той иесі жігіттерді елегесін.
Тұлпар қосып жүргесін көкпер тартып,
Барлығын да шеттерінен ер дегесін.

Сындырмақ боп сүйекті де бәстесетін,
Кеуде қаққан кей жігіттер мен десетін.
Қолынан ештеме де келмесе де,
Қараулық қып өзінше тым бөсетін.

Ет қымызға алғасын қатты тойып,
Жіберердей кей жігіттер төбені ойып.
Таза мұжып сүйекті болғаннан соң,
Жұдырықпен ұратын түзеп қойып.

Күлуші еді отырған жұрт дәмесіне,
Әлсіздігі кірмегесін еш ішіне.
Кей жеңгейлер мысқылдап күлетұғын,
Жігіт болып туды деп бұл несіне.

Қарамай шамасының келмесіне,
Сенгендей боп кішкене денесіне.
Ерлігіне көз жеткізбек болғаннан соң,
Өзінің де жай жігіт емесіне.

Қолын ұстап қалғасын қызарақтап,
Алпыспайдай жүрмегесін сенімді ақтап.
Алпыспайға отырған жұрт қарайтұғын,
Отырғасын азаматтық әдеп сақтап.

Ақсақалдар жүргесін ер деп танып,
Ерлігіне жүргесін әркез нанып.
Бурыл атын әкелгесін тым жаратып,
Шабысына жүргесін айыз қанып.

Толғанып отырғасын үнді қатпай,
Алдыдағы астан да мүлдем татпай.
Көзі жанып отырғасын төмен қарап,
Сындыруға отырғандай мүлдем батпай.

Ездің ісін қалғасын тым ұнатпай,
Сөилемей отырғасын сөзді шатпай.
Сындырмақ боп отырғаны сезілетін.
Сындырмаса қалатындай таңы атпай.

Алпыспай көретұғын қолына алып,
Зор сүйекке тым қатты назар салып.
Сезілетін сындырмақ боп отырғаны,
Құрбысынан отырғасын көңіл қалып.

Азаматтық отырғасын мінезге сап,
Құрбысының бостығын көңілге ап.
Талапкер құрбысына шамданғандай,
Басын шайқап сәл ғана дейтұғын қап.

Қолмен бұрап сүйекті байқайтұғын,
Сескенгендей басын ептеп шайқайтұғын.
Ормалмен дәл белінен байлайтұғын,
Сындырмақ боп зор сүйекті сайлайтұғын.

Жер үстелге жайлап сосын қоятұғын,
Ерлігіне еді көңіл тоятұғын.
Толғанып тынысын да кең алатын,
Сияқты боп зор сүйекті жоятұғын.

Қараушы едік демді де алып ішке,
Азаматтық ғажайып ерлік іске.
Сүйекті де шындаса сындырғасын,
Тым сенгендей болғасын қара күшке.

Қарайтұғын сақтықпен зор жілікке,
Сенгенненсоң күші мол зор білекке.
Нағыз ерлер өмір де ерлік істер,
Ұқсағасын азамат ер жігітке.

Емес еді зор сүйекке іш бұратын,
Сүйекті қол қырымен қатты ұратын.
Дөңкиіп дәл алды да тұрғанменен,
Кең тыныстап бірақ ұрып сындыратын.


Болмағасын тым ұзақ күттіретін,
Әр нәрсенің білгесін жөн іретін.
Мол болғасын бойын да қара күші,
Бірақ ұрып шаруасын бітіретін.

От шашып екі көзі жанданатын,
Таңдандырып отырғасын доспен жатын.
Зор жілікті бірақ ұрып сындырғасын,
Қасын да отырған жан таңданатын.

Сындырудан емес еді тосылатын,
Жөн сөздерге тек қана қосылатын.
Сындыр деп зор сүйекті тағы ұсынса,
Бірақ ұрып сындырып таң қылатын.

Ыдысқа сап сүйектерді итеретін,
Қаттылығы ішке емес ед еш кіретін.
Зор сүйекті екі бөліп тастағасын,
Малдас құрып жақсы бір күйге енетін.

Шаттыққа бөленгендей үйдің іші,
Аузын ашып қарағасын үлкен кіші.
Мақтағанмен мадаққа кетпей есіп,
Одан сайын тасығандай бой да күші.



Жездеміздің таңдандырып ерлік ісі,
Көзі жанып сұрланғамен ептеп түсі.
Сындырмақ боп сүйекті қолға алғанмен,
Сындырмасы анық қой жай бір кісі.

Көрсетпей отырғасын ынжықтықты,
Сипап қойып сәл ауырған жұдырықты.
Отыратын жұрт біткенді таңдандырып,
Болғаннан соң азамат өте мықты.

Ерлігіне емес еді мақтанатын,
Емес еді және де мастанатын.
Білек түріп сүйектерді сындырғасын,
Інілері еліктеп шаттанатын.


Тасығасын бойдағы тым күштері,
Толғандай боп отырғасын тым іштері.
Ақсақалдар шат болып отыратын,
Қазақтың осындай деп жігіттері.

Інілері жүргендей ед үлгі алып,
Ерлігіне жүргесін сонда салып.
Уақытта сездірмей тез өткесін,
Ат шабатын уақытта таяп қалып.

Балаларда шабуға дайындалып,
Асыққандай иелері жабуды алып.
Ат айдаушы ақсақалда асыққандай,
Әкетіп еді алдыға барын салып.

Тұлпарларды тойшы біткен шығарып сап,
Ұзай-ұзай көрінбей шаңдары қап.
Тұлпарларды тым жақсы баптағандай,
Жігіттерде өнерлі әр іске бап.

Кіп кішкене балаларда жігіт құсап,
Тізгінді отырып еді тартып ұстап.
Бастарын орамалмен байлап алған,
Жастықтарын жатпағасын көңілге ап.



Түрлері жоқ орғытып қорқа тұғын,
Балалардай сенім жүгін арта тұғын.
Тұлпарларды жібермей еш еркіне,
Тізгінді сияқты тым тарта тұғын.

Қаршадай боп бәйгеге шабатындай,
Шоқ болыпта жүректері жанатындай.
Бабаларға өздері шын тартқандай,
Сертінен де емес бәрі танатындай.

Тұлпар мінсе айыздары қанатындай,
Сұқ көздерде тым өздерін бағатындай.
Кішкене боп кеуделерін асқақ ұстап,
Тізгіндерін орғытып қағатындай.

Жараған тұлпарларын тым орғытып,
Қазақтың ұлы екенін тым ұқтырып.
Ер қалықтың ұрпағымыз дегендей боп,
Астындағы тұлпарлар да тым құтырып.

Тұлпар мініп ер екенін сездіргендей,
Сондықтан да ақылы да тез кіргендей.
Тұлпар мініп орғытып сес көрсетіп,
Өздерінің ер екенін білдіргендей.

Атқа отыру білмесе оған міндей,
Біл дегендей мені өзің жүрсең білмей.
Менде азамат жігіт болдым дегендей боп,
Іл дегендей көздеріңе жүрсең ілмей.

Ат келгенше балуандар белдесіп ед,
Нағыз шын балуан болсаң кел десіп ед.
Жығу үшін жүріп еді барды салып,
Аянбай терлері ағып тіресіп ед.

Шын балуандар жығып еді жанбасқа алып,
Азаматтық ерлікке сонда салып.
Ең мықтылар бәйгені алып еді,
Жанбасқа алып жыққасын іштен шалып.

Көп алдында жыққанын көрмей айып,
Балуандар ғой кетпейтін сөзден тайып.
Бабаларға шын тартқан ерлер еді,
Қонағында қарсы алатын құшақ жайып.

Кейбірінің сезілгендей аңғалдығы,
Тым қызып қара күшке салғандығы.
Боз кілемге шыққан соң көп алдына,
Жеңісінің жоқ еді жалғандығы.

Елестетіп бұрынғының алыптарын,
Азаматтық көрсете алып қалыптарын.
Боз кілемде шеберлігін көрсете алып,
Белдесіп ед балуандар салып барын.

Көрсетіп ед балуандар шеберлігін,
Тым дәлелдеп балуандығын жүрек түгін.
Ақтер болып күресседе еш мойымай,
Азамат боп көтергенсоң ердің жүгін.

Жеңгеннен соң беріп еді жүлделерін,
Балуандарын құрметтеп тым ерлерін.
Намысқа тырысқасын барды салып,
Сездіргендей ерлерін тым елерін.

Көрініп ед бәйге аттарда тым алыстан,
Көбік шашып ауыздықпен тым алысқан.
Тұлпар біткен барын салып құстай ұшып,
Дала төсін дүбірлетіп тым жарысқан.

Тойшы біткен қарап еді елеңдесіп,
Сөйлегенмен кей бірі желдей есіп.
Шаңды аспанға шығарып тұлпарларда,
Келе атқандай бір-бірінің жолын кесіп.

Тұлпарлар ғой тым жүйрік санасқандай,
Бабы келсе тек қана бағы асқандай..
Тай бұрыл бек құла қамбар тұлпар,
Дипломның өзімен таласқандай.

Құм шағылдан тойшы біткен қарасқандай,
Қызық көрмей емес бәрі тарасқандай.
Жас болса да ерліктерін көрсеткесін,
Атқа шабу балаларға жарасқандай.

Емес еді шағылдардан зорға асқандай.
Құм жолынан болмағасын еш сасқандай.
Бар баланың арманы озу болып,
Барды салып әруаққа тым басқандай.

Бәйгеде озып биіктерді алатындай,
Озу үшін бар күшін салатындай.
Шабандоздар намысқа тырысқандай,
Бір-бірінен түрлері жоқ қалатындай.


Тұлпарлар да шығатындай көңілдерден,
Көбіктеніп үсті, басы аққан терден.
Тізілген аспандағы тырналардай,
Тыраулап келе тұғын ұзақ жерден.

Естіліп балалардың дауыстары,
Ерлігімен танытқандай қазақтарды
Тұлпарларда бауыр жазып тым көсіліп,
Озу үшін келе атқандай салып барды.

Тынбайтындай тұлпарлар бәйгені алмай,
Жүргеннен соң алдыға қара салмай.
Орамалмен бастарын байлап алған,
Әруақтап балалардың есі қалмай.

Бір тұлпар жеке дара қараңдады,
Шабысымен келтіргендей тымақ таңды.
Сексеуілді шағылды сары құмда,
Екпінімен үркіткендей құс пен аңды.

Будақтатып көтеріп жолда шанды,
Тым дүбірге бөлегендей бүкіл маңды.
Иелері шыдай алмай ат үстінде,
Қарсы алмақ боп тым қызып қопаңдады.



Тұра шауып кейбірі далбаңдады,
Тұлпары келе атқандай болып алды.
Ақсақалдар сабырға шақырып ед,
Тыңдамай көріңдер деп біздей шалды.

Диплом жеке дара келе жатты,
Үш аяқпен көрмеп едім шапқан атты.
Алдыңғы бір аяққа қан түскендей,
Сонда да шабатындай мүлдем қатты.

Үш аяқпен қайтпайтындай алған беттен,
Тұлпар еді шынымен рас неткен.
Тойшылардың кеткендей аузы ашылып,
Бұл ғажапқа таңданып есі кеткен.


Дегенменен диплом ғой мақтан еткен,
Жеке дара мәресіне озып жеткен.
Бір аяқтан қалады тұлпар біткен,
Көз де өзі тиеді екен не себеппен.

Ұлы еліде диломнан үміт күткен,
Қарайды ғой тұлпарларға зор үмітпен.
Диплом бір аяқтың ақсақтығын,
Ойына да алмайтындай мүлдем тіптен.

Қалдырғандай рисак арғымақты,
Тұлпарлықпен ашатындай әр кез бақты.
Рисактың қасында тұлпарма деп,
Тапқандай ед иесі ақымақты.

Тым мақтаған рисагы көрінбеді,
Қоспағаны оданда көрім еді.
Диплом бір шақырым озып келіп,
Бұл бәйгеде тағы да дес бермеді.

Қасым ерде жақсы баптап тым ерледі,
Ілесе алмай сан тұлпарлар бос терледі.
Қазағымның диплом қол тумасы,
Нағыз тұлпар болмаса келер ме еді.



Тай бұрыл мен бек құлада да барды салып,
Тұлпарлықпен жүрген соң биікті алып.
Дипломның соңынан келіп еді,
Дипломнан қос тұлпар біраз қалып.

Үш тұлпардың тұлпарлығы білініп ед,
Жұлдені алып көзге де ілініп ед.
Рисагы мақтағаны қалып еді,
Тұлпарлығын үш тұлпар білдіріп ед.

Қазақы тұлпарлардай тұлпар қайда,
Тұлпарлықпен бәйгеде озып тапқан пайда.
Бауыры жазылған соң құс боп ұшқан,
Кекіл жалы жалтылдап жалы майда.


Рисакты қосқанмен болмай қалы,
Жұтқа ұшырап қалғандай баққан малы.
Тұлпары үш тұлпардан қалғаннан соң,
Кеткендей боп жүріп еді суға салы.

Қалай болар деген ой күдік қалып,
Қарағанмен тым ұзақ көзде талып.
Дипломның үш аяқпен шабысынан,
Тұрып едік үлкен зор әсер алып.

Тойшы біткен қалғандай ед ойды түйіп,
Бәйгеде озған үш тұлпарға алғысты үйіп.
Ақыл теке тұлпары қалғаннан соң,
Иесінің жүріп еді іші күйіп.

Қазақтың асыл жоқтай малдарын да,
Тыңдамай жүргеннен соң шалдарын да.
Бақташының кілең бір малын баққан,
Тана торпақ жүргендей боп алдарында.

Жетегін де кеткесін бос ұранның,
Сөздерінде тыңдамай ешпір жанның.
Қазақы тұлпарын да бәйге бермес,
Қатарына қосқасын жай бір санның.



Айдағын да кеткесін бос бір даңның,
Атарын да білмегесін бір күн таңның.
Тұлпар қосқан бөспеге де ес кіргендей,
Астында қалғаннан соң қою шаңның.

Қазақтың малдарының асылдығын,
Ұмытқандай жүрген де жақсылығын.
Өзге елдердің малдарының бәрі асыл деп,
Надандығын көрсеткесін жат қылығын.

Көрсетіп жүргеннен соң надандығын,
Пиғылды да көрсеткендей жамандығын.
Етке өтсе де білместікпен не бір тұлпар,
Бәрі бір ед болса да бекер шығын.


Жергілікті не бір малды санап тізіп,
Көңіл қалып жүргендей ақ күдерді үзіп.
Құртудың тек амалын ойлағасын,
Жіберіп жүргеннен соң етке өткізіп.

Тұлпарлығын үш аяқпен мойындатып,
Үш аяқпен шапқаны жанға батып.
Дипломды тойшы біткен мақтап еді,
Мың алғысын жаудырып бәрі жатып.

Үш тұлпарға жиі қарап көзбен атып,
Бәйге бермей жүргені жанға батып.
Бойымен-ақ озады деп ойлағанда,
Жеңілістің ащы дәмін ез тым татып.

Қазақы тұлпарлардан жерінгендей,
Өзіне тым бірдеме көрінгендей.
Қазақы тұлпарлар тек жарыстарда,
Құс боп ұшып жүрсе де жүлде бермей.

Зор күтімді болса да талғамайтын,
Жоқ болса да кездері самғамайтын.
Төзімділік жүйріктік тұлпарлыққа,
Болсадағы көңілде еш қалмайтын.



Бар болғасын бір күндік билік қолда,
Деседағы сол бір ез атпа сол да.
Сорайғанын озады деп мақтағанмен,
Ілесе алмай қалып еді жарты жолда.

Ілесе алмай қалып еді шаңды жұтып,
Кеу де қағып бөскенмен тұлпар тұтып.
Қосқанменен бәйгені алып көрмесе де,
Жүлдені алып көрмесе де ешбір ұтып.

Көмектеспей ұзын сирақ биік бойы,
Ақ қараны ажыратып қойшы тойы.
Бас жүлдені алады деп ойлаған да,
Іске аспап ед шала қазақ ездің ойы.


Қазақы тұлпарларын кемсіткенмен,
Азаматтық ойды түймей бұл өмірден.
Ұзын сирақ тұлпары шаңды жұтып,
Мақтағанмен шықпап еді еш көңілден.

Азаматтық адамдыққа ойы жетпей,
Бойынан надандығы ешбір кетпей.
Қазақы тұлпарларын бәйге де озған,
Сатқындық қып жүргесін мақтан етпей.

Қосқанменен мұрты тым едірейіп,
Қазақы тұлпарларға қатты кейіп.
Тұлпары ілесе алмай шаң жұтқасын,
Қыры кетіп жүріп еді сүмірейіп.

Қазақша сөйлеп еді зорға құрап,
Бәлені алғандай боп өзі сұрап.
Ашу қысып жігіттер тұрып еді,
Бұл иттің алар ма ед деп мойнын бұрап.

Тексіздігі тұрғасын ішке сыймай,
Сатқындықты жүргесін ешбір тыймай.
Нағыз ерлер үлгі өнеге көрсетсе де,
Мәңгүрттікпен жүргесін есті жыймай.



Рисагын қосқанменен бөсіп сөйлеп,
Қазақы тұлпарларды кішкене деп.
Тұлпары қалғаннан соң шаңды жұтып,
Жігіттер де жүріп еді келемеждеп.

Шын тұлларды білмей қалып асыл текті,
Сақтағандай жүріп еді ішке кекті.
Кім асылын үш тұлпар көрсетіп ед,
Өздеріне бұрдыра алып сонда бетті.

Шын тұлпардан жүргендей ед сабақ алып,
Озғандарды жүргенмен күндеп шалып.
Дипломды жетектеп жүріп еді,
Қасым ерде жанарын шыңға салып.

Диплом тастап еді елеңдетіп,
Кім тұлпарды тойшыларға тәнті етіп
Диплом өз атағын сақтап еді,
Тұлпарлық әдетіне сонда бекіп.

Нағыз шын тұлпарлығын жүрек сезіп,
Қасым ерде сөйлемей малтаны езіп.
Дипломын суытып жүріп еді,
Шыңға қарап қиялы көкті кезіп.

Тұлпар біткен шабушы еді төрт аяқпен,
Иесінде көруші едік мақтан еткен.
Өмірімде тұлпарды көрмеп едім,
Мәресіне үш аяқпен озып жеткен.

Шыныменен тұлпарлығы рас екен,
Атағы шыңға шырқап тымақ кеткен.
Облысқа қосса да бәйгеде озып,
Жүйрігіне еді тым тәнті еткен.

Ой сананы биіктетер өмір деген,
Жеңістердің кезі жоқ қой оңай келген.
Үш аяқпен бәйгеде озған дипломды,
Бала кезде сан мәрте көзім көрген.

Диплом да еді сонда самғағандай,
Тұлпарлық әдетінен танбағандай.
Нағыз тұлпар жүйріктігін көрсетіп ед,
Көзбен көріп едік қой таңданғандай.

Үш аяқпен озуда қиын қандай,
Нағыз тұлпар озады дипломдай.
Обылысқа қоссада озып келген,
Нағыз тұлпар болады міне осындай.

Егеменді ел болдық заман басқа,
Отар ел боп тигенмен маңдай тасқа.
Аталардың ағалардың ерліктерін,
Үлгі қылып айтамын бұл күн жасқа.

Қиындықты бұл күнде ұлтым жеңіп,
Мойын босап қалғандай жеңілденіп.
Кездер де өзі өткесін мұң ой басқан,
Жүргендей ғой бұл күнде тыныс кеңіп.

Сөздерім бұл айтылған емес жалған,
Ерлік етіп ағалар ойды салған.
Дарқан қалық болғасын тым қонақжай,
Егеменді ел болдық биікті алған.

Қалымызда бұл күнде емес жаман,
Ер қалығым болсыншы әркез аман.
Ұлы елдікті ойлаймын толғанамын,
Қазағыма егемендік келді заман.

Ұлы ел болдық еңбегің де еленгендей,
Тізгін тиіп шындықты айтар сәт келгендей,
Егемендік ұлы елдіктің арқасында,
Азаматын ұлы елімде елегендей.

Нағыз ерге сондықтан да теңегендей,
Несі бар қиындықты жеңбегендей.
Ақын болып бұл күнде жырды жазып,
Азаматтық тынысым да кеңейгендей.

Жүруші еді ағаларым ерлегендей,
Тектілігін сақтағасын намыс бермей.
Ағаларым сол кездегі тойда жасап,
Атқа да ылайық ед ер дегендей.

Дегенменен бұл күнде кәртейгендей,
Кәрілік кеп емес бірақ еңкейгендей.
Азамат боп еңбектері сіңгенменен,
Еңбектерін жүреді ғой міндет етпей.

Тау баласы өседі ғой тауға қарап,
Атағы жүргеннен соң көпке тарап.
Заманында еңбек етіп ерлік еткен,
Ағаларға ұқсай алып жүрсек жарап.

О, ағалар теңдікті аңсап армандаған,
Аз еді ғой күндеріңіз толғанбаған.
Ұмытылмас шын ерлердің ерліктері,
Жыр жаздырып ой салады бұл күн маған.

Қиын еді ағалардың жүрген жолы,
Сан өнерге еді ғой іші толы.
Тұлпарды да білгірлікпен баптай алып,
Егеменді елдікке жетті қолы,

Әлем білді ерледі қазақ елі,
Елдігім деп босамай жүктен белі.
Ел болғасын өзі текті, берекелі,
Күніміз де бұл күнде мерекелі.

Нар тұлғалы болғасын жігіттері,
Қазақстан әлемге аян бұл күндері.
Бағаланып ерлігімен еңбектері,
Гүлдену де бұл күн де қазақ жері.

Інілер ек ағалардан үлгі алған,
Ағалар ед ерлік етіп жолды салған,
Ағалар мен тұлпарларды жырға қостым,
Болғаннан соң есімде мәңгі қалған.

Жаралы кептер

Ерте тұрып мектепке,
Асығып тым келемін.
Көтеріліп көңілде,
Түрлі ойға енемін.

Жүрекке жағып саф ауа,
Емдігіне сенемін.
Болғасын жанға тым дауа,
Кеудемді де керемін.

Ержетіп мен де қалғасын,
Тым толғана беремін.
Адамдықты еске алғасын,
Жетегіне ойдың еремін.


Ауаның біліп тым емін,
Кеудемді керіп жұтамын.
Әр жайдың біліп тек жөнін,
Даламды қадір тұтамын.

Зор әсерді тым берді,
Денені тез-ақ сергітті.
Көрсетсін деп шын ерді,
Рухтандырып жігітті.

Самал лебі аялап,
Азаматтық ет деп тірлікті,
Саф ауасын даярлап,
Ет дейтіндей ерлікті.

Ер Қазақтан туғасын,
Көрсет дейтіндей кеңдікті.
Ерлікке белді буғасын,
Сақта дейтіндей теңдікті.

Азамат боп тез демде,
Ойла дейтіндей елдікті.
Сабырлы боп өмірде,
Баса біл дейтіндей желікті.



Айнала тым көрікті,
Зор әсерді тым алдым.
Гүлдеген көріп өрікті,
Сүйсініп тым көз салдым.

Жүрмегесін еш налып,
Табиғатқа тым құмартып.
Тұрып қалып ем таң қалып,
Күште бой да тым артып,

Көк шалғынды айнала,
Көз тартқасын құлпырып.
Таңдандырып тым дала,
Қарағасын іш бұрып.


Тез арада-ақ таң атып.
Күн де нұрын шашқандай.
Түрлі құстар үн қатып.
Жырымен сырды ашқандай.

Азаматтық етіп тірлікті,
Ерлер де білек түргендей.
Көтергесін тек жүкті,
Тәуекел етіп жүргендей.

Ысырып тастап күдікті,
Өздеріне тым сенгендей.
Болғасын жүрек тым түкті,
Ерлік іс ойға енгендей.

Сенгеннен соң өзіме.
Келемін менде толғанып.
Түсіп бәрі көзіме,
Жүрегім де тым жанып.

Бар тіршілік жүргесін,
Тіршілігіне қамданып.
Адам боп өмір сүргесін.
Биікті мен де арман қып.



Абалап иттер бөліп ой,
Тез арада-ақ жіберді.
Келе атқанда жазып бой.
Иттіктерін көз көрді.

Істерін көріп селк еттім,
Иттік қой деп істері.
Ыза болып мен кеттім.
Көрінгесін тістері.

Кептерді жүр қуалап,
Жас кептер жүр ұстатпай.
Қуғанменен қамалап.
Жүргендей еш тіс батпай.


Қалып едім ұнатпай,
Жас кептерді тым аяп.
Жарамас деп үн қатпай,
Ақырып ем мен таяп.

Қастарына тез жеттім,
Қорқаулықты көргесін.
Азаматтық болып міндетім,
Көрсеткесін тым сесін.

Иттіктерін тым байқап,
Көргендей боп жауызды.
Иттігіне бас шайқап,
Салмақ болғасын ауызды.

Өзімше ерлік көрсеттім.
Қолыма алып дәу таяқ.
Қайтпағасын еш бетім.
Сүрінсе де кейде аяқ.

Көзім түсіп тісіне,
Батылдықты тым еттім.
Ыза боп иттің ісіне.
Ашуланып мен кеттім.



Құтылмақ боп жас кептер,
Салып жүр тым амалға.
Денеден ағып қатты тер,
Қарсы тұрғандай ажалға.

Мән бермей иттер обалға,
Көздері кеткен қызарып.
Ұмтылады тек алға,
Тұмсықтары ұзарып.

Қашып жүр қанат сабалап,
Қуғаннан соң бар иттер.
Ит біткен қоймай абалап,
Қуғаннан соң болып ер.


Дейтіндей маған көмек бер,
Барды сап қанат сабалап.
Тастағандай етіп жер,
Ит біткендер қамалап.

Құтылып кептер амалдап,
Қамалаған көп иттен.
Алқынып тым демін ап,
Түңілгендей иттерден.

Сияқты тым егілген,
Болғаннан соң жаралы.
Көзінен жас төгілген,
Таусылғасын амалы.

Болғасын мүшкіл тым қалы.
Жақындығын ажал сезгендей.
Суға кетсе де тым салы,
Жаннан емес безгендей.

Болмағасын еш көмек.
Күжіреитіп иттер тым жалын,
Кеткендей-ақ қатты кек,
Ішке кірмей обалың.



Ашылып иттер араны,
Тістері тым ақсиып,
Көрсетіп қаны қараны,
Қарындары тырсиып.

Қуалап жүр кептерді,
Алмасын деп ес жиып.
Көрсеткендей шын ерді,
Жатпаса да ішке еш сыйып.

Қорқаулық бұл іс еді,
Жанды жүргесін тек қиып.
Соңына тым түседі,
Иттігін жүрмей еш тыйып.

Құлыққа кептер салады,
Құтылуы үшін де.
Қайтып иттер қалады,
Қорқаулығы көп ішінде.

Құрығандай тым әлі,
Қалмағасын иттерде.
Сияқты кептер кінәлі,
Өшіккендей кептерге.

Шаттықтың қалмай жұрнағы,
Мүсәпірлік басқа кеп.
Ұшқандай бастан тым бағы,
Зәре кетіп дірілдеп.

Иттерге жүр ұстатпай,
Жаралы кептер тым ерлеп.
Қашқанменен үн қатпай,
Қорқаулықты тым жерлеп.

Салғанмен ауыз кептерге,
Қайсысына жетеді.
Ғашық қой кептер өмірге,
Жібере салса не етеді.

Қырғи да келіп шүйілді,
Әкетпек боп іліп ап.
Құйылып төмен түйілді,
Ерлігіне ол да сап.

Жіберіп едім мен қуып,
Азаматтық ойды түйініп.
Жыртқыш болып ол туып,
Қашқандай еді күйініп.

Жез тырнақты сала алмай,
Қанға толып тым көзі.
Ілгеннен соң еш талмай,
Құйылып еді тым өзі.


Болғаннан соң жаралы,
Жүргендей бәрі басынып.
Күжірейіп тым жалы,
Кептерді әлі жассынып.

Барды сап иттер ұмтылып,
Әжуада қылғандай.
Зорға деп кептер құтылып,
Бағы емес тым жанғандай.

Құтыларына иттерден,
Бірақ кептер нанғандай.
Қусада болып өлермен,
Есінен емес танғандай.

Ұшпақ болады көгіне,
Емес пе көгі армандай.
Қымбат қой тым өмірде,
Иттерден көңіл қалғандай.

Бір қанатпен ұша алмай,
Қашып жүр тым қисайып.
Иттер де соңнан еш қалмай,
Қашқанын біліп бақ тайып.



Аяғы да ақсаған
Ұшатұғын еш талмай,
Сияқты өзі шаршаған,
Амалы да еш қалмай.

Қалып едім абдырап,
Ет жүрегім езіліп.
Көңілім де жабырқап,
Обалдығы тым сезіліп.

Көргеннен соң көзіммен,
Қалып едім мұңайып.
Арбасып иттер өзіммен,
Көмекті көріп тым айып.

Сүйгеннен соң өмірді,
Барды салып қашқандай.
Мұң басқандай көңілді,
Жарасы жанға батқандай.

Таңы да емес атқандай,
Мөлтілдеп көзден жасы ағып.
Едім үнді қатқандай,
Көзбен тұрмай тек бағып.

Иттерге қатты мін тағып,
Қумақ болып сайланып.
Тұрмағасын еш жағып,
Таусоғарға айналып.

Жаным ашып кептерге,
Емес едім бұққандай.
Қаратқасын тым жерге,
Бар жайды едім ұққандай,

Санайтындай сонда да,
Иттер өзін тым ерге.
Қолдамай ма одан да?
Кептерді ғашық өмірге.

Шыңдарды биік қалдырған,
Кептер ғой самғап ұшатын.
Қанатын қағып талдырған,
Биігінде күн де құшатын.

Бейбітшілікті сүйетін,
Киелі құс кептер ғой.
Болғасын ойды түйетін,
Азаматтық келіп сонда ой.

Алмақ болып құтқарып,
Жемек боп иттер жүргесін.
Азаматтыққа мен барып,
Қуалап иттер үргесін.


Жаралысын білгесін,
Батырсынып иттерде.
Жемек боп көзге ілгесін,
Айналып иттер тым ерге.

Ұшуға қанат жарамай,
Қаратқасын тым жерге.
Ашуы да тарамай,
Малынғандай тым терге.

Қанатын жүр жерге ұрып,
Бір жағына қисайып.
Діңкесі де тым құрып,
Жаралы боп бақ тайып.

Қалып ем көріп мұңайып,
Қылығын иттің көргесін.
Озбырлықты көрмей еш айып,
Көрсеткесін тым сесін.

Ұнамап еді иттік іс,
Жанға жақпай қорқаулық.
Көрсеткесін және тіс,
Көрсеткесін тым жаулық.



Қашамын деп итттерден,
Шошынып кептер қалғасын.
Болғасын иттер өзгерген,
Тым зәресін алғасын.

Көмек қолды созып ем,
Дер кезінде мен де кеп.
Алады өзі қатты дем,
Қашамын деп тым терлеп.

Озбырлығын көз көріп,
Түңіліп ем иттерден.
Ашуланып ем өзгеріп,
Тасты да алып мен жерден.


Түсіп едім араға,
Ерлігіме мен салып.
Жегізбей қаны қараға,
Қуалап ем тасты алып.

Қорқаулығын көргесін,
Көңілде қатты тым қалып.
Жемек болып төнгесін,
Қорқаулыққа тым налып.

Өзіме қарай зор төбет,
Тым ырылдап ұмтылды.
Дегендей боп өзің кет,
Озбырлығымен таң қылды.

Екі көзі қызарып,
Жейтіндей боп тап берді.
Батылдыққа тым барып,
Көрсеткендей шын ерді

Тым ақсиып азу тіс,
Күжірейткесін тым жалды.
Ішке кірмей иттік іс,
Білмегесін обалды.



Одан сайын сұрланып,
Шошытардай тым түсі.
Көзі де өзі тым жанып,
Сескенердей тым кісі.

Сілтеп едім таяқты,
Жотасына дәл тиді.
Байқап басып аяқты,
Мүсәпірлік күй киді.

Таяқтан зор қорққасын,
Қалып еді тым жасып.
Сауғалағасын тым басын,
Қашып еді тым сасып.


Алды-артына қарамай,
Құйрық қысып ол зытты.
Тайталасуға жарамай,
Көрінгенмен боп мықты.

Үйренген иттер қан шашып,
Қашып еді жан жаққа.
Қуғаннан соң жан ашып,
Тигесін жаны тым аққа.

Өзіме де ырылдап,
Көрсетсе де тым айбат.
Дауыстары қырылдап,
Көрсеткенмен мінез жат.

Болғасын биік адам ат,
Жөнге иттерді салып ем.
Өмірде мынау тым қымбат,
Болмасын деп кептер жем.

Бала болсам да толғанып,
Азаматпын деп кімнен кем.
Адамдыққа тым нанып,
Кептерге көмек беріп ем.



Қашып еді иттер сескеніп,
Озбырлықпен асқан мен.
Обалың жатпай ойға еніп,
Қорқаулыққа басқанмен.

Иттергеде жан керек,
Жанғанмен от боп көздері.
Кеткендей боп тым-ақ кек,
Қорқауға айналғанмен өздері.

Құтқарғаным жөн еді,
Дер кезінде тым аяп.
Озбырлыққа қайтып көнеді,
Қалғасын ажал тым таяп.

Қалғандай кептер тым жасып,
Рухы қатты басылып.
Ұшса да шыңды сан асып,
Көрген жанды таң қылып.

Қалап кептер саулығын,
Жемек болғасын жабылып.
Көрсеткесін жаулығын,
Қасынан кептер табылып.

Ұстап едім кептерді,
Қояма деп иттер жеп.
Қауіп көріп иттерді,
Жүрегі тұр дүрсілдеп.

Жүрегінің дүрсілі,
Алақанға тұрды сезіліп.
Аяғаннан жүрек бір түрлі,
Кете жаздап еді езіліп.

Алақанда тұрғандай,
Риза болып іш біліп.
Болғасын бүйрек бұрғандай,
Ажыратқасын көзге іліп.

Зор қауіпті көз көріп,
Төтегесін тек сынға.
Адамдықтан жүрмей өзгеріп,
Құмар болғасын тек шынға.

Емдемек боп кептерді,
Үйге асығып келемін.
Танытқандай шын ерді,
Жазыларын білемін.

Ауырғандай жүрегім.
Қорқаулықты көргесін.
Амандық болып тілегім,
Кептерге қауіп төнгесін.


Үйге әкеліп жем беріп,
Дәрі жағып емдедім.
Бос сөзге кетпей еш еріп,
Сұлы беріп жемдедім.

Жазыл кептер тез дедім,
Күтімідеп тек қарап.
Қамын да оның тек жедім,
Қарауға мен де тек жарап.

Қанатын маймен майладым,
Таңдым майлап дәкімен.
Мықтылап тұрып байладым,
Тез жазыл деп кептер сен.

Амандықты тіледім,
Адамдықты ескеріп.
Қансыздықты білмедім,
Қарағасын ес көріп.

Тауық қораға қамадым,
Терең ойға тым бойлап.
Тесіктерін жамадым,
Сақтықты да тым ойлап.



Тауықтар құды тым тістеп,
Жас кептерді жатырқап.
Озбырлықты тым істеп,
Қалсада кептер жабырқап.

Тығылды кептер қуысқа,
Болғаннан соң жаралы.
Түспегесін уысқа,
Құрыды тауық амалы.

Бастарын тым сұққанмен,
Тар қуысқа сыймады.
Жабылып тауық қуғанмен,
Құлығын кептер тыймады.


Кеткендей сұға тым салы,
Тауықтар шоқып қуғасын.
Мүшкіл болып тым қалы
Көзді жаспен жуғасын.

Құсадағы тауықтар,
Қалғанын жеп қоймады.
Болғасын бойда жалын бар,
Қанша жеседе тоймады.

Қолға түспеді құлықпен,
Тоюды тек ойлады.
Жазыламын деп тез-ақ мен,
Терең ойға бойлады.

Тауықтарға үйренді,
Құсадағы еш қалмай.
Дос боларына тым сенді,
Көңілге тым онша алмай.

Қойды мүлдем сақтықты,
Қуысына тығылмай.
Көрсеткендей ақтықты,
Жүні де еш жығылмай.



Күннен күнге сауықты,
Жүрседағы шойтаңдап,
Дос қылып ап тауықты,
Жемді де жеп тым таңдап.

Артқа тастап ауырды,
Жүрді өзі қутыңдап.
Тапқандай боп бауырды,
«Күкәрилесе» тым тыңдап.

Аяқты басып тым аңдап,
Сынған қанат түзелді.
Жүрседағы шойтаңдап,
Тым ғажап бір күйге енді.


Тауықтарға үйір боп,
Шойталаңдап қалмады.
Жемді де әркез бірге жеп,
Көңілге еш алмады.

Тауықтар оған ұмтылса,
Бұрынғыдай қашпады.
Ұсталып кейде тұтылса,
Іштегі сырды ашпады.

Тапқандай боп үйірін,
Мәз болғандай тым өзі.
Сұлының қоймай түйірін,
Жанып от боп тым көзі.

Достығына нандырып,
Жемді де өзі бірге жеп.
Ұйқыны да қандырып,
Тынығу да ойға кеп.

Екі аяқты нық басып,
Көтеріп басты мойынды.
Күші де өзі тым тасып,
Жылтырап жүні тойынды.



Жүргендей болмай мазасы,
Тарлық қылып қорасы.
Жүргендей батпай еш асы,
Жазылғасын жарасы.

Көкке қарап қояды,
Қиығымен көзінің.
Көркіне көзі тояды,
Көгі екенін біліп өзінің.

Қоймай қарап көгіне,
Ұшпақ болып ынтығып.
Жан біткендей өзіне,
Жүрмей енді еш бұғып.


Көгінде болып тек көзі,
Жемге де жөнді қарамай.
Мазасызданып тым өзі,
Жүргендей жыны тарамай.

Қалғандай көгін сағынып,
Мазасы өзі тым кетіп.
Ұшқысы кеп қағынып,
Жүргендей ерлік тек етіп.

Ғажап еді көкке қарасы,
Сағынып көгін қалғандай.
Жазылғасын жарасы,
Қараумен көзі талғандай.

Қорада ұшты бір күні,
Қалғандай іші тым толып.
Жалт-жұлт етіп тым жүні,
Жүргендей өзі шат болып.

Жазылғасын өзгеріп,
Қанатын жиі қағады.
Қуандым мен де көз көріп,
Қылығымен жағады.



Тауықтар көзбен бағады,
Таңданғандай тым қарап.
Қалайша кінә тағады,
Ұшқасын кептер тым жарап.

Кептердің бәрі ерлігін,
Жүргендей тым бағалап.
Көтергендей ер жүгін,
Кептерді ер жағалап.

Жақсы болғасын тым күйі,
Жүргендей өзі қағынып.
Көкке қарап тым жиі,
Босатпадың деп шағынып.


Мазасы тым кеткендей,
Жиі қарап аспанға.
Нар тәуекел еткендей,
Жетпек болып арманға.

Көкте ұшқан тым құстар,
Бергендей оған желікті.
Болғасын көкке тым құштар,
Көрсететіндей ерлікті.

Тауықтармен бір жүріп,
Қатты өзі зерікті.
Сөйлесем құлақ тым түріп,
Бер дегендей ерікті.

Бұратындай бүйрегі,
Көкте ұшқан қандасқа.
Болғасын кептер шын тегі,
Тәбеті болмай еш асқа.

Жіберуге қимадым,
Үйір болып қалғасын.
Қамқорлықты тыймадым,
Құтқарып өзім алғасын.



Кімдер мінді тағады,
Жақсылықты жасасаң.
Ұлы істер жанға жағады,
Адамдыққа бастасаң.

Қанаты тез-ақ жазылып,
Қарай береді көгіне.
Қылығымен таң қылып,
Ғашық болғасын өмірге.

Жазылғасын қанаты,
Шаттық күйге тым енді.
Болғасын кептер шын заты,
Жем бергесін тым сенді.

Ашсам болды есікті,
Есікке қарай ұмтылды.
Шығатын таппай тесікті,
Қылығымен таң қылды.

Жазылғанына сенгесін,
Болдым оны жібермек.
Азаматтық ой енгесін,
Амандықты ойлап оған тек.

Қимасам да кептерді,
Ұшырып оны жібердім.
Танытқандай шын ерді,
Бостандықты мен бердім.

Амандық оған тіледім,
Құтқарып оны алғасын.
Бөтен ойды білмедім,
Азаматтыққа салғасын.

Отанды ойлап толғанып,
Адам болып қалғасын.
Азаматтықты ойға алып,
Маңдайды терге малғасын.

Алғаннан соң құтқарып,
Емдегесін жем беріп.
Адамдыққа мен барып,
Адамдықтан жүрмей өзгеріп.

Түсе береді сол кептер,
Әлі күнге есіме.
Азамат болып кетпей кер,
Риза боламын ісіме.

Істеп едім жақсылық,
Жараланып қалғасын.
Көрсетпедім жат қылық,
Адамдықты еске алғасын.


Келіп ем ерлік шешімге,
Болсам да әлі тым бала.
Айтпап ем мұны ешкімге,
Болатындай іс шала.

Болғаннан соң кең дала,
Көрсетіп едім кеңдікті,
Болмасын деп іш ала,
Сақтап едім теңдікті.

Кептер ұшып көгінде,
Қанат қағып самғасын.
Ғажапқой өзі өмірде,
Қанаттары талмасын.

Жалындап әркез биікті ап,
Бір сәтке де тынбасын,
Кептерлікке әрез сап,
Қанаттары сынбасын.

Домалатып әркез тек тасын,
Жансыншы өзі тек бағы.
Биікті алып шындасын,
Сынбасыншы еш сағы.




Тілеймін кептер бақ саған,
Шаттығы мол өмірде.
Өмір қымбат тым маған,
Шат болып тым көңілде.

Амандықты тілейін,
Болайыншы тек адам.
Мағыналы өмір сүрейін,
Басылып алға тек қадам.

Ұлы істерге шаттанам,
Менде адам болғасын.
Жел сөздерден сақтанам,
Көңілге ұлы іс толғасын.

Қамқоршың әркез болайын,
Тыныш болсын тек заман.
Адам боп ойды шолайын,
Кептерлер болшы тек аман.



Мұрат Нұрмұханбетұлы, ақын Талдықорған облысы, Қаратал ауданы, Тастөбе ауылында 1952 жылы мамыр айында дүниеге келген. 11 жылдық мектепті сол ауылдағы Жамбыл орта мектебінде бітірген. Мектеп бітірген соң аудандық театрда артист болып жұмыс атқарған. Сондай-ақ, Қаратал ауданы бойынша күрес спортынан бірнеше рет чемпион болған. Сол аралықта Отан алдындағы борышын өтеген. Бірнеше салада жұмыс атқарған. Ал, өлең жазуды мектеп кезінен бастаған. Жалпы 20 әннің сөзі мен сазын өзі жазған. Соның ішінде “Қаратал”, “Жүрек сыры” әндері ерекше ықыласқа бөленген. “Қараталда бұлбұлдар сайрайды”, “Қазақстаныма арналады жырларым” атты кітаптарының авторы.

Ақын Абай атамыздың “Жаздым үлгі жастарға бермек үшін” деген ұстанымымен асыл өнерімізді ардақтап келеді.

Мазмұны

Гүлдене бер, Қазақстаным!.....	3
Абай бабаға арналау.....	10
Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлына арнау.....	15
Ерлей алдың, қазағым!.....	21
Бауырмал еді ағайын.....	28
Балуан Шолақ бабамызға арнау.....	33
Ақан сері бабамызға арнау.....	39
Олимпиада чемпионы Жақсылық Үшкемпіровке арнау.....	44
Жайлаудағы қойшылар тойы.....	49
Айтыс.....	154
Қыз қуу.....	166
Ат бәйге.....	173
Сайыс.....	179
Көкпар тарту.....	184
Балуан күрес.....	189
Тастөбем.....	237
Қазағын да даттаған бөспе.....	244
Өтірік өлген қасқыр.....	251
Бүлік шығарғыш бейтаныс ініме.....	270
Шатақ Жанат түзелді.....	275
Журналист қаламгер Қараманов Қараша ағаға арнау.....	286
Бауырмал еді ағайын, сағынғасын іздейтін.....	296
Үлкенді сыйламайтын ініме.....	306
Құлақ асқын тектіге.....	308
Қазақты жауы шапқан да.....	313
Іші тар бір ағаға.....	317
О, жан достарым, қайдасың жалындаған.....	323
Өзімменен сырласу.....	329
Балалық бал дәурен-ай, асыр салған.....	338

Ақын ініме.....	375
Ардагерлер ер еді.....	379
Қасқыр атқан Тиынов Оңғарғали аға.....	382
Кенже қызым Гүлжан Астананы аралатқандағы толғаныс.....	401
Бозбалалық кезім ай, көкпар тартқан.....	409
Бір бейтаныс ініге өкпе.....	437
Мұстафа Өзтүрікке арналады.....	442
Құрдасқа әзіл.....	448
Қызым Айжанға.....	459
Күншілдік.....	465
Аңмен құсты қорғайық.....	468
Диплом атты көк тұлпар облыста да озған...	472
Жаралы кептер.....	502

МҰРАТ НҰРМҰХАНБЕТҰЛЫ

**ГҮЛДЕНЕ БЕР,
ҚАЗАҚСТАНЫМ**

**Басуға қол қойылды 18.06.2021 ж.
Пішімі 64x84/16. Офсеттік басылым.
Шартты баспа табағы 32,8.
Таралымы 100 дана.
Тапсырыс №56.
«Nurbook» баспасы.**